

**ДЮСЕНГАЛИЕВА МЕРЗАТ ҒҰБАЙДОЛЛАҚЫЗЫ**

**Бөкей Ордасындағы сауда-саттық және кәсіпкерлік**

Орал, 2018

ӘОЖ 94 (574)

Баспаға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің  
Ғылыми кеңесі ұсынған (хаттама № 5, 29 қаңтар, 2018 ж.)

**Пікір жазғандар:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор – **Н.А. Абдоллаев**  
тарих ғылымдарының докторы, профессор – **А.С. Тасмағамбетов**  
тарих ғылымдарының кандидаты – **Гизатов С.М.**

**Дюсенгалиева М.Г.**

**Бөкей Ордасындағы сауда-саттық және кәсіпкерлік:**

Монография/ М.Г. Дюсенгалиева. – Орал:М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, – 2018.  
– 218 бет

Монографияда Бөкей Ордасындағы сауда-саттық және кәсіпкерлік тарихы тың мұрағат құжаттары мен XIX-XX ғасырлардағы баспасөз материалдары негізінде жан-жақты баяндалған. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Бөкей Ордасындағы сауда дамуының тарихи алғышарттары, алғашқы сауда орындарының ашылу барысы, оларға қазақ саудагерлерінің араласу деңгейі, тауар-ақша қатынастарының қарқын алып, натуралдық айырбастың ыдырай бастауы ғылыми тұрғыдан сараланған. XIX ғасырдың екінші жартысындағы елдегі сауда дамуының негізгі бағыттары, сауда буржуазиясының қалыптасуы, табиғи жұттың экономикаға әсері, аймақтағы жаңа жәрмеңкелердің ашылуы, оларда сатылған өнімдердің статистикалық есептері, Ресей империясының сауда ісіне араласуы, оны үнемі өз бақылауында ұстауға ұмтылуы зерделенген.

Еңбек тарих мамандығының студенттері, магистранттар мен ізденушілерге, сол сияқты тарихқа ден қойған көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 94 (574)

Дюсенгалиева М.Г., 2018  
М.Өтемісов атындағы БҚМУ., 2018

## КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алып, дербес саяси және экономикалық даму жолына түскеннен бері бірнеше жыл өтті. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев байқағандай, осы кезеңде Қазақстан үлесіне барлық басқа посткеңестік республикалардағы секілді қатаң экономикалық және әлеуметтік сынақтар тап болды [1]. Дегенмен бүгінде ұлттық мақсат пен оған жету жолындағы басымдықтар жүйесі айқындалып, мемлекетімізде саяси тұрақтылық пен әлеуметтік әділеттілік орнады.

Қазақ жұртының тәуелсіздік алуымен бірге елімізде қоғамдық ой дамуының жаңа сатысы басталды. Отан тарихының бұрын жазылған беттері қайта қарастырылып, оларды бүгінгі заман талабына сай зерттеп-зерделеуге жол ашылды. Ә. Кекілбаев айтқандай: «Жаңа тарихи сана қалыптастыруға, ұлттық тарихымызды қайта сараптап, болашағымызды қайта пайымдауға қажетті деректер мен мұраларды төкпей-шашпай жинақтап алуға күллі халық боп қолғабыс жасаған жөн. Сол арқылы ұлттық тарих ғылымының әдістемелік тұрғыда да, деректемелік тұрғыда да жемісті дамуына жағдай жасаған дұрыс» [2, 242 б.]. Сондықтан да тәуелсіз Қазақстан халқы өткен тарихын зерделеп, танып-білуге қадам жасауы тиіс.

Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан Қазақстан әр түрлі өркениеттерді, мәдениеттерді және халықтарды жалғастырып тұрған «көпір» іспеттес. Бұл жер тарихи жағдайларға байланысты әр түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірімен тығыз сауда-экономикалық байланысын жүргізуге мүмкіндік берген географиялық аумақ болды.

XIX ғасыр – Қазақстан үшін айтарлықтай ірі әлеуметтік-экономикалық мәдени дамумен ерекшеленген кезең. Осы экономикалық-мәдени ілгерілеудің бір көрінісі – Қазақстанның батыс аумағында құрылған Бөкей хандығындағы сауда-саттық ісінің дамуы еді.

Қай елде, қай кезеңде, қай қоғамда болмасын, экономикалық тұрғыдан алғанда, сауда-саттық ісінің рөлі әрқашан да басым болатыны белгілі. Сауда, біріншіден, елдің экономикалық дамуының деңгейін, пәрменін білдірсе, екіншіден, сол елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына ерекше серпін беріп, тұрмыс-тіршілігіне оң ықпалын тигізеді. Үшіншіден, көрші халықтармен арадағы алыс-беріс, тауарлай-заттай алмасу арқылы мәдениетті байытып, өркениет көшінің нәрімен сусындатады. Сол себепті, тәуелсіз Қазақстанның төл тарихындағы сауда ісінің жай-жапсарын анықтап, ғылыми тұрғыдан зерделеудің мәні ерекше зор.

Жалпы алғанда, Бөкей хандығының тарихы туралы мәліметтердің алғашқы тізбегін сонау XIX ғасырдағы Ресей зерттеушілерінің

мақалалары, қолжазбаларынан кездестірсек, бұл тақырып кейіннен Кеңестік кезеңдегі зерттеу еңбектерінде кеңінен көрініс тапты. Одан бергі Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде жарық көрген еңбектерінде Ішкі Орда тарихы ұлттық тұрғыдан барынша зерделеніп, ерекше сипатқа ие болды. Бөкей хандығының шаруашылығы, қоғамдық-саяси өмірі, мәдени дамуына қатысты арнайы еңбектер жарық көргенімен, сауда-саттық ісі мен кәсіпкерлік жағдайы дербес зерттеу нысанына айналған емес. Бұл – Бөкей Ордасы тарихының әлі де болса толық зерттелмей қалған тұстарының бар екендігінің бірден-бір айғағы.

Бөкей Ордасындағы сауда-саттық саласын дамытушы бірден-бір фактор – мал және мал өнімдері еді. Қазақтар мал және мал өнімдерін көрші Ресей мемлекетінен келген орыстарға, татарларға айырбастап отырды. Ал ресейлік көпестер Орданы аралап, өздерінің мануфактуралық өнімдерін қазақтардың малына айырбастады. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Бөкей хандығында тасымал саудасы дами бастады. Орданы аралап, сауда жасайтындар көбіне орыс, татар көпестері мен алыпсатарлар болатын. Сауда ісі осылайша жалпы бөкейлік қазақтардың нарықтық қатынасқа тартыла бастауына, тауар-ақша қатынастарының қазақ даласына тереңдеп енуіне, феодалдық қатынастардың дамуына жол ашқан еді.

XIX ғасырдың 30 жылдарынан бастап жұмыс істей бастаған жәрмеңкелердің халқымыздың даму тарихында алатын орны ерекше. Оның бір дәлелі ретінде 1832 жылы Бөкей Ордасында құрылған Хан ставкасындағы жәрмеңкелерді айтуға болады. Бұл жәрмеңкелер сауда-саттық ісін орнықтыруға ғана емес, көршілес Ресей және басқа елдермен тұрақты экономикалық байланыс жасау, халықтың өнер мен мәдениетін дамыту бағытында да аса маңызды роль атқарды. Қазақстан ауқымында ең алғашқы жәрмеңкенің Бөкей хандығында ашылуы мұндағы сауданың үлкен қарқынмен дамығандығын білдіреді.

Жәрмеңке саудасының дамуына байланысты Бөкей Ордасында сауданың тұрақты формалары, атап айтқанда дүкендер, лавкалар, көтерме сауда қоймалары пайда болды.

Бөкей Ордасының экономикалық өміріндегі басты жаңалық – балық, кіре тасу, тұз кәсіпшілігі сияқты өзге де салалардың дамуы еді. Алайда бұл кәсіп түрлері үшін төленетін ақы көлемі өте төмен болды.

XIX ғасырдың II жартысында Бөкей Ордасындағы сауда-саттықтың дамуы одан әрі қарқын ала түсті. Хан ставкасындағы жәрмеңкеден басқа Талов, Ахун, Жаңа-Қазан сияқты жәрмеңкелер ашылды. Бұл аталған жәрмеңкелерде сауда-саттық ісі қызу жүрді. Жаңа-Қазан, Талов жәрмеңкелерінде сауданы негізінен шеттен келген саудагерлер жүргізді. Сондай-ақ, сауда негізінен орыс, казак, татар, армян халықтарының өкілдерімен арада кеңінен өрістеді.

Ордада 1867 жылы Астрахан Палатасына бағынышты Қазынашылық ашылды. Қазынашылық жәрмеңкедегі тауар

айналымын реттеп отырды. Қалай болғанда да, дәл осы факторлардың Ордадағы сауда-саттық ісінің осыған дейін қолданып келген айырбас сауда секілді қарабайыр тәсілінен жүйеленген, және ең бастысы ақшалай алыс-беріс түріне көшуге мүмкіндік бергені сөзсіз. Ал, көп жағдайда тең сауда жасауға мүмкіндік тудыратын ақшалай сауданың қанат жаюы сол кезең үшін үлкен жетістік болғаны анық. Дегенмен, Орда аумағында сауда жасауға Ресей бодандығын қабылдамаған азиаттардың жіберілмеуі – Ресейдің Ішкі Орданы экономикалық тұрғыда тәуелділікте ұстауға тырысқандығын анық байқатады.

Осы кезеңде сауданың даму деңгейі мал басының санына қарай анықтала бастады. Бұл өз кезегінде қазақтардың қолындағы бірден-бір байлықтың, қала берді күнкөрістің көзі саналатын төрт түлік бағасының өсе түсуіне оң септігін тигізді. Бірақ, мал бағасы өскенімен, одан алынатын тері, жүн секілді өнімдерді өңдеу ісі мүлде дамымады десе болады. Өңдеу және қайта өңдеу ісі тек Ресейдің ішкері аумақтарындағы өндіріс ошақтарында мүмкін болғандықтан, малдан алынатын мұндай шикізат өнімдерін орыс саудагерлері өте арзан бағаға сатып алып отырды. Айта кету керек, бұл мәселе елімізде әлі күнге өзекті күйінде.

Сонымен қатар, осы кезеңде Орда жерінде сауданың дами түсуіне бірқатар факторлардың оң әсер еткенін айта кеткен жөн. Мәселен, сауданың кедергісіз жүруін қамтамасыз еткен бірақатар маңызды құжаттар, яғни ережелер қабылданды. Осы ережелер аясында көпестердің Орда жерінде кәсіпкерлікпен айналысу және инфрақұрылым нысандарын көбейтуге қатысты кез-келген дәйекті ұсыныстары Уақытша Кеңестен қолдау тауып отырды. Нәтижесінде, осы кезеңге дейін бұл аумақта кеңінен тарала қоймаған әлеуметтік нысандар көптеп бой көтере бастады. Бұл сайып келгенде сауданың ғана емес, халықтың күнделікті өмір салтына да соны өзгерістер әкелгені анық еді.

XIX ғасырдағы Бөкей хандығының тарихына қатысты зерттеулер алғаш рет Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс тапты. Жалпы, Бөкей хандығының құрылуы, оның экономикалық жағдайы, жер қатынастары туралы жан-жақты талдау жасалған еңбектер көп.

Бөкей хандығындағы сауда-саттықтың және кәсіпкерліктің дамуының зерттелу тарихнамасын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- 1 кезең. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі еңбектер.
- 2 кезең. Кеңестік кезеңдегі зерттеулер.
- 3 кезең. Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі жарық көрген еңбектер.

Бұл тақырыпқа арналған алғашқы еңбектер Ресейде XIX ғасырдың 20-30 жылдарында жарық көрді. Біріншіден Қазан университетінің профессоры К. Фукстің [3], А.И. Левшиннің [4] үш томдық монографиялық еңбегі және С. Сабаншиков [5], И.О. Казанцевтың [6],

және тағы басқа зерттеушілердің мақалаларын жатқызуға болады. Зерттеулерден Бөкей Ордасының табиғаты, халқының тұрмысы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы және Жәңгір жөнінде қысқаша мәліметтер алуға болады.

Аталмыш тақырыпқа арналған маңызды жұмыстардың бір легі XIX ғасырдың 40-50 жылдары жарияланды. Олардың қатарына Г. Новицкий [7], В. Тройцкий [8], М.Я. Киттары [9], Я.В. Ханыков [10], А. Еврейнов [11], П.И. Небольсин [12], А. Терещенко [13] еңбектерін жатқызамыз. Бұл авторлар Бөкей хандығының құрылуы, халық саны, көшпелі мал шаруашылығы, қазақ саудагері мен орыс көпестерінің арасындағы сауда-саттық қатынастары, қазақ қоғамының мәдени өмірі, Хан ставкасының тұрғындары, қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік жағдайы, Хан ставкасындағы халықтардың мәдени өмірі жөнінде жазған. Осы еңбектердегі назар аударатын жағдай – Бөкей хандығындағы Жәңгір ханның жүргізген саясаты туралы деректердің келтірілуі. Атап айтқанда, М.Я. Киттары «Ставка хана Внутренней Киргизской Орды» атты еңбегінде Бөкей хандығындағы Хан ставкасы жанындағы күзгі және көктемгі жәрмеңкенің жүру барысын сипаттай отырып, жәрмеңкедегі тауар айналымы, айырбас саудасы туралы мәлімет береді. А. Еврейновтың «Внутренняя или Букеевская киргиз-казахья Орда» еңбегінде Бөкей хандығындағы сауда-саттықтың қалыптасуы, оның жетістіктері мен кемшіліктері, отаршылдық сауданың даму барысы пайымдалған. Я.В. Ханыков өзінің «Очерк состояния Внутренних Киргизской Орды в 1841 г.» атты еңбегінде де хандықтағы сауда-саттықтың жүргізілуі, жәрмеңкедегі сауда айналымына тоқталады.

XIX ғасырдың 60-70 жылдарында Ішкі Орда жөніндегі тарихи-этнографиялық және экономикалық еңбектер жариялаған зерттеушінің бірі П. Медведский «Очерк торговли сырыми продуктами скотоводства в ставке Внутренней киргизской орды в течение 1859 г.» атты еңбегінде Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі сауда айналымына, жәрмеңкеге әкелінген мал және оның өнімдеріне, олардың бағасына тоқталып, мал шаруашылығы мен Орданың экономикасына терең талдау жасаған [14]. Оның кезекті «Внутренняя киргизская орда в хозяйственно-статистическом отношении» атты еңбегінде Ішкі Орданың экономикасы туралы айтылады [15]. Ал М.И. Иванин өз мақаласында Бөкей хандығының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, Ставкадағы жәрмеңке саудасының барысына, хандықтағы кәсіп түрлерінің дамуына, соның ішінде балық кәсіпшілігіне, сауда саласындағы Жәңгір хан саясатына сипаттама береді [16].

А.Н. Тетеревниковтың «Очерк Внутренней торговли Киргизской степи» еңбегінде қазақ даласындағы сауда-саттықтың ерекшеліктеріне тоқтай келіп, қазақ халқының қай тауарды да өз құнынан төмен бағаға айырбастайтынын баса көрсетеді [17].

XIX ғасырдағы қазақ халқының біртуар перзенті М.С. Бабажанов та Бөкей хандығының ішкі-саяси жағдайына өз мақалаларын арнады. М.С. Бабажанов хандық тұрғындарының тұрмысы, шаруашылығы, жер қатынастары туралы мәліметтерді өз мақалаларына арқау еткен. Мақалаларда, сонымен қатар, Жәңгір ханның саясаты, патшаның отаршылдық саясаты туралы да айтылады [18].

Ішкі Орда тарихын зерттеу жұмыстарының ең жемісті кезеңі XIX ғасырдың 80-90 жылдары болып табылады. Осы жылдары Ресейде бұл тақырыпқа байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары көптеп жүргізілді. Кейін Бөкей хандығының экономикасы, саяси тарихы жөнінде ғылыми еңбектер жарияланды. Осындай зерттеулерге И.С. Ивановтың [19], А.Н. Харузиннің [20] еңбектерін жатқызуға болады. Мәселен, А.Н. Харузиннің екі томдық еңбегінде Бөкей хандығындағы мал шаруашылығына, хандықтың жалпы экономикалық жағдайына, Хан ставкасындағы жәрмеңкелерге жеке-жеке сипаттама берілген. Бұлардан өзге «Памятные книжки Астраханской губернии на 1891 год» атты 1892 жылы Астраханнан шыққан еңбекті де атап өткеніміз абзал. Еңбекте Бөкей Ордасындағы жәрмеңкедегі сауда айналымы мен кәсіпкерлік туралы айтылады [21].

Белгілі зерттеушілер Я. Альбрандттың [22], А.Е. Алекторовтың [23], А. Бирюковтың [24] еңбектерінде Бөкей Ордасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы, кәсіпкерлік туралы айтылады. Бөкей Ордасында қызмет жасаған бұл авторлардың еңбектері хандық тарихының барлық саласына қатысты өзіндік пікірі мен талдаумен ерекшеленеді. Олардың еңбектерінде хандықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, сауда қарым-қатынастарына сыни талдау жасалынған.

Жалпы алғанда, Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасы Ішкі Орда тарихын зерттеуге қомақты үлес қосты. Төңкеріске дейінгі ғалым-зерттеушілер аталмыш мәселелер бойынша қомақты фактілік материалдар қорын жинақтаған болатын. Бұл материалдар өз ғылыми құндылығын әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

Бөкей Ордасындағы сауда мәселесі XX ғасыр басында өмір сүрген өзіміздің ұлттық зерттеушілеріміздің еңбектерінде кеңінен қарастырылды. Мәселен, Х. Досмұхамедұлы Жәңгірдің Бөкей Ордасында Жасқұс деген жерде жәрмеңке ашқандығы жөнінде сөз етеді. Жәңгір тұсындағы Ордадағы сауда жайында шолу жасайды. Сауданың жүру барысы, айналымы жөнінде айтып өтеді [25].

Ал Т. Шонанұлы Бөкей хандығындағы жер мәселесіне тоқталып, бөкейлік қазақтар орыс кәсібіне көп пайдасын тигізіп, саудамен айналысқаны турасында жазады. Сонымен қатар, «Отырықшылыққа бір тиын пайдасы жоқ жерден қазақ ғана ыңғайлы кәсіп қылып тұрып пайда шығаратыны. Сол қазақтар отырықшы елдің кәсібіне айырбас арқылы байлықтың бұлағы», - деп ой қорытады [26, 66 б.].

Осы кезеңде жарық көрген А.Ф. Рязановтың «Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа» атты еңбегінде Бөкей хандығының саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайы қарастырылады [27]. Сонымен бірге, А.Ф. Рязановтың «Восстание Исатая Тайманова» атты еңбегінде Бөкей хандығы қазақтарының мал және оның өнімдерін орыстың фабрика-зауыттық өнімдеріне айырбас саудасын жүргізгендігін, хандықтағы сауда капиталының өрістеуіне байланысты ақша айналымының дами түскенін атап көрсетіп, Хан ставкасындағы жәрмеңкенің сауда айналымына сипаттама беріледі. Хандықтағы сауда-саттықтың кей жылдары төмендеуін, біріншіден, халық шаруашылығының құлдырауынан, екіншіден, Исатай Тайманов бастаған 1836-1838 жылдардағы халық көтерілісінен орын алған құбылыс деп тұжырымдайды [28].

М.П. Вяткин өз еңбегінде Бөкей Ордасындағы жер қатынастары [29] мен сауда-саттық туралы жазады. Орда қазақтары алғашқы кездері Өзен шебінде Орал әскері старшындарымен астық т.б. айырбас жүргізгендігін айтады. Хан жәрмеңкесіндегі лавкалар, қоймалардың ашылуы туралы тың пікірлер жасаған. Бірақ сауда-саттықтағы отаршылдық саясат назардан тыс қалып отырады [30].

Зерттеуші ғалым В.Ф. Шахматов Бөкей Ордасында сауда-саттықтағы отаршылдық саясат туралы мәлімдей отырып, Бөкей хандығында алғашында тасымал саудасының дамығандығын, кейіннен хандықтың ішінде сауда орталығының ашылғандығын айтады. Хан ставкасындағы жәрмеңкеге тоқталып, оған сипаттама берген [31]. В.Ф. Шахматов еңбегінде Орда территориясында алғашқы жылдары нақты сауда орнының болмағандығын және орыс көпестерінің Орданы аралап, өз тауарларын мал және оның өнімдеріне айырбастағандығы жөнінде жазады.

Орда тарихын дербес зерттеу нысанына айналдырған Б. Аспандияров «Образование Букеевской Орды и ее ликвидация» атты монографиясында Бөкей хандығының құрылу себептеріне, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы хандықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, соның ішінде сауда-саттықтың дамуына баса назар аударған. Хан ставкасындағы жәрмеңкеге тоқталып, ондағы сауда айналымына сипаттама берген. Сонымен бірге, Бөкей Ордасындағы сауданың өркендеуі Ресейдің ішкі саудасымен тығыз байланыста болғандығын атап өтеді. Ордадағы тасымал саудасының тез қарқынмен дамығандығын және тауар айырбасының дамуымен қазақтардың өздері де саудаға тартылғандығы жөнінде нақты ой қорытады. Қазақтардың саудамен айналыса жүріп, саудагерлер мен тұтынушылар арасында делдалдық қызмет атқарғандығы жөнінде өзіндік тұжырымын жеткізеді. Ордаға келген көпестердің өз тауарларын қазақтарға қарызға беріп, ал қазақтар қарызын өтей алмай, ақыр аяғында кедейленгендігін, осыған байланысты көпестер



мен қазақтар арасында даулы мәселелер кездесіп отыратындығын жеке-жеке талдайды. Бөкей Ордасына келген алыпсатарлар мен саудагерлердің сапасы нашар тауарларын қазақтарға өте жоғары бағамен сататындығын атап көрсетеді. Орданың ірі феодалдарының Астрахан, Саратов саудагерлерімен одақтасып, Ордадағы сауданы өз қолдарына шоғырландырып, олардың жүргізген үстемдігі турасында ой өрбітеді [32].

Ал Е. Бекмаханов XIX ғасырдың екінші ширегіндегі Бөкей Ордасының әлеуметтік-экономикалық жағдайдың шиеленісу себептерін жазды. Оның «Присоединение Казахстана к России» атты еңбегінде XIX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Бөкей хандығы мен Ресей мемлекетінің арасындағы сауда-саттық байланысының күшейгендігін, патша үкіметінің Бөкей хандығын арзан шикізат көзіне айналдыруға тырысқандығын ашық атап көрсетеді. Бөкей Ордасындағы қазақтардың алғашқы кездері сауданы Ордамен шекаралас Глининск форпосты, Астрахан маңындағы Қалмақ базарында жасағандығын атап өтеді. Онда сауданың айырбас түрінде жүргендігі және тек ауқатты қазақтар ғана тауарды ақшаға сатып алғандығы туралы мәліметтер келтіре отырып: «1832 жылы Хан ставкасы жанынан жәрмеңкенің ашылуы ханға сатылған малға үстеме салық салу мүмкіндігін берді», – деп жазады [33, с. 74]. Сондай-ақ, сауданың отаршылдық сипатта болғандығын, 1832 жылға дейін хандықта тасымал саудасының дамығандығын, айырбас саудасының қалыптасуындағы жәрмеңкелердің атқарған рөлін тұжырымдайды.

Қазақ халқының шаруашылық өмірін ғылыми тұрғыда сипаттауда өзіндік орнын ойып алған С. Толыбеков хандық тарихын өзге жүздермен салыстыру арқылы маңызды ғылыми тұжырымдар жасады. Ол Ресей үкіметінің Хан ставкасын құру арқылы орыстар мен қазақтарды жақындастыру мақсатында тұрақты сауда жүргізуді көздегендігі турасында: «Орыс халқын Ставкада шоғырландыра отырып, уақыт өте бұл жерді жақсы қалаға айналдырып және сол арқылы Ресей үкіметі үшін Ставканы сауда орталығына айналдыруға тырысты», – деп көрсетті [34, с. 28].

Қазақ жерлерінің Ресейге қосылуын зерделеген Т.Ж. Шойынбаевтың еңбегінде: «Сауда ісі Ресей мен Бөкей Ордасының арасында ғана емес, сонымен қатар, Орданың өз ішінде де жүрді. Мұнда орыстармен қатар жергілікті көпестер және байлар сауда жасады», – деп атап көрсетіледі [35, с. 81]. Автор Бөкей Ордасы құрылғаннан кейін тасымал саудасының дамығандығын атап өтеді.

А. Сабырханов өз еңбегінде Бөкей Ордасы қазақтарының орыс көпестерімен жүргізген айырбас саудасына, Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі тауар айналымына сипаттама береді [36]. Ал академик С. Зиманов өзінің еңбегінде хандық тарихына, сауда-саттық қатынастарына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына тоқталып,

бұлардың дамуына Ресейдің әсерін баса көрсетіп, оның рөлін асыра бағалаған. Сонымен бірге, Хан ставкасындағы жәрмеңкенің атқарған рөліне, ондағы тауар айналымына, жәрмеңкедегі әр түрлі ұлт өкілдерінің сауда жүргізгендігіне нақты тоқтала отырып, Хан ставкасында бірнеше сауда лавкасы мен қойма орнының ашылғандығын атап өтеді. Бөкей хандығындағы қарызгерлік қарым-қатынасты, отаршылдық құбылысты суреттей отырып, 1846 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіне шеттен келген саудагерлердің және жәрмеңкеге жалпы қатысушылар санының көп болғандығын айтады [37].

Еліміздің егемендік алуы қарсаңында хандық тарихына қатысты іргелі еңбектер шығып, жаңашыл, шыншыл пікірлер айтыла бастады. Қазақ тарихының майталманы М.Қ. Қозыбаев [38] өзінің еңбегінде Бөкей Ордасының құрылуын және XIX ғасырдың екінші ширегіндегі Бөкей Ордасының экономикалық жағдайын сипаттап өтті [39].

Осындай түбегейлі өзгерістер кезеңінде аталмыш тақарып төңірегінде дербес ғылыми ізденіс жұмыстары жүргізіле берді. Бұған Бөкей Ордасының XIX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді түрде зерттеген Қ. Қобландиннің диссертациялық еңбегі дәлел. Іргелі еңбекте Ордадағы сауда-саттық, тауар айналымы туралы мәлімет беріледі. Бөкей Ордасында саудадағы тауар-ақша қатынастары, балық, тұз кәсіпшілігіне тоқталып тың пікірлер жасаған. Ордадағы тасымал, жәрмеңкелік сауданың қалыптасуы мен дамуына назар аударылып, Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі сауда айналымы, әкелінген тауар түрлері жөнінде әңгімеленеді. XIX ғасырдың екінші жартысында Ордада б жәрмеңкенің жұмыс істегені, казначействоның ашылуы туралы сөз қозғайды [40].

Бөкей хандығының тарихын мұрағат материалдары негізінде зерттеуге үлкен үлес қосып келе жатқан белгілі ғалым И.Н. Кенжалиев [41] Исатай Тайманұлының 200 жылдығына арнап көтеріліс тақырыбы бойынша қомақты еңбегін шығарды. Басқа да еңбектерінде хандықтағы әлеуметтік шиеленісті мұрағат деректеріне сүйеніп, терең талдай отырып, отарлық озбырлықты суреттейді [42]. И.Н. Кенжалиев Талов, Қамысты-Самар аймақтарының тарихына арнаған еңбектерінде Бөкей Ордасының әлеуметтік-экономикалық жағдайын, сауда-саттықтың, кәсіпкерліктің дамуын атап көрсеткен [43].

Орда тарихы елімізге танымал ғалымдардың назарынан тыс қалмай, маңызды мәселелердің түпқазығына айналды. Мысалы, С. Мәшімбаев жәрмеңкедегі сауда барысы, тауар айналымы жөнінде айта келе: «Хан Ордасы Ресей империясы үшін экономикалық жағынан тиімді шикізат көзіне айналды», – деп жазады [44,123 б.]. Ал К. Есмағамбетов болса «Хан қоныстанған орын – Хан Ордасы даладағы негізгі сауда орталығына айналды», – деп атап көрсетеді [45, 109 б.]. Х. Маданов та Бөкей Ордасындағы сауда-саттыққа тоқталып,

жәрмеңкедегі сауда айналымына талдау жасаған [46].

Ішкі Орданың соңғы билеушісінің өмірі мен қызметін зерделеуге арналған «Жәңгір хан» атты еңбегінде Ж. Қасымбаев Бөкей Ордасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, сауданың дамуына, Орда халқының тұрмыс-тіршілігіне, ставкадағы жәрмеңкеге тоқталып өткен [47]. Осы кезеңде М. Құлкеновтің редакциялығымен шыққан «Букеевской Орде 200 лет» атты көп томдық жинақта Қазан төңкерісіне дейінгі авторлардың мәліметтері жинақталған. Соның ішінде 4 жинақта XIX ғасырдағы Бөкей хандығындағы сауда-саттықтың дамуы, кәсіпкерлік, соның ішінде балық, тұз өндіру кәсіпшілігі және Хан ставкасындағы жәрмеңкелер туралы мәліметтер келтірілген [48].

Бөкей хандығы тарихының түрлі саласын зерттеуге жергілікті ғалымдар да өз үлестерін қосты. Мәселен, академик Т.З. Рысбеков [49] хандықтың әлеуметтік-саяси дамуына, Бөкей Ордасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына [50], профессор М.Н. Сдықов [51] әлеуметтік-демографиялық құрылымы мен ерекшеліктеріне тоқталса, профессор Б.Қ. Бірімжаров [52] хандықтың тарихын кешенді түрде зерттеу қажеттілігін алға тартады. Ал, Ғ.Е. Харабалин XIX ғасырдағы Бөкей Ордасының шаруашылығы мен экономикасына кеңінен тоқталады [53]. Соның ішінде Бөкей Ордасындағы жәрмеңкелерге, жәрмеңкедегі сауда айналымына жан-жақты талдау жасайды. Бұл жәрмеңкеге әкелінген мал бағасы туралы мәліметтер береді. Хандықтағы балық, тұз кәсіпшіліктерінің қалыптасу және даму тарихына назар аударады. Сонымен қатар балық, тұз кәсіпшілігінің халық тұрмысына елеулі рөл атқарып, табыс көзіне айналғандығын айқындайды. Балық, тұз кәсіпшіліктерінің негізгі тауарға айналғандығы мұрағат деректері негізінде дәлелденеді.

Қостанай қаласында ұйымдастырылған М. Өтемісұлының 200 жылдығына арналған «Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихының өзекті мәселелері» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағында Бөкей Ордасының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өміріне қатысты көптеген мақалалар жарық көрген. Соның ішінде З.А. Алдамжар, Ә.Қ. Мұқтардың мақалаларында XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ішкі Ордадағы ахуал, халықтың шаруашылық тұрмысы, елдегі халық дүмпуі себептері тарихи ақиқат тұрғысынан қарастырылады [54].

Жалпы Қазақстандағы сауда қатынастары, жәрмеңкелердің құрылуы, отаршылдық сауда қатынастары, сауда капиталының дамуы көптеген зерттеушілер еңбегінен орын алған. Атап айтқанда, Д.Ш. Жақыпбековтың [55], Н.С. Наумовтың [56], С.М. Ғизатовтың [57], А.Т. Бексейтованың [58], К.Ж. Абиловтың [59], К.Ж. Меңдігереевтың [60] диссертациялық еңбектерін тілге тиек етеміз.

Олардың ішінде К.Ж. Абиловтың, Д.Ш. Жақыпбековтың еңбектерінде Қазақстандағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуы,

саудадағы, қоғамдағы кәсіпкерліктің рөлін жан-жақты талданады. А.Т. Бексейтованың, Н.С. Наумовтың жұмыстарында Қазақстандағы жәрмеңкелердің қалыптасуына, қызметіне көңіл бөлінеді. Әсіресе К.Б. Меңдігереевтің еңбегінде Батыс Қазақстан аумағындағы балық кәсіпшілігі жөнінде айтылады. Оның зерттеу нысанасы балық кәсіпшілігінің тарихы, қазақтардың балық кәсіпшілігімен айналысуы, казак-орыстардың балық аулауда жергілікті тұрғындарға көрсетіп отырған қысымшылығы секілді тақырыптарды қамтиды.

Еліміздің егемендік алуымен бірге халқымыздың өз тарихын тереңірек зерделеуге деген құлшынысы да арта түсті. Халқымыздың өткенін танып-білуге деген талпынысының тағы бір айғағы – Бөкей Ордасының құрылуынан бастап хандық тарихының барлық саласына, соның ішінде жер қатынастары, сауда-саттықтың дамуына арналған мәлімет-деректердің мерзімді баспасөз беттерінде жарық көре бастауы. Бұл үрдіс те хандық тарихын талдап-таразылауға деген ықыластың зор болғандығын дәлелдейді. Ал, осы үдеріске зиялы қауым өкілдерінің үн қосуы – қоғамның төл тарихымызды шынайы, ғылыми тұрғыдан зерттеуге деген ұмтылысының айғағы. Бөкей Ордасындағы сауда-саттықтың даму тарихының әлі күнге дейін біртұтас, жүйелі түрде зерттелмеуі де тарихымыздың осынау бір ақтаңдақ беттерін қайта саралаудың қажеттілігін көрсетсе керек.

Бөкей Ордасы тарихының, әсіресе оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен сауда-саттық дамуының жүйелі және біртұтас, жаңа заман тұрғысынан тұжырымдалған тарихының жазылмағандығы – анық ақиқат.

1940 жылы М.П. Вяткиннің редакциясымен жарық көрген «Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.)» атты [61] еңбекте Бөкей Ордасы тарихына қатысты, соның ішінде Бөкей Ордасындағы сауда-саттық жөніндегі құнды құжаттар мен мұрағат деректері қамтылған. Барлығы 22 құжат жинақталған. Сонымен қатар, XIX ғасырдағы Бөкей хандығындағы сауда-саттықтың даму бағыттарынан көріністер беретін «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках» [62] және «История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.» [63] атты құжаттар жинақтары зерттеліп, тақырыпқа байланысты деректер талданған. «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках» атты құжаттар жинағында Қазан төңкерісіне дейінгі Петербор және Мәскеу қалаларында сақталған мұрағат материалдары қамтылған. Онда барлығы 353 құжат жинақталған. Ал «История Букеевского ханства. 1801-1852 гг.» атты құжаттар жинағында Алматы, Астрахан, Орынбор, Омбыда сақталған мұрағат материалдары қамтылған. Г.К. Мукатаевтың «Хан Жангир – великий преобразователь степи» атты құжаттар жинағында да тақырыпқа қатысты деректер кездеседі [64].

## **1 БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ САУДА-САТТЫҚ ПЕН КӘСІПКЕРЛІК (XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)**

### **1.1 Бөкей, Шығай тұсындағы Ішкі Ордадағы сауда-саттық пен кәсіпкерлік: қалыптасуы және кезеңдері**

Қай қоғамда болмасын, ел мен елдің арасындағы экономикалық байланыстарды орнатуда сауда-саттықтың алар орны ерекше. Сол

сияқты, Қазақстанның Батыс бөлігінде ерекше экономикалық сауда қарым-қатынастары қалыптасқан аймақтардың бірі Бөкей хандығы болып саналады.

1801 жылы Бөкей сұлтанның басшылығымен Еділ мен Жайық аралығында құрылған Бөкей хандығының территориялық-географиялық орналасуына келетін болсақ, хандық солтүстігінде Самара губерниясымен, оңтүстігінде Каспий жағалауымен, батысында Астрахан губерниясымен, шығысында Жайықтың оң жағалауымен шектеседі. Сондықтан да Бөкей хандығының территориялық орналасуы Ресейдің өндірістік сауда орталықтарына жақын әрі қауіпсіз еді. Бөкей хандығындағы сауда саласы ең алғаш рет осы көрші мемлекет арқылы жүрді.

Бөкей Орда территориясындағы орыстар мен қазақтар арасындағы сауда байланысы қазақтар Жайықтың арғы бетіне көшпестен бұрын басталды. 1788 жылы Кавказ губернаторы Алексеев тәжірибе үшін орыстар мен Астраханға жақын көшіп жүрген қазақтар арасындағы сауданың екі орнын белгіледі [32, с. 90], бірақ Бөкей Ордасы құрылғанға дейін бұл жерлерде сауда жасау тиімсіз әрі мағынасыз еді. Оның маңызы кейінірек артты.

«Үкімет, – дейді М. Иванов, – құмды жерлерде қазақтар өсіретін мал өнімдерінен түсетін пайдаға қанағаттанды. Бұл орындар 1771 жылы қалмақтардан кейін бос қалып, Ресейге ешқандай пайда әкелмеген еді. Алайда осы жерге мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді халық келгеннен кейін отырықшы және көшпелілерге бірдей пайдалы тауар айырбасы жүзеге асты. Біздер оларға нан, мата және т.б. заттар бердік. Олар мал, жүн, тері және әр түрлі мал шаруашылығы өнімдерін сатты» [16, с. 74].

Бөкей Ордасында алғашқы жылдары сауда баяу дамыды, себебі қазақтардың жиі көшіп-қонуы, нақты жолдың болмауы, орыстардың қазақ тілін білмеуі, тұрмыс-тіршілігін жетік меңгермеуі сауданың өсуін тежеп отырды. Көшпелі қазақтардың көші-қон тұрақтары мен мекендері белгілі болған соң, халықтың өмірі бір қалыпқа келіп, сауданың дамуы күшейе түсті.

Бөкей Ордасындағы сауданың өсуі Ресейдің ішкі нарығымен тығыз байланыста өрбіді. Ол, әсіресе, Ресейдің өндіріс капиталының өсуіне игі ықпалын тигізді. Осыған байланысты Бөкей Ордасындағы сауданың өсуі 20-шы жылдардан бастап айқын байқала бастады. Кейін Орда жерінде сауда жасаудың пайдасы Ресей көпестерін одан әрі қызықтыра түсті.

Алғашында Бөкей Ордасы территориясында нақты сауда орындары болмаған еді. Сауда қазақ қоныстарының жанында және негізінен алғанда Орданың маңайында немесе онымен шекаралас орыс ауылдарында жүргізілді. Күзет кордондары мен форпостар негізгі сауда орталықтарына айналды. Қазақтармен сауда жүргізуде алғашқы

болып мол пайдаға кенелгендер – Орал казактары, төменгі шенділер, линия басшылары, атамандар болатын. Көп уақыт өтпестен саудагерлер құрамы ішкі губерниялардан келген әр түрлі шендегі адамдармен толықты. Олардың мұнда келуіне ықпал еткен, қызықтырған нәрсе – «көшпенділерден» түсетін зор пайда еді. Бұндай келімсек саудагерлердің көпшілігі қазақтарға жақын орналасқан елді-мекендерде біржолата қоныс теуіп, тұрақты тұрғындарға айналды.

И.Ф. Бларамберг өз еңбегінде Бөкей хандығындағы қазақтардың бастапқы сауда жүргізген орындары ретінде төмендегідей елді мекендерді келтіреді:

1. Өзен шебінде және Глининский форпостында шенеуніктер мен орал әскери казактары сауда жүргізді. Бұл саудаға басты қатысушылар жергілікті шенеуніктер болатын. Саудагерлер Оралдан тауарды қолдан арзанға сатып алып, қазақтарға жоғарғы бағаға айырбастап отырды.

2. Қысқы мезгілде сауда Орал шебінің төменгі бөлігіндегі Кулагин қамалынан бастап Гурьев қалашығына дейінгі аралықта жүргізілді, себебі қазақтар бұл уақытта осы жерлерді мекен ететін.

3. Астрахан қаласына жақын жердегі Қалмақ базары. Бұл жерде қазақтар жыл сайын 50000-ға дейін қойларын айырбастайды. Әсіресе, малды хиуалықтардың қағаз бұйымдарына айырбастау ісі ерекше қызу өтетін.

4. Татарлар мен армяндар Астраханнан Каспий теңізі арқылы сауда жүргізді.

5. Камышиннен және Саратовтан тауармен келетін көпестер саудасын Эльтон өзенінің маңында жүргізетін.

6. Чертил ауылында жыл сайын 1 қазанда жәрмеңке басталатын. Бұл жерде қазақтар өз малдарын астық, тары және т.б. өнім түрлеріне айырбастады.

7. Шежін және Деркөл кордондарында да сауда жүргізілді.

8. Хан ставкасы маңында. Бұл жердегі сауда ісі қалыптаса бастаған болатын. Астық пен мал айырбасы әсіресе қазан және қараша айларында (1825 жылы) қызу жүрді [65, с. 18].

Байқағанымыздай, Ф. Бларамберг бөкейлік қазақтардың лауазымды шенеуніктер мен әскери казактармен арадағы айырбас саудасы әркез тең емес жағдайда жүргізілгенін атап өткен. Яғни, расында да жергілікті қазақтар күнделікті тұрмыста тұтынатын заттарға қатысты айырбас кезінде ұтылып қап отырды. Айталық, Астрахан қаласы маңындағы Қалмақ базарында жасалған айырбас саудада хиуа көпестерінің қағаз бұйымдарына сұраныстың көп болғандығын, ал, қазақтардың өз тауарларын арзанға сатуға мәжбүр болғанын байқаймыз. Бұған себеп – қазақтардың қолындағы басты байлығы мал өнімдерінен өзге тауарлар түрлеріне сұраныстың аз болуынан деп тұжырым жасауға болады. Әрі сауда орындарының қашықта орналасуы, оған қазақтардың жетуі малдың сапасына әсерін

тигізетін еді. Түрлі сылтауларды айтқан жат-жұрттық саудагерлер төрт түліктің бағасын түсіруді ойластыратын.

Бөкей сұлтан тұсында бөкейлік қазақтар кундров татарларымен сауда жүргізген. Мысалы, 1803 жылы 23 желтоқсанда Краснояр төменгі земство сотының бөкей қазақтары мен кундров татарлары арасындағы сауда-саттықты реттеу туралы Астрахан азаматтық губернаторы князь Д.В. Тенишевке баянхаты келіп түседі. Бұл баянхатта осы жылдың 28 қарашасында ауылдық заседатель Машин Матиевке Хомутов және Сейітов ауылдарына келіп айырбас сауда жасайтын Бөкей сұлтанның қарамағындағы қазақтардың кундров татарларымен арадағы сауда мәселесін реттеу тапсырылғандығы айтылады. Осы кезеңде қазақтардың кейбірі аталған ауылдарда болып, айырбас сауда мерзімі аяқталғанына қарамастан жалғастыра бергендігі де мәлімделеді. Машин Матиев сол жылдың желтоқсанында кейін оралып, екі жақтан алынған шаралар жөніндегі ведомостіні соттың назарына ұсынады. Бұл баянхатта былай делінген:

«Бізге белгілі болған жәйт бойынша, кейбір қазақтар айырбас жүргізілетін жерге келіп, әлі де сауда жасауға мүдделі. Сондықтан, айырбас мерзімі өтіп кеткен соң, олар айырбас сауда жасауға қаншалықты құқылы – міне осыны анықтап берсеңіздер екен. Ол анықталған жағдайда мынадай тағы бір мәселе бар. Ол Бөкей сұлтанның қол астындағы қазақтарына берген рұқсат қағаздарында бір ғана қожайынмен бірнеше белгісіз серіктерінің көрсетілуі. Алайда жолдастарының кімдер екені айтылмайды. Сондықтан ондай рұқсат қағаз алған қожайын, тіпті ханның өзіне де белгісіз жандарды жолдас қып алуы мүмкін. Мұндай жәйттер айырбас сауда кезінде өз зиянын тигізуі ықтимал. Сол себепті, жоғарыда айтылған Бөкей сұлтан беретін рұқсатнама қағаздарда тек қана сауда істеуші қожайынның ғана емес, келген жолдастарының да аты-жөні түгел жазылса екен. Бұл үшін осы сотта төмендегідей шешімдер қабылданды – ауылдық заседатель Машин Матиевтің қазақтар мен Кундров татарлары арасындағы айырбас саудасының барысы туралы ведомостісімен бірге дәл сондай ведомості толтырып, сізге баянхатпен қоса тапсыру қажет. Ал айырбас сауда желтоқсанның ортасына дейін берілген мерзім аяқталғанына қарамастан әрі қарай жалғаса береді. Бұл жөнінде сотқа берілген қандай да бір ерекше нұсқаулық жоқ. Жоғарыда аталған Матиевтің мәліметі бойынша, көрсетілген мерзім мен нұсқауға қарамастан, ауылдарға келген кейбір қазақтар айырбас сауда істеуге мүдделі. Өзгелерінен де соны күтуге болады» [66, 2 п.].

Көріп отырғанымыздай, сол кездегі Ресейдің жергілікті жерлердегі әкімшілігі қазақ даласындағы сауда-саттықты толық бақылауда ұстауға мүдделі болған. Бұдан анық аңғарылатыны – патша әкімшілігінің қай істе болмасын отаршылдық пиғылды ұстанғандығы. Бұған дәлел желтоқсан айының орта шеніне дейін жалғасатын айырбас



саудасының мерзімі өтіп кеткеннен кейін де қазақтардың сауда жасауға қатысты құқығы бар ма, жоқ па? Мәселені реттеуге міндеттелген Машин Матиев осы жәйтке ерекше назар аударады. Өйткені, айырбас сауда арқылы мол пайда табуға болатындығын ол жақсы білген. Екіншіден, Бөкей сұлтанның тарапынан берілген рұқсат қағаздарының тек өздеріне ғана тиімді болу жағына ерекше мән береді. Яғни, жәрмеңкеде сауда жасау құқығына қожайын ғана емес – оның жолдастарының да ие болуына ауылдық заседатель сенімсіздік танытқанын аңғарамыз. Сөйтіп, айырбас саудаға зиянын тигізбеуі үшін тек қана сауда істеуші қожайынның ғана емес, келген жолдастарының да аты-жөні түгел жазылғанын талап етеді. Бұдан шығатын қорытынды – сол кезеңдегі қазақ жерінде жүргізілген сауда-саттық ісіне қатысты патша әкімшілігінің біржақты саясат жүргізгенін көреміз. Десек те, Бөкей Ордасындағы сауда ісі аталмыш кезеңде белгілі бір даму жолына түсе бастаған еді. Бұған дәлел – аталған құжаттан бөкейлік қазақтардың Кундров татарларымен Сеитов және Хомутов елді-мекенінде айырбас жасағандықтарын және жәрмеңке мерзімі аяқталса да, айырбас сауда жүргізіле бергенін көреміз. Бұл іске Бөкей сұлтан да мүдделі болатын. Айырбас сауда жасау туралы рұқсат қағаздарын бере отырып ол қазақтардың күнделікті тіршілігіне қажетті азық-түлік пен тұрмыстық бұйымдарды еркін сатып алуына жағдай туғызуды көздеді. Ал, бұл рұқсат қағазға қатысты қажеттіліктің туындауына басты себеп – патша үкіметінің Бөкей Ордасымен шекаралас аумақтарда ұйымдастырылған сауданы үнемі бақылауда ұстап отыруға тырысқандығынан еді. Рас, айырбас сауданың қазақтардың пайдасына шешілмейтіні үйреншікті құбылыс болатын. Алайда, сол кездегі, яғни Бөкей сұлтан тұсындағы жағдайды жан-жақты зерделер болсақ, сауда-саттықтың айырбас түрін алмастырар басқа жолы болмағанын көреміз.

Енді төмендегі 1803 жылғы бөкейлік қазақтар мен Кундров татарларының Бөкей хандығына шекаралас Сейітов және Хомутов елді-мекендерінде сауда айырбасын жүргізген ведомостісіне назар аударсақ [66, 3 п.].

Кесте 1 - Бөкейлік қазақтар мен Кундров татарларының Сейітов және Хомутов елді-мекендеріндегі сауда айырбасы [66, 3 п.]

Айырбасталған	Айырбастау	
	Мал	Астық
5 жастағы қойға 1 қап, 2 жастағы қойға 2 қап қара ұнға ауыстырылған.	83	107

Салмағына қарай ірі қара үш-төрт қап ұнға ауыстырылған	9	30
Екі жастағы жылқы	1	2
Барлығы	93	139

Кестедегі деректе бөкейлік қазақтардың Кундров татарларына өз малдарын астыққа айырбастағанын көреміз. Сонымен қатар, қазақтардың басты айырбас тауары мал екенін және бұл жерде эквивалентсіз тауар-ақша қатынасының дамығандығы аңғарылады. Бұл тең емес саудада қазақтардың қолындағы төрт түлік мал басының тым арзан бағаланғанын кестеден анық байқаймыз.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Бөкей хандығымен арадағы сауда-саттық тек Ресей мемлекетімен ғана емес, Бұхар және Хиуа хандықтарымен арада да кеңінен дами түсті. Осы хандықтардан шыққан саудагерлер бұдан бұрын да Жайық бойымен Сарайшыққа дейінгі аралықта сауда жасап жүрді. [67, с.448].

Астраханға келуші Хиуа саудагерлерінің саны молайды. Маңғыстаудағы Қабалы және Қараған айлақтарынан Астраханға тіке Каспий теңіз жолы арқылы шығу жеңіл әрі тез болды. Өйткені, бұл жол төтесінен жақын болды. Бұл теңіз жолы қауіпсіз болғандықтан Хиуа, түркімен саудагерлері онымен көп жүрген. Өйткені, XIX ғасырдың алғашқы жартысында Каспийдің солтүстік-шығыс аймағында Астрахан сауданың негізгі буыны болғандықтан, оған хиуалық саудагерлер топ-тобымен келетін. Мәселен, 1803 жылғы 18 сәуірде Маңғыстау айлағынан келген кемеде хиуаның 49, түркіменнің 4 саудагері болған. Сол күні екінші кемемен Хиуаның 30, Бұхарадан 13, ал түркіменнің 4 саудагері келген. Осы жылғы маусымда келген сауда кемесінде 66 хиуалық, 33 бұхарлық саудагер болған. Әсіресе, көп келетін Хиуа саудагерлері болғандықтан, олардың Астраханға әкелген тауар түрлеріне тоқталсақ, негізінен маталар, терілер, шапан түрлері, кашемир шәлілерін, жеміс-жидек түрлерін әкеліпті [53, 89 б.].

Бөкей сұлтанның тұрақты қонысы XIX ғасырдың басында Астраханға жақын орналасты [68, с. 95]. Әрі халқы да Қиғаш өзені, Еділдің төменгі бойындағы және Ахтуба өзені бойындағы ұйымдастырылған сауда орындарына тікелей қатысқан еді. Хандық қазақтарына астық және т.б. Ресей тауарларына малын айырбас жасауы үшін Ақмешіт пен Далотхан арасында арнайы базарлар ашты, сонымен қатар осы хиуалықтар тауарына да айырбас жасаған [53, 90 б.].

Хандық халқының хиуалық саудагерлер бұйымдарын көптеп тұтынғандығын және бұл сауда қатынасының XIX ғасырдың басынан Астрахан қаласы арқылы орныққанына көзіміз жете түседі. Сонымен Бөкей хандығының халқына бастапқы кезден тұрақты сауда

айырбасын жасауға мүмкіндік болды. Еділдің төменгі саласына қарай Владимировка қаласынан Астраханға дейін Ақтөбе өзені бойында орыс шаруаларының елді-мекендері тығыз орналасқан еді. Екіншіден, Владимировкадан бастап Кожетаевқа дейінгі өзен бойында Ақтөбе (Ахтуба) шебі орналасты. Үшіншіден, осы өзен бойында орналасқан елді мекендерді қорғайтын линияның шығысында жағалай қалмақтар көшіп жүрді. Міне, осы көшпелі қалмақпен қатар қазақтар Еділдің төменгі бойындағы отырықшы елді мекендерде айырбас жасайтын болды. Оған қоса 1803 жылдан бастап Ақмешіт жәрмеңкесі қазақтар үшін негізгі сауда орталығы саналды. Ол Еділдің ең төменгі ағысында орналасқан. Мұнда қазақтар хиуа, орыс және қалмақ саудагерлерімен айырбас жасады. Қазақтардың мал саудасының негізгі бөлігі бастапқы кезеңде Ақмешітте жасалған. Өйткені, Бөкейдің өзінің мал айырбасы туралы берген мәліметі осы өзі тұратын жердегі бірден-бір сауда орны яғни қазақтар үшін ашылған сауда орталығы туралы болып отыр [53, 91 б.].

Бөкей сұлтан астық пен өзге де қажет өнім түрлерін Астрахан қаласынан сатып алып отырған. 1813 жылы 13 маусымда Бөкей ханның Астрахан азаматтық губернаторы С.С. Андреевскийге бөкейлік қазақтар үшін ұн және басқа да тауарларды сатып алу мен сыртқа шығару ісіне қолдау көрсету туралы жазған өтінішінде былай делінеді: «Мен өз төлеңгітім старшын Бармақ Мұратовты, онымен бірге ағасы Тұяқты бірнеше мың рубль ақша беріп Астрахан қаласына мың бума бидай ұнын, бес жүз бума қара бидай ұнын және басқа да тауарларды сатып алуға жібердім, оның бәрін біздің қырғыз-қайсақ халқының қыстайтын жеріне жеткізіп, оларға сатуды тапсырдым.

Осы жағдайда сізден зор ілтипатпен сұрайтыным, менің жіберген шаруаларым – старшын Бармақ Мұратов пен ағасы Тұяққа жоғарыда айтылған ұн мен тауарларды Бакиев кордоны тұсындағы біздің қыстаққа алып келуге рұқсат беруіңізді, сіздің мәртебеңізден тиісті адамдарды бұйрықсыз қалдырмауыңызды сұраймын» [69, 3 п.].

Мұрағат құжатынан көретініміздей, Бөкей сұлтанның өз қоластындағы қазақтарға қажетті тауарларды сатып алуына қолайлы жағдай жасауға тырысқандығы байқалады. Айталық, астық және өзге де тауарлар түрлерін өз старшыны арқылы Астраханнан алдырып, қыстақтарға жеткізіп отырған. Көңіл аударарлық тағы бір тұс – қажетті өнімдерді жеткізу және оны сатуды ұйымдастыру ісіне жауапкершілікпен қарап, Астрахан азаматтық губернаторына өзі тікелей өтінішпен шыққандығы.

Сонымен қатар, Бөкей сұлтан өз қарауындағы татар Өмір Жұмағалиевті де Астрахан қаласына астық сатып әкелу үшін жіберіп отырған [69, 4 п.].

Бөкей ханның тұсында орыс саудагерлері Саратов, Нижний Новгород, Царицын, Астрахан, Тверь жерлерінен келіп мал сатып алып

отырған. 1814 жылы орыс саудагерлері 40 мың жылқы, 16 мың ірі қара мал, 300 мыңдай қой және ешкі сатып алған [44, 55 б.].

М.Л. Вяткиннің мәліметі бойынша, Қазақстаннан Ресейге тасымалданған негізгі сауда малы – қой: 1803-1807 жылдары 400715 бас, 1808-1812 жылдары 318.222 бас қой малы әкетілген [29, с. 215]. Соның ішінде Батыс Қазақстан мен Ресей арасында айырбас сауда үлкен қарқынмен дамыды [70, с. 68]. Бөкей хандығындағы Шығай сұлтанның толық емес мәліметі бойынша, 1814 жылы Ресейге 277100 бас қой сатылған [71, 12 п.].

Сондай-ақ, 1814 жылғы Бөкей хандығында қазақтардың шекаралас аймақтағы жәрмеңкелерде саудалаған малдарының бағасын біле аламыз. [53, 86 б.].

Кесте 2 - 1814 жылғы Бөкей Ордасында сатылған мал саны [53, 86 б.]

Мал саны (мың)	Ресейге сатылғаны	Қалғаны
Түйе	Бұл кезде әлі сатуға шықпаған	63.338
Жылқы	41.242	350562 (391704)
Мүйізді ірі қара	16.302	135856 (152158)
Қой	27.7100	1385506 (1662606)
Ешкі	14.066	91442 (105508)
Барлығы	34.8710	202.6704 (2375414)

Кестеден аңғаратынымыз, бұл кезде түйе малы әлі саудаға шықпаған, яғни Ресей тарапынан түйеге әлі сұраныс жоқ. Өйткені, түйе малы Ресей үшін тек қана соғыс жағдайында қажет болды. Ал қой мен жылқы малы Ресейге көптеп сатылған.

1814 жылдың өзінде Орда қазақтарының қолындағы 2375414 бас малдың 5\1-і сатуға шығарылған. Егер 1820 жылғы орташа бағамен есептесек: жылқы бағасы – 50 сом, сиыр – 40 сом, қой – 10 сом, ешкі – 5 сомнан – сонда қазақтар 1814 жылы 41242 жылқыны – 2062100 сомға, 16302 ірі қараны – 552080 сомға, 277100 қойды – 2771000 сомға, 14066 ешкіні – 70330 сомға шығарып, қазақтар сатқан барлық 348710 бас мал құны 5455510 сомды құраған. Бөкей хандығы қазақтарының Ресейге жақын орналасуы тікелей сауда жасауға мүмкіндік беріп, 1814 жылы Ресейге 41242 бас жылқы, 16302 бас мүйізді ірі қара, 277100 бас қой, 14066 бас ешкі малы сатылған [53, 87 б.]

Сонымен бірге Ресеймен шекаралас сауда орнындарында 116832 бас қой малы айырбасталған [72, 45 п.].

К. А. Фукс өз еңбегінде: «Далалық аймақта қазақтармен сауда істеу үшін орал казактары Өзен және Глининск форпостын белгіледі. Енді бұл жерде 40 шақты татар үйлері, 30 шақты орыстардың үйлері орналасқан. Бұл жердегі айырбас қазан, қараша, қаңтар айларында жүргізіледі. Бұл

жерге орыс және татар саудагерлері Орал, Саратов, Қазан қалаларынан келеді», – деп жазады [3, с. 8]. Ал И. С. Иванов: «1816 жылы орал казактарының құрған Глининск форпостындағы қазақтар сатқан мал бағасы төмендегідей болған: 1820 жылы түйе – 80 сом, жылқы – 50 сом, мүйізді ірі қара – 40 сом, қой – 10 сом, ешкі – 5 сом болды» – деп жазады [19, с. 210].

Шығай тұсында жоғарыда айтылып кеткен Қалмақ базарында бөкейлік қазақтар өздерінің мал және оның өнімдерін өзге тауарларға айырбастап отырған. 1820 жылы 28 қаңтарда Шығай сұлтан Астрахан азаматтық губернаторы И.Я. Бухаринге татар Мұстафа Бековты қазақтардың осы Қалмақ базарындағы өкілі етіп тағайындау туралы ұсыныс білдіреді. Онда: «Азия халықтарынан бұған дейін түскен өтініштері бойынша мен Астрахан уезінің Саян мекенінің татары Мұстафа Бековке қазақтардың басқа халықтармен мал айырбастауы кезінде Қалмақ базарында 28 қаңтардан алдағы 1821 жылдың 1 қаңтарына дейін қазақтар жағынан бақылаушы болуды тапсырғанмын. Ал татар Мұстафа Беков Астрахан азаматтық үкіметінің қарамағында болғандықтан, мен сізден және Астрахан земстволық сотынан қазақтар мен Ресей халқы арасында мал сату немесе айырбастау кезінде тәртіп сақтау үшін Бековті сол Қалмақ базарында болуға тиісті жылдық мерзім ішінде ешқайда қоғамдық тапсырмамен жібермеуді өтініп сұраймын» [73, 5 п.].

Бұл құжаттан көріп тұрғанымыздай, Шығай сұлтанның Қалмақ базарында Бековті өкіл ретінде тағайындауының басты мақсаты айқын: бір жағынан, бөкейліктермен арадағы айырбас саудадағы жалпы тәртіпті қадағалау ісі – уақыт тудырған қажеттіліктердің бірі болатын, екінші жағынан, хат танымайтын далалық қарапайым қазақтардың саудадағы құқықтық мүдделерінің аяқасты болмауын қамтамасыз ету де – сұлтан көздеген мақсаттың бірі еді.

Осындай сауда саласының дамуымен бірге қатарласа туындайтын көптеген ұйымдастыру шараларының бірі – жаңадан ашылып жатқан базарлардағы сауда ісін қадағалап, оны өз деңгейінде жүргізу еді. Осыған байланысты қазақ даласында сауда саласына қатысты бодончей атты лауазым түрі де пайда болған болатын.

1823 жылдың 22 наурызында Азаматтық губернатор губерниялық басқарма мәжілісінде Ішкі Қазақ Ордасының сұлтаны Шығай Нұралыханов Қалмақ базарындағы бодончей лауазымына Солянск селосының татары Рамазан Арсапаевты сауда істерін атқаруға тағайындағандығы туралы қатынас қағазын таныстырып, губерниялық басқармаға осы мәселе бойынша қажетті өкім шығаруды ұсынады.

Губерниялық басқарма бұл ұсыныс бойынша сол жылдың 31 наурызында шығарған қаулысында былай деп шешеді: қазіргі қазақтар атынан Қалмақ базарына бодончей лауазымына ұсынылып, сайланғалы отырған Солянск селосының татары Рамазан Арсапаев

бұрынғы бодончей, қазақ старшыны Жұманазар Ярлыкаповтың орнына сайланғалы тұрғандықтан, губерниялық басқарма Арсапаевты бодончей лауазымына бекітуге кіріспей тұрып, бұл лауазымда болған Ярлыкапов старшын кімнің және қашан берілген рұқсаты бойынша осы қызметті атқарды және қандай себептермен оның орнына қазақтардың арасынан емес, Юртов татары сайланып отыр – міне бұл сұрақтарға жауап алу қажет. Бұл туралы мәлімет жинау және оны губерниялық басқармаға жеткізу жергілікті қызметкері А. Краснокутскийге жүктеледі [74, 33 п.].

Ал Краснояр жергілікті қызметкері А. Краснокутский Кіші Қазақ Ордасының сұлтаны Шығай Нұралыхановпен аталған жағдай туралы сұхбаттасқан соң, мынадай мәлімет алады: «старшын Ж. Ярлыкапов бодончей лауазымында оның (яғни сұлтанның) рұқсаты және азаматтық губернатор мырзаның бекітуімен қызмет атқарды. Ал қазір ол бодончей лауазымынан Ордалық комиссияның кейбір талаптарына байланысты босатылды. Оның орнына Юртов татары Рамазан Арсапаевтың тағайындалуының себебі – бұл лауазымда бола алатын старшындардың барлығы да Шығайдың ставкасындағы Ордалық комиссия жұмысына қажет еді. Өзгелері Ресей заңдарын білмегендіктен, бұл лауазымды атқара алмайды.

Сол себепті губерниялық басқарма сол 1823 жылдың 21 шілдесінде губернатор кеңесіне сұраныс жіберіп, старшын Ярлыкаповтың Қалмақ базарында сауда істерінің бодончейі ретінде расында да азаматтық губернатордың бекітуімен тағайындалғандығы туралы мәлімет талап етті» [74, 35 п.].

Ал губерниялық басқарма Астрахан жергілікті сотына 27 қыркүйекте жарлық жіберіп, бұрын-соңды қазақтар арасынан Қалмақ базарында бодончей болған біреу бар-жоқтығын анықтап, бодончейдің міндетіне не жататындығын, оның лауазымдық қызметке кімнің бекітуімен жіберілгендігін анықтап, мәлімдеуді тапсырады. Осы тапсырмаға жауап ретінде Астрахан жергілікті соты былай деп мәлімдейді: қазақтардың үстінен қарайтын бодончейдің міндеті мынадай – осы халық пен өзге ұлт өкілдерінің арасында дау-жанжал туындай қалған жағдайда, бодончей бұл жанжалға араласып, өз күшімен тараптарды татуластырады. Татуластыра алмаған жағдайда, ол бұл туралы басшылыққа жеткізуі қажет. Сонымен қатар, ол қазақтар сатқан малдың дәл санағын жүргізіп, бұл туралы сұлтан Шығай Нұралыхановқа мәлімдеп отыруы тиіс. Шығай Нұралыханов Солянк селосының татары Рамазан Арсапаевты бодончейлікке тағайындай отырып, Арсапаевқа ханның өз тарапынан берген сенімхатты көрсетеді, бұған қоса ханның азаматтық губернатор мырзаға Арсапаевты бодончей лауазымына бекіту жөнінде өтініш жасағанын айта кетеді [74, 36 п.].

Сөйтіп, Қалмақ базарында Бөкей Ордасы қазақтарының арасынан

бір адам бодончей лауазымына сайланған. Бұл бодончей лауазымына лайықты адамды Шығай сұлтан өзі тағайындаған. Ол адам Қалмақ базарында әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы дау-дамай сияқты жағдайларды шешуге қатысқан. Сонымен бірге, қазақтар сатқан малдың санын Шығай сұлтанға мәлімдеп отырған.

Бөкейлік қазақтардың сауда жүргізген орындарының тағы бірі – Эльтон көлінің маңы. Шығай сұлтанның Орынбор губернаторына жазған хатында былай делінеді: «Эльтон маңында 15 тамыз бен 15 қыркүйек аралығында жұмыс істейтін жәрмеңкенің ашылуына байланысты, осы жәрмеңкеге мал, тері, жүн сатып, астық алуға менің қарамағымдағы қазақтар да келетін болғандықтан, мен өз тарапымнан жәрмеңкеге өз қарамағымдағы аудармашы молданы жібердім (Мұзафар Юсупов). Сізден өз тарапыңыздан нұсқау беріп, менің қарамағымдағы қазақтарға қамқор болуыңызды өтінемін» [75, 8 п.].

Көп уақыт өтпей Орданың өз ішінде де саудагерлер мен көпестер пайда бола бастады. Әсіресе, «тасымал саудасы» жоғары дамыды. В.Ф. Шахматов өз еңбегінде тасымал саудасы туралы былай дейді: «Бастапқы жылдары Бөкей Ордасының территориясында нақты сауда орындары болған жоқ. Орыс көпестері Орданы аралап, өзінің тауарларын мал және оның өнімдері: жүн, тері, тағы басқа шикізат өнімдеріне айырбастап отырды. Бұл тасымал саудасымен орыс көпестері ғана емес, сонымен қатар қазан татарлары мен жергілікті байлар да айналысты. Көптеген байлар орыс көпестерінен тауарды комиссияға алып Орданы аралап, қазақтарға жоғары бағамен сатып отырды» [31, с.70].

Т.Ж. Шойынбаев өз еңбегінде: «Бөкей Ордасы құрылғаннан кейін Ордада тасымал саудасы пайда болды. Астрахан, Саратов, Самара қалаларынан көпестер Ордаға тауарларымен келіп, жайылымдарды аралап, қазақтармен айырбас жасап отырды», – деп жазады [35, с. 81].

Ал Е. Бекмаханов: «Сауда-саттық Ресей мен Бөкей Ордасының көпестері арасында ғана емес, сонымен қатар Орданың өз ішінде де жүрді. Бұл жерде орыстардан басқа да жергілікті көпестер және байлар сауда-саттықпен айналысты. Жергілікті саудагерлердің бір бөлігі өз істерін дербес, өз алдына жеке, ал бір бөлігі орыс көпестері арқылы жүргізді. Ордада 1832 жылға дейін тасымал саудасы кең етек алды. Сауда, негізінен, айырбас түрінде жүрді. Тек ауқатты қазақтар ғана тауарды ақшаға сатып ала алды. Алыс жерден келген саудагерлер Орданы аралап, тауарларын сатып, қомақты байлық жинады», – деген дерек келтіреді [33, с. 74].

Бөкей Ордасында тасымал саудасының тез қарқынмен дамығандығын айтып өткен абзал. Ұсақ саудагерлер – орал казактары, татарлар, хиуалықтар және өзге де саудагерлер сауда мен айырбас ісін Ордада ханнан рұқсат алып жүргізді. Олар, негізінен, сапасыз, арзан тауарлармен шұғылданып, «жат жерліктермен» саудаға арнайылап

Ресей фабрикаларында дайындалатын сапасы сын көтермейтін мануфактура өнімдерін тасыды және осы «шірінділерін» қазақтардың малына, терісі мен жүніне айырбастаумен болды.

Тауар айырбасының ықпалымен қазақтар саудаға өздері де ұмтыла бастады. Көптеген қазақтар орыстарға жұмысқа жалдана отырып, орысша сөйлеуді меңгеріп алған-тын. Саудагерлер болса мұны да өз пайдасына жарата білді. Жалданбалы жұмысшылар қатарынан шыққан қазақ саудагерлері жайында Г.Ф. Генс былай деп жазған еді:

«Бұл жұмысшыларды (жұмысшы қазақтарды) қожайындары айырбас саудасында пайдаланды және олардың кейбірі соңғысының сенімдеріне әбден кіріп алды. Ауылдарды аралап, өз руластарына айырбастау үшін оларға тауарлар сеніп тапсырылды, ал көпшілігі жеке өз есебі үшін сауда жасады» [27, с. 285].

Бұл ұсақ саудагерлер даланы кезіп жүріп, қысқа уақыт ішінде өздеріне жететіндей мол дүние-мүлік жинап алды. Ол жайында Г.Ф. Генс тағы бір өз жазбасында былайша мәлімдейді: «Көктемге қарай көбіне ұсақ-түйек заттардан тұратын тауарларды жылқыларға теңгеріп, көптеген керуендер линиялардан жолға шығады. Қазақ тауарларының капиталы небәрі 20 сомды құрайды... Бұл түсінікті, себебі бұл ұсақ саудадан түсетін пайда әдетте 100-ге 100-ден тең келеді» [27, с. 287].

Кейбір қазақтар саудаға тартылып, көпестер, саудагерлер мен тұтынушылар арасында делдалдық қызмет атқарды. Бұл жайында Г.Ф. Генс өз жазбасында: «Осындай сауда ісінде олар орыс көпестері мен тауар тұтынушылар арасындағы делдалға айнала бастады. Алайда олар біздің тауарымыздың түсімін арттырып, бұрын-соңды далалық өңірге шығарылмаған тауарлардың өткізілуіне жол ашты», – деген еді [27, с. 289]. Бұдан кейін қазақтардың арасынан дербес, өз бетінше сауда жүргізе алатын саудагерлер де шыға бастады.

Қазақ байлары, казак атамандары, коменданттар, шенеуніктер, дворян өкілдері қазақтармен сауда жасау арқылы байлыққа шашетектен кенелді. Олар аштық жылдарында, ауыр, қатаң қыс кездерінде тиын-тебенге әбден арықтаған қазақ малдарын сатып алып, кейін оларды қайта сатып көп пайда тапты. Орыс көпестері Ордаға өз сауда керуендерін жиі жіберіп тұрды. Олар өздерімен бірге приказчиктерін, татар аудармашыларын алып жүрді және өз тауарларын қазақтарға өте қымбат бағаға беріп отырды.

Бөкей Ордасы мен Ресей арасындағы сауда туралы Е. Бекмаханов өз еңбегінде: «XIX ғасырдың 20-30 жылдары Бөкей Ордасының Ресеймен сауда байланысы күшейе түсті. Патша үкіметі Бөкей Ордасын арзан шикізат көзіне айналдырды. Бөкей Ордасынан мал және оның өнімдері тасылды. Сауда айналымында қой малы бірінші орынға шықты. Жыл сайын қазақтар 300 мыңнан астам қой малын 1800 мың сомға сатты. Сонымен қатар, саудада жылқы малы маңызды орын алды», – деген мәлімет береді [33, с.73]. Ал, А. Еврейнов: «Қазақтар



саудада Ресейге мал және оның өнімдері: тері, жүн, түйе жүнін, ешкі түбітін және аң терісін шығарды», – деп тұжырымдайды [11, с. 80].

К.А. Фукс: «Жыл сайын Ресей саудагерлері Бөкей Ордасындағы қазақтардан 300000-нан астам қоян мен борсық терісін айырбастап алады. Ал Ресей саудагерлері бұл айырбаста қазақтарға орамал, мата, қағаз және жібек тауары, басқа да әр түрлі ұсақ-түйек заттарды береді. Сонымен қатар, қазақтардан көп мөлшерде шөптік дәрі-дәрмек сатып алады. Қазан губерниясынан 2000-нан астам татарлар жыл сайын далалық аймаққа сауда жасауға келеді», – деп жазады [3, с. 16].

Міне, Бөкей мен Шығай тұсындағы сауда-саттықтың дамуына жан-жақты тоқталдық. Енді, осы кезеңдегі кәсіпкерліктің өрістеу қарқынына шолу жасап көрелік. Біріншіден, бұл кезеңде тауар қатынасы күшейіп, натуралдық айырбастың ыдырауы нәтижесінде төрт түлік малдың дені негізінен байлардың қолына шоғырланды. Әлеуметтік жіктелудің соңы аймақта басы артық жұмыс күшін одан әрі көбейте түсті. Ал, Бөкей Ордасының өз ішінде жұмыс күшіне деген қажеттіліктің болмауы, қазақ шаруаларын табыс табу үшін амалсыздан шекаралас территориялардағы губерниялардың балық және тұз кәсіпшіліктерінде жалдамалы қызмет атқаруына мәжбүр етті.

Кедей қазақтардың дені балық кәсіпшілігімен айналысты. Балық кәсіпшілігіне жалданудан бастап, онда атқарған жұмысы кезінде де қазақтар өздеріне тиесілі еңбекақыларын толық ала алмады.

Жалдануға тиісті адамды табу да оңайға соқпайтын. Бөкей Ордасында бұл жұмыстармен айналысқан адамдар жалдамалыларды табу үшін алдын-ала ақы алып отырды. Бұл істе де қазақтарды қанаудың сан түрлі амал-тәсілдері қолданылды. Айталық, ондаған адам атқаруы тиісті жұмыстарды бірлі-жарым жұмысшыға істету, олардың еңбегін дұрыс есептемеу және уақтылы төлемеу секілді әрекеттерге барып отырды.

Осылайша, қазақтарды жұмысқа жалдау ісінде белгілі бір ережелердің болмауы, еңбек тәртібін реттейтін заңнамалық жүйенің жоқтығы жергілікті халықтың тұрмысын жақсартуға оң ықпал ете алмады. Сөйтіп, қазақты жұмысқа алуды белгілі бір заңдылық жүйесінің болмауы, жалданған қазақтардың тұрмысын көтеруіне мүмкіндік бермеді. Бұл жағдайды ескерген Шығай сұлтан Орынбор шекаралық комиссиясынан бөкейлік қазақтардың балық кәсіпшілігіне жалдануына рұқсат беруін өтінген еді.

1818 жылы 29 сәуірдегі Шығай сұлтанның Орынбор Шекаралық комиссиясынан бөкейлік қазақтарға Астрахан балық кәсіпшіліктеріне жалдануға рұқсат беруін сұраған қатынас жазбасында былай делінген:

«Орынбор шекаралық комиссиясы өткен жылғы 30 наурыздағы №525 жазбасында менімен бірге көшіп жүрген қазақ старшыны Қарауылқожа Бабажановтың мәлімдеуі бойынша маған өзіме бағынышты қазақтарға өз атымнан Астрахан балық кәсіпшіліктеріне

жұмысқа жалдануға билет беруім шекаралық басшылықтың қаулысына қарсы екенін, Орынбор әскери губернаторының сол комиссияға келген жазбасына сәйкес жұмысқа келген қазақтардан 50 тиын алым алу бұйырылғанын және мұндай билеттерді линияның бүкіл жоғарғы және төменгі бойына беріп, алынған алымды Гурьев командирі, Есаул Мартыновқа тапсыру және кімде-кімге билет қажет болғанда, оны Есаул Мартыновтан сұрауы керек екенін хабарлады [76, 4 п.].

Сөйтіп Орынбор шекара комиссиясы тарапынан Шығай сұлтанға балық кәсіпшілігіне жалданатын қазақтардан алым алу бұйырылады. Ал алынған алым Гурьев командирі Есаул Мартыновқа тапсырылып, жалдануға қажет билеттер осы Мартыновтан алынып отырды.

Бұл жөнінде Шығай сұлтан Орынбор шекаралық комиссиясына былайша мәлімдейді: «Осы комиссияның өткен 1812 жылғы 26 шілдедегі №1015 Жайық өзенінің ішкі жағында көшіп жүрген Байұлы және басқа рулар мен бөлімшелерін басқаруға берген тапсырмасының 2-ші пунктінде маған әрбір қырғыздың жағдайына қарасып, мүмкіндігіме қарай оларға көмектесу тапсырылғандықтан, оларға билеттерді беруге мәжбүр болдым. Ендігіде билетті Гурьевтік есаул Мартыновтан алу талабы едәуір қиындық туғызады деп есептеймін, себебі маған бағынышты қазақтар кедей, әрі Гурьев қалашығынан, Каспий шебі бойында орналасқан өзге де кордондардан 500 шақырымнан кем емес қашықтықта тұрады. Сондықтан ол ұзақ мерзімге созылады және кәсіпшілер басқа адамдарды алып қоюы мүмкін. Орынбор шекаралық комиссиясының қарауына мына ұсынысты орынды деп есептеймін. Маған сол билеттерді беруге рұқсат берсе, мен Каспий жағасында тұратындарға билет беріп, 50 тиын алымды жинап, әр ай сайын осы комиссияға өзім жеткізіп тұрған болар едім» [76, 5 п.].

Сөйтіп, Шығай сұлтан Орынбор шекаралық комиссиясынан қазақтардың балық кәсіпшілігіне жалдану үшін билетті Гурьевтік Мартыновтан алу қиындық туғызатынын айтып, билеттерді өз атынан беруге рұқсат сұраған болатын. Енді қазақтар арнайы билеттер алып Астрахан балық кәсіпшіліктеріне жалдана бастады [77, с. 56].

Шығай сұлтанның тағы бір көздегені - қазақ және орыс балықшылары арасындағы арандатушылық іс-әрекеттерге тоқтау салу болатын.

1814 жылы 20 қазанда Шығай сұлтанның Астрахан вице губернаторы А.И. Христофоровқа бөкейлік қазақтар мен орыс балықшылары арасындағы қақтығыстарды тоқтату үшін шара қолдануды өтінген мәлімдемесіне тоқталсақ, төмендегідей мәліметке көз жеткіземіз: «Сіздің мәртебеңізге өзіме бағынышты қазақтармен қыстап шығу үшін теңіз жағасында қоныстанғанымды хабарлаймын. Жыл сайын мен сіздің мәртебеңізге біздің тұрақтарымызды теңіздегі

аралдарда орналастырып жүргенімізді хабарлап отырамын. Сол аралда балық аулаумен айналысатын қазақтар, солармен бірге әр түрлі орыс балықшылары балықты өз жақтарына бұрмалау үшін түрлі әрекеттер жасайды. Мен сізден орыс адамдары мен бағынышты қырғыз-қазақтар арасындағы талас пен жаулық болмауын өтініп сұраймын» [78, 2 п.].

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылып кеткендей, орыс шаруалары мен бөкейлік қазақтар арасында үнемі қырқыстар туындап отырғандығын көреміз.

Бөкей Ордасының кедей қазақтары Эльтон, Елек, Басқұншақ тұз өндіру кәсіпшіліктеріне жалданып күндерін көретін. Олар тұзды түйемен тасыды. Бір түйеге артылған тұзды жеткізу құны 8 күміс тиын болатын. Тұз тасу 1-ші мамырдан 1-ші қазанға дейін жалғасты. Сонда әрбір қазақ осы уақыт аралығында 2 түйемен 50 күміс рубльге дейін күміс ақша тауып отырған. Ал басқа уақытта, әсіресе қыс мезгілінде олар түйемен Ордадан тауар тасып күн көрген. Тұз кәсіпшілігіне жалданған қазақтардың да еңбегі қожайындар тарапынан қанауға ұшырап, әркез кем төленумен болды [79, с. 181].

Сонымен бірге, Бөкей Ордасында кірешілік кәсібі де дамыды. Бөкейлік қазақтар түйе немесе жылқы малымен балық, тұз, т.б. тасыды. Оның құны тасып апарған жерінің қашықтығына байланысты еді.

Қазақ байлары кіре айдауды (мысалы, Шомбал Ниязов т.б.) ұйымдастырып, оған шаруаларды жұмылдырып, жалдағанда, одан түскен пайданың көбін өзі алған. Кіре айдаушыға да кісілерді таңдап, жағымпаздарды немесе өз туыстарын қамқорсығансып алған [43, 43 б.].

Қорыта айтсақ, XIX ғасырдың алғашқы жылдарында Бөкей хандығында нақты сауда орындарының болмағандығына көз жеткіземіз. Сауда тек Бөкей Ордасына жақын шекаралас форпостарда, қарауыл кордондарында жүргізілді. Бөкейлік қазақтар Сеитов және Хомутов елді мекендерінде және Астрахан, Қалмақ базарында, Эльтон маңында орал казактарымен, орыстармен, татарлармен айырбас саудасын жүргізді. Айырбас саудада қазақтардың қолындағы басты тауары – мал және оның өнімдерінің құны әркез арзанға бағаланған деп ой қорытуға негіз бар. Бөкей Ордасында 1832 жылға дейін тасымал саудасы дамыды. Көптеген орыс, татар көпестері Орданы аралап, өз тауарларын айырбастап отырды. Сонымен бірге, қазақтар саудагерлер мен тұтынушылар арасында делдал бола жүріп, сауданың қыр-сырын меңгеріп, ақыр аяғында олардың ішінен өз алдына сауда жүргізетін қазақ саудагерлері шыға бастады. Бөкей Ордасындағы сауда негізінен айырбас түрінде жүрді. XIX ғасырдың алғашқы жартысында Бөкей Ордасында кіре тасу, балық, тұз кәсіпшіліктері секілді кәсіп түрлері пайда болды. Бұл кәсіпшіліктерге жалдану үшін арнайы билеттер беріліп тұрды.

## 1.2 1824-1850 жылдардағы саудадағы жәрмеңкелердің атқарған қызметі

1824 жылы Жәңгір билік басына келгеннен кейін Бөкей Ордасының Ұялы және Шөпшағыл мекендерінен сауда орнын ашады. Осы жылы Орынбор Шекаралық комиссиясының титулды кеңесшісі А.Д. Кузнецовтың Жәңгір ханға Ішкі Ордадағы бөкейлік қазақтардың Ресей көпестерімен сауда жасауы үшін арнаулы жер бөліп беру туралы өтінген жазбасында былай делінген: «Ішкі Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Бөкейханов! Орынбор әскери губернаторының еркімен сіздің билігіңіздегі Ордаға әртүрлі жұмыстармен сапарда болған кезімде, сол жердегі халықтың кәсібіне назар аудардым. Сол кезде байқағаным, жыл сайын сәуір айында Еділ мен Оралдан келетін Ресей саудагерлеріне 100-150 мыңға дейін қой сатылады. Бұл сауда қолма-қол ақшаға жасалады, ал бұл сауданың ең қолайсыз жағы – саудагерлердің тұрақты сауда орны болмағандықтан олар бүкіл Орда аумағын аралап жүруге мәжбүр. Оның үстіне, олар өздерімен бірге татарлардан тілмаш алып жүріп, оларға тек ауызекі сұхбатты ғана аударып, жайылымдарды көрсеткені үшін бес және он тиынға дейін ақша төлейді. Сол кезде қазақ даласының ұлан-ғайыр кеңдігі салдарынан бір жағынан уақыт шығын болады, екіншіден, мал бір жерден екінші жерге босқа айдалады, көпестер мен Ордалықтар екі жақтан да көптеген алдау-арбауға ұшырайды. Саудагерлерге зиян келтіретін өзге де күтпеген оқиғалар болуы мүмкін, дала жағдайында жергілікті бақылаусыз мұндай келеңсіздіктердің алдын алу мүмкін емес. Мұндай жағдайда аталмыш іс қай тарап үшін де пайдадан гөрі шығынға көбірек ұшырауы мүмкін. Осы жайтты ескере отырып, жылына бір-ақ мезгіл – сәуірде болатын саудаға Ордадағы жайылым мен суы мол бір жерді белгілесеніз, ол жерге көпестер сауда жасауға, ал қазақтар малдарын сатуға айдап алып келер еді» [73, 22 п.].

Бөкей Ордасында тұрақты сауда орны болмағандықтан, көпестер Орда аумағын аралап жүруге мәжбүр болған. Сондықтан, Орда ішінде Ресей көпестері мен бөкейлік қазақтардың сауда жасауы үшін тұрақты сауда орнын ашуға деген мұқтаждық өз шегіне жеткен еді.

А.Д. Кузнецовтың өтініші қанағаттандырылып, 1825 жылы Шөпшағыл және Ұялы деген жерлерде сауда орындары ашылады. Оған Орынбор әскери губернаторы Л.К. Эссеннің Жәңгір ханға жіберген жарлығы мұрындық болса керек: «Шекаралық комиссияның ассессоры, титулды кеңесші А.Д. Кузнецовтың маған келген шағымында айтылған себептерге сай сіз жыл сайын сәуірде орыс көпестерінің сіздің қарауыңыздағы Ордалықтармен сауда жасауы үшін екі жерден арнаулы жер телімін бөлгенсіз. Олар Шөпшағыл тауы, Еділ өзені мен Ұялы елді мекені тұсында, бір-бірінен 112 верст қашықтықта және Орал, Ақтөбе шептеріне жақын жерде орналасқан. Осы мәселе бойынша мен

Астрахан азаматтық губернаторына хабарлама жолдадым. Олар енді орыс саудагерлеріне бұрынғыдай Орданы араламай, қазақтардан қой сатып алу үшін жоғарыда айтылған екі жерге жиналуға бұйрық беруі тиіс. Осы туралы сіздің жоғары мәртебеңізге мәлімдей отырып, сізге өз қарауыңыздағы Орданың бүкіл аумағына осы жарлық туралы жариялап, мал мен өзге де тауарларын сатамын деген Ордалықтардың осы екі жерге, яғни Шөпшағыл мен Ұялыға жиналуы керек екенін хабарлауды ұсынамын, сол жерлерге көрсетілген уақытта аударма жүргізу үшін молдалардан немесе орыс тілін білетін басқа адамдардан тілмаштар жіберіп, дау-дамай болған жағдайда оларды шешу және тәртіп сақтау үшін сенімді сұлтан тағайындау қажет. Тағайындалған сұлтан сауда жасауға куәлік беру ісіне араласуға немесе сатылған малдың есебін жүргізумен айналысуға міндетті емес» [73, 23 п.].

Нәтижесінде бөкейліктер мен көрші Ресей арасында сауда байланысын кеңейтуге осы ашылған сауда орындары көп септігін тигізді. Яғни бұл жерлерде орыс саудагерлері енді Орданы шарламай, кеңінен сауда жүргізуге мүмкіндік алды. Осы аталған тұрақты сауда орындары Ұялы және Шөпшағыл мекенінде сәуір айында Ресейдің ішкі губернияларынан көпестер келіп, бұл жерден қой және т.б. малдарды қолма-қол ақшаға сатып алып отырды [61, с. 293].

Бірақ 1832 жылдан бастап Ордада тасымал саудасы мүлдем тоқтатылды. Оған себеп болған екі фактор бар еді: біріншіден бұл – патша үкіметінің өз бәсекелестерін жою саясатының салқыны еді. Өйткені татарлар, бұхарлықтар мен хиуалықтар және өзге де халық өкілдері қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, тілін, өмір сүру жағдайын жақсы білгендіктен, олардың қазақтармен арадағы сауда-саттық қатынастары қызу да қарқынды жүретін еді, екіншіден, әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі де өз ықпалын тигізген болатын. Ордада ұсақ саудагерлер көбейіп, олар қарапайым қазақтарды алдап, тауарларының құнын әлдеқайда өсіріп сатты.

Сонымен қатар, Ресей мен Бөкей Ордасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстағы басты сала астық саудасы болды. 1827 жылы қазан және қараша айларында Хан ставкасында қазақтар 3 мың пұттан астам астық сатып алды. Сенатор Энгельдің айтуы бойынша, Бөкей Ордасында жыл сайын астық пен өнеркәсіп тауарлары, мал, мал өнімдері 2 млн. сомға айырбасталған [26, с. 74].

Нарын құмында жәрмеңке ашылмастан бұрын (1832 ж. дейін) саудагерлер Орданы аралап жүріп, жыл сайын 100-ден 150 мыңға дейін қой сатып алатын болған [80, 25 п.]. Ордадағы сауда және ондағы саудагерлер жасаған тиімді жағдайды 1827 жылы мұнда ревизиямен келген сенатор Энгель былай деп сипаттайды: «Дала өңірінде сондай мамыражай бейбіт өмір және толықтай сенімділік байқалады, қай адаммен сөйлесем де, олардың барлығы саудагерлердің өз тауарларымен дала төсін еркін шарлайтынын, орыстың мал сатып

алушыларының қазақ ауылдарын қысылмай-қымтырылмай аралап жүретінін айтады. Ешбір адам маған келіп қазақтардан қысымшылық, зәбір көргенін айтып, шағымданбады. Ал старшындар қазақтардың өз арасында ешқандай ұрлықтың естілмегенін айтып, бірнеше рет мақтанды» [32, с. 216].

Өңірдегі жағдайды «жақсы» деп бағалаған сенатор Энгель «дала тыныштығын» және Ордадағы қылмыстың жоқтығын «ханның нақты берген тапсырмаларының нәтижесі» деп білді [32, с. 218].

Бөкей Ордасының қазақтарына қатысты сенатор Энгель: «Олар екі миллион сомның малы мен аңшылық өнімдерін өткізіп, біздің ішкі өнеркәсібімізге пайда әкеледі», – деп жазған еді [81, с. 157].

Бөкей хандығын басқару кезеңінде Жәңгір ханның ел тарихында алғашқы боп жәрмеңкелер ашқандығын аймақтың сауда-экономикалық дамуына игі әсер еткен құбылыс қатарына жатқызамыз.

Саудада ақша баламасын қолданудың күшеюіндегі көрші халықтың әсерін жоққа шығара алмасақ та, ханның шеттен әкелінетін тауарға баж салығын азайтуы және ақшаға негізделген әр түрлі шаралар жасауының орны ерекше. Шаруашылық саласындағы өзгерістер, ұсақ тауарға негізделген сауда операциялары хандықтағы тұрақты және жәрмеңкелік сауда жүйелерін дамыта түсті.

Жәңгір хан Орынбор шекаралық комиссиясынан Ішкі Ордадағы сауда жасауға болатын ең тиімді де ыңғайлы жерден үздіксіз жәрмеңке өткізіп тұруға болатын ең қажетті орын ретінде ставка маңындағы, Нарын құмындағы Жасқұстың солтүстік-батыс бөлігін белгілеуге рұқсат сұрайды. Сонымен қатар, ол Орда аумағында осы жерден өзге жерлерде сауда істеуге тыйым салынса деген өтініш айтып, Орынбор шекаралық комиссиясына төмендегідей хат жазады: «Менің қарамағымдағы Орда қазақтарының сауда істері осы кезге дейін өз саудаларын Енотаев селосы, Глининск форпостында, Чертаниха ауылында, сондай-ақ Орда аумағына келіп, сауда жасап кететін көпестер арқылы жүргізіп келді. Аталған сауда орындарының қолайсыздығы мені толғандырады. Ал қазір Чертаниха мен өзге жәрмеңкелердегі тәртіпсіздіктерден соң қазақтардың оларға баруға деген ықыластары төмен. Олар тек күнделікті өмірге ең қажет деген заттарын дала кезген көпестердің алаяқтығы мен шектен тыс жоғары бағаларының әсерінен амалсыз аталған сауда орындарынан алуға мәжбүр. Осындай дағдарысты жағдай, тұрақты сауда бағыт-бағдарының болмауы сауда ісінде қиындықтар туғызып отыр» [82, 1 п.].

Сөйтіп Жәңгір Орынбор шекаралық комиссиясына Орда қазақтарының күнделікті өмірге қажет заттарын көрші елді-мекендердегі жәрмеңкелерден өте жоғары бағамен алатындығын жеткізіп, тұрақты сауда орындарының болмауы саудада қиындықтар туғызып отырғандығын хабарлайды.

Сондай-ақ, Жәңгір тұрақты сауда орындарын ашуға төмендегідей

дәйектемелер келтіреді:

1. Бөкей Ордасындағы қазақтар еркін өмірге үйренген адамдар, сол себепті олар ешқандай қорқу-үркусіз сайын даланың қай түкпіріне болса да бара алады. Сауда ісін бір жерге шоғырландырса, Орда аймағындағы бар елдің тұрмыс-тіршілігі ханның көз алдында болмақ, яғни Орда халқын басқаруда да, бірқатар ілгерілеулер орын алады.

2. Бір орынға шоғырланған сауда ісі ел ішінде көбейіп кеткен алдау мен арбауға тосқауыл қояды. Сондай-ақ, тұрақты орны бар сауда тұрақты табыс әкелмек, яғни бұл жерде саудагерлердің өзіне де, Орда қазақтарына да тиімді жағдай жасалады.

3. Ставка маңындағы Қамысты жазығына дейінгі жерге халық қоныстанып, тұрғылықты мекенге айналмақ.

4. Орда халықтарының ішіндегі кедей-кепшігі жұмыс тауып, халық орыстармен етене жақын қарым-қатынасқа түспек.

5. Қазіргі сауда мен айырбас орындарында, әсіресе Глининск форпостында, Чертаниха селосында, Александров-Гай ауылында орын алған, Орда қазақтарына көрші қалмақтар мен татарлар тарапынан жасалып жатқан алаяқтықтар бойынша жүргізіліп отырған тергеу істері де тоқтатылар еді [82, 1 п.].

Осылайша Жәңгір Орда жерінен тұрақты сауда орнын ашса, оның тұрақты табыс әкелетіндігін және Орда қазақтарына да тиімді екеніне әкімшіліктің көзін жеткізе түседі. Сауда орнын ұйымдастырумен қатар Жәңгір ставка маңын үлкен елді-мекенге айналдыруды да көздеген.

Ал жоғарыда аталған кереғар жайттардың алдын алу мақсатында хан комиссияға төмендегідей өтініш түсіреді: 1. Хан қарамағындағы Орда аумағында сатып алынған мал, тері немесе өзге де өнімдерге берілетін куәліктер тек қана ханның өз қолы мен мөрі болған жағдайда ғана оларды жақсы сапалы тауар деп қабылдап, ал ханның қолы мен мөрі болмаған жағдайда қабылданбайды. 2. Саудагерлер Орда аумағында мал сатып алып, әдетте ондай куәліктерді Орал мен Астрахан казак әскерлері орналасқан Өзен селосының әкімшілігінен, сондай-ақ, Эльтон желісінің командирінен алып келеді. Глининск форпостының бастығына мұндай куәлік беруге тыйым салынса деген сұраныс тастайды [82, 2 п.].

Бірақ Шекаралық комиссия Жәңгір ханның жоғарыда келтірген ұсынысының заңға сәйкестігін және жергілікті жағдайға байланысты тиімділігін қарастыра келе, Хан ставкасы маңындағы Нарын құмында жәрмеңке ұйымдастыру орнын тиімсіз деп табады. Оны төмендегі Орынбор шекаралық комиссиясының қатынас қағазынан көре аламыз:

«Бұл жағдайдағы ең басты кедергі – хан қарамағындағы Орда қазақтары ставка маңына шоғырландырылған тұрақты сауда мен айырбас орнынан үлкен зиян шегеді. Ең алдымен, ставкадан шалғай жерлердегі ауылдардан мал айдап келудің өзі қиынға соғады, себебі бұл жер Орал өзені бекіністерінен 100, 300 шақырымдай қашықтықта

орналасқан. Сол себепті, малын сату, айырбастау үшін қазақтар соншалық қашық жерден келу қажет. Мұндай шаруалардың бәрін Орда қазақтары өз ауылдарына жақын орналасқан бекіністерге де барып, бітіре алады. Оның үстіне, сауда орнының бір жерге шоғырландырылуының тағы бір күмән мен күдік туғызар жері – мұндай жағдайда кейбір санаулы кәсіпкерлердің ғана пайдасы көзделіп, өзге Орда тұрғындарының зиянға қалуы әбден мүмкін. Линия бойындағы бастықтардан Орда ішінде сатып алынған малға куәлік алуға тыйым салып, оны тек Жәңгір ханнан алу ханның өзіне жүк артады» [82, 3 п.].

Орынбор комиссиясы Жәңгір ханның бұл ұсынысын қабылдамады, өйткені комиссия ставка маңына барып сауда жасау тиімсіз, еш пайда әкелмейді деген сенімде болатын. Сонымен бірге, Орда жерінен тұрақты сауда орнын ашу, мұндай жағдайда тек кәсіпкерлердің ғана пайдасы көзделеді десе, ал Жәңгірден сатылып алынатын малға куәлік алу ханға үлкен жүк артатындығын ескертеді.

Тағы бір құжатта Генерал граф П. Сухтеленъ Астрахан әскери губернаторына жазған хатында былай дейді: «Ішкі Қазақ Ордасының ханы Жәңгір Нарын құмында орналасқан Жасқұстағы ставка маңында сауда жәрмеңкесін ұйымдастыру туралы ойын білдіріп, оны жалпы ережеге сәйкес құруды өтінеді. Сізден бұл туралы пікіріңізді маған мәлімдеуіңізді өтінемін. Жәңгір хан ставкасы маңындағы Нарын құмында сауда орнын ұйымдастыру тиімді ме және бұл ішкі саудаға өз зиянын тигізбей ме?» [83, 19 п.].

Бұл Генерал П. Сухтеленнің Астрахан әскери губернаторынан Ішкі Ордадан жәрмеңке ашу, не болмаса ашпау керек екендігін сұраған пікірі еді.

Орынбор шекаралық комиссиясы алғашында Ішкі Ордадан жәрмеңке ашуға рұқсат етпеген болатын. Бірақ кейін Ішкі Ордада жәрмеңке ашуға Орынбор комиссиясы өз рұқсатын береді. Генерал П. Сухтеленнің граф П.К. Павелге жазған хатында былай делінеді: «Өткен желтоқсанның 1-і күні сіз министрлікке Жәңгір Бөкеевтің ставка маңындағы Нарын құмында Жасқұс жазығының солтүстік-батысында сауда орнын немесе жәрмеңке ұйымдастыру туралы, сондай-ақ бұдан өзге жерде сауда жасауға тыйым салу жөніндегі өтінішін жеткізген болатынсыз. Сіздің өз жеке пікіріңіз де мұндай жәрмеңкені ашу жағында болатын, алайда сіз Орда қазақтарына жәрмеңкеден өзге жерлерде де сауда жасауға тыйым салуды құптамаған едіңіз, сондай-ақ осындай мал және тауарларды жәрмеңкеден өзге жерде сатқан қазақтар қудалануға түспес үшін қажетті орындарға құлаққағыс қылып қою қажет дегенсіз. Бұл пікіріңіз Ішкі Орда қазақтары үшін өте маңызды болатын. Сол себепті, мен бұл жөнінде Қаржы министрі мен Ішкі министрлікке мәлімдеуді өзімнің басты міндетім деп санадым. Сондықтан, оларға осы жағдай туралы және сіздің де пікіріңізді жеткіздім. Қаржы министрі осыдан кейін сіздің және Ішкі Орданың



мәліметтерінен соң, сондай-ақ кедендік ведомстволардан жеткен мәліметтерден кейін, Нарын құмында тұрақты жәрмеңке ашуға келісім беретіндігін мәлімдеді. Осының бәрі соңынан министрлер кабинетінің қарауына ұсынылды. Өз кезегімде мен Жәңгір Хан ставкасының маңында сауда орны немесе жәрмеңке ашу қазақтарды саудагерлердің қанауынан құтқарар еді, жалпы Ордадағы сауда ісін жандандырар еді деген пікірдемін» [82, 4 п.].

Орынбор шекаралық комиссиясы және Қаржы министрі Нарын құмында, Жасқұс жазығының солтүстік-батысында тұрақты жәрмеңке ашуға рұқсат береді.

Сонымен қатар, біріншіден, мұнда әркім жалпы ережеге сай тауарларын алып келіп сауда жасай алды. Орда ішіндегі сауда мақсатындағы түрлі өз бетімен істеліп жатқан іс-әрекеттерді тоқтату қажет болды. Татарларға, бұхарлықтарға, хиуалықтарға және өзге де мұсылман дініндегі азиаттарға олардың шені мен шекпеніне қарамастан Орда ішінде сауда ісімен жүріп-тұруға тыйым салынды. Екіншіден, қазақтарға мал және өзге де шаруашылық өнімдерін жақын жердегі ауылдарға айырбастауға және сатуға рұқсат етілді, ал көршілес губерниялар басшылары мен Орал әскері әкімшілігіне Ішкі Орда қазақтарына оң көздерімен қарап, олардың көршілес отырықшы елмен арада туындап отыратын қақтығыстарында әділ сот үкіміне жүгіну туралы нұсқау берілді [82, 5 п.].

Сөйтіп, Генерал П. Сухтелен бұл хатында Ордадағы Нарын құмында жәрмеңке ашуға рұқсатын береді. Сонымен бірге хиуалықтардың, бұхарлықтардың Ордада сауда істеуіне тыйым салады.

Жәңгірдің бастамасымен 1832 жылы Хан ставкасы жанынан жәрмеңке жұмысын бастады. Бұл мақсатқа империя қазынасынан 56.161 сом қаржы бағытталды. Сөйтіп, 316 сауда нүктелерінен тұратын 12 үлкен корпус бой көтерді [84, 15 п.]. Нәтижесінде, Хан ставкасы ең даладағы ең негізгі әрі қолайлы сауда орталығына айналып шыға келді. [45, 109 б.].

Жәрмеңкелердің ерекшеліктеріне тоқталсақ:

1) Қазақстан бойынша ең алғашқы жәрмеңке Бөкей Ордасында ашылды.

2) Бұл жәрмеңкелер көктемде сәуірдің 15-інен мамырдың 15-іне дейін және күзде қыркүйектің 15-інен қазанның 15-іне дейін жылына екі мәрте ұйымдастырылды.

3) Жәрмеңке кезінде белгілі бір сауда ережелерінің болуы.

4) Ресеймен, Орта Азиямен сауда-экономикалық байланыстар тінінің тереңдей түсуіне оң ықпал етті.

5) Әсіресе, жәрмеңкелерге қатысушылардың көп ұлттылығымен ерекшеленді.

Академик С. Зиманов бұл жәрмеңке туралы былай деп жазады: «Жәрмеңкеде тауар айырбасымен қатар даланың көшпенді

тұрғындары, Ресей өнеркәсіпшілері, дала шонжарлары, қазақ шаруалары бір-бірімен тікелей сауда жасау мүмкіндігіне ие болды. Бұл жәрмеңке, бір сөзбен айтқанда, тек экономикалық тұрғыдан ғана маңызды болып қойған жоқ, сондай-ақ әр түрлі халық пен ұлт өкілдерінің бір-бірімен туыстас болуына және әр түрлі ұлттардың бір-бірімен қоян-қолтық етене араласуына ықпал етті» [37, с. 39].

Енді жәрмеңкелердің жай-жапсарына тоқталсақ:

1) Жәрмеңке хан сарайына жақын жерде ұйымдастырылды және оның орнын ханның өзі белгіледі.

2) Мал айдап әкелу мерзімі көктемде сәуір айынан басталып, мамырдың ортасына дейін, ал күзде 15 қыркүйектен қазанның ортасына дейін созылды.

3) Саудагерлер қаржылық төлемге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін хан көпестер мен Ордалықтарды бір-бірімен алдын-ала шарт жасасуға міндеттеді. Бұл шарт Ордалық қазақтың қолында берер малы болмаған жағдайда жасалды. Қолхат иесі келісілген малын уақытында әкеліп бермеген жағдайда, ханның өзі оның орнын толтырып отырды.

4) Саудагерлердің Бөкей Ордасында ауыл-ауылды аралап жүруіне қатаң тыйым салынды.

5) Ешкім де өзі сатып, не айырбастап алған мал, былғары, май және тағы сол сияқты тауарларға ханның мөрінісіз куәлік ала алмады. Мөрі жоқ құжаттардың бәрі де жарамсыз деп табылып, еш жерден өткізілмеді. Бұл туралы бұқаралық ведомостілерде жарияланды. Ал жасанды куәлік берушілер және оны алған саудагерлер заң бойынша қудаланды.

6) Көпестерге Хан ставкасының маңында көрсетілген екі мерзімнен өзге жыл бойына сауда айналымын жүргізуге рұқсат етілді [82, 7 п.].

1833 жылы 14 қаңтарда Жәңгір хан старшын Исатай Таймановқа Хан ставкасы жанында жәрмеңке ұйымдастырылуына байланысты ортаазиялық көпестердің бөкейлік қазақ ауылдарына келіп сауда жасауына тыйым салу жөнінде былайша нұсқау береді:

«Құрметті старшын Исатай Тайманов, Император ағзам менің өтінішіме құлақ асып, өткен 1832 жылы жәрмеңке ұйымдастыруға рұқсат берді. Сол себепті, Сізге, құрметті старшын, бұйырамын: өз қарамағыңыздағы барлық қазақтарға хабар таратыңыз – Жасқұстағы менің ставкамның жанында жыл сайын екі жәрмеңке өтеді: біріншісі – 20 сәуірден 5 мамырға дейін, екіншісі – күзде; сондықтан, әрбір сатуға шығаратын түйе, жылқы, сиыр, қой секілді малы бар қазақ айтылған жәрмеңкеге уақытында малын айдап әкеліп, сатуға түбіт, жүн, былғары, сүрік және өзге де өнімдерін әкелсін. Менің ставкамның жанында лавкалар құрылып, орыстар және өзгеде халық өкілдері сауда жасап, ешкімді де айырбас құны жағынан ренжітпесін» [63, с. 341].

Сонымен бірге, Жәңгір бұдан былай бұрынғыдай бұхарлықтар,

хиуалықтар және өзге де саудагерлерге киіз үйлерімен немесе арбасымен көшіп жүріп, Орда жерінде саудамен айналысуына рұқсат етпеді. Барлық старшындарға өз қарамағындағы қазақтар жәрмеңкеге бағыт алған уақытта оларға керуен басы бөлінуін бұйырды. Қарамағындағы қазақтарды жинап, аталған жәрмеңкелерге алып келу бұйырылады. Мұны орындамаған старшынның әрқайсысы басшылықтың әмірін тыңдамаған тұлға ретінде заңды жазаға тартылды [63, с. 341].

Сөйтіп, Жәңгір хан Хан ставкасындағы жәрмеңкеде хиуалықтардың, бұхарлықтардың сауда істеуіне тыйым салды. Жалпы Ресей үкіметі Ішкі Орданың өзге ұлт өкілдерімен соның ішінде азиаттарман сауда жасауына рұқсат етпеді [85, 122 б.].

Ал В.Ф. Шахматов бұл жөнінде өз еңбегінде: «Орынбор шекаралық комиссиясы 1832 жылы хан ставкасынан жәрмеңке ашуға рұқсат берді. Ордадағы тасымал саудасына тыйым салды. Ставкадағы жәрмеңкенің ашылуы ханның қызығушылығын туғызды. Біріншіден, хан саудаға бақылау орната алар еді және қазақтардың сатқан малына салық сала алады. Екіншіден, жәрмеңкенің ашылуына байланысты Ресей көпестері мен алыпсатар феодалдардың қауіпті бәсекелестері – бұхарлық және хиуалық саудагерлерге тасымал саудасын жасауға тыйым салынды. Бұл бәсекелестері әлі де болса орыс көпестерінің кірісін төмендетіп отырды. Қазақтар бұхар және хиуалық саудагерлердің таза мақтадан жасалған тауарларын сатып алды, ал оған қарағанда Ресейдің мануфактуралық өнімінің сапасы тым нашар еді. Сонымен қатар, бұхарлық және хиуалық тауарлар өте арзан еді. Жәрмеңкеге көпестер негізінен жібек, мата, қағаз, бархат, боялған тері, темір бұйымдары, қауырсын, нан, темекі секілді тауарлар тасыды. Бұл тауарлар негізінен көрші губерниялардан – Астрахан және Орынбордан әкелінді», – деп жазады [31, с. 75].

Жалпы, XIX ғасырдың 30 жылдарында Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі сауда-саттық ісі туралы мәліметтер Ресейдің әртүрлі мерзімдік басылымдарында, М.Я. Киттары, П.И. Небольсиннің, М. Иваниннің еңбектерінде жарияланды.

П.И. Небольсиннің еңбегінде Хан ставкасындағы жәрмеңке туралы былай делінеді: «1832 жылы Хан ставкасында жылына 2 рет көктемде және күзде жәрмеңке өтеді. Бұл жәрмеңкеде қазақтар мал және оның өнімдерін сатады. Әсіресе, көктемгі жәрмеңкеде халық өте көп болады. Соның ішінде татар, орыс, қалмақ, армяндар сауда жасайды. Олардың саны 1845 жылы 1000 шақты болса, 1847 жылы 1500 адамға жетті» [12, с. 165].

Ал М.Я. Киттары: «Хан ставкасындағы жәрмеңкеге саудагерлердің әкелетін тауарлары әртүрлі. Соның ішінде: жібек, қағаз, нан, шай, кірпіш, қант, ыдыс аяқ және т.б. бар. Сонымен қатар, жәрмеңкеде ұрлық, төбелес секілді келеңсіздіктердің болмауы үшін уәзір-сұлтандар

тағайындалған. Олар қазақтар мен шеттен келген саудагерлер арасындағы тәртіпті қадағалап отырған», – дейді [9, с. 56].

А. Еврейнов: «Хан ставкасындағы жәрмеңкеде қазақтар өздерінің өнімдерін сатып, бұл жерден нан, мата, қағаз өнімдерін, бархат, хиуалық және бұхарлық халаттар, қант, шай, темір өнімдері секілді күнделікті қажет тауарларды сатып алып отырған. Бұл тауарларды астрахандық армяндар, Қазан татарлары, орыс саудагерлері мен әр түрлі губерниялардың көпестері әкеліп, жылына 400-ден 450000-ға дейінгі күміс сом көлеміндегі сауда айналымын жүргізген.

Әсіресе, көктемгі жәрмеңкеге қатысушылар саны көп болған. Жәрмеңкелік лавкалардың бәрі тауарлармен толтырылып, саудагерлерге арналған ішкі аулаға киіз үйлер қойылған. Үйлерден 2 метрдей қашықтықта шатырлар мен мал сатып алушылардың арбалары орналасқан. Далада сатуға айдап әкелінген бір табын мал жайылып жатады», – деп сипаттайды [11, с. 82].

А.Е. Алекторов: «Бұл жәрмеңкелерде олар өздеріне қажетті тауарларды, әсіресе астық сатып алып жүрді. Сонымен қатар, қазақтардың малы мен өнімдерін сатып алу үшін Орда жеріне орыс саудагерлері мен көпестері көптеп келіп жүрді. Осындай сауда ісін жеңілдету мақсатында 1832 жылы ставкада екі жәрмеңке (біреуі – көктемде, екіншісі – күзде) ұйымдастырылды. Мұның қазақтар үшін екі түрлі пайдасы бар еді: біріншіден, олар жақын жердегі өз малын, тауарын әкеле алатын, екіншіден, олар өздеріне салынған зекет пен соғым салығын да осы жерде өтей алады», – деп жазады [23, с. 105].

Кейбір саудагерлер тасымал саудасының тоқтатылғанына қарамастан Орданы аралап жүріп саудасын жалғастыра беретін. 1834 жылы 29 шілдеде Жәңгір хан Орал казак әскерінің басшысы В. О. Покатиловқа сотник Матвеевтің приказчиктерінің бөкейлік қазақтар ауылдарында тасымал саудасын жасауға салынған тыйымды бұзғандығы туралы жазған хатында былай дейді:

«Сұлтан Шығаев бұл туралы 23-күні маған мәлімдеді: Өткен мамырдың алтысында ол (Шығаев) өзіне қарасты Ордалықтар арасында сотник Матвеевтің қызметкерлері немесе приказчиктері татарлар Абдул Салихов пен Ахмер Габдуллиннің рұқсат етілмеген сауда жүргізгендігінен хабардар болады. Ол Габдуллинді шақырып алып, оған қалыптасқан тәртіпті бұзбай, менің ставкамның жанында ұйымдастырылған жәрмеңкеге барып сауда жасауы қажеттілігін ескертеді. Бірақ татарлар ескертуге қарамастан, бірнеше күн бойына саудаларын жалғастыра береді. Сол себепті, сұлтан Шығаев оларға кесімді түрде жәрмеңкеге баруды бұйырып, бұл туралы олардан қолхат алады. Бұл қолхатты ол маған жеткізді. Олардың тауарларын Шығаев та, өзгелер де тартып алған жоқ, оларды ешкім де жазалаған жоқ» [63, с. 358].

Құжатты талдап көрелік. Біріншіден, тыйым салынған тасымал

саудасының татар саудагерлері үшін тиімді болғаны бірден аңғарылады. Яғни, осы істің ережеге сай жүргізілуін талап еткен лауазым иелерінің ескертпесіне олар құлақ аса қоймайды. Бұдан шығатын қорытынды – дәл осы кезеңде Жәңгірдің сауда ережелері туралы бұйрығы әркез орындала бермегенін көрсетеді. Екіншіден, хан осы істі бақылауда ұстауды өз айналасындағы сұлтандарға сеніп тапсырып, әрі оны өзі қатаң қадағалап отырған. Бұл – хандықта сауда қатынастарының әлеуметтік маңызының қаншалықты деңгейде болғандығынан хабар береді.

Қазақтар жәрмеңкеге негізінен мал мен мал өнімдерін шығаратын. Қалмақтардан әсіресе жылқы малы көп мөлшерде әкелінетін, ал мүйізді ірі қараны Кундур татарлары мен Еділ бойының шаруалары жеткізіп отыратын. Солай бола тұрса да жәрмеңкелерде негізінен қазақтардың малы мен мал өнімдері үлкен сұранысқа ие болатын еді [44, 55 б.]. Сонымен бірге, бұл жәрмеңкеге Кавказ, Бұхар, Үргеніш көпестері де қатысты [86, 68 б.].

1836 жылы хан Жәңгір жәрмеңкеде кездесетін түрлі жағдайларды тәртіптік жағынан қадағалау үшін Ж. Жаналиевке әр түрлі бөлімдерден тұратын ережелерді бекіттіреді. Ережеде байқағанымыздай, жәрмеңкеге келген көпестер мен саудагерлер және қарапайым қазақтар арасындағы түрлі мәселелер өзара түсіністік жағдайында шешіліп отырған. Жәрмеңкеге келген көпестер мен саудагерлерге тауарларымен бірге тұратын арнайы киіз үйлер бөлініп, белгіленген жерлерге ғана сауда-саттық жасатқан. Себебі оларды белгіленген тәртіп бойынша орналастыру арқылы әкелген малды тез сатуын, қарауылдардың ыңғайлы күзетуін және кездейсоқ болып қалатын өрттен сақтануын қамтамасыз еткен. Сонымен бірге ұрлық секілді келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін саудагерлер саудаларын арнайы берілген жерлерде ғана жасап, түн мезгілінде қарауылдар мен патрульдерден басқа қосымша өз іштерінен күзет қойып отырған.

Ережеде көрсетілген барлық заңды істердің жүзеге асуын қадағалап және жәрмеңкеде болған сауда-саттыққа қатысты оқиғаларды тіркеп отыру үшін арнайы хатшы тағайындалған. Ж. Жаналиев қандай да бір ұсақ істер бойынша шағым түскен жағдайда, зардап шеккен жақтың талабын сол күні-ақ қанағаттандырып, әділетті түрде ауызша шешім шығарып отырған. Егер шығарылған шешімге келіспеушілік туындаған жағдайда, Жәңгір ханның атына көпестер мен саудагерлер өздерін растайтын құжаттарымен бірге өз атынан өтініш жазуға мүмкіндіктері болған. Оны Жәңгір хан келген губернияның өкілі арқылы губернатордың заң бойынша шара қолдануын қадағалаған. Ал қазақтар тарапынан тәртіп бұзылса, яғни саудагерлердің әділ талабы орындалмаса, Жәңгір хан іске өзі араласып, шағымданушының пайдасына екі есе айып өндіріп алып беріп отырған. Жәрмеңке кезінде кісі өлімі, ірі мөлшердегі ұрлық, тонау, төбелес, күш көрсету, зақым

келтіру, ұрып-соғу сияқты үлкен оқиғалар мен қылмыстық істер орын алса, кінәлі адамды күзетке алып, құжатымен бірге ставканың жанындағы кордон бастығына жеткізіп, олар болған оқиғаның мән-жайын Жәңгір ханға баяндап отырған. Егер кінәлі адам шет жердікі болған жағдайда, оның тауарын, ақшасын және тағы басқа да мүліктерін жазбаша түрде тіркеп, оны жағдайға қарай тиісті жерден тергеуші келіп анықтағанша, күзеттен босатпаған. Егер ол тауарын сақтауға мүмкіндігі болмай, не басқа себеппен ешкімге тапсырмаса, әскери қарауылдар оның өзінің және куәлардың көзінше тауарды тіркеп, мөрлеп, иесінің есебінен үй жалдап, тергеушінің жарлығы шыққанша мүліктердің жоғалып кетпеуін қамтамасыз еткен. Бірақ бұл шаралар көпестер, мешандар сияқты тауар иелеріне қатысты жайлар. Ал егер оның қарауындағы жұмысшы кінәлі болып, иесінің қатысы болмаса, ол адамды белгілі тәртіп бойынша күзетке алу арқылы әділ жазасын берген. Жәрмеңкеде істелген әрекеті үшін ешкімге ешқандай, тіпті қырғыздарға да тән жазасын қолдануға рұқсат бермеген, яғни жазалар тек арнайы заңдар арқылы жүзеге асып отырған. Мәселен, кейбір ұсақ бұзақылықтары үшін (алдау, мас болу, тағы басқа ұсақ-түйек тәртіпсіздіктер) нақты дәлелдер болғанда ғана кінәсінің ауырлығына қарай белгілі бір уақытқа дейін қамауда ұстаған. Бұл жазаланған адамның аты-жөні, қандай кінәсі үшін жазаланғандығы арнайы айып журналына тіркеліп, мұндай орда тұрғындары туралы мәлімет үшін Жәңгір ханға жәрмеңке біткен соң тәртіпті қадағалайтын қарауылдар есеп беріп отырған [87, 11 п.].

Көрші халықтардың бірі – қарақалпақтарға Астрахан бас басқармасы Ішкі Қазақ Ордасына кіруге мүлде тыйым салғандықтан, түрлі сылтауға қарамастан, оларға жәрмеңкеде сатуға да, сатып алуға да, тіпті жұмысшы, не тілмаш болуға да рұқсат бермеген. Ал олар әр түрлі жолдармен кіріп кетсе де, бәрібір ұсталып, Ордадан аластатылған.

Жәрмеңкеге келетін көпестердің, сауда адамдарының, тіпті жұмысшылардың құжаттары мен билеттері де ставкадағы арнайы кітапқа жазылып отырды. Ерекше бақылауға алынған құжатта әрқайсысының нөмірі көрсетілген. Сатып алынатын малға, теріге, басқа да Ордалық тауарларға ханның қолы көрсетілген заңды куәліктер кеңседен беріліп отырған. Ал саудагерлер өз қолдарымен немесе мөрімен малдың немесе ордалық тауардың саны және куәлікті қажет еткен сатып алушы туралы жазбаша мәліметті уақытында жеткізген. Ханның қолы мен мөрі қойылған журналда сатылатын немесе айырбасталатын аттардың бағасы, жасы, түсі және ерекше белгілері, кімнің кімге сатқаны да туралы мәліметтерді кезестіруге болады. Сонымен бірге, сатып алушыға, яғни аттың иесіне сатушы өзінің қолымен немесе мөрімен және мал сатушы қол қойған ярлық береді және мұны тиісті кітапқа белгілеп жазады. Сатушының қадағалауымен жәрмеңкеде осы ярлықсыз сатып алынған немесе

айырбасталған мал барған жерінде ұрланған деп күдіктенбеуі үшін барлығына хабардар еткен.

Екі жақтан да бекітілген заңдарға лайықсыз алдау болмау үшін тәртіпті қадағалайтын қарауылдар саудагерлердегі, қазақтардағы таразылардың, безбендердің өлшеу дәлдігін қадағалап отырған. Егер саудагерден жасанды таразы немесе безбен табылса, куәлардың көзінше оның заңды таңбасын тексерген. Егер қолдан жасалған таразы не безбен анықталса, дереу жойылып, пайдалануға тыйым салынған. Ал егер тыйым орындалмаса, жасанды таразы иесін қай кезде қандай тауарды қанша саудаға алдау арқылы сатқанын айтқызып, одан кейін тауарын мөрмен мөрлеп, Жәңгір ханға ескертіп, иесімен бірге кінәліні сотқа жеткізген. Егер саудагер таразы немесе өлшеммен алдаса, ол алданған адамның пайдасына сол тауардың құнын үш есе қайтартып, ақшалай айып төлетіп, кінәсінің ауырлығына қарай жазалаған. Егер саудагерлердің бірі сату немесе сатып алу кезінде ескі аршындарды қолданса, оны тартып алып, тыйым салынған зат ретінде сындырып, пайдаланған адамға қазынаның пайдасына екі күміс сомнан айып төлетіп, оған жаңа аршын сатып алғызған [87, 12 п.].

Жәрмеңкеде өлшемелі тауарлар: нан, май, жүн және ешкі түбітіне салмақ көбейту үшін құм, тағы басқа салмағы ауыр нәрселер қосып сатқан жағдайлар кездескен, оны сатқан қарапайым қазақтарды жазалап, ал ресейлік саудагерлер осындай кінәмен ұсталса, алаяқтық жасаған адам ретінде оған ескерту жасау немесе сотқа беру үшін тәртіпті қадағалайтын қарауылдар Жәңгір ханға баяндап отырған.

Ұрлық пен тәртіпсіздікті болдырмау үшін көпестер мен саудагерлерді қорғауға, жәрмеңке өтетін уақытта оның бүкіл аумағын бақылап жүруге екі атты қарулы казакты күзетке қойып, оларға қызметі үлкен тағы бір казакты жетекші етіп қойған. Олар түн уақытында мас болғандарды немесе шу көтергендерді қамауға құқылы болған. Жәрмеңке кезіндегі қарауыл және патруль қызметін орындау үшін Ж. Жаналиевке Жәңгір хан өзінің ставкасындағы казак кардонынан он бес атты қарулы казак және бір урядник береді. Олар Ж. Жаналиевтың жарлығын және тапсырған жұмыстарын мүлтіксіз атқарып отырады [87, 13 п.].

Жәрмеңке кезінде ставкада адамдар әрдайым көп болатыны белгілі. Олармен бірге сатуға шығарылған және мініске дайындалған жылқылар да болды, оның ішінде ордалықтардың сатып алған аттары сәл қараусыз қалып, олардың иесі аттан да, мүлкінен де айырылған жағдайлар да кездескен. Орда аумағынан оларды тез арада іздеп табу өте қиын болған, оның үстіне жан-жақтан жиналған халықтың ішінде неше түрлі адамдардың болатыны да белгілі. Осындай жағдайда көпестер мен басқа да келушілердің өздерінің сатып алған аттарын жоғалтып алудан қорғау үшін қарауылдар әуелі баста жәрмеңкедегі олардың аттарының құны мен белгілерін мөр қойылған кітапқа тіркеп,

сенімді бір қазаққа бағуға тапсырған. Ол үшін жылқышыға жазда аттың құнының әр сомынан бес тиын, ал күзде күн салқын әрі түн ұзақ болғандықтан он тиыннан төлеген. Аттарды бағуға келіскен жылқышы өз руының сұлтаны немесе беделді старшынының қолы мен мөрі қойылған кітапқа жазбаша кепілдік тапсырып отырған. Ешбір жылқышы кепілдіксіз мал бағуға жіберілмеген.

Ордадағы жәрмеңкелерге орыс және мұсылман көпестері өздерінің төмен сапалы бұйымдарын әкеліп, Ордалықтарға қымбат бағаға сатып отыратындығын жоғарыда атап өттік. Олар осындай көпке шыдамайтын сапасыз заттарының орнына тірі мал, май, тері, жүн, түбіт және қолма-қол ақша алып отырған. Ол кездегі фабрикаларда жақсы заттармен қатар сапасы нашар заттар да шығарылып, мұндай сапасыз заттар Ордада миллиондаған сомға сатылды немесе айырбасталды. Негізінен, бұдан саудагерлер мол пайда тауып отырған, ал Ордалықтарға бұл ешқандай тиімсіз. Саудагерлер қырғыздар қымбат сапалы бұйымдарды емес, арзан тауарды жақсы алатынын айтады. Бірақ, мәселен, фабрикада отыз тиын ғана тұратын шамалы сиса мен нанкаға қазақтар алпыс тиын төлеген. Ал ол тез тозатындықтан, оны үш қайтара сатып алып отырған. Хан Жәңгір өзіне қарасты халықтың шаруашылығының тиімді болғанын қалап, барлық жағдай жасауға тырысқан. Әсіресе, жәрмеңке кезінде ешқандай күштеу, қорқытусыз, бар қауымды жақсы сапалы бұйымдар сатып алуға үгіттеп отырған. Бағасы арзан, сапасыз тауардан гөрі қымбат тауарды сатып алудың пайдалы екенін, оның үстіне сапалы киім немесе затты пайдалану иесіне де тартымды, жағымды болатынын ережеде ескертіп өткен. Осы пікірді халыққа ұғындыру арқылы яғни бес рет арзан нашар зат алғаннан жақсы затты бір рет алған тиімді болатынын халыққа әрдайым айтып, Ж. Жаналиевке көпестер мен саудагерлердің Ордаға жоғары сапалы заттар әкелуін қадағалау туралы жарлық берген [87, 14 п.].

Бұдан көретініміз, Жәңгір хан халықтың жағдайын ойлай отырып, көпестердің де беделін көтеру үшін Ордаға мол пайда табу мақсатында әкелінген сапасыз тауарлар ағынын азайтуды, кейін оны мүлде тоқтатуға күш салған. Ж. Жаналиев жәрмеңке барысында және жәрмеңке аяқталғаннан соң көпестер мен саудагерлердің ауызша мәліметтері бойынша олардың аты-жөндерін, қайдан келгенін, неше киіз үй жалдағанын, әрқайсысы қанша сомға тауар әкелгенін, қаншасы сатылғанын және айырбастағанын, түрлі мал, түйе, жылқы, қой-ешкінің қаншасын сатып алғаны немесе айырбастағаны туралы ведомость толтырып отырған. Осы ведомостіні жәрмеңке біткен соң хан Жәңгірдің өзіне арнайы тапсырған. Жәрмеңкедегі сауда ісі негізінен мал арқылы өрбитіндіктен, бұған ережеде ерекше көңіл бөлінген.

Хан Жәңгір Астрахан әскери губернаторы Иван Семенович Тимирязовтан 1835 жылдың 31 қазанында Кундров татарлары



арасында жиілеп кеткен, князь Тюменевтің қол астындағы қалмақтардың және Орда қазақтарының малының ұрлануын тоқтату туралы қағаз алған. Соған сәйкес, өз малын сатқысы келген әрбір татарға сатылатын малдың шын мәнінде өз жеке малы екенін растайтын куәлік беріп, ол куәлікте малдың саны және әрқайсысының ерекше белгілері көрсетілген. Егер олар осындай куәліксіз малды сатуға әрекет жасаса, қырғыздарға ол малды сатып алуға тыйым салынған [87, 15 п.].

Хан Жәңгір Ж. Жаналиевке және оның қарауындағы қызметшілерге парақорлықпен және басқа да қысымшылықпен шұғылданбауды қатаң тапсырған және айтылған бұл жолдауларды барлық көпестер мен саудагерлер шыққан уақытында оқып, танысып отырған.

Жәңгір хан жәрмеңкенің заңды жүруіне үлкен назар аударып, сауда саласын ережелер арқылы қатаң реттеп отырған. Жәрмеңкеде көп ұлтты халықтардың сауда істеу үшін жиналатындығына байланысты және ұрлық-қарлық болмау үшін қарауылға атты казактар бөлініп, жәрмеңкеге арнайы базарбасы тағайындалды.

Сонымен қатар, жәрмеңкедегі тауарлардың сапалылығы, таразылардың дұрыстығы тексеріліп, тауарлар куәландырылып, жәрмеңкеге келген көпестердің құжатсыз кіруіне тыйым салынды.

Аталмыш құжатты саралай келе 1836 жылы Жәңгір хан өз ордасындағы сауда-саттық ісін толыққанды жолға қойған деп тұжырым жасауға негіз бар. Бұлай деуімізге себеп, о бастан-ақ Жәңгір тұрақты сауда орындарын ашу жөніндегі өтінішінде сауда ісін бір жерге шоғырландыру, ел ішінде көбейіп кеткен алдау мен арбауға тосқауыл қоюды мақсат етеді. Сонымен бірге, саудагерлердің өзіне де, Орда қазақтарына да тиімді жағдай жасау арқылы тұрақты табысты қамтамасыз ету, халықтың кедей топтарын жұмыспен қамтуға секілді дәлелді дәйектемелер келтіргені белгілі. Құжатта көрсетілгеніндей, Жәңгір бұл мақсатына жетті де. Яғни, ашық бәсекелестікке жағдай жасалғандықтан тауарлар сапасының арта түсуі, тәртіп мәселесінің бірінші орынға шығуы, сауда жүргізу ісінің бұрынғыдай қарабайыр тәсілдері жойылып, қолайлы мүмкіндіктердің туғызылуын ерекше айта кеткен жөн.

1836 жылы 15 қыркүйекте төлеңгіт руының старшыны Мекен Балуанқұлов өз бақташыларының күшімен осы жәрмеңкеге келген көпестердің табындарын бағымға алу туралы жазбаша міндеттеме алады. Ол міндеттемеге Жәңгірдің рұқсатымен қол қоя отырып, 1836 жылдың 15 қыркүйегінде көпестер малын бағымға алуға өз қалауын білдірген. Сол уақыттағы Хан ставкасының жанында ашылып, қазан айының 15-не дейін жұмыс істейтін жәрмеңке уақыты кезінде старшын Мекен Балуанқұлов өзі жалдаған бақташы қызметкерлердің күшімен келімді-кетімді көпестердің, саудагерлер мен өзге де жандардың

табындарын қожайындардың өздері қажет деп тауып, келісім берген жағдайда тебіндетіп, бағып берген.

Бұл қызмет түрі төмендегідей тәртіппен жүргізілді: мұнда әкелінген немесе мұнда сатылып алынған, айырбасталған әрбір жылқы малын, оның жүнін, ерекше белгілерін, бағасын қожайынның өзі старшын Мекен Балунқұловтың көзінше жәрмеңке бақылаушысының ханнан алған тізім кітабына жазып тіркейді. Қожайыннан әр жылқының қабылдап алынғандығы туралы қолхат алынып, қолхатқа мөр басылады. Бағым үшін жарияланып, жазылған жылқы бағасынан және әр рубльдің күміске шаққандағы бағамы бойынша старшынға бес тиыннан төленеді. Мұның жартысы жылқыны бағымға беріп, тіркеу кезінде төленеді, ал келесі жартысы – жылқыны табыннан қожайынға қайтарар кезде тікелей Мекен Балунқұловтың (қызметкерге емес) өзіне берілген. Бағым бағасын бағым уақытына тәуелді етпеген. Жылқы бір апта немесе бір ай бағылса да, баға өзгермеген [88, 11 п.].

Ал қожайыны жылқыны қайтарып аларда Мекен Балунқұловқа қолхатты қайтарып, жылқыны қайтадан қайтарып алғаны туралы тіркеу кітабына қолын қойған. Бұл ережелердің барлығы орындалмай және бағым ақысының қалған жартысы түгелдей төленбей, қожайынға жылқы берілмеді. Қазанның 15-нен кейін бір апта уақыт шамасында Мекен Балунқұлов табын бағуды тоқтатып, жылқыларды иелеріне жоғарыда аталған ережелер бойынша тапсырған. Старшын Мекен Балунқұлов өзі әркез табындарды бақылауда ұстап, табындағы жылқы санының аз-көптігіне қарамастан өзі мен ұлдарының қарамағындағы сенімді де қарулы атбегілерді қарауына алып, өз аттарымен түнгі қарауылды күшейтіп, табынға берілген жылқылардың бір де бірінің мініске немесе жұмысқа жегіліп, болдырмауын қамтамасыз ете отырып, шығандап қашатын асау жылқыларды қуып жетіп ұстап, табынға қосып отырған немесе ондай жылқыны ерекше қадағалауға ала отырып, бар табынды жақсы тебіндік жайылымда ұстап, оларды суға жақын әрі жәрмеңкеден аса қашық емес жерлерде (бұл жерде қожайындардың өздері қажет қылған жағдайда қадағалап отыра алады) баққан.

Сонымен қатар, бақташы кімде-кімнің жылқысы әлдебір аурудан мерт болар болса немесе белгісіз жағдайларда жоғалса, қожайын келіп қарағанға дейін өлген малдың терісін сыпырмай, түк қозғамай немесе ауырған малдың дерті басталған бойда тез арада қожайынға хабар беріп отырған. Мұндай жағдайлардың бәрінде жоғалған жылқы болса, табылғанға дейін бағым ақысының екінші жартысын талап етілмеді, себебі бұл жағдайдың кездейсоқ болуы мүмкін екенін біле отырып, бақташылардың сақтық шараларын дұрыс орындамағандығынан болған деп есептелді. Егер жылқы қашып кетсе немесе табыннан ұрланып, старшынның бұйрығымен үш күн ішінде табылмаса, оның қожайынына тіркеу кітабында жазылған бағамен бақташылар өз

есептерінен төлеген. Осындай ұрлану мен қашудан болатын әрбір шығынды Мекен Балуанқұлов өз қаржылай есебінен немесе өз жылқысынан кітапта жазылған баға бойынша өтеген. Мұндай жылқылар кейінірек табылып, ұрылар ұсталған жағдайда, бар мал бақташының иелігінде, яғни бақташы төлеген қаржының өтеуі болып қалып отырған. Егер де мал иесі өз жылқысын қайтарып алғысы келсе, жарты жылдан кейін бақташыға төлеген қаржыны толықтай қайтарып, өз малын ала алған [88, 12 п.].

Бақташының міндеті – жылқы қожайынын ешқандай тергеу істері мен шығындарға ұшыратпау. Ал егерде ұрланған, жоғалған немесе мерт болған жылқының төлемақысын өтеуге бақташының қаржысы жетпесе, онда қол қойған басқа тұлғалар әр өтемақыны бір аптадан асырмай төлеп шығуға міндетті болған. Бұл тұлғалармен Мекен Балуанқұлов кейінірек өз мал-жаны мен балаларының малынан өтеуге келісім берген. Алайда кітапта малдың иесі бақташының кепілдеріне қолхатын қайтара отырып, ұрланған, не жоғалып, табылмаған немесе аурудан мерт болған жылқысының құнын алғандығы жөнінде мөрін басып, қолын қойған. Бұл міндеттемелерді жоғары мәртебелі хан бекітіп, бұл қызметті пайдаланғысы келген әрбір адам бұл туралы мәліметті жақынырақ білуі үшін осы міндеттемелер жәрмеңкеде алдын-ала жарияланып, содан соң жоғарыда аталған кітапта жазылып, халыққа таныстырылып отырған [88, 13 п.].

Қолхатты қол қою арқылы Ішкі Қазақ Ордасының кепілдері болып табылатын тұлғалар осы Орданың төлеңгіт руының старшыны Мекен Балуанқұловтың жақсы мінез-құлығы, сенім туғызатын жан екендігін куәландырған және, міндеттемеде көрсетілгендей, оның жәрмеңкеге келушілердің жылқыларын өз қызметкерлерімен бірлесіп 15 қазанға дейін бағып бере алатындығын сендірген.

Сонымен қатар, осы жәрмеңке уақыты аралығында және ол біткеннен кейінгі бір апта өткен соң Мекен Балуанқұлов пен қызметкелерінің жауапсыздығынан табыннан кімде-кімнің жылқысы жоғалса, не ұрланып, ұрланған күннен үш күнге дейін табылмаса, Мекен Балуанқұлов өз қаржысынан, иелігінен, малынан еш кедергісіз жылқы қожайынына әр жоғалған жылқының тіркеу кітабында жазылған бағасымен төлеген. Алайда, егер де оның, старшын Мекен Балуанқұловтың өзінің не оның ұлдарының өтемақыға өз қаржылары, малы, иелігі жетпей қалған жағдайда, қол қойғандар осы жәрмеңке аяқталғаннан соңғы бір апта ішінде мал қожайындарына әрбір жоғалған немесе ұрланған жылқының тіркеу кітабында жазылған құнын мал иелерін шығынға ұшыратпайтындай етіп төлеуге міндет алған. Ал олар төлеген қаржының өтемін старшын Мекен мен оның ұлдарынан өндіріп алу туралы Жәңгірден рұқсат алған [88, 14 п.].

XIX ғасырдың 30 жылдары Бөкей Ордасындағы Хан ставкасы жанынан жәрмеңкенің ашылуына және ондағы сауданың дамуына

байланысты саудагерлер төлейтін салық түрі де өсті. Сөйтіп хан қазынасына жәрмеңкеден көп пайда түсті. 1836 жылы жәрмеңкедегі лавкалар мен киіз үйлерден 2919 рубль ақша жиналса, ал 1845 жылы 5500 рубль ақша жиналды. Сонымен қатар, хан жәрмеңкеде малын сатқан қазақтардан салық жинауды бұйрық етті [32, с. 85].

Хандық территориясындағы басты сауда, сауда жолдары негізінен екеу болды. Олардың біріншісі – Астраханнан шығып, хандық жерінің солтүстік-батыс жағынан еніп, Үлкен Өзен арқылы Орал қаласына келсе, екіншісі – Камышиннен Эльтон көлі арқылы Хан ставкасына келді. Бұл жолдардың бойында жол жүрушілерге жағдай жасалып, демалатын орындар салынды. Бұл жолдар арқылы, әсіресе көктемгі және күзгі Хан ставкасы жанындағы жәрмеңке кезінде 10000-нан 20000-ға дейін көлік малы мен 1500-ге дейін қазақ түйелері көлікке жегіліп: нан өнімдерін, түрлі темір, ағаш бұйымдарды хандықтағы жәрмеңкеге көршілес Орынбор, Самара, Саратов, Астрахань губернияларынан және орал әскерлері жерінен әкелсе, ал керсінше хандықтағы жәрмеңкеден қазақ кәсіпшілігінің өнімдерін – шикізат күйінде – тері, жүн, май түрінде тасыды [53, 124 б.].

Хан ставкасындағы сауданың түріне келсек – қазақтар мен губерниялардан келетін көпестер арасында негізінен айырбас сауда жасалды. Сауда қызатын мезгіл көктем мен жаз айлары. Күзде өткізілетін жәрмеңкеде дәл мұндай белсенділік байқалмайды. Бұған Новоузенск қаласындағы Покровск жәрмеңкесінің жақында жатуы да бірден бір себеп. Ал, Орынбор мен Орал, Тамбов, Воронеж, Саратов губернияларынан ағылатын әртүрлі мақсаттағы топтар көшінің есебінен Орда жәрмеңкесіндегі шикізат өнімдеріне ұдайы сұраныс болып тұрды.

Хан ставкасындағы көктемгі жәрмеңкеге күздегіге қарағанда халық көп жиналатын еді. Оның себебі бұл кездегі тебіндеп жайылуға қажетті қоректің көптігінде және жазғы ыстыққа дейін құрғап үлгермеген шалшық сулардың жәрмеңкеге мал айдап әкелуге қолайлылығында еді. Ал күздегі жәрмеңкеге халықтың аз жиналатындығы аталған жағдайлардың болмауынан еді, оның үстіне қазанның 1-інен бастап Ордаға іргелес жатқан Тертайыл селосында Саратов уезінің үлкен жәрмеңкесі өзінің екі апталық жұмысын бастайтын. Сонымен қатар, осы уақытта қыстық астығын қамдап, жинап алуға ниеттенген қазақтар Тертайыл жәрмеңкесіне, Астраханға және өзге жерлерге қарай ағылып, яғни кімге қандай қала немесе село жақын, әрі ыңғайлы – солай қарай жол тартатын. Қазақтар өз жылқысын Орда ішіндегі жәрмеңкелерде емес, жыл бойына Еділ бойын жағалай орналасқан қалалар мен селолардағы, Орал мен колонистер селоларындағы, Ырғыз бен Үлкен Өзен жағалаулары болыстықтарындағы жәрмеңкелерде көптеп сататын болған. Себебі, бұл жерлерде Ордалықтар өз малын айырбас саудаға емес, көбінесе

қолма-қол ақшаға сататын еді. Алған ақшаларына өздеріне қажетті астық пен басқа да тауарлар сатып ала алатын. Сондықтан да олар ақшалай сауданы айырбас саудадан тиімдірек көретін. Астрахан қаласында қазақтардың қой, жылқы, ірі қара және өзге де жоғарыда аталған тауарлар саудасы қыс бойына үзілмейтін, себебі бұл мезгілде қазақтар Каспий теңізі жағалауын мекендей алатын және өзендердің қатып қалған бетімен әрлі-берлі жүруге мүмкіндігі бар еді.

Бүкіл Ішкі Орда жеріндегі өнеркәсіптің негізгі түрі – мал шаруашылығы, соның ішінде жылқы мен қой шаруашылығы болғандықтан, жоғарыда аталған жәрмеңкелер мен сауда орындарында жыл сайын 300 000-дай қой мен 20 000-дай жылқы коммерциялық капитал бойынша үлкен сомаларға сатылатын. Бұл малға Орда жерінде фабрикалық тауарлар мен астық сатып алынатын. Бұл жағдай Орда жерінде сауда өнеркәсібі мен жер өңдеу ісінің дамуына көп септігін тигізді [62, с. 273].

1835 жылы Жәңгір хан Ордадағы жәрмеңкенің барысын төмендегідей сипаттайды:

«Жәрмеңкеге Ресей империясының әр түрлі губерниясынан көптеген тауарларымен саудагерлер келеді. Мұнда әкелінген тауардың жалпы құны 200000 рубльді құрайды. Жәрмеңкеге келуші саудагерлер бұл жерде киіз үйлерді жалдайды, әрбір киіз үйді жалдау 30 рубльді құрайды. Жылдың уақытына қарай бұл киіз үйлердің саны 100-ден 200-ге дейін көбейеді.

Жәрмеңке уақытында тәртіптің сақталуы үшін оған әркез сұлтандардың біреуі нұсқаумен жіберіліп отырды. Оның жанында іс жүргізуші және менің қарамағымдағы казак жасағының уряднигі мен казактары еріп жүрді. Тәжірибе көрсеткендей, сұлтандар, азиаттар ретінде, бұл міндетті толығымен атқара алмайды, толықтай білмейді. Оларды ауыстырғанда да менің алдымнан дәл осындай қиыншылықтар шыға береді. Сондықтан, бұл лауазымға әркез өзгеріссіз старшын, полк есауылы Қарауылқожа Бабажанов пен Неплюев әскери училищесінде оқып жүрген оның ұлы, Хорунжий Конбумынды тағайындауды дұрыс деп есептеймін. Бұл туралы жоғары басшылықтан бекіту сұрап, оларға қажетті нұсқау беруді өтінемін. Бұл шенеуніктер менің сеніміме ие, сондықтан да бұл лауазым үшін үкіметтен ерекше шенеунік сұрап, оның жалақысы үшін шығындандудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Сонымен бірге, қазақтар Ордаға әр түрлі малын айдап әкеліп сатады. Бұл жерге 100000 дейін қой, 6000 ірі қара, 2000 жылқы әкелінеді. Мен саудагерлердің және қырғыздардың пайдасына бұл жәрмеңкелерді үлкейтіп, дамытуға өз үлесімді қосамын», – деген болатын [62, с. 273].

Бұдан 1835 жылы Ордадағы жәрмеңкедегі сауда айналымының жоғары болғандығын көреміз. Осы жылы Ресей мемлекетінен келген саудагерлер көп мөлшерде тауар әкелген. Сонымен қатар қазақтар да

сатуға біренеше мың бас мал әкелген. Жәңгір осы жылы жәрмеңкедегі тәртіптің сақталуын қадағалау үшін бұл лауазымға Қарауылқожа Бабажанов пен оның ұлын тағайындаған. Жәңгір саудагерлер мен бөкейлік қазақтардың пайдасына жәрмеңкедегі сауданы дамытуға қолдау көрсетіп отырған.

Хандықтағы сауда жәрмеңкелері уақыт өте ауқымы үлкейіп, ондағы әр тілді халықтар өкілдерінің үлес салмағы да сәйкесінше өсті. Мұнда әр түрлі сауда байланыстары орнатылды, далалық көшпелілер мен қала халқы, малшылар мен егіншілер, ауыл ұсталары, тәжірибелі саудагерлер мен сауданы түсіне бермейтін бақташылар, өндіріс иелері, дала шонжарлары, татарлар, казак және орыс шаруалары бетпе-бет келісіп, сауда жасап отырды.

Жәрмеңкелердің тек қана экономикалық маңызы жоғары болып қоймай, сонымен қатар олар түрлі аймақтардың, әр түрлі ұлттардың өкілдері арасындағы таныстықтың, тамырлықтың және олардың өзара түсінушілігінің себепкері болып отырды. Бұл жәрмеңкелер туралы хандықтан тыс алыс елді мекендерде де белгілі болатын. Оған 1845 жылғы көктемгі жәрмеңкеге Ресейдің 15 губерниясынан 1000 адам, 1847 жылы – 1500 адам, 1851 жылы 2000-нан астам адам келіп, сауда істегені дәлел бола алады [89, с. 156].

Бұл жәрмеңкеге 1833 жылы 562971 мың бас мал әкелініп, 339174 сомға тауар сатылды. 1834 жылы 597603 рубльдің тауары әкелініп, 368775 рубльге сатылды, 1835 жылы 691628 рубль тауар әкелініп, 379548 рубльге сатылды. 1836 жылғы жәрмеңкенің тауар айналымы 2 млн. рубльді құрады [90, 28 п.].

Енді 1837 жылдан 1839 жыл аралығындағы жәрмеңкеге әкелінген мал және оның өнімдеріне [11, с. 62] тоқталсақ: олар – түйе – 385 бас, жылқы – 2524 бас, ірі қара – 12244 бас, қой – 342103 бас, жылқы терісі – 23730 пұт, қой терісі – 19232 пұт, түйе терісі – 1060 пұт, қоян терісі – 5535 пұт, ешкі түбіті – 1373 пұт, борсық терісі – 70 пұт, түйе жүні – 2086 пұт. 1837-1839 жылдары қой, ірі қара, жылқы және қоян терісі, қой терісі жәрмеңкеге көп мөлшерде әкелінген. Сонымен бірге, 1837-1839 жылдары тауар айналымы жоғары деңгейде болған [44, 78 б.].

Хан ставкасына көпестер, алыпсатарлар, фабриканттар, европалық Ресейден, т.б. жерлерден жылдан-жылға көптеп ағыла бастады. Олар айырбас саудасы арқылы үлкен пайда түсіріп отырды. Олар мұнда өз қоймаларын, дүкендерін ашып, түрлі өнеркәсіп өнімдерін, нан, бидай, т.б. әкелді. Көпестер, алыпсатарлар, өнеркәсіпшілер сатып алынған, жиналған шикізат түрлері ретінде жүн, тері, мал және т.б. өнім түрлерін үлкен көлемде Ресейдің ішкі базарларына жіберді. Осылайша өсіп келе жатқан Ресей өнеркәсібі үшін Бөкей Ордасы артық өнім мен шикізат базасына айналды. Жоғарыда айтып кеткендей, жылына 2 рет жанданып тұратын бұл жәрмеңкедегі хан канцеляриясының мәліметтері бойынша 1839 жылы даланың әр түкпірінен сатуға 4122

бас ірі мал (түйе, жылқы, мүйізді ірі қара) 68498 қой, 6419 пұт жүн, 30009 дана тері-терсек әкелінген. Бұл мәліметтерден Хан Ордасының Ресей империясы үшін экономикалық жағынан тиімді шикізат көзіне айналғанын көреміз [44, 55 б.]. Өз кезінде жат елдік саудагерлер мен орыс шаруалары жәрмеңкеге өнеркәсіп тауарлары мен астықтай 2420760 сом ассигнация тұратын тауарлар әкелген, олардың ішінен 1237400 сомның тауарлары сатылған. 1851 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкенің тауар айналымы 1 млн.-нан астам күміс рубльді құраған [37, с. 39].

Жалпы, 1839 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіне мал және басқа да тауарлар көп әкелінген [91, 5 п.]. Оны төмендегі кестеден көруге болады:

Кесте 3 - 1839 жылғы Хан ставкасы жәрмеңкесінде сатылған мал саны және тауар құны [91, 5 п.]

	Көктемгі	Күзгі
Түйе	73	-
Жылқы	169	187
Ірі қара	2245	1448
Қой	65445	3053
Жылқы терісі	10718	3400
Түйе жүні	552	67
Ешкі жүні	423	-
Қоян терісі	5195	-
Әр түрлі тасылған тауар	1778200 рубль	642500 рубль
Сатылған тауар	983450 рубль	248950 рубль

Жоғарыдағы кестеден 1839 жылы Бөкей Ордасында:

1. Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі мал саны күзгі жәрмеңкеге қарағанда, көктемгі жәрмеңкеде көбірек әкелінгенін және көктемгі жәрмеңкеде тауар айналымы жоғары деңгейде жүргенін көреміз.

2. Ал күзгі жәрмеңкеде түйе малы, ешкі жүні, қоян терісінің әкелінбегенін байқаймыз.

1841 жылы 17 мамырда Жәңгір хан Астрахан әскери губернаторы И.С.Тимирязевке астрахандық түркімендердің Ішкі Ордадағы жәрмеңкеде өз еріктерімен сауда жасауына тыйым салады. Бұл өтініш білдірген қатынас қағазында ол былай дейді:

«Астрахан губерниясында тұратын түркімендер әр түрлі сылтаулармен және көбіне жазбаша рұқсат қағазсыз маған сеніп берілген Орда жеріне еніп кетіп, жәрмеңкелер уақытында да, өзге кезде де бөгде жерліктердің Орда жеріне келіп, сауда ісімен айналысуына тыйым салатын қаулыға құлақ аспай, рұқсат беретін куәліксіз саудамен айналысады.

Менің рубасыларына түркімендердің Орда жеріне сауда мақсатымен келуіне тыйым салу туралы берген нұсқауымнан тыс, Сізден өтінерім – оларға Орда жеріне сауда ісімен келуге тыйым салыңыз» [92, 85 п.].

Бұл құжаттан көріп отырғанымыздай, Жәңгір хан Хан ставкасындағы жәрмеңкеде астрахандық түркімендердің сауда істеуіне тыйым салған.

1845 жылғы Хан ставкасында күзгі жәрмеңкеде сауда айналымы 200160 рубльді құрады. Бұған Бөкей хандығының басқармасы Әділ сұлтан штаб капитаны А. Чижиковке 1845 жылғы жәрмеңкедегі сауда туралы хабарламасында былай дейді:

1. Жәрмеңкеге келуші саудагерлер, өнеркәсіпшілер және басқа шендегі адамдар негізінен мына губерниялардан келген: Саратовтан – 176, Воронежден – 3, Пензадан – 2, Тамбовтан – 6, Мәскеуден – 2, Астраханнан – 53, Нижегородскіден – 1, Черниговтен – 6, барлығы – 317 адам. Олардың 26-сы көпестер, 53-і мещан, 166 шаруа және тағы басқа шендегісі – 72.

2. Бөкей хандығындағы күзгі жәрмеңкеге келетін қазақтардың санын білу мүмкін емес, өйткені олардың көбі өзінің келгені туралы ешкімге айтпай, тез арада кері қайтады. Бірақ өткен жылғы күзгі жәрмеңкеге қарағанда олардың саны азайды.

3. Жәрмеңкеге көпестер 62528 рубльге әр түрлі тауар әкелген, одан 21630 рубльдің тауары сатылған, ал 40898 рубльдің тауары сатылмай қалған. Әр түрлі сорттағы астықтар 8000 рубльге, тары 715 рубльге сатылды. Ал, сауда қолма-қол ақшаға жүргізілді.

4. Қазақтардың малдары әр түрлі шендегі сатып алушыларға мынадай бағалар бойынша сатылды: ірі қара – 2488 бас – 19771 рубль 43 тиын, жылқы – 280 бас – 6000 рубльге, қой – 15000 бас – 29085 рубльге және әр түрлі тері өнімдері – 820 дана – 870 рубльге сатылды.

5. Сауда лавкаларын жалдаудан түскен пайда 830 рубльге дейін жетті [62, с. 30].

Сөйтіп, 1845 жылы жәрмеңкеге Ресейдің көптеген губернияларынан көпестер келді және осы жылғы жәрмеңкедегі тауар айналымы жоғары болды.

Сауда үкіметтің тыйым салуына қарамастан Ордадағы жәрмеңкеден тыс та жүргізілді. Осы жәрмеңкеден тыс сауданың жылдық айналымы туралы А. Еврейнов былай дейді: «Ішкі Ордадағы жәрмеңкелерден тыс қазақтар саудасы туралы мәліметтер көрсетілмейді. Сондықтан жылдық айналым көрсеткішін келтіруге болмайды, бірақ Жәңгір хан шамамен 1 млн. рубльден асады деп есептейді. Ставкада өткізілген жәрмеңкеге байланысты бөкейліктер саудасы 2 есеге өсті» [11, с. 65].

Жоғарыда айтып кеткендей, 1845 жылы жәрмеңкедегі сауда айналымы жоғары болды, соның ішінде мал саудасы дамыды. Енді осы



1845 жылдан 1851 жылға дейінгі Хан ставкасындағы жәрмеңкелердегі малдың орташа бағасына назар аударсақ:

Кесте 4 - 1845-1851 жылғы Хан ставкасындағы көктемгі жәрмеңкедегі малдың орташа құны [93, 6 п.]

Көктемгі жәрменке							
Рубль							
	1845ж	1846ж	1847ж	1848 ж	1849 ж	1850 ж	1851ж
Жылқы	-	22-85	27-00	30	17-50	30-00	20-00
Ірі қара	-	9-28	7-25	9-71	6-00	11-50	14-25
Түйе	-	17-44	26-50	20-71	15-50	18-50	20-00
Қой	-	2-43	3-00	2-70	1-90	2-40	2-90

Кесте 5 - 1845-1851 жылғы Хан ставкасындағы күзгі жәрмеңкедегі малдың орташа құны [93, 6 п.]

Күзгі жәрмеңке							
Рубль							
	1845 ж	1846 ж	1847 ж	1848 ж	1849 ж	1850ж	1851 ж
Жылқы	21-42	20-71	19-28	20-00	30-00	17-50	27-50
Ірі қара	7-95	13-14	10-00	7-50	7-75	7-00	9-50
Түйе	7-95	22-85	Сатуға шыққан жоқ				
Қой	1-94	2-14	2-00	2-15	1-75	1-30	2-00

Кестедегі мәлімет бойынша түйетін қорытындымыз:

1. Бөкей Ордасындағы сауда қазақтың мал шаруашылығымен тығыз байланыста өрбіді. Сонымен бірге, 1850-1851 жылы басқа жылдармен салыстырғанда көктемгі жәрмеңкеде мал құны өте жоғары болған. Ал, 1847-1849 жылдары жәрмеңкедегі жылқы малының құны жоғары болды.

2. 1845 жылы көктемгі жәрмеңкеде жылқы, ірі қара, түйе, қой малдары саудаға шыққан жоқ, тек күзгі жәрмеңкеде ғана саудаға шығарылды. Ал күзгі жәрмеңкеде 1847 жылдан бастап түйе малы сатуға шығарылмаған.

3. 1849 жылы Бөкей Ордасында сауда қарқынының төмендеуі байқалды, себебі осы жылдан бастап қазақ даласында жұт басталды.

Кейбір жылдардағы жұт пен қыстың суықтығынан Ордада мал түрлері сатуға аз мөлшерде шығарылды. Ол туралы Жәңгір хан өз

хатында былай дейді: «Қой отарлары мен жылқы табындарын жыл сайын көбейтіп, сол арқылы оларды сату ісін одан әрі ұлғайтуға болар еді. Алайда қытымыр қысқы суықтар, қолайсыз ауа-райы мен кейде қойларға бөрідей тиетін оба – аурулар бұған жеткілікті деңгейде кедергі келтіріп тұр. Осылардың кесірінен қазақтар малдарын сатуға көптеп шығара алмайды. Себебі олар мал санын азайтып алудан қорқады. Ал оларға қажетті қысқы қамыс қоралардың жетіспеуі қой отарларын суықтан аман алып қалуды ауырлатып тұр. Теңіз жағалауы мен ондағы қожайындардың қамысы туралы іс әлі шешімін тапқан жоқ» [62, с. 274].

1845 жылы Хан ставкасындағы күзгі жәрмеңкеде малмен қатар басқа да тауарлар сатылған. 1845 жылғы Хан ставкасындағы күзгі жәрмеңкеде сатылған мал және оның өнімдерінің санына келсек: астық – 30000, тары – 2500, ірі қара – 2488 бас, жылқы – 280 бас, қой – 31365 бас, түйе жүні – 2864 пұт, ешкі жүні – 26 пұт әкелінген [80, 1 п.]. 1845 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіне нан, тары, түйе жүні, қой малы көп мөлшерде әкелінгені байқалады.

Сонымен қатар, Жәңгір Хан өз ставкасында сауда лавкаларын орнаттырды. Ол Ордадағы сауда туралы хатында былай дейді: «Көпестер мен олардың тауарларын орналастыруға жалға берілетін киіз үйлердің орнына менің ставкамның жанында өзімнің есебімнен қажетті мөлшерде ағаш лавкаларды орнату қажет деп есептеймін. Бұл істі өз қарамағымдағы бай ордалықтарға істеуге де рұқсат етемін. Олар лавкаларды жалдаудан аз мөлшерде ақы алады. Ол ақы – лавкаларды салуға кеткен қаражатты өтеу және азғана пайда түсірудің амалы. Бұл лавкалар тауарларды жауын-шашынға ұрындырмай, берік сақтау үшін өте қажетті» [62, с. 275].

Сөйтіп, Жәңгір Хан ставканың жанынан үлкен ағаш қонақ аула салдырды, онда 255 лавка орналастырылды. 1845 жылға дейін бұл қонақ аула саудагерлердің әкелген тауарларымен толтырылды. 1846 жылдан бастап шеттен келген саудагерлердің саны көбейді, тіпті тауар қоятын қойма жетіспегендіктен, көптеген саудагерлер өздерінің тауарларын ішкі ауладағы киіз үйлерге жинады [9, с. 115].

1845 жылы Жәңгір өлгеннен кейін Бөкей Ордасындағы жәрмеңке Уақытша Кеңестің бақылауында болды. Бірақ жәрмеңкедегі лавкалардан түсетін кірісті ханның мұрагерлері пайдаланды.

1846 жылы 24 сәуірде Ішкі Орданы басқару бойынша Уақытша Кеңес сұлтан Тоқжан Мұсағалиевті жәрмеңкедегі сауданы бақылаушы ретінде тағайындайды. Бұдан басқа ол марқұм ханның жарлығы бойынша Ставка жанында өтетін көктемгі және күзгі жәрмеңкелерге басшылық жасауға тағайындалды. Сұлтан қазақтардың үстінен қадағалаушы ретінде олардың бір-бірімен және өзге жерлерден келген саудагерлермен арадағы қарым-қатынасын реттеуге күш салған. Өзге жерден келетін саудагерлерді, кәсіпкерлерді және басқа да тұлғаларды бақылап, жәрмеңкелердегі сауда туралы қабылданған ережелердің,

тыныштық пен тәртіптің сақталуын, қазақтар мен өзге шет жердің адамдарының арасындағы бейбіт қарым-қатынастың орын алуына жауапты болды. Мал дәрігері А. Ольдекоп кәсіпкерлер сатып алатын қазақтардың малын куәландыру үшін жауап берді. Бұл тұлғалардың әрбіріне олардың тағайындалуы мен іс-әрекеті туралы арнаулы нұсқаулықтар берілді. Уақытша Кеңес осы жарлықтарды, нұсқаулықтарды жәрмеңкелердегі сауда туралы қабылданған заңдылықтар негізінде бекітті.

Тоқжан сұлтан көктемдегі жәрмеңкеде төмендегі қызметтерді атқарды: қазақтардың мал саудасы кезінде немесе өздеріне қажетті тауарларды сатып алу кезінде ешбір тараптан ешқандай озбырлық көрсетілмеуін қатаң қадағалап, оларға әділ қамқорлық көрсете отырып, қамқорлық көрсету мүмкін болмаған жағдайда Уақытша Кеңеске мәлімдеп ескертіп отырған. Жәрмеңкеге шет жерден келетін қазақтардың өздерінің руластарына, өзге жақтан келгендерге ешбір озбырлық жасатпай, төбелес шығармай, ешбірі тәртіпсіздіктерге араласпай, әсіресе, ұрлық пен өзге де ауыр қылмыстарға бармауын қатаң қадағалады. Егер де олар біреулерге өктемдік жасап, төбелес шығарып, тәртіпсіздік пен ұрлыққа барған жағдайда, оларға үш күміс рубльге дейінгі көлемдегі айыппұл салынды. Соымен қатар ол қанды төбелес шығарып, ұрлық жасап, кісі өлтіріп немесе өзге де ауыр қылмыс жасаған тұлғаларды шұғыл түрде іздеп тауып, Уақытша Кеңеске тез арада әкеліп және жасалған қылмыстар туралы мәлімдеп отырды. Қазақтардың орыстарға қарсы жүргізген дау-жанжалын, төбелестерін немесе өзге де қылмыстарын тергеп, тексеріп, шешіп және жәрмеңкеге бекітілген офицермен бірге айыптыларды іздестірді. Қазақтар әкеліп сатқан жылқы мен ірі қара малын Кеңестен алынған арнайы кітапқа кімнің, кімге және қандай жылқыны немесе өзге ірі малды сатқанын толықтай жазып, жәрмеңке аяқталған соң бұл кітапты Кеңеске тапсырып отырды. Ал қазақтар әкеліп сатқан қой және өзге де ұсақ малдың, терінің, майдың, жүннің, киіздің саны мен көлемі туралы, олардың бағасы туралы, мүмкіндігінше нақты мәлімет көрсетіп, Кеңеске баяндап отырды. Жәрмеңкеге өзге жақтан келген саудагерлердің жәрмеңкеде сатқан тауарларының түрі, саны және көлемі туралы мәлімет жинаған. Түрлі тұрғыдағы шешуді қажет ететін барлық жағдайларды Кеңеске мәлімдеп отырған [93, 282 п.].

Ал Орал әскерінің хорунжиі Мазанов өз жасағының казактарымен бірге жәрмеңкеде түрлі міндеттер атқарған. Ол жәрмеңкеге Ордадан өзге жерден келетін әрбір тұлғаның міндетті түрде төлқұжатын тексеріп, оның жалпы сауда ережелері туралы заңдылықтарды және жәрмеңкелердегі заңдылықтарды қатаң сақтауын, әділ сауда жасауын қадағалап, келімсек саудагерлердің әрбіріне ешкімнің озбырлық жасамауын және олардың да ешкімге ешқандай озбырлық жасамауын бақылаған. Олардың негізделген шағымдары мен өтініштерін

қанағаттандыра отырып, әділ қамқорлық көрсеткен, егер қамқорлық жасау мүмкін болмаған жағдайда немесе оларға жасалған озбырлық пен қылмыс ауыр болғанда, бұл туралы Кеңеске ескерткен. Төлқұжаты жоқ, төбелеске, тентектікке, тәртіпсіздіктерге, әсіресе, қандай да бір қылмыстарға қатысы бар деп айыпталушыларды тұтқынға алып, Кеңеске жеткізіп отырған. Өз жасағының көмегімен, әсіресе түнгі уақытта, жәрмеңкедегі тыныштық пен тәртіптің сақталуын қадағалап, ұрлықтың орын алмауын қамтамасыз еткен және жәрмеңкедегі ғимараттардың өрт пен өзге де жағдайлардан сақталуын қатаң қадағалап, осы мақсатта қатаң да сенімді іс-шаралар қолданып, қажет болған жағдайда Кеңестің көмегіне жүгінген. Қазақтардың орыстармен арадағы даулы істерін сұлтан Тоқжанмен бірлесе отырып тергеп, тексеріп отырған. Жәрмеңкеде орын алған әрбір маңызды оқиғалар туралы немесе ерекше талдау мен шешуді талап ететін жайттарды Кеңеске уақытында жеткізіп отырған. Мазанов төлқұжаттарды тіркеп жазу үшін арнаулы кітабы болатын [93, 283 п.].

Ал мал дәрігері Ольдекоп қабылданған ережелер негізінде іс-әрекет ете отырып, жәрмеңкеге айдалып әкелінетін малды куәландырып, сатып алушыларға, Уақытша кеңеске мәлімет берген және мал айдап әкелуге мүмкіндік беретін куәліктерді беру ісін талапқа сай жүргізген [93, 285 п.].

Сөйтіп қорыта айтсақ, 1. Уақытша Кеңес сұлтан Т. Мұсағалиевті жәрмеңкедегі сауда кезінде бақылаушы ретінде тағайындайды. Ол жәрмеңкедегі қазақтар мен орыстар арасындағы дау-жанжалды шешуге, жәрмеңкедегі сатылған мал және оның өнімдерінің саны мен құны туралы мәліметті Уақытша Кеңеске баяндап, жәрмеңкедегі қазақтар сатқан малдың саны және кімнің кімге сатқанын Кеңестің арнайы кітабына тіркеп отыруға тиіс болды.

2. Сонымен бірге, жәрмеңкедегі малды куәландыру ісімен мал дәрігері Ольдекоп айналысты. Ол жәрмеңкеге мал айдап әкелуге мүмкіндік беретін куәліктерді беру және осы туралы Уақытша Кеңеске мәлімет беруге міндеттелді.

3. Орал әскерінің хорунжиі Мазановқа жәрмеңкеге шеттен келген саудагерлердің төлқұжаттарын тексеру, түнгі уақыттағы жәрмеңкедегі тыныштық пен тәртіптің сақталуын қадағалау жүктелді.

Сонымен қатар Жәңгірдің бекіткен жәрмеңке ережелерімен салыстырсақ, бұл жәрмеңкедегі ережелерді Уақытша Кеңес өз бақылауына алған.

Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңеске осы орал казак жасағының бастығы хорунжий Мазанов Хан ставкасындағы жәрмеңке туралы жиі жазбаша түрде рапорт беріп отырған. Мәселен, Мазанов бір рапортында Уақытша Кеңестің 1846 жылғы 27 сәуірдегі № 428 жарлығына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған жасақпен бірге жергілікті көктемгі жәрмеңкеде полиция міндетін атқара отырып,

жәрмеңкеде кездесетін әр түрлі жағымсыз жағдайларға жол бермегенін баяндайды. Ол жәрмеңкенің соңғы күніне дейін, яғни 27 мамырға дейін өз қызметін адал атқарып, полиция жасағына ешқандай қажеттіліктің жоқтығына байланысты ставкаға қайта оралған. Ол жәрмеңке кезінде түрлі жағдайлардың орын алғандығын өз рапортында баяндаған. Мәселен, жәрмеңкенің ол күзеткен әрбір күнінде ешқандай шеттен шығарлық оқиға тіркелмесе де, бұл басқарған полиция жасағы әр адамның құқығы мен меншігін бұйрыққа сәйкес қорғай отырып, 12 мамырда Орда жеріне аяқ басуға тыйым салынған адамдардың бір шоғырын жәрмеңке аймағынан ұстаған: ұсталған адамның үшеуі де түрік бодандығында жүрген адамдар болып шыққан. Оларды жасақ сарбаздары №34 баянат жазып, Уақытша Кеңеске жеткізген [94, 222 п.].

Жәрмеңке 1 мамыр күні ашылғанымен, сауда тек 10 күннен кейін ғана жүре бастағанын рапорттан көреміз. Хорунжий Мазанов сауданың қандай күйде, қай дәрежеде болғандығы туралы, жәрмеңке кезінде осында болған шет жерден келген тұлғалар мен қазақ даласынан келгендер туралы ведомостіні Уақытша Кеңестің талқылауына жіберіп отырған.

Ол жәрмеңкеде болған сауда-саттық барысы жөнінде де баяндап отырған. Оның баяндауынша, 1846 жылғы көктемгі жәрмеңкеде бұрынғы жылдарға қарағанда мүйізді ірі қара мен қой малы үлкен сұранысқа ие болған. Мал жәрмеңкеге жеткілікті көлемде айдап әкелінген, бірақ сол жылғы сауда соңында белгілі болғандай, кейбір тұтынушылар бұл жәрмеңкеде өзіне қажетті малды толықтай жинай алмаған, ал кейбіреуі тіпті үйлеріне ешқандай малсыз оралуға мәжбүр болған. Саудаға айдап әкелінген қазақ малының жай-күйі, жалпы алғанда, орташа деңгейде болған. Жәрмеңкеге әкелінген малдың аздығының себебін саудагерлер бұл жәрмеңкенің мезгілсіз уақытта ұйымдастырылғанынан көреді. Расында да, жәрмеңке басталатын 20 сәуірге дейін қай қазаққа болсын қандайда бір мал түрін жақсы жағдайға жеткізіп әкелу қиынға түскен еді. Әсіресе, бұл арадан шалғай жерде орналасқан қазақтар үшін бұл – мүлде қиын шаруа болатын. Оларға қыстан көтерем шыққан малды семіртумен қатар, малды жәрмеңкеге айдап әкелу үшін де едәуір уақыт қажет болған еді. Ал жәрмеңкедегі сауданың басты бөлігін көшпенді қазақтар айдап әкелетін мал саудасы құрағандықтан, жалпы жәрмеңке өткізу тәртібіне кейбір өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар түскен. Мәселен, көктемгі жәрмеңкенің басталу уақытын 20 сәуірге қоймай, мамырдың 1-нен, немесе тіпті 10-күнінен басталатындай етіп өзгерту бұл жәрмеңкеге мал айдап әкелетін қазақтарға да, мал сатып алушыларға да пайдалы да тиімді болатын еді. Жәрмеңкеге мал сатып алушылар мен сатушылар ешбір тәртіпсіз әрқалай орналасып, малды ұрлық-қарлықтан, шығыннан қорғау шаралары деген атымен болмаған. Сондықтан әрбірі

өз малын өзі орналасқан киіз үй маңында ұстауға тырысқан. Бірақ өзі тар жерге мал саны сыймай, бір-бірімен араласып, мал шығынына кең жол ашылған. Міне, осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында және көшпенді қазақтардың малын шығын мен ұрлықтан қорғау үшін хорунжий Мазанов бірнеше қатар мал байлайтын тұрақтар тұрғызу жөніндегі ойларын Уақытша Кеңестің құзырына ұсынады. Сонымен қатар жәрмеңкеде судың жетіспеушілігі айқын көрініп тұрған мәселе болатын, сол себепті ол әр жерден бірнеше құдық қазу қажеттілігін де айтады. Жәрмеңкеге шет жерлерден келушілердің арасында өздеріне ерекше назар аудартқызыған саудагерлер – қазан татарлары еді. Олардың тек бір азғантай бөлігінің ғана мұнда ізгі мақсатпен келгендігі байқалған. Олардың бірнешеуі ғана сауда лавкаларына тұрып, әділ сауда жүргізген, қалған көпшілігі жай ғана уақыт өткізіп, 20-дан 50 рубльге дейінгі көлемде түрлі ұсақ-түйек сатып, өзгелердің саудасына кедергі келтіріп, өтірік айтып, дау-жанжал шығарып, өздерімен өздері немесе қазақтармен төбелес шығарып отырған-ды [94, 223 п.]. Оның үстіне кейбір сауда лавкаларының төбесіне жабылған шатыр мен кейбір лавкалар ешбір жөндеусіз тозған күйде болатын, жауын жауса, төбеден су ағып, тауарларды бүлдіріп кететін. Уақытша Кеңестің назарына саудагерлер бұл туралы жиі өтініш берген еді. Мазанов Уақытша Кеңестің назарына осыны да мәлімдеуді жөн көреді.

Міне, бұл хорунжий Мазановтың 1846 жылғы Хан ставкасындағы жәрмеңкеде бақылаушы міндетін атқарып, осы жәрмеңкедегі болған жағдайларды Уақытша Кеңеске мәлімдеуі еді.

Орынбор әскери губернаторына Ішкі Орданы басқару бойынша Уақытша Кеңестің берген рапортында былай делінеді: «Сіздің жоғары мәртебеңіздің 16 қарашадағы №1665 нұсқауын жүзеге асыру мақсатына орай, Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңес мәлімдейді: 1846 жылдың көктемінде жәрмеңкеге келген түркімендерді сол жәрмеңкедегі тәртіпті қадағалауға қойылған хорунжий Мазанов олардың құжаттарымен бірге Кеңеске тіркеді. Олар 9 мамырдағы № 38 баянат бойынша келген, алайда олардың тізімі еш жерде жоқ болып шықты. Олардың құжаттарын тексеруден анықталғандай, бұл түркімендер деп келгендердің бәрі де орыстар екен. Олардың бірі марқұм ханның бұйрығымен қалдырылса, екіншілері – бұрынғы Астрахан әскери губернаторы Тимирязовтің бұйрығымен қалдырылған. Ішкі Орда қазақтарымен бірге тұру үшін аталмыш құжаттарды старшын берген. Кеңес бұл құжаттардың кім арқылы берілгендігі, қалай берілгендігін тексеріп жатпай, олардың шынайы түпнұсқа екендігіне шүбә келтірмей, бұл құжаттарды иелеріне қайтарып, оларды босатып жіберді. Сол жәрмеңкеде болған 4 хиуалықтың біреуінің құжаттарын тексергенде де ол орыс боп шықты. Ол II гильдия көпесі құқығында сауда жасап жүр және оған бұған

рұқсат етер заңды актілер де бар. Заң бойынша жәрмеңкелерде сауда жасауға рұқсат етер куәлік алмаған хиуалықтар тек Нижегород және Ирбит жәрмеңкелерінде, сонымен қатар, Орынбор айырбас үйінде ғана сауда жасай алады. Сол себепті, бұл төртеудің алғашқысына жәрмеңкеде сауда істеуге рұқсат етіліп, ал қалған үшеуіне тыйым салынды және оның себебі түсіндіріліп, аталған куәлікті алмайынша, мұнда келмеуі тиіс екендігі ескертілді. Ал күзгі жәрмеңкеде болған түркімендер де орыстар боп шықты және құжаттары да дұрыс болды» [95, 1 п.].

Сөйтіп бұл туралы қорытындылай келе, Уақытша Кеңес төмендегідей мәліметті келтіреді: «Ставкадағы жәрмеңеге келіп жүрген түркімендер – ұсақ саудагерлер. Олардың басты кәсібі: олар жәрмеңке кезінде астрахандық саудагерлерге сауда үшін тауарлар алып келеді. Олар алған тауардан түскен қаржыны пайызымен қоса қайтаруды өздеріне міндеттеме етіп алады да, саудамен айналысады. Сол арқылы өздеріне де пайда табады» [95, 2 п.].

Уақытша Кеңес хиуалықтар мен түркімендердің Хан ставкасы жәрмеңкесінде сауда істеуіне рұқсат етпеді. Олар тек Нижегород және Ирбит жәрмеңкелерінде ғана сауда істеуге құқылы болды. Ал түркімендер негізінен астрахандық саудагерлерге тауар тасып отырған [40, 24 б.].

Адам ең көп қатысқан жәрмеңкенің бірі 1846 жылғы көктемгі жәрмеңке болды. Оған 3883 адам келген. Олардың 2700-і жергілікті халық – қазақтар, ал 1183-і келімсектер [9, с. 182]. Олардың ішінде Астрахан губерниясынан – II гильдиялы көпес – 1, III гильдиялы көпес – 1, мещандар – 6 армяндар – 50 мемлекеттік шаруалар – 47, қалмақтар – 65, татарлар – 30, хиуалықтар – 4, түркімендер - 19 адам, ал Саратов губерниясынан келген помещиктер – 77, мемлекеттік шаруалар – 267, мещандар – 64, татарлар – 4, III гильдиялы көпес саны – 42 адам, Пенза губерниясынан – мещандар – 50, мемлекеттік шаруалар – 30, помещиктер – 2 адам, Тамбовск губерниясынан – II гильдиялы көпес – 2, III гильдиялы көпес – 4, мещандар – 19, мемлекеттік шаруалар – 28, помещиктер – 7 адам, Қазан губерниясынан – III гильдиялы көпес – 2, мещандар – 24, мемлекеттік шаруалар – 179, помещиктер – 2 адам, Владимирск губерниясынан – III гильдия – 4, мещандар – 5, мемлекеттік шаруалар – 13, помещиктер – 11 адам, Нижегородскдан – мемлекеттік шаруалар – 7, помещиктер – 23, мещандар – 1 адам, Москвадан – III гильдиялы көпес – 3, мемлекеттік шаруалар – 2, помещиктер – 3 адам келген [95, 4 п.].

Ал шет жерден келген саудагерлер сатқан тауарлардың құны төмендегідей болған: 1846 жылы 241319 рубль 91 тиын, 1847 жылы 233685 рубль 69 тиын, 1848 жылы 415155 рубль, 1849 жылы 203212 рубль 70 тиын, 1850 жылы 647 231 рубльді құраған. Ал, қазақтар сатқан мал мен өзге өнімдердің жалпы құны мынадай болды: 1846 жылы

249806 рубль 57 тиын, 1847 жылы 322685 рубль 69 тиын, 1848 жылы 304988 рубль 70 тиын, 1849 жылы 204836 рубль, 1850 жылы 332946 рубль 50 тиынды құраған. Бұл жәрмеңкеге шеттен келген саудагерлердің санына келсек, ол төмендегідей болған: 1847 жылы 2184 адам, 1848 жылы 1567 адам, 1849 жылы 1453 адам, 1850 жылы 1687 адам болса, ал қазақтардың саны 1846-1848 жылдары 2000 адам, 1849-1850 жылы 150000 адам болған [89, с. 5].

Сонымен қатар, 1846 жылғы Хан ставкасындағы саудагерлердің саны көбейді. Олардың тізіміне келсек, төмендегідей болмақ:

1. Тамбовск губерниясының моршандық II гильдиялық көпесі Данил Медведев. Сатқан тауары жібек және қағаз тауарлары, мата, шай, қант, темір бұйымы, нан, ағаш және басқа үйге қажетті заттар. Оның өзінің 1 лавкасы болды. Тауарының құны 30000 күміс сомды құраған.

2. Саратов губерниясының Дубовскілік III гильдиялық көпесі Филипп Житков. Көпестік құқық бойынша сатқан тауары - жібек, қағаз және тері тауарлары, нан, ағаш, көмір. Өзінің 2 лавкасы, 3 қоймасы болды. Тауарының құны 2 500 күміс сомды құраған.

3. Қазан татары Хабиб Муталапов Хужасеитов. II гильдиялық Қазан көпесі. В.Ишееваның сенімхаты бойынша сатқан тауары - жібек тауары, шай, қант, әр түрлі ыдыс-аяқ, астық. Өзінің 1 лавкасы, 1 қоймасы болды. Тауарының құны 3 400 күміс сомды құраған.

4. Астрахандық армян католик Никита Айвазов. Сатқан тауары - қағаз және тері тауарлары, кірпішті шай, ағаш. 1 лавкасы, 2 қоймасы болды. Тауарының құны 1500 күміс сомды құрады.

5. Астрахандық католик армян Роман Ногданов. Сатқан тауары - қағаз тауарлары, кірпішті шай, нан, тары. 1 лавкасы, 1 қоймасы болды. Тауарының құны 1500 күміс сомды құрады.

6. Қазан татары Абдул Манаф Чимаранов. Сатқан тауары - мата, кірпішті шай, астық, қағаз бұйымдарын сатты. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 1800 күміс сомды құрады.

7. Астрахандық католик армян Гаврила Айвазов. Сатқан тауары кірпішті шай, астық, қағаз бұйымдарын сатты. 1 лавкасы, 1 қоймасы болды. Тауарының құны 500 күміс сомды құрады.

8. Астрахандық католик армян Осип Желалов. Сатқан тауары - тары, шай, астық, қағаз бұйымдары. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 500 күміс сомды құрады.

9. Саратов губерниясының камышиндік мещаны Феодор Калашников. Келісім-шарт бойынша қонақ үйі мен ауласы болды. Сатқан тауары - астық, сұлы және шөп сатумен айналысты және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы, 3 қойма орны болды. Тауарының құны 500 күміс сомды құрады.

10. Астрахандық католик Павел Айвазов. Сатқан тауары - қағаз тауарлары әр түрлі ұсақ-түйек және астық. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 300 күміс сомды құрады.



11. Астрахандық мещан Хабит Хантемиров. Сатқан тауары - қағаз тауарлары және әр түрлі ұсақ-түйек. 1 лавкасы, 1 қойма орны болды. Тауарының сатқан құны 300 күміс сомды құрады.

12. Қазан татары Шарафей Валитов. Сатқан тауары - қағаз тауарлары және әр түрлі ұсақ-түйек. 1 лавкасы, 1 қойма орны болды. Тауарының сатқан құны 300 күміс сомды құрады.

13. Қазан губерниясының мещаны Ярмухамед Ишмухамедов. Сатқан тауары - қағаз және әр түрлі ұсақ-түйек. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 300 күміс сомды құрады.

14. Астрахандық армян католик Яков Желалов. Сатқан тауары ұсақ-түйек, астық, тары, қағаз тауарлары. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 200 күміс сомды құрады.

15. Ростов мещаны Николай Ананьин. Сатқан тауары - қағаз және аяқ-киім тауарлары, астық. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 200 күміс сомды құрады.

16. Қазан татары Абдулвахит Маметов. Сатқан тауары - ұсақ-түйек, астық және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы болды. Тауарының құны 150 күміс сомды құрады.

17. Қазан татары Ахмед Муртазин. Сатқан тауары әр түрлі ұсақ-түйек және лавкаларды жалға берді. 2 лавкасы, 2 қойма орны болды. Тауарының құны 100 күміс сомды құрады.

18. Қазан губерниясының көпесі Мухамед Джан Яхвин. Сатқан тауары - ұсақ-түйек, ұн және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы болды. Тауарының құны 100 күміс сомды құрады.

19. Астрахандық татар Абдулхалик Юсупов. Сатқан тауары - ұсақ-түйек, тәттілер, ұн. 1 лавкасы, 1 қойма орны болды. Тауарының құны 150 күміс сомды құрады.

20. Қазан көпесінің баласы Измагил Бурнаев. Сатқан тауары - әр түрлі ұсақ-түйек және ұн. 2 лавкасы болды. Тауарының құны 130 күміс сомды құрады.

21. Астрахандық армян католик Иван Осипов. Лавкаларды жалға берумен айналысты және астық сатты. 3 лавкасы, 2 қойма орны болды. Тауарының құны 50 күміс сомды құрады.

22. Қазан татары Ибетулла Абдулла Житов. Сатқан тауары - әр түрлі ұсақ-түйек және астық. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 50 күміс сомды құрады.

23. Саратов губерниясының мещаны Кирилл Дмитриев. Сатқан тауары әр түрлі ұсақ-түйек және пісірілген нан. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 30 күміс сомды құрады.

24. Сол губернияның мемлекеттік шаруасы Василий Панкратов. Сатқан тауары әр түрлі ұсақ-түйек және балық аулап сатты. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 25 күміс сомды құрады.

25. Астрахандық армян Матвей Агабабов. Сатқан тауары - әр түрлі ұсақ-түйек. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 30 күміс сомды

құрады.

26. Қазан татары Ахмедшах. Сауда істемейді, тек лавкаларды жалға берумен айналысты. 2 лавкасы болды.

27. Саратов губерниясының мешаны Дмитрий Поветкин. Сауда жасамайды тек лавкаларды жалға берді, ал өзі үй жөндеумен айналысты. 1 лавкасы, 1 қойма орны болды.

28. Беріш руының қазағы Мұстафа Джоламанов. Сатқан тауары қағаз тауары және лавкаларды жалға берді. 3 лавкасы, 1 қойма орны болды. Тауарының құны 50 күміс сомды құрады.

29. Байбақты руының қазағы Ералы Итесов. Сатқан тауары қағаз тауарлары, ұсақ-түйек және лавкаларды жалға берді. 2 лавкасы болды. Тауарының құны 150 күміс сомды құрады.

30. Алаша руының қазағы Бегайдар Қарабашев. Сатқан тауары әр түрлі ұсақ-түйек және астық. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 150 күміс сомды құрады.

31. Беріш руының қазағы Бикетай Чунгаев. Сатқан тауары қағаз тауары және ұсақ-түйек. 1 лавкасы болды. Тауарының құны 50 күміс сомды құрады.

Қорытындысы: лавка – 46, қойма орны – 1, тауардың жалпы құны 42760 күміс сомды құрады [96, 492 п.].

Бұл құжаттан байқағанымыздай, Хан ставкасындағы саудагерлердің арасындағы ең ірі саудагер Тамбовск губерниясының моршандық II гильдиялы көпесі Данил Медведев пен Саратов губерниясының III гильдиялы көпесі Филипп Житков болған. Бұл саудагерлердің көбі сол Хан ставкасында тұрақтанып та қалды. Сонымен бірге, бөкейлік қазақтардың арасында да ірі саудагерлердің болғанын көреміз.

1846 жылы 1 қарашада Ішкі Орданы басқару бойынша Уақытша Кеңес Орынбор әскери губернаторы В.А. Обручевке Хан ставкасындағы саудагерлер мен сауда ғимараттары туралы мәлімдеме береді. Уақытша Кеңес Орынбор әскери губернаторының Орданы басқарушыға 16 маусымда 873 нөмірімен жіберген Ішкі Орда ставкасындағы сауданы дамыту мен ондағы лавкалар саны мен саудагерлер туралы мәлімет сұратқан ұсынысына, сондай-ақ 11 қазанда 1441 нөмірмен аталмыш сұратылған мәліметті тездетіп жіберу туралы ұсынысына орай екі ведомость алады. Біріншісі – Ставкадағы лавкалардың саны, ондағы саудагерлер, саудаға түсетін заттар мен олардың құны туралы мәлімет, екіншісі – осы жылы салынған үйлер, лавкалар мен жертөлелер туралы мәлімет [96, 486 п.].

Сонымен қатар, Уақытша Кеңес төмендегі жайттар туралы мәлімдейді:

1) Сауда айналымы туралы мәліметтерді саудагерлердің өздері берді. Сол себепті бұл мәліметтер ставкадағы қысқы уақыттағы шикі терінің қызу саудасын көрсетпейді. Өзге тауарлар саудасының

айналымы өте аз көлемде көрсетілген. Кеңес жергілікті саудагерлерді жақсы білгендіктен бұл туралы Сізге сенімді түрде мәлімдейді.

2) Биылғы жылы салынған үйлер, лавкалар мен жер төлемдерден өзге келер жылы салынатын құрылыс нысандарының орындары белгіленіп қойылған. Бір қуантарлығы, мұндай құрылыс ісімен қазақтардың өздері де айналысады.

3) Ставкадағы сауда кәсіпорындары биылғы жылы сенімді түрде алға жылжып келеді. Оның дәлелі – Ставка саудагерлерінің көп мөлшерде сатып алған тауарлары, сонымен қатар, бұрынғы жылдарға қарағанда көптеп жүргізіліп жатырған құрылыс ісі. Сіздің жоғары мәртебеңіздің ставкадағы сауда ісінің дамып-жетілуі туралы игі ниетіңіз бен мақсатыңыз біртіндеп қолға алынып, бір жолға түсе бастады [96, 487 п.].

Уақытша Кеңестің мәлімдеуіне қарағанда, бұл жылы Ставкада біренеше үйлер және лавкалар салынған. Келесі жылы да ставкада құрылыс нысандарын салу көзделген. Қазақтар да бұл құрылыс ісімен айналысқан. Сонымен бірге, жәрмеңкеге саудагерлер көп мөлшерде тауар әкелген.

Ал, 1846 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеде сауда орындары, лавкалар және үй саны көбейді. Енді төмендегі сол 1846 жылғы Хан ставкасындағы саудагерлердің лавкалары мен үйлеріне назар аударсақ.

Кесте 6 - 1846 жылғы Хан ставкасындағы саудагерлердің үйі мен лавкалары [96, 489 п.]

Са ны	Саудагерлер үйі мен лавкасы	Күміс сомамен есептегендегі бағасы
1	2	3
1	III гильдиялық көпес Медведевтің ағаш үйі	1 200
2	Орда шенеунігі Абдул-Хактің үйі (лавкасымен бірге)	400
3	Абдулгазы Извамайловтың ағаш үйі (лавкасымен)	200
4	Қазан губерниясының татары Абдул Сагат Маметовтың ағаш үйі	200
5	Камышин мещаны Феодор Пименовтың ағаш үйі (лавкасымен)	200
6	Қазан губерниясы көпесінің ағасы Мухамед – Гали Сагитованың тауар қоятын ағаш сарайы	100
7	Қазақ Есен Амановтың ағаш үйі	100

8	Саратов губерниясының шаруасы Гончаровтың ағаш үйі	55
---	-------------------------------------------------------	----

6 -кестенің жалғасы

1	2	3
9	Қазақ Мекет Чувановтың жер үйі (лавкасымен)	100
10	Қазақ Мұстафа Юнамановтың жер үйі (лавкасымен)	100
11	Қазақ Бильхайдаровтың ағаш лавкасы	30
12	Қазақ Тугулбаевтың ағаш лавкасы	30
13	Қазақ Менебаевтың лавкасы	20
14	Қазақ Юламановтың лавкасы	15
Барлығы		2 750

Кестеде 1846 жылы Хан ставкасындағы бірнеше орыс саудагерлері және қазақтардың үйлері мен лавкаларының тізімі берілген. Бұдан біз орыс саудагерлерінің ставкада өз лавкаларын ашып тұрақтанып қалғандығын көреміз. Сонымен қатар қазақ саудагерлерінің де бірнеше лавкалары болған.

Бөкей хандығы тұрғындарының Ресеймен сауда-экономикалық байланысының дамуының себептерінің бірі – оның орыс халқының еңбекші өкілдерімен қарым-қатынасының өркендеуі еді. Сауда үдерісінде қазақтар тек көпестер мен саудагерлермен ғана кездесіп қойған жоқ, сонымен қатар орыс шаруаларымен де сауда-саттық жасап отырды. Орыс шаруалары өз шаруашылық өнімдерін (негізінен астық өнімдері) мал өнімдеріне айырбасталды. 1846 жылы болған Хан ставкасы жанындағы көктемгі жәрмеңкенің өзінде-ақ оған 719 мемлекеттік және помещиктік орыс шаруалары қатысқан [37, с. 81].

М. Киттары өзінің еңбегінде 1846 жылғы Хан ставкасындағы жәрмеңкеге былайша сипаттама береді: «Хан ставкасындағы, әсіресе көктемгі уақыттағы жәрмеңкеде шеттен келген саудагерлермен және қазақтармен халық саны көбейеді. 1846 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеге жылда келетін саудагерлердің саны 29 адам: олардың екеуі 3-ші гильдиялық көпес, қалғандары шеттен келген татарлар, орыс мешандары, армяндар. Бұл саудагерлердің тауар айналымы 25 сом күмістен 25000 сомға дейін жетті. Саудагерлердің өз жеке лавкалары да болды, оны жалға беріп отырды» [9, с. 186].

Хан ставкасындағы жәрмеңкеде үнемі сауда жасайтын саудагерлердің арасында ақша айналымы бойынша жоғары көрсеткішті жоғарыда айтылып кеткен Данил Васильевич Медведов алды. Ол Ставка ашылғаннан бастап сол жерде тұрған және сауданы 30 сом күміспен бастап, 20 жылдың ішінде 25 мың күміс ақшаға дейін жеткізген. Ставкадағы саудагерлер қазақтардың тұрмысын жақсы

біліп, өздерінің лавкаларында оларға керек заттарды сатты және тек ақшаға ғана сатпай, сонымен бірге түйе жүніне, терілерге арзан бағаға айырбастаған. Басқа да күнделікті керек заттарды ставкаға көрші елдердегі саудагерлер әкелді. Мысалы, ағаш Волгадан, Новоузенск, Николаевск, Камышиннен, Черноярскіден, Царицын және Астрахань губернияларынан әкелінді. Ал бағасына келсек, 8 метрлік ағаш 2 сом күміс ақша тұрады. Черноярск және Камышиннен пеш салу үшін кірпіш әкелінеді, олардың бағасы 1000 данасы жеткізуімен 15 сом күміс тұрды. Сонымен қатар, ставкада мал саны көп болса да, ет құны қымбат тұрды. Мысалы, 1 кг ет 5 тиын күмісті құрайды [9, с. 186].

Сонымен қатар, көктемгі жәрмеңке жоғарыда айтып кеткендей, 20 сәуірге дейін басталуы керек, бірақ ол уақытында басталмады. Тек 1 мамырдан бастап саудагерлер келеді, ал 7-і күні жәрмеңке басталады, ал кейде 2 немесе 3 күн бұрын, кейде бірнеше күн кешігіп басталады. Мұндай көктемгі жәрмеңкенің уақытынан кеш немесе бұрын басталуы Ордадағы болып жатқан әр түрлі жағдайға байланысты, егер қыс мезгілі ерте бітсе, онда жәрмеңке ерте басталады. Бұған қоса, қазақтар сататын малдарының оңалуын күтетінді.

Жәрмеңкеге келуші қазақтар мен шет жерден келушілердің саны әр түрлі, бірақ 2 немесе 5 мыңнан артық болмады. Ал олардың айдап әкелген мал саны қазақтардың қажетіне байланысты және жәрмеңкедегі малдың санын анықтау мүмкін емес еді.

Ал күзгі жәрмеңкеге келетін болсақ, оның сауда уақыты мен айналымы бойынша көктемгі жәрмеңкеге қарағанда маңызы төмендеу болды. Бұл уақытта тауарлар аз мөлшерде сатылады, кейде көктемгі жәрмеңкеде сатылған тауарлар мұнда тіпті кездеспейді. Бірақ күзгі жәрмеңкеде жылқыларды сату өте маңызды болды. Бұдан бөлек сиыр майын да айтуға болады, олар күз мезгілінде 3 есе көп мөлшерде сатылады. Ол саудада шыжғырылған түрінде және түйенің қарнына салынған май түрінде кездеседі.

Жәрмеңкелердің бұлайша уақытында жұмыс істемеуінің тағы бір басты себебі: біріншіден, көктемде 20 сәуірге дейін қазақтар қыс бойы жұтап шыққан малдарын бордақылап, дайындап үлгере алмайды және алыс ауылдардан жәрмеңке болатын жерге айдап жеткізе алмайды. Екіншіден, Еділдің оң жағалауында немесе алыс ауылдарда тұратын кәсіпкерлер көктемгі жылымықтағы жол қиыншылығынан өз тауарларымен Орда ставкасына жете алмайды, жетсе де мамырдың алғашқы күндерінде жетеді. Үшіншіден, күзгі жәрмеңке бекітілген мерзімнен бұрын басталып, бұрын аяқталады. Мұның себебі: саудагерлер жәрмеңкедегі тауар айналымын 20 қыркүйекке дейін аяқтауға тырысады. Өйткені, олар 7 қазанда ашылатын Жаңаөзен қаласындағы жәрмеңкеге үлгеріп баруды мақсат тұтады [97, 7 п.].

40-жылдары Хан ставкасы бір сөзбен айтқанда, негізгі сауда орталығы мен саудагерлердің қонысына айналды [45, 103 б.]. 1846

жылы ондағы 89 үйдің 31-і саудагерлердікі болатын. Оларға іргелес 46 сауда лашықтары тұрғызылған. Көпестердің бірі 30000, екеуі 25000 мыңнан 300 мыңға дейін, ал 16 адамның сауда ақша айналымы 100-500 сомды құраған [98, 489 п.]. Бұл жылдары сауда айналымы 2 миллион сомнан асты [36, 176 б.].

И.Ф. Бларамберг өз еңбегінде 1846 жылғы Хан ставкасындағы мал саудасы туралы төмендегідей мәлімет береді. Ол 1846 жылы көктемгі жәрмеңкеге 392115 сомға әр түрлі тауар әкелініп, 219745 сомға сатылды – дейді [65, с. 21].

Кесте 7 - 1846 жылғы Хан ставкасында сатылған мал және оның өнімдерінің саны мен құны [65, с. 21]

Жылқы малы	560 бас	36 сом
Ірі қара	9151 бас	4 сом 30 тиын
Түйе малы	420 бас	11 сом
Қой малы	32511 бас	1 сом 70 тиын
Тері	7734 дана	115 сом
Жүн	7468 пұт	5 сом
Ешкі түбіті	775 пұт	5 сом 70 тиын
Май	113 пұт	5 сом
Нан өнімдері	1794 пұт	2 сом 36 тиын

Осы көрсетілген кестеден:

1. 1846 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіне ірі қара, жылқы, қой, тері, жүн, нан өнімдерінің көп мөлшерде әкелінгенін көреміз.

2. Жылқы малы, ірі қара, түйе малының құны жоғары болғандығы байқалады.

1847 жылы да Хан ставкасындағы жәрмеңкеде сауда айналымы жоғары деңгейде жүрді. Оны төмендегі ставкадағы көктемгі жәрмеңкенің сауда барысы туралы ведомостіден байқаймыз.

1847 жылы Хан ставкасындағы көктемгі жәрмеңкеге бидай мен сұлы көп мөлшерде әкелінген. Сонымен қатар ірі қара, қой малы, жылқы малы, тері өнімдері әкелінген. Ірі қара мен жылқы малының бағасы жоғары болған. Бұл жәрмеңкеде киіз үй жабдықтары да көп мөлшерде сатылған.

Сонымен қатар, бөкейлік қазақтар Ставкадағы жәрмеңкеден басқа да елді мекендерге барып сауда жүргізді. Ал Уақытша Кеңес өзге елді мекендерге барып сауда жасаған Ішкі Орда қазақтарын қадағалау үшін арнайы базар депутатын тағайындап отырған. 1849 жылы 24 қыркүйекте Уақытша Кеңес ордалық Атамбек Сауғабаевты базар депутаты лауазымына тағайындау туралы нұсқау береді. Онда 1 қазаннан бастап Орал линиясының төменгі аймағындағы кейбір елді мекендердегі базарлардың ашылуына және онда өз малдары мен өзге

де өнімдерін саудалауға көптеген қазақтардың шоғырланатынына байланысты, Уақытша Кеңес Атамбек Сауғабаевты қазақтар тарапынан депутат ретінде сайлайды және оның тікелей мүлтіксіз орындауын қажет ететін міндеттерін атап көрсетеді.

Ордалық Атамбек Сауғабаев базарларға Ішкі Ордадан келетін қазақтарды қадағалап, олардың жергілікті тұрғындармен немесе өзге жақтан келетіндермен арадағы қарым-қатынаста өздерін тәртіпті ұстап, саудаларын дұрыс жүргізулерін бақылаған. Олардың еркіндікке, тентектікке, төбелеске, ұрлыққа жол бермеуін қадағалаған. Ал кейбір жағдайларда, мәселен, қазақтардың өздерінің арасында немесе өзге жандар арасында даулы мәселелер туындаған кезде, оларды сол жерде-ақ барынша әділ, бейбіт жолмен шешіп отырған. Әлдебір тараптан кімде-кім озбырлық көрсе, ордалық Атамбек Сауғабаев сол сауда орындарының жергілікті полиция басшылығына шағымданып, қорғаныш сұрап, озбырлық көрген жандардың талабының оң шешілуін қамтамасыз еткен [99, 1 п.]. Болмаған жағдайда Уақытша Кеңеске бұл туралы толықтай мәлімет беріп отырған. Тентектік, ұрлық немесе өзге де ауыр қылмыстар жасады деген Ішкі Орда қазақтарын іздестіру шараларында ордалық Атамбек Сауғабаев жергілікті басшылыққа бар көмегін аянбай ұсынып, орын алған мұндай жағдайлар туралы Уақытша Кеңеске баяндап, жеткізіп отырған. Бұл базарларға Ішкі Орда қазақтары қанша мал айдап әкелді, қанша май, тері, жүн өнімдерін жеткізгені жөнінде мәліметтер жинап, Кеңеске уақытылы баяндап отырған. Ол мәліметті олардың ауызша айтқан мағлұматы бойынша жинақтап, ең бастысы, Кеңеске өз тапсырмаларын орындап болған соң бұл базарларда қазақтардың сауда жасауына кедергі болған жайттар бар ма, Кеңес тарапынан сауда ісін қорғау мен дамыту үшін арнайы нұсқаулар қажет емес пе деген өзекті сұрақтарға байланысты толықтай мәлімет беріп отырған. Ол өз қызметтік міндеттемесіне сай осы нұсқау қағаздарды әрбір базардың басшылығына келген бойда көрсетіп, мәлімдеген [99, 2 п.].

Дәл осы кезеңде жәрмеңкелік саудамен қатар кәсіпкерлік, соның ішінде балық кәсіпшілігінің қарқыны үдей түсті. Бірақ, бұл кәсіпшілікті жүргізу де қазақтарға оңайға соққан жоқ. Патша үкіметінің қазақтарға өзен-көлдердің маңынан балық аулауға тыйым салуы себепті аталған кәсіп қолдау таппады. И. Кенжалиев өз еңбегінде: «Шаруалардың күнелтіс көздерінің бірі – балық аулау. Жайық, Еділ, Елек өзендерінде, Қамысты-самар көлдерінде, оған құятын Сары өзен, Қара өзенде балық баршылық. Бірақ бұлардағы балықты тек орал казактары, көпестер мен помещиктер ғана аулап, ал қазақтарға қатаң тиым салды, тіпті қармақта салдырмады. Егерде балық аулап жүрген қазақты ұстаса, оны аяусыз жазалап, соттап отырды. Мысалы, 1826 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы Жайық әскерінің мүддесін қорғай отырып, Жайықтан балық ұстағаны үшін Досұлан дегенді 20 рет таяқ

соғуға қаулы алған. Сондай-ақ, Тама руының Испан, Төлеп, Есен деген шаруаларын Орынборда таяқпен соғып жазалаған», – дейді [43, 40 б.]. Бұдан Ресей үкіметінің қазақтардың Жайық, Еділ, Елек өзендерінен балық аулауына түбегейлі қарсы болғандығын көруге болады.

Ал Елек өзенінен қазақ шаруалары жергілікті әкімдермен келісіп балық аулап жүрген. 1836 жылы Електен Орынборға 6 арба балық әкеліп сатқан. Бұл, әрине, сирек жағдай [43, 41 б.].

Жем өзені бойында үкімет бекіткен балық аулау тәртібіне қарамай, жатақ құрып, үй, түрлі қоймалар, шұңқырлар қазып, жасаған. Н.Б. Ибиков деген көпес балық аулаумен 40 жыл шұғылданып, Жем өзені жағасына келіп, үйшік жасап, шұңқыр қазып, онда үлкен балықтарды сақтап келген. Бұл секілді ереже бұзумен қатар, көпестер балықшылар көрші ауылдардың да мазасын алып, наразылық туғызған. Оған кінәлі қазақ шаруалары деп, Жайық, Орынбор әкімшілігі балықшылар санының тек 1/3 қазақ болуын талап етті [43, 41 б.]. Бұл, әрине, көптеген шаруалардың жұмыссыз қалуына әкелді.

Ал, Арал теңізі жағасында балық аулау, жұмыс істеу бұдан мүлде басқаша, тыныш жағдайда өткен. Орынбор көпестері Ковалев, Зайчиков өздерімен бірге балықшыны теңізге әкеле алмай, жағалаудағы елден алған. Сондықтан көрші ауылдарға бұзақылық істелмеген. Содан келіп, Орынбор шекара комиссиясы бұл көпестер қыстап жатып балық аулап, ешбір қауіпсіз, талаусыз, ренжусіз кәсібін істеген – дейді қазақтар тарапынан, - деп атап қояды одан әрі, ешқандай қауіп көрінбейді.... тіпті көпестер достық қарым-қатынаста – деген. Одан әрі қазақтар көпестер тарапынан еш қысым, ренжу көрмейтінін мойындайды. Әрине, Орынбордан қашық және қарауында қарулы тобыр жоқ көпестер көрші ауылдарға Жем бойы мен Каспий жағалауындағыдай күшіне сеніп бейбастақтық істей алмайды. Сөйтіп, он шақты жыл тыныш кәсібін істеп, балық және оның өнімін өндіріп, тегін жұмыс қолын пайдаланған. Бұл аз болса шаруаларға да бір жағынан тиімді. Саудагерлер қазақтарға сеніп, Орск т. б. қалаларға кіре айдатып, балық, уылдырық, желім т.б. өнімдерін апарып сатады [43, 42 б.].

Кедей шаруалар күнелтіс үшін теңіз жағалауына Жайық, Жем, Еділ өзендеріне балық аулауға жалданады. Балық аулау кәсіпшілігі үшін көктемде Жем бойына 1833 жылы 4141 адам балық аулауға жіберілген, олардың ішінде қазақ шаруалары да бар. Бірақ бұда қауіпті кәсіп. Теңізге, далаға, өзен бойына шығып алғасын көпестер мен оның қаруланған қарауылы бейбіт, қарусыз елге ұрынып, тонап кетіп отырған. Бұның арты қарымта қайыруға ұласып, енді ортада шаруа сорлайды.

Балықшылар теңізге шыққасын Түркімен, Иран саудагерлері мен балықшыларына соқтығысып, өшпенділік қыздырған [43, 41 б.].

XIX ғасырдың ортасында балық шаруашылығына үкімет бақылау



орнатып, Орынбор губернаторына балық аулау ісін қатаң қадағалап, кемелер мен қайықтар және т.б. балық аулау құралдарының «бұратана» халықтарға сатылып кетпеуіне қатаң бақылау орнатуды тапсырады. Оған қоса, балық аулау кәсіпшіліктеріндегі жұмысқа жалданушылар қатарының өсуі жергілікті органдарды ынталандырып, 1847 жылы 14207 сомға сатылған билеттердің мерзімдік белгісіне байланысты айлық құны – 20 тиын, ал жылдық құны – 2 сом 45 тиын болып, балықшылар айына 4-5 сом жалақы тапқан [53, 158 б.].

XIX ғасырдың 30 жылдарында Астрахан губерниясындағы тұз өндірісінің дамуы Еділ-Каспий аумағындағы балық өндірісі кәсіпшіліктерінің күрт өрлеуімен байланысты өрбігендігін байқаймыз. Тұз өндірісі кәсіпшілігі өнімінің өсуі, шындығында, қазақ жұмысшыларын қанау арқылы жеткен жетістік еді. Кәсіпшіліктерде үнемі арзан жұмыс күші пайдаланылып, ол өндіріс дамуының негізгі факторына айналды.

Қазақ шаруаларына теңізден балық аулауға рұқсат етілмеуі мәселені қиындата түсті. Өйткені, қыс қатты болған жылдары балықтың кедей қазақтардың негізгі қорек көзіне айналатын кездері аз болмайтын. Бұндай жағдайларда мәселеге жергілікті беделді старшындар да араласып, ресей билік өкілдеріне өтінішпен шығып отырды. Айталық, 1832 жылғы 28 қыркүйекте старшын Қарауылқожа Бабажанов Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генске кедейленген қазақтардың князь Б.Н. Юсуповтың иелігінде балық аулауға рұқсат беру туралы төмендегідей өтініш жазады: «Өткен қыстың қаттылығы салдарынан Каспий теңізін жағалай көшіп жүретін Ішкі Орда қазақтарының көбі қолындағы бар малынан айырылып, ал 1000 шақты түтіннің тіпті кедейленгені сондай, олар ауқатты қазақтарға тек ішер тамақ үшін ғана жалданып жүруге мәжбүр халге жетті. Осының өзі де тек жазғы уақытта ғана.

Теңіз жағалауларындағы балықтың көптігінен балықшылар ауланған балықтың ішінен тек ірілерін ғана іріктеп алып, майда балықты кейін теңізге лақтырып отырады. Князь Юсуповтың иелігін басқарушы көпес Уразовқа мен кедей қазақтарға теңіз жағалауындағы князь Юсуповтың иелігінен балық аулауға рұқсат берейік; олар ауланған балықтың тек майда шабақтарын ғана өздеріне қорек етіп, ал ірілерін жатаққа тапсырсын деген мазмұндағы ұсыныс жасаған болатынмын.

Алайда Уразов болса, қазақтарға балық аулауға ыңғайлы жерлерді көрсету үшін балықшы атамандарды жалдасын, сонымен қатар балық аулауға рұқсат алу туралы келісім-шарт жасасын деген талап қойды. Қазақтардың көптігіне байланысты бұл келісім-шартты жасау мүмкін емес. Сол себепті сізден, жоғары мәртебелім, кедей қазақтарға аталған талаптардан тыс балық аулауға рұқсат алып беруіңізді сұраймын. Бұл өтініштің орындалуы жатақтар қожайындарына да тиімді болады деп

санаймын, себебі олар кедей қазақтар аулаған ірі балықтарды тегін алып отырады. Ірі балықты жасыруға немесе біреуге беріп жіберуге келмейді.

Басшылық бұған рұқсат берген жағдайда, мен адамгершілік жасап, кедей қазақтарға балық аулау құралдарын бергізер едім. Меніңше, осы басталған істі өзге де құрметті Ордалықтар қайталайды деген ойдамын» [100, 3 п.].

Орынбор жерінен Бұхарға бет алған керуенге қазақтардың жұмыс күші ретінде жалданғанын құжаттар айғақтайды. Мәселен, 1824 жылы 30 тамызда Орал казак әскерінің әскери атаманы полковник П.М. Назаров Жәңгір ханнан Бұхарға баратын сауда керуенін әскери күзету үшін түйелер мен жолбастаушылар жалдауға көмек беруін сұраған. Оның жазбасында былай делінеді:

«Орынбор әскери губернаторы Эссен 26 тамыздағы № 298 бұйрығында маған осы күзде Орынбордан Бұхарға жол тартатын керуенді қорғайтын әскери күзеттің ауыр жүктерін тасу үшін арбакеш жол бастаушыларымен бірге бес жүз түйе жалдау қажет екенін, соған Ордалықтардың ішінен сенімді адамдар тауып, оларға түйелерді дайындап, Орынборға жеткізу үшін шақырту қажет екенін хабарлаған.

Осыны орындау үшін мен сіздің жоғары дәрежеңізден сұрайтыным, сіз өзіңіздің барлық Ордалықтарыңызға бұл турасында хабар жариялаңыз. Мүмкін олардың ішінде түйелерімен Бұхарға дейін, одан кейін Орынборға жүк жеткізуге жалданғысы келетін жандар табылып қалар. Егер де олар қызмет ақысын білгісі келетін болса, Жоғары мәртебелім, әрбір түйеге Бұхарға дейін жүз рубль, ал кейін Орынборға дейін тағы сондай сома төленеді» [73, 7 п.].

Бұдан біз Жәңгір тұсындағы бөкейлік қазақтардың сауда керуеніне жұмыс күші ретінде ғана жалданғанын байқаймыз.

Жәңгір тұсында 1825 жылы Бөкей Ордасының Ұялы және Шөпшағыл елді мекендерінен тұрақты сауда орны ашылды. Енді саудагерлер Орданы араламай, осы тұрақты сауда орнына келіп сауда жасауға мүмкіндік алды. Бұл жерде қазақтар мен орыстар сауда айырбасын жүргізді. 1832 жылы Хан ставкасы жанынан жәрмеңке ашылды. Жәрмеңкенің ашылуына байланысты тасымал саудасына тыйым салынды. Бөкей хандығының экономикалық өмірінде жәрмеңкелердің рөлі ерекше болды. Жәрмеңкеде қазақтардың малы мен мал өнімдері тауардың негізгі бөлігін құрады. Тауар-ақша қатынасының дамуына жәрмеңкенің атқарған рөлі айрықша екенін айта кеткен жөн. Жәңгір ханның қолдауымен құрылған жәрмеңке Қазақстандағы алғаш ашылған жәрмеңкенің бірі еді. Сонымен бірге, Жәңгір арнайы жәрмеңке ережелерін бекітті. Осы ережелер жәрмеңкедегі сауданы реттеп отырды. Жәрмеңкелердегі сауданың ерекшелігі – әр түрлі ұлт өкілдерінің бұл саудаға қатысуы және белгілі бір мезгілде жүріп тұруы еді. Бұл кезеңде балық кәсіпшілігі, кірешілік,

тұз өндіру ісі қарқын алды. Алайда, бұл аталған кәсіп түрлерінің дамуы мен одан келген мол пайда қазақ шаруаларын қанау есебінен жүзеге асқанын айта кету керек.

### **1.3 Сауда-саттықтың жетістіктері және қайшылықтары**

Ішкі Ордадағы қазақ шаруаларының орыстармен көршілес орналасуы, Ресеймен арадағы сауда-экономикалық байланыстардың күшеюі екі халық арасындағы экономикалық және мәдени қарым-қатынастың дамуына себепкер болды. Орыс тұрғындарының ықпалымен Ішкі Орда қазақтары көшпенділіктен отырықшылыққа көше бастады. Орыстарға еліктеген олар 1846 жылдың басында-ақ 89 кірпіш, 59 ағаш үй тұрғызды. Ішкі Ордада көптеген жыл тұрақтаған орыс шенеуніктері осы кезеңдегі қазақтардың экономикалық-мәдени жағдайындағы елеулі өзгерістерді атап өтеді. «Қазақтардың бізге өз еріктерімен келуі себепті..., өзге де оң жағдайлардың ықпалымен, – деп жазады М. Иванин, – бұл көшпенді халықтың тұрмыс-тіршілігінің жарты ғасырдан аз уақыттың ішінде күрт өзгергендігі сондай, бұл халық жартылай отырықшылыққа көшті, ешқандай мәжбүрлеусіз саудамен айналыса бастады, еңбек етіп, шөп шауып, қыстаулар сала бастады, (мал қамайтын ауласы бар балшықтан соғылған үйлер) жерді меншікке алудың пайдасын түсініп, өздерінің бұрынғы көшпенді тірлігін түбірімен өзгертті» [16, с. 65].

Қазақтардың көшпенді тіршілігіне тауар-ақша қарым-қатынасының бойлай еніп, нарықтық қатынастардың пайда болуы туралы сол кезеңдегі зерттеушілердің тағы бірінің мәлімдемесінен байқаймыз: «Осыдан отыз жыл бұрын, – деп жазады А. Еврейнов, – мұндағы тұрғылықты қазақтар ақша санау дегенді, салмақ, өлшем дегенді тіпті білген жоқ. Олар тек аса бір мәжбүрлі жағдайда ғана қалаға не орыс селосына баратын. Қазір олай емес. Тағы бір он жыл өткесін Бөкей Ордасының үлкен сауда-өндірістік айналымға түсетіндігіне күмән жоқ» [11, с. 80]. Сөйтіп, қазақтар біртіндеп ақшамен сауда жасаудың артықшылықтарын айқын сезіне бастады. Яғни, осы арқылы айырбас секілді тең емес сауданың пайдасы аз екендігіне көздері жетті.

Бөкей Ордасында алғаш рет мал емдеу жұмысы да жолға қойылды. Бұл үшін 1840 жылы ордаға мал дәрігері әкелінді. Орынбор шекаралық комиссиясының есебінде ветеринарлық көмектің арқасында жәрмеңкелерге көбіне дені-қарны сау мал айдалып әкелінетіні туралы айтылған.

Жылдан-жылға дами түскен Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас Бөкей хандығының экономикалық тұрмыс-тіршілігінің құрылымына бірқатар өзгерістер алып келді. Ресейдің дамыған экономикалық жүйесінің прогрессивті ықпалы көшпенді, жартылай көшпенді қазақ қоғамындағы оң өзгерістерге жол ашқаны анық. [37, с.

43].

Бұған бірнеше дәйекті дәлелдер келтірелік. Біріншіден, қазақтардың тұрмысы мейлінше жақсарды. Орыс поселкелерінің ықпалымен далалық бай-манаптар үйлер мен шаруашылық мекен-жайлар сала бастады. Бұған үкімет те қолдау білдірді. Бұл жағдай көшпенді қазақтардың біртіндеп отырықшылыққа көше бастауына әсер етті. 30-40 жылдары үй салу Бөкей Ордасында кең тараған құбылыс еді. Қатты қыстарда жертөленің өзін сирек салатын рубасылары мен сұлтандар, билер мен старшындар енді көлемді-көлемді үйлер салуға тырысатын болды. Ағаш пен өзге де құрылыс материалдары Ордаға Еділ өзені жағалауларынан, Жаңаөзеннен, Николаев, Камышин, Чернояр, Астрахань уездерінен әкелінді. Бұл уездер Саратов және Астрахань губернияларының құрамдас бөліктері еді [37, с. 42].

Шақырылған орыс мамандарының көмегімен өзендерде бөгет тұрғызу, егістіктерді суаруға арналған артезиандық құдықтар қазу Бөкей хандығы экономикасындағы оң құбылыс болды. XIX ғасырдың 30 жылдарында Торғын өзенінде салынған бөгет арқылы өзендегі су деңгейін 3 сажынға көтеріп, ұзындығы 25 верст, ені 40 сажындай тоған жасау мүмкіндігі туды. Жалдамалы жұмысшылар күшімен тұрғызылған бөгет құрылысы ханға 6000 рубль ассигнацияға түсті. Тоған ойпат жерлерді суару үшін қолданылды. Жыл сайын бұл жерлерден 600 маядай шөп шабылды, ал бір мая шөптің құны кей қыстары 100 күміс рубльге дейін жетті [16, с. 16]. Қазылған екі артезиандық құдықтың Жасқұста салынған біреуі су беріп тұрды. Замандастарының айтуынша, «Жәңгір хан егістіктерді қуаңшылықтан сақтау үшін әр жерден артезиандық құдықтар қаздырғысы келген» [6, с. 218].

Патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамының экономикалық тұрмыс-тіршілігіне Ресейдің тигізген ықпалының, оң ықпал екенін айта кету керек, алайда оның мән-маңызын әсірелеуге әсте жол берілмеуі тиіс. Бұл оң өзгеріс өз жолында XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстанға тән консерватизм, тоқырау секілді көптеген қиындықтарды өткерді. Әйтсе де сонау дәуірдегі аздаған әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің өзінен-ақ Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас дамуының болашағы көрініс берген еді [37, с. 43].

1809 жылы патша жарлығы бойынша Ресейдің қол астына өткен қазақтар мен басқа халықтар арасында салықсыз сауда-саттық жасауға рұқсат етілгеннен бастап, бөкейлік қазақтар саудаға кең тартылды, басқа да көрші қалмақ, татар, башқұрттармен еркін сауда жасады.

Жәңгір бөкейлік қазақтардың Ресей қалаларына малдарын айдап, мал өнімдерін сату үшін жылына екі мезгіл өтетін жәрмеңкелер ашты [101].

Жәңгірдің қолдауымен ашылған Хан ставкасындағы жәрмеңкеде қазақтар басқа ұлт өкілдерімен сауда-саттық жүргізіп, олардың арасында таныс-тамырлық та пайда болды. Жәңгір жәрмеңкенің ашылуына байланысты арнайы жәрмеңке ережелерін шығарды. Осы ережелер арқылы жәрмеңкеге келген саудагерлердің алдау-арбау сияқты келеңсіз жақтарын жоюға тырысты. Бұл Қазақстандағы тұңғыш ашылған жәрмеңкенің бірі болды. Ал жәрмеңкелердің ашылуы хандық қазақтарының азды-көпті болса да өз қажеттерін осы жәрмеңке арқылы қамтамасыз етуге итермеледі.

Бөкей хандығында сауда ісі өзгеше жүрді. Тауар-ақша қарым-қатынасының дамуында мұнда екі жағдай өте маңызды рөл атқарды: Бөкей Ордасының Ресейдің өнеркәсіптік және сауда орталықтарына территориялық тұрғыдан жақындығы және Ресей мен Бөкей Орда арасындағы жол қатынасының қауіпсіздігі – бір жағынан, екінші жағынан бұл аймақтағы хан билігі мен шекаралық органдар жүргізіп отырған сауданы қолдау саясаты. Орда ішінде тауар-ақша қарым-қатынастар тек Хан ставкасы маңында ғана емес, барлық аймақта бірдей дамыды. Қалай дегенмен 40-жылдарға таяу саудада ақша эквивалентін қолдану артты, ал натуралды міндеттемелер ақшалай міндеттемелерге айналды.

Тікелей Бөкей хандығы туралы айтар болсақ, онда хандықтың қазақ бұқарасының нарықтық қатынасқа көше бастағанын айтуға болады. Халық шаруашылығы мен тұрмыс тіршілігінде орын алған белгілі өзгерістер, көшпенділердің одан әрі отырықшылыққа көшуінің артуы, көрші отырықшы тұрғындардың мәдениетінің ықпалы нарықтық тауарларға деген ішкі сұраныстың өсуіне әкелді. Сауда ісінің дамуына аса мүдделілік танытқан хандық билік ақша эквивалентіне негізделген сауда саласын дамытуға бағытталған бірқатар іс-шаралар арқылы қалың бұқараның мұндай қарым-қатынасқа енуіне одан әрі ықпал етті [37, с. 72].

Хандық ішінде, көшпенді ірі рулық бірлестіктер арасында маңызды сауда орталықтары пайда болды. Олар бастапқыда Ресеймен шекаралас аймақтағы орыстар мен өзге де отырықшы халықтар негізін салып, өздері де тұрып жатқан қалалар мен пунктерде жұмыс істей бастады. Көшпенді қазақ ауылдарындағы сауда операциясын жүргізудің негізгі формасы – керуенге артылып тасымалданатын ұсақ тауар саудасы болды [37, с. 72].

Хандық билікті жойғанға дейін патша үкіметі Бөкей хандығынан тікелей экономикалық пайда көре алған жоқ: хандық ешқандай төлем төлемеді, оған ешқандай салық салынбады, ол орыс мемлекеті қазынасына ешқандай ресми материалдық кіріс әкелмеді. Ресей мен хандық арасындағы экономикалық байланыстың басты арнасы боп сауда ісі саналды. А. Еврейнов бұл саладағы бар жағдайды жетік білетін адам ретінде былай деген болатын: «Орда өзінің малымен, шикізаттық

өнімдерімен, майы мен жүнімен өзіне жақын көршілес жатқан губернияларды қамтамасыз етіп қана қойған жоқ, империяның терең ортасынан да өзіне тұтынушыларды тартып алды. Орда олардан өзіне қажетті өнімдерді сатып алушы болды. Сөйтіп, Орда керемет сауда орталығына айналды» [37, с. 41].

XIX ғасырдың I жартысында қазақтар арасында ірі көпестер саны аз болды, бірақ бірте-бірте олардың саны өсе түсті. Соның ішінде Бөкей Ордасындағы ірі көпестердің бірі Ахмет Жантөрин еді. Оның 25-тен аса приказчиктері болды. Ірі көпес Құламбаев Орда ішінде ғана емес, сонымен қатар Бұхарда да сауда жүргізді. Оның 10 адамы саудадағы тапсырмаларды орындап отырды [12, с. 9]. Сонымен қатар, ірі саудагерлер Қарауыл-қожа Бабажанов, Бикетай Чунгаев, Мұстафа Жоламанов, Ералы Итесов, Бегайдар Қарабашев сияқты ірі саудагерлердің Хан ставкасы жәрмеңкесінде өз лавкалары, қоймалары болды. Кейбір Ордадағы қазақ саудагерлері Орынбордан тауар сатып алып, оны Ордаға әкеліп өткізді. [96, 3 п.]. Сондай-ақ Орта жүз, Кіші жүзге қарағанда Бөкей Ордасындағы сауда ісі жоғары деңгейде болды.

40 жылдары Хан ставкасында сауда-саттық одан әрі дамыды. Осы жылдары Хан ставкасында 46 сауда лавкалары және бірнеше үй тұрғызылды. Сөйтіп, қазақтар бірте-бірте отырықшылыққа көшті.

1846 жылы 4 мамырда Мемлекеттік меншік министрі граф П.Д. Киселев Орынбор әскери губернаторы В.А. Обручевке Хан ставкасында тұрақты сауда-саттықты ұйымдастыру және Ішкі Ордада астық қоймаларын орнату туралы хат жазады. Бұл қатынас қағазында Бөкей Ордасындағы тұрақтылық пен ішкі қалыпты жағдай ойдағыдай ұсынылып отырған жайтты ұйымдастыруға айтарлықтай кедергі жоқ екенін айта келе төмендегідей мәлімет келтіреді: «Ставкада тұрақты сауда-саттық ісін орнату жоспары Ордалықтар мен орыстар арасындағы сауда қатынастарын мүмкіндігінше нығайту, Ордалықтарды біздің тұрмыс-тіршілігімізге үйрету, оларға өз малдарын қалайша тиімді сатудың тәсілін ұсына отырып, сол арқылы, яғни жеке бас пайдасы мен тиімді тұстардың арқасында Ресей қарамағында барынша берік ұстау секілді мақсаттардан бастау алады. Сондықтан да мейман сарайында тұрақты сауда-саттықты ұйымдастыру мүмкін болмаса да, үй жанындағы лавкаларда жүретін орыстар мен қазақтар арасындағы сауданы барынша дамыту қажет. Бұл да бәрібір сол нәтижеге жеткізбек.

Сақтау қоймаларын (дүкендерді) алғашында-ақ қазақтар егіп-оратын астық негізінде емес (себебі, олар егін егумен айналыспайды), біртіндеп шаруашылық капитал негізінде ұйымдастыру мақсаты қойылған болатын. Мұның мақсаты да жоғарыдағыдай, яғни Ордалықтар мен орыстар арасын жақындастыру болатын. Себебі, егер қазақтар біртіндеп астық өнімдерін пайдалануға үйренсе, олар кейін онсыз өмір сүре алмайтын болады. Ал астықты далалық жерде табу

мүмкін емес. Бұл жағдай түптің түбінде оларды қазіргі орналасқан жерінде отырықшылыққа итермелейді. Міне, сондықтан да қойма орындары туралы ойды қаперден шығармаған абзал» [96, 370 п.].

Сөйтіп бұдан Ресей үкіметінің қазақтар мен орыстар арасындағы сауда-саттық қатынастарын нығайтуды көздейтіндігін байқауға болады. Сауда арқылы Орданы басты шикізат көзіне айналдыру да көзделді. Ресей көпестері Бөкей Ордасында астық қоймаларын орнатып, мол пайда тапты және қазақтарды отырықшылыққа итермеледі.

Сонымен қатар, Бөкей хандығындағы сауда-саттықтың дамуында көптеген қарама-қайшылықтар да кездесіп отырды. Халықтың империя тауарына деген сұранысының артуы, қаражат тапшылығы қалың бұқараның берік орныққан сауда-нарық қатынастарына тәуелділігін күшейтті. Сөйтіп, нарық қатынасына әлі дайын емес, тәжірибесі жоқ қазақ қоғамының көп бөлігі бірнеше жылдың көлемінде нарықтық қатынас құрбанына айналып шыға келді. Оның бір көрінісі – қарапайым қазақтардың көпшілігінің тұрмыс қажетін өтеу үшін алуан түрлі саудагерлер мен алыпсатарларға борышқа батуы еді.

Осылайша күнделікті өмірге біртіндеп қарызгерлік қарым-қатынас еніп, тауарды қарызға беру бұрын сирек құбылыс болса, енді ол кең етек жайып, белгілі бір заңдылыққа айналды. Жергілікті халық борышкерлік қатынастың зиянды жақтарын тіпті білмейтін-ді. Бұны қарыз берушілер шебер пайдаланатын. Сөйтіп 1805 жылдан бастап көпестердің қарызға тауар беру туралы жазбалары пайда бола бастайды. Кадыров деген татар саудагер 1806 жылы беріш руының адамы Касран Өмірзақовқа және оның жолдастарына 4 мың рубльдің тауарын берген [102, 1 п.]. Ал көпес Давид Исмайлов 1822 жылы Шығай сұлтанның қол астындағы «Кіші Қырғыз Ордасының адамдарының» оған түрлі құжаттар негізінде алған тауарлары бойынша қомақты ақша қарыздар екенін айтады [103, 1 п.]. 1817 жылы орыс көпесі Болдыревке бөкейлік қазақтар 2000 рубльге қарыздар болған [104, 307 п.]. XIX ғасырдың ортасында Хан ставкасындағы жәрмеңкеде 300-дей көпестердің бәрінің дерлік қарыз кітаптарында борышкерлердің аттары жазылып тұратын [105, 67 п.].

Қарыз берушілер негізінен жат жерлік көпестер мен саудагерлер болатын. 20 жылдары хандықта тауарды қарызға беру кең етек ала бастағанда, қарызгер адамдардың өз борышын қайтармай қоюынан сескенген қарыз берушілер Хан канцеляриясын, рубасыларын, старшындарды кепіл ретінде пайдалана бастады. 1822 жылы 28 қаңтарда Шығай сұлтан татар Кожаевке өз қол астындағы қазақтардан сатылған тауардың қарыздарын жинауға рұқсат қағазын береді [106, 3 п.].

Борышкер адамдар үшін қарыз беруші кредиторлардың арнайы қарыз кітаптары немесе қарыз қолхаттары болды. Сонымен қатар, ұзақ уақыт бір-бірімен таныс адамдардың бір-бірінің сеніміне

негізделген ауызша келісімдер де жасалатын болған. Мұндай келісімге байланысты көптеген шағымдар болатын. Соның бір мысалы – титулды кеңесші Уманцев 1830 жылы ноғай руының Юлдабай атты қазағының одан қолхат арқылы тауар алып, оны қайтармай қойғандығы жөнінде шағымданған [107, 32 п.]. III гильдиялы көпес Д. Разоренов 1840 жылы одан қолхат арқылы 4 адамның 300, 857, 300 және 300 күміс рубльге қарызға тауар алғандығы туралы шағымданады [108, 5 п.]. 1851 жылы Астрахан көпесі Құрманалиевтің жазбаларында мынадай тауар алушылар туралы мәліметтер жазылған: Дүйсембай старшын – 4 сом 20 тиын, Бектешев – 6 сом 1 тиын және тағы басқалары, барлығы 20 адам – 2310 сом ассигнация немесе 660 сом күміспен қарызгер болған [109, 8 п.].

1822 жылы 12 мамырда Шығай сұлтан Орынбор шекара комиссиясына бөкейлік қазақтардың Ресей көпестеріне борыштарын өндіріп беру тәртібін түсіндіру туралы өтініш хат жазады. Онда былай дейді: «Астрахань қаласының және басқа да елді мекендердің көпестері менің қарауымдағы қазақтарға менің ешбір қатысымсыз әр түрлі тауарды едәуір мөлшерде қарызға берген. Енді олар қазақтар өз қарыздарын төлемегеннен кейін араласуымды сұрады. Мен қарызгер қазақтарды шақырып тексергенде, ол қазақтардың қарыздарын қайтара алмайтынын, тіпті олардың өз отбасларын асырай алмай отырғанын анықтадым. Көпестер қарызгер қазақтарды отбасы мүшелерімен бірге өздеріне беруді сұрап отыр. Мен олардың бұл талабын орынсыз деп санаймын және осы хатты жаза отырып, Комиссиядан алда түрлі жайттар бола қалған жағдайда қарауымдағы қазақтарды отбасыларымен бірге қарызы үшін көпестерге берудің Ресей заңдарына сәйкес, әлде қайшы келетінін маған түсіндіріп беруін өтініп сұраймын» [63, с. 224].

Бұл құжатта қазақтардың өз бережақтарын қайтара алмай отырғанын, тіпті өз отбасын асырай алмай отырғандығы айтылады. Ал Ресей көпестері болса, бұл қарызгер қазақтарды өз отбасымен бірге өздеріне беруді сұрайды.

Ал, 1822 жылы 14 маусымда Орынбор шекара комиссиясы Шығай сұлтанға Ресей көпестерінің бөкейлік қазақтардан борыштарын өндіріп алуға араласпауын сұрайды. Оны төмендегі Орынбор шекара комиссиясының Шығай сұлтанға жазған жазбасынан көруге болады.

«Сіздің осы жылдың 12 мамырында 132-нөмірімен жіберген мәліметіңізге орай шекаралық комиссия сізге мынадай ұсыныстар айтады:

1. Қарызға батқан қазақтарды өз отбасыларымен бірге көпестер мен өзге де шендегі адамдардың мекенінде тұруға мәжбүрлемеңіз, яғни оларды өз еркіне қалдырыңыз.

2. Оларды көпестердің еркіне бермеңіз.

3. Қазақтардың қарызын қайтаруға қатыспаңыз, оны көпестердің



өзіне қалдырыңыз.

4. Көпестерге болашақта қазақтармен айырбас саудасын жасау қажеттігін жариялаңыз.

Сізге бұл жағдайда негізге алар құжат ретінде Орынбор әскери губернаторының осы жылғы 4 мамырда 297-нөмірмен шыққан министрлер кабинеті бекіткен нұсқауы жіберіледі.

Егер Астрахан мен Саратов губернияларының елді-мекендері мен жеке тұлғаларынан қазақтардың қарызына байланысты талап-тілектер туындап жатса, оларға жоғарыда аталған 1822 жылдың 14 маусымында шыққан үкімет қаулысына сәйкес жауап беріңіз» [63, с. 225].

Сөйтіп, Орынбор шекара комиссиясы Шығай сұлтанға Ресей көпестерінің бережақ қазақтардан қарызын өндіріп алуына қатыспауын бұйырады.

Жәңгір ханның өзі Ресей көпестерін әрқашанда қолдап отырған. Сондай-ақ ол кейбір көпестерге Ордадағы астық сатуды басыбайлы алып берді [110, 188 б.].

1825 жылы 23 маусымда Орал казак әскерінің сотнигі Д. Назаров Жәңгір ханға ағалы-інілі сұлтандар Жанғалиндердің алған тауарларының қарызын өтеуіне түрткі болуды сұрап жазған өтінішінде былай дейді: «Сіздің жоғары мәртебеңізге бағынышты орданың беріш руының сұлтандары Сүйінішқали мен Балпан Жанғалиндер былтырғы 1824 жылдың қыркүйегінде менің Глининск форпостында болған кезімде менен қарызға тауарлар алған болатын. Сүйінішқали он пұт жиырма фунт астық ұнын, бес қабат қытай матасын, алты жарым аршын қара плис, жалпы құны жетпіс бес рубль елу тиын тұратын тауар алса, Балпан қырық сегіз рубль тұратын астық пен өзге де тауарлар алған болатын. Сол қарыздан Сүйінішқали маған қырық рубльді ақшалай берді де, қалған қарызды ол да, Балпан да қой малымен өтемек болып келісілген еді. Олар қарызды «1825 жылдың көктемінде қайтарамыз» деп уәде берген еді. Алайда менің көптеген талаптарыма қарамастан, тіпті соңғы бір айдың көлемінде сіздің жоғары мәртебеңіздің ставкасында болған кезде де уәделерін еш орындамай, еш қымсынбастан ауылдарына кетіп қалды.

Осы жөнінде сіздің жоғары мәртебеңізге баяндай отырып, сіздің өз билігіңіз арқылы Сүйінішқали мен Балпан Жанғалин сұлтандардың мен көрсеткен көлемдегі қарыздарын тым құрыса менің Астрахан губерниясындағы басшылық тапсырған жұмысты бітіріп, қайтар кезімде қайтарып беруіңізді сұраймын» [111, 33 п.].

Міне, Орал казак әскерінің сотнигі Д. Назаров та Жәңгірден өз қарауындағы қазақтардан қарызын алып беруді сұраған еді.

Тағы бір құжаттағы 1826 жылы 26 маусымда Орал казак әскерінің сотнигі Д. Назаровтың Жәңгір ханға старшын Барақовтың мұрагерлерінен қарызға алған тауарларының өтемақысын өндіріп беру

туралы өтінішіне тоқталсақ: «Былтырғы 1825 жылдың шілде айында Сіздің жоғары мәртебеңіздің қарамағындағы Орданың беріш руының старшыны Үстемір Барақов менің Глининск форпосында тұрған кезімде менен сырты әбзелденген қоңыр түсті зипун, тоқымалы кілем, он үш жарым аршын нанканы жалпы сомасы жүз елу рубльге алып, осы жылдың көктемінде әрбірі бес рубль тұратын жиырма бес бас қой төлемек боп шарт жасасқан болатын. Алайда менің жіберген адамдарымның анықтауынша, Үстемір өз жайлауында болмай шықты, кейін білгеніміздей, ол өмірден өткен екен.

Бұл туралы сіздің жоғары мәртебеңізге баяндай отырып, сіздің жоғарыдан бекітілген билігіңізге үміт арта, төмендегідей өтініш жасауға мәжбүрмін: аталмыш старшын Үстемірдің мұрагерлерін қарызды маған не Глининск форпостындағы қой малымен, не аталмыш сомадағы ақшалай болсын, менің Астрахан губерниясындағы маған басшылық тапсырған істі аяқтап, кейін қайтқан кезімде өтеуге мәжбүрлесейсіз екен. Сол арқылы менің өтінішімді қанағаттандырып беріңіз» [111, 35 п.].

Сөйтіп, Д. Назаров Жәңгір ханнан қарызға берген тауарларының өтемақысын старшын Үстемірдің мұрагерлерінен өндіріп беруді сұрайды. Соған қарағанда, қарызын қайтара алмаған саудагерлер Жәңгірді араға салып отырған.

Борышкер адамдар қарызын ақшалай немесе натуралды түрде малдай төлеген. Сауда айырбасы операциясы кезінде төлем бірлігіне марка қозы алынған, тауарлар қозыға есептеліп, қарызға берілген. Қарыз берушілер өтемақыларын күзде жинайтын. Бұл жағдай эквивалентсіз, әділетсіз сауданың пайда болып, саудагерлердің мұны шебер пайдалануына әкеліп соқты. Саудагерлер тауарларын белгілі уақытқа қарызға беріп, қарызын кейін екі есе өндіріп алып отырған [112, с. 108].

1829 жылғы хабарламада көптеген көпестер әкелген тауарын бүкіл ауылдарға көп жағдайда малға, қойға айырбастап, қарызға беріп, одан қазақтар көп қарыздар болып қалатындығы туралы айтылған [37, с. 77].

Уақыт өте келе қарызгерлердің жағдайы қиындай түсті және қарыз алушылар мен қарыз берушілерден көптеген шағымдар түсе бастады. Хан және Орынбор шекара комиссиясы бұл қатынастардан туындаған қарама-қайшылықтарды, дауларды шешіп, олардың алдын алуға бірнеше рет шаралар қолданған. Ханның көшпелі ауылдарға жіберген адамының бірі 1827 жылы көптеген Астрахань көпестері «өздерінің тауарларын қазақтарға қарызға беріп, одан соң осы қарыздарын ала алмай жүргенін хабарлайды [62, с. 225]. Орал шебі бойына шекаралас орналасқан қазақ ауылдары туралы әрі қарай ол «қазақтардың саудагерлерден белгілі бір уақытқа дейін қарызға астық пен түрлі заттар алғандығын мәлімдейді. «Қарыз берушілер өздерінің жағдайларын пайдаланып, асыра сілтеушілік жасап, қарызды қайтара алмаған қазақтар мен олардың арасында үлкен дау-дамай пайда

болды», – деп жазады хан шенеунігі. Қарыз қатынастарынан туындайтын келіспеушіліктер мен даулардың алдын алу шаралары ретінде ол ханға «Ресей басқармаларына түрлі көпестерінің қазақ жерінде қарызға тауар бермеуі» жөнінде хабарлауды ұсынған [62, с. 226]. Бірақ та қарызгерлікті тоқтату енді мүмкін емес еді.

Орынбор шекаралық комиссиясының шенеунігі Ларионов өзінің 1829 жылғы 27 шілдедегі мәлімдемесінде Ішкі Ордадағы 1828 жылдан кейін орын алған толқулар туралы былай дейді: «Ордаға көптеген татар және орыс көпестері тауарларымен келіп, барлық ауылдарды аралап, тауарларын айырбастайды, бірақ көп бөлігін қарызға береді. Сөйтіп, қазақтар үлкен қарызға батып, соңында қарыздарын қайтара алмай, Жайықтың арғы бетіне өтіп кетеді» [31, с. 70]. Мәселен, Чертаниха селосының мемлекеттік шаруа регистрі Мирон Гузаев бөкейлік қазақтарға астықты қойға берген. Бұл құжаттан көргеніміздей, Гузаевқа 51 қазақ 146 қой, 1 жылқы қарыздар болған [113, 167 п.].

1827 жылы ақпанның 13-інде есауыл Қарауылқожа Бабажанов Бөкей Ордасының ханы Жәңгірге қазақтар жайында төмендегідей мәлімдеме жазады: «Өткен қаңтар айында сіздің қол астыңыздағы Қазақ Ордасының ісімен Сарайшық қамалына дейін баруды жоспарладым. Онда көптеген қазақтар Орал казак әскерінің өкілдеріне шағым айтты және сол қазақтардың өздерінің үстінен де шағым болды. Өйткені, әр түрлі мезгілде қазақтар олардан астық және әр түрлі тауарларды өзара келісім бойынша белгілі мерзімге қарызға малға алады. Содан кейін саудагерлердің кейбірі сол белгіленген уақытты күтпей, қазақтарды қыспаққа түсіреді. Бұдан үлкен дау-дамай туындайды. Тіпті шағымдарын жоғарыдағы бастықтарға дейін жеткізеді. Сонымен қатар, Астрахандағы далалық жерге барып сауда істейтін саудагерлерден де арыз-шағымдар естідім. Ордаға келген астрахандық армян саудагерлері де өздерінің тауарларын қазақтарға қарызға берген. Бұл саудагерлер де қарыздарын қайтара алмай отыр. Сондықтан сіздің Ресей үкіметінің әкімшілігіне әр түрлі көпестердің қазақ жеріне келіп, тауарларын қарызға беруге тыйым салу туралы жариялауыңызды өтінемін. Егер кейбір көпестер тауарларын қарызға беруге бәрібір келісім беріп жатса, ондай істер татулықпен шешілсе деген өтінішім бар» [114, 23 п.]

Сонымен, бөкейлік қазақтар Орал казак әскері линиясының саудагерлерінен тауарды белгілі бір мерзімге дейін қарызға алып, ал бұл саудагерлер бұл белгілеген уақытты күтпей, қарыздарын сұрап, қазақтарды қыспаққа түсірген.

Жоғарыда айтылып кеткендей, Орда ішіндегі сауда ісі көбіне қарызға беру арқылы жүрді. Сонымен қатар саудагерлер жергілікті тұрғындардың қолма-қол ақша төлеу мүмкіндігі жоқ болғандықтан, өз тауарларын үлкен пайызға қарызға беретін және тауар бағасын тым жоғарылататын. Қытымыр қыста амалы құрыған қазақтар шөп-жем

мен астықты қарызға алуға мәжбүр болды [115, 82 п.].

Қазақ қоғамының өміріне сауда капиталының тереңдеп енуі қазақтар арасында алыпсатар саудагерлердің пайда болуына әкелді. Олар көбіне делдалдық қызмет атқаратын. Сонымен қатар олар тауарларды Астрахан, Орал, Саратовтан төмен бағамен сатып алып, көшпелі қазақ ауылдарына әкеліп, жоғары бағамен қайта сататын немесе тауарды бір қолдан арзан бағаға сатып алып, қымбатқа қайта сататын [61, с. 293]. Кейбіреулері малды сатып алып, қайта сатумен де айналысты.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында қазақтардың тауардың шынайы бағасын білмегендіктерін пайдаланып, ұсақ саудагерлер қазақтарды алдап отырды. Олардың пайдалары 200-ден 300%-ға дейін құрады, осы түсімнен басқа алдаудан түскен пайда тағы бар. «Мысалы қазақ көпестен 30 аршын мата сатып алады, бірақ ол тек 25 аршын ғана алады», – дейді Еврейнов [11, с. 78]. Яғни бұндай алдаудан түсетін қомақты пайда отаршылдық сауданың ажырамас бір бөлігі іспеттес еді. Мұндай айырбас саудаға патша шенеунігі, сенатор Энгельдің өзі де талай рет куәгер болған. Оның айтуынша, қазақтар тауарды ең жоғары бағамен және ауыр шарттармен сатып алып отырған. Қазақ даласына императордың арнайы тапсырмасымен келген атышулы шенеуніктің бұл келеңсіздікті байқамауы мүмкін емес еді. Себебі ол тек Бөкей Ордасында ғана болып қоймай, Астрахань қаласына, қалмақтар қоныстарына да барып, жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігімен, саяси-әлеуметтік көңіл-күйімен де танысты [32, с. 92].

Сонымен қатар орыс көпестері Ордадағы жәрмеңкеге тауарларымен бірге жасырын арақ та тасыды, сол арқылы қазақтарды алдап, өз тауарларын өткізді [116, 15 п.].

Тауар-ақша қатынастарының қазақ даласына тереңдеп енуі, халықтың кедей бөлігін жаңа формада дами бастаған феодалдық қатынастарға мәжбүрлі түрде итермеледі. Байлардың кедей туыстарына көмек ретінде мал беруі – оларды қаржылық тәуелділікке түсірудің жаңа түрі еді. Бұл қатынастарға тартылған жанұялар феодалдық иеліктерді тастап кету құқығынан айрылып, тәуелді адамдарға айналды.

Жалпы халықтың нарықтық қатынастарға тартыла бастауы, әлі де болса сақталып қалған натуралды шаруашылық пен рулық қатынастар елдегі жағдайды ушықтыра түсті. Әлеуметтік жағдай барған сайын қиындап, халықтың наразылығы күшейе түсті. Бұқараның қарсылық көрсетуінің бір түрі – борышкер малшылардың топ-тобымен өз жерлерінен көшіп кетуі еді. Орынбор шекара комиссиясының бір шенеунігі: «Қазақтар үлкен қарыздарынан құтылу үшін Жайықтың екінші бетіне құпия түрде өтіп кетіп жатыр», – деп жазады [32, с. 94]. Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісінің өзі бастапқыда Қарауылқожа Бабажанов сияқты қарыз беруші феодалдарға деген

қарсылықтан туындаған болатын.

Қазақтарды Бөкей Ордасына келген алып-сатарлар мен саудагерлер тек өздері ғана тонаған жоқ, олар қазақ байларын, феодалдарды барлығын өздеріне тартты. Бұл ретте феодалдар мен байлардың рөлі жоғары болды. Орданың ірі феодал-шонжарлары Астрахан, Саратов саудагерлерімен одақ құрып, Бөкей Ордасындағы сауда ісін өз қолдарында шоғырландырды. Мысалы, Қарауылқожа мен княгиня Багратион бірлесіп ірі сауда одағын құрды [117, 45 п.].

Хан сарайына жақын тұратын Қарауылқожа Бабажанов 1817 жылы княгиня Багратионмен «астық мен мал саудасы үшін ортақ капитал» құру туралы келісім-шарт жасасты. Княгиня өзі қосқан 11697 рубльдің үстіне 1818 жылы 15706 рубль пайда тапты. Бабажановтың сауда ісін белсенді жүргізгені сондай, 1822 жылы оған қарыздар адамдардың қатарында сұлтан Қуаныш Жаналиев, сұлтан Палуан Жаналиев, старшын Исатай Тайманов болды [37, с. 79].

Сонымен қатар, Қарауылқожа Бабажанов 1827 жылы полковник Багратионның жесірі, астрахандық помещик әйелмен және кейбір орыс капиталистерімен бір сауда компаниясында бірлесе кәсіп жасап, олардан алған тауарлары үшін 16 мың сомды төлегісі келмеген [28, с. 22].

Үкім етуші Сенат қазақ старшыны Қарауылқожа Бабажанов пен полковник княгиня Дарья Багратионмен арадағы ақша дауының мәселесі күрделене түскесін, істің нүктесін қояды. Подполковник, әскери старшын Петриченковтың жұбайы княгиня Багратион және Қазақ Ордасының старшыны Бабажанов 1817 жылы маусым айында астық пен мал сату мақсатында ортақ капитал құру туралы өзара келісім жасаған. Сауда жасау ісін жүргізу Бабажановқа жүктеледі. Бабажанов өз компаньондарымен 1818 жылының мамыр айында есептесіп, олардың қаржысын қайтарып, түскен пайданы бөліске салуға міндеттелген. Келісім шарт негізінде Бабажановқа княгиня Багратионнан 11697 рубль 63 тиын аударылған. Оның ішіндегі 5697 рубль 63 тиыны подполковник Петриченков арқылы берілген, ал подполковниктің өзі ақшаны бергені туралы қағазға қол қойған [118, 6 п.]. Күтілген ақша айналымының соңында подполковник Петриченков 1818 жылдың 28 мамырында Бабажановқа княгиня Багратионның өтініші негізінде оған тиесілі капиталдың бөлігін және түскен пайда үлесін, барлығы 15706 рубль 99 тиын көлеміндегі соманы княгиняға жеткізу үшін Бабажановтан алғаны туралы қолхат берген. Алайда княгиня Багратион 1820 жылдың 5 шілдесінде Астрахан губерниясының басқармасына өтініш жазып, оған қалған 4000 рубльді Петриченковтан алмағандығын, сондай-ақ Бабажановта әлі де тауардың біраз мөлшері қалғандығын айтқан. Бабажановтың өзімен есептеспегендігін, сондықтан да оны княгиняға тиесілі пайданың толық үлесін, сондай-ақ аталмыш 4000 рубльді төлеуге мәжбүрлеуді өтінген.

Ал Бабажанов болса, керісінше, княгиняның өзінің өтініші бойынша Багратионға тиесілі ақшаның барлығын қолхат арқылы княгиняға жеткізу үшін подполковник Петриченковқа берген. Ал подполковник Петриченков Бабажановтың сөздерінің барлығын растады және одан алынған ақша сомасының княгиня Багратионға толықтай жеткізілгендігін айтты, алайда бұл туралы княгинядан ешқандай қолхат көрсетпеген [118, 8 п.].

Княгиня Багратион өзіне тек 11706 рубль 99 тиын жеткізілгенін тағы да қайталап, сонымен қатар өзінің Петриченковқа Бабажановпен есептесуге ешқандай да сенімхат бермегендігін жеткізген.

Уездік сот княгиняға аталмыш 4000 рубль ақшаны Петриченковтан даулауды ұсынған, сол жердегі қылмыстық және азаматтық сот палатасы ол кінәні Бабажановқа аударған, оған Петриченковтың үстінен сотқа шағым жасауды ұсынған. Бұл мәселе туралы Бабажановтан Уездік соттың шешімінің үстінен, Багратионнан палата шешімінің үстінен ешқандай апелляция түспеген. Аталған жағдайлар мазмұны бойынша екі түрлі мәселенің шешімі шыңғарылмаған:

1. Княгиня Багратионның сотқа шағымының дұрыс негізі бар ма?

2. Осы шағым бойынша подполковник Петриченков немесе старшын Бабажанов жауапкершілігіне тартылуға тиіс пе?

Княгиняның өтініші орынды болған, себебі 4000 рубль княгиня Багратионға тиесілі болған, оны старшын Бабажановтың өзі де мойындаған. Сондықтан да бірінші мәселені осылайша шешкен үкім етуші сенат екінші сұрақ бойынша түрлі жағдайларды басшылыққа алған. Бабажанов княгиняға тиесілі барлық соманы Петриченковқа берген. Себебі Бабажановқа берілетін капиталдың өзін княгиня Петриченков арқылы жеткізген болатын. Княгиняның өзінің берген жауабында да оған есепті және 11706 рубль 99 тиынды Петриченков жеткізгендігі айтылған. Содан кейінгі екі жыл ішінде княгиня бұл мәселе туралы дау көтермеген, оның өз тарапынан Петриченковты Бабажановпен арадағы қаржылай істерге делдал ретінде пайдаланғаны дәлелденген. Петриченков болса, Бабажановтан княгиняға тиесілі ақшаны оған жеткізуге алғаннан соң, ол ақшаның өз иесіне жеткізуді өз жауапкершілігіне алған. Бабажанов сөйтіп айыптаудан құтылған. Бірақ Бабажанов та ресми түрде құзіреттілік алмаған тұлғаға ақша сомасын берген, сондықтан оның төлемнен толықтай құтыла алмайтындығы ескертілген. Үкім етуші сенаттың шешіміне сәйкес княгиня Багратион өзіне тиесілі 4000 рубльді подполковник Петриченковтан өндіріп алған [118, 9 п.]. Егерде қандай да бір себеппен ол төлей алмайтын жағдайда ол сома старшын Бабажановтан өндірілген. Сөйтіп Астрахан қылмыстық және Азаматтық сот палатасының шешімі өз күшін жойған. Тек княгиня Багратионның Бабажановтың үстінен оның қолындағы қалған

тауарларды өндіру туралы берген шағымына Уездік соттың шығарған шешімі өз күшінде қалған.

Бұл княгиня Дарья Багратион мен Қарауылқожа Бабажановтың арасындағы саудадағы ақша дауы жөніндегі ісі еді. Бұдан осы Қарауылқожа Бабажанов орыс көпестерімен ірі көлемде сауда жүргізгені байқалады [119]. Сонымен бірге, Қарауылқожа Астраханның басқа капиталистерімен де байланысты болған [86, 72 б.].

Бөкей Ордасының өз астығы болған жоқ, бөкейлік қазақтар көбіне астықты шеттен айырбастады. «Енді саудагер қазақтар, – дейді генерал Генс, – алынған астық құнының 2-3 есесін құрайтын малды сатып алып, оған астық өнімдерін беріп отырды» [32, с. 98]. Астық саудасы көпестер үшін Бөкей Ордасындағы тиімді сауда еді. Олар астық саудасына монополия жариялап, өз қолдарына шоғырландырды. Мысалы, Бөкей Ордасындағы екі астрахандық саудагер Свешников пен Макаров, Юсупов, Безбородко атты помещиктерден қазақтарға астық сатуға ыңғайлы жер сатып алды. Басқаларға астық әкелуге тыйым салып, оның бағасын қымбаттатты. Басқа жерлерден астық алу мүмкіндігі жоқтығынан, қазақтар оны қымбат бағамен сатып алуға мәжбүр болды [81, с. 79]. Свешников, Портнов, Қарауылқожа сияқты ірі астық саудагерлері Бөкей Ордасының астық саудасын өздерінің жеке пайдалануына алғысы келді.

1827 жылы 9 қазаннан бастап Астрахан губерниялық басқармасы камышиндік көпестер Портновтарға Ішкі Ордада еркін түрде астық сатуға рұқсат береді. Кіші Қазақ Ордасының ханы Жәңгір Бөкеев қыркүйектің 18-інде Азаматтық губернатор мырзаның атына қатынас қағазын жазған. Онда Камышин көпестері Портновтар хан Жәңгірдің қарамағындағы қазақ халқын қыста азық-түлікпен, соның ішінде түрлі сорттағы астықпен қамтамасыз еткен, ханның өтініші бойынша олар астықты Антонов постында сақтаған. Кейін астрахандық армяндар Портновтарға аталмыш постқа астық жеткізуге тыйым салған. Соған байланысты хан Жәңгірдің нұсқауымен қажетті адамдар бөлініп, Портновтардың Антонов постына кедергісіз астық тасуына жағдай жасалған және мұны ханның өзі бақылап отырған. Камышин көпесі Портнов тамыз айында Азаматтық губернаторға өтініш жазады. Онда қазақтар көшіп жүретін Кулопин шекарасына жақын жерде уақытша астық сақтауға рұқсат бермеген князь Николай Борисович Юсуповтің иелігіндегі иелік басқармасының үстінен шағым жасаған. Ал басқарма Портновтың астық сақтағысы келетін жерін бір армянға сатып жіберген. Армянға берілген бұл рұқсат монополияға итермелейтін жағдай болған, сондықтан Портнов Азаматтық губернатордан билетімен алып келген 1800 төрттік астықты Кулопин шекарасының маңындағы жағалауға сақтауға рұқсат сұраған, сонымен қатар өз саудасына князь Юсуповтың сенімді өкілінің немесе оның жерін сатып алған армяндар тарапынан келетін кедергіден қорғауды өтінген [73, 70

п.]

Ол өтініш бергеннен кейін Азаматтық губернаторға тағы үш өтініш келіп түскен, біріншісі – астрахандық армян Свешниковтан, екіншісі – князь Юсуповтың сенімді өкілі Окуневтен, үшіншісі – Андрей Молявнаның мұрагері графиня Безбородконың басқармасынан түскен. Олар өз өтініштерінде көпес Портновтың үстінен шағым жасай отырып, оның қазақтарға сатуға арналған астығы князь Юсупов пен графиня Безбородконың иелігінде, яғни келісім-шарт негізінде өзге адамдар иелігіндегі жерде заңсыз сақтап отырғанын айтқан, көпес Портновтың бұл заңсыз ісін тоқтатуды сұраған.

Ал губерниялық басқарма аталған өтініштер мен оларға тіркелген келісім-шарттарды сараптай отырып, төмендегідей жайтты анықтаған: Кроснояр уезіндегі графиня Безбородконың мұрагерлеріне тиесілі жер телімінде қазақтарға астық сату және айырбастау құқығын Безбородконың іс басқарушысы Молявка мен князь Юсуповтың іс басқарушысы Окунев тек бір тұлғаға берген екен. Біріншісі – армян Свешниковқа, екіншісі – ол да армян Макаровқа беріп, бұл жерлерге олардан бөтен ешбір адамның астық сатуға немесе айырбастауға келуіне тыйым салған екен.

Екі сатып алушы саудагерлер Свешников пен Макаров аталған жерлерге, яғни армяндар сатып алған саяжайларға қазақтарға сатуға және айырбастауға арналған астық әкеп сақтаған көпес Портновтың үстінен шағым жасап, ал көпес Портнов князь Юсуповтың иелігін басқарушының үстінен шағым жасаған, ол жерлерге сатуға және сақтауға әкелінген астығын жібермей отырғанын жеткізе отырып, бұл тыйымның өзін кедейлендіруге ұшыратқандығын мәлімдеген [73, 72 п.].

Губерниялық басқарма сол кездегі дәстүрлі құқықтық заңдар бойынша адамның ең қажетті өмірлік мұқтаждықтарының бірі – астықты мемлекет ішіндегі әр жерде сатуға толықтай еркіндік берген, соны Портнов ескере отырып, имение басқарушылары жасаған келісім-шарттардың астық саудасын бір қолға беріп, өзгелерге кедергі жасауына ешқандай заңдық құқық бермейтіндігін ескертіп өз ойын білдірген [73, 73 п.].

Сөйтіп Ресей көпесі Портнов Юсупов иелігіндегі жерге астық әкеліп бөкейлік қазақтарға астық сатуды көздейді. Бірақ бұл жерді армяндық көпестер Свешников пен Макаров сатып алған еді. Бөкей Ордасының аумағына осындай ірі көпестер келіп сауда жасаған және басқа саудагерлердің бұл жерде астық саудасымен айналысуына рұқсат етпеген. Жәңгірдің өзі бұл саудагерлерді қолдап отырған.

Сонымен бірге, Бөкей Ордасының теңіз жағалауындағы жерлерде І-ші гильдия көпесі Сапожников та бөкейлік қазақтармен өз саудасын жүргізді [61, с. 290]

Ал Қарауылқожа Бабажанов астық саудасын өз қолына шоғырландыруды көздеді. Осы мақсатпен ол Орынбор әскери



губернаторына Астрахан және Саратов қалаларынан астық сатып алып, қазақтарға сату туралы рұқсат сұрап өтініш білдіреді. 1820 жылы 5 мамырда Орынбор шекаралық комиссиясының Шығай сұлтанға старшын Қарауылқожа Бабажановқа Бөкей Ордасында астық пен көтерме сауда жасауға куәлік беру туралы жіберген жазбасында былай делінген: «Сіздің бақылауыңыздағы старшын Қарауылқожаның Саратов пен Астраханға баруға паспорт беру және қазақ халқының азықтық қажеттілігіне астық сатып алуға рұқсат ету туралы өтінішіне орай шекаралық комиссия 1819 жылы қазанда Орынбор әскери губернаторына ұсыныс жасады, оның 29 сәуірдегі №178 рұқсатына сәйкес старшын Қарауылқожа Сіз басқаратын Ордада астықты көтерме сатумен заңды негізде айналыса алады, яғни ол гильдияға жазылып, я болмаса тиісті мекемеден 1812 жылы 11 ақпандағы манифестпен бекітілген куәлік алуы тиіс. Манифестің тармақтарында көрсетілген:

§ 8. Ол куәлік жыл сайын ауыстырылып тұрады.

§ 9. Куәлік берілген сайын мынадай мөлшерде алым алынады:

1) тек іште ғана емес, биржада да жалпы көтерме сауда жасағысы келген адам екі мың бес жүз рубль төлейді.

2) Көтерме саудамен тек империя ішінде айналысамын деген адам мың рубль төлейді.

Шекаралық комиссия сізге жоғарыда айтылғанның барлығын старшын Қарауылқожа жеткізуді тапсырады [63, с. 213].

Қарауылқожа Бабажановқа әскери губернатор астықпен көтерме сауда жасау құқықын берді, алайда бір шартпен, яғни гильдияға жазылу немесе қажетті жерден манифест орнатқан куәлік алу арқылы еді. Міне, осылайша хан сарайының жақыны Қарауылқожа сияқты көпестер жоғары бағамен тауар сатып, жергілікті халықты қанады.

Міне, осы Қарауылқожа секілді ірі шонжарлардың өзі де отаршылдық сауда жүргізген. Соның салдарынан қазақтар қыспаққа түскен, яғни, халықты ауыр күйзеліске ұшыратқан сауда әрі өсімқор капиталдың езгісі мен қанауы болатын [28, с. 22].

Жәңгір ханның өзі сауданы хан сарайының пайда көзінің біріне айналдырды. Сырттан келетін көпестердің ішінде ханның өз адамдары болды. Оларды «ханның комиссионерлері» деп атайтын. Олар ханға қажетті тауарларды жеткізіп тұрды да, осы үшін ханнан ақшалай өтемақы алып тұрды және сондай-ақ Орда ішінде еш кедергісіз өз саудасын жүргізу құқығына ие болды. Хан приказчигі Тругустан Байзаковтың өз кезегінде көшпенді ауылдарға барып, сауда жасайтын адамдары болды [37, с. 79].

Жәңгір ханның өзі Исмаилов, Портнов сияқты орыс көпестерімен тығыз байланыста болды. Ал олар сол кездегі тек Бөкей Ордасындағы ғана емес, сонымен қатар, Ресейде де үлкен сауда жүргізген жандар еді. 1841 жылы 24 наурызда ІІ гильдия көпесі Степан Кротов Ордада өз

фабрикасының өнімін сатып, ханнан оны қолдау, қамқоршы болуды өтінеді [120, 10 п.]. Пенза губерниясындағы фабрика иесі Варвара Гоббс 1841 жылы өзінің хатында ханнан өзінің жүн айырбастау үшін жіберген адамдарына қамқоршы болуын сұрайды [121, 15 п.].

1824 жылы Ішкі Орданың ханы Жәңгір көпес Степан Бондаревке Ордада сауда істеуге куәлік береді. Онда былай делінеді: «Көпес Степан Бондаревке және оның приказчиктеріне қалағанынша Ресейден әкелген өзінің тауарын сатуға және қарызға беруге рұқсат етемін. Бондарев және оның приказчиктерінен алынған қарыз әділ төленуі керек. Ал олай болмаған жағдайда Бондаревтің арызы бойынша старшындар мен рубасылары, қарызгерлер немесе олардың балалары, әлде туыстары қандай да болмасын әдіс-амалмен қарызды өтеуге міндетті» [80, 101 п.]

Мұндай куәлік беру арқылы ханның көпеске қолдау көрсетуі – Ішкі Ордадағы қазақтарды көпестердің тонауына алып келді. Саудагер Бондарев тауарларын қойларға айырбастап, көбінесе қойды көктемге дейін қазақтарға қалдырып, көктемде қозысымен бірге алды. Ал, кейде саудагер айырбасталған қойды қазақтарға бір аптаға қалдырып, кейін оған баруды «ұмытып», ақырында қазақтардың қарыз пайызы өсе түсті.

1841 жылы 1 тамызда могилевтік I гильдия көпесі Шмерка Беркович Белинский Жәңгір ханға Ішкі Ордада сауда компаниясын құру туралы өтінішін жаза отырып, көптен бері толғандырып жүрген өз ойымен бөліседі. Көп жылдар бойы ірі көлемдегі сауда ісімен айналысып жүрген Шмерка Беркович Ішкі Қазақ Ордасында сауда ісін берік орнықтыру арқылы оған өзінің тигізетін пайдасын баяндайды. Бұл пайданың екі жағы болған – біріншіден, алуан түрлі, әр саладағы жергілікті өнімдерді сыртқа шығарып сату болса, екіншіден, ордалықтарға қажетті ресейлік және шетелдік фабрикалардың тауарлары мен өнімдерді дер кезінде жеткізу мәселесі болған [63, с. 392]. Шмерка Берковичтің бұл ұсыныстары сол кезеңдегі қоғам үшін тиімді әрі ыңғайлы еді.

Ел ішіндегі сауда ісін дамыту мен оны елге таратуға деген хан Жәңгірдің үлкен қамқорлығына ие болған Шмерка Беркович ханды түрлі істерімен сендіре білген.

Сауда ісін ұйымдастыруда хан Жәңгірдің қолдауын алған компания өз мұқтаждықтарын әрдайым ұсыныс түрінде ескертпемен мәлімдеп отырған. Мәселен, Ішкі Орда ішінде алуан түрлі ордалық өнімдерді сатып алып, сондай-ақ ордалық тұрғындарға қажетті сан алуан тауарларды сатумен айналысатын компания құрылғандығын халыққа жарнамалап отырған. Ханның рұқсатымен компанияның сауда істеріне байланысты Орда жеріне келетін не кететін тұлғаларға хан қарамағындағы қазақтардан немесе казак жасағынан жолсеріктер беріліп, оларды қорғау ісі ұйымдастырылған. Жергілікті жерлер қауіпсіз

болғанымен, бұл шара Ресей ішінде болатын қауіптің алдын алу мақсатында қолданылған. Ханға тиесілі алуан түрлі жергілікті тауар өнімдерінің сатылымын, ең алдымен, серіктестік (компания) ұйыдастырған. Серіктестік оларды не өздері сатып алған, не өзге көпестерге ұсынған. Егер серіктестік пен өзге саудагерлер ұсынған баға бірдей болған кезде тауарларды алдымен серіктестікке берген. Жәңгір өзі рұқсат ете отырып, қарызға кірген қазақтардың барлық қарыздарының жауапкершілігін өз мойнына алған. Компанияға қажетті орындардың құрылысын хан өз жауапкершілігіне алып отырған. Оларға саудагерлер мен олардың қызметкерлері үшін амбары бар тұрғын үйлер, қора мен атқоралар, тастан қаланып, төбесі темірмен жабылған дүкендер, тауарлар мен астық қоймаларына арналған лавкалар, тері кептіретін ағаш үйлер кірген. Бірақ компания бұларды жалдағаны үшін келісімді төлем төлеп отырған. Хан компанияның талабы бойынша қалаған жерінен, өз есебінен, қазақтардың жерінде май қайнататын зауыт салып беруді қолдаған. Сонымен қатар, сатып алынған малдың қазақ жерінде ақысыз тегін жайылуына рұқсат беріліп, арнайы серіктестікке бес атты қарауылшы бөлінген [63, с. 393]. Орда халқына орасан зор пайда, молшылық, бақ-дәулет әкелуге талпынған серіктестіктің ұсыныстарын хан толықтай қолдап отырған.

1841 жылы 1 тамызда Жәңгір хан могилевтік I гильдия көпесі Шмерка Беркович Белинскийге Ішкі Ордада сауда компаниясын құрудың шарттарына жауап берген. Онда хан Орда қазақтарының тұрмыс-тіршілігін жақсартудың барлық мүмкін әдіс-амалдарын табу жолында ерекше еңбектерін ықыласпен қолдап, қазақ халқының арасында орыс өнеркәсібі мен фабрикаларының өнімдерін тарату ісіне оң қолдауын білдіре отырып, Шмерка Берковичтің өтінішіне Орда жерінде ауқымды көлемде сауда ісін ұйымдастыруға келісім беріп, ханға сенім артқанына ризашылық білдірген [63, с. 393].

Сөйтіп Шмерка Берковичке қажет болған жағдайда ойына алған жоспарларды толықтай түрде жүзеге асыруына рұқсат еткен.

Сонымен қатар Жәңгір хан қазақтардың алатын қарыздарын өз мойнына толықтай алған. Бұл туралы компания ханға әркез жазба мәлімет жасап тұрған. Компанияға қажетті барлық нысандардың құрылысын Жәңгір хан өз есебінен төлеген. Құрылыс нысандарының жобасын алдын ала компания ұсынған, кейін хан мақұлдаған жоспарларды компания толықтай іске асырып отырған. Хан Жәңгір компаниядан жалпы ережелерді ұстануда жергілікті саудагерлермен тең дәрежеде болуды талап еткен. Қазақтардың тауарлар үшін қарызын уақытылы өтеу туралы өзге көпестерге берген ханның кепілдігі өзгеріссіз қалған. Компанияның қызмет істеу уақыты мен оған салынып берілген құрылыс нысандарын жалдау өтемақысының мөлшерін хан ерекше формадағы келісім жасау арқылы анықтаған [63, с. 394]. Компания мен оның жүргізетін саудасын хан өзінің ерекше

қамқорлығына алып, оған бар мүмкіндігін пайдаланып қолдаған және бұл ұнамды іс екенін жазба хат арқылы білдірген.

Сонымен Жәңгір хан могилевтік I гильдия көпесі Шмерка Беркович Белинскийге Орда жерінде еркін сауда істеуіне әрқашанда қолдау көрсетіп отырған. Шмерка Беркович Белинский Орда жерінде сауда компаниясын құру арқылы ресейлік тауарларды әкеліп мол пайда тапқан. Сонымен бірге Орда жерінен май қайнататын зауыт салуды да көздеген [122].

Хандық жеріндегі саудада мал мен оның шикізатын «алыпсатарға» да, өсімқор саудагерден несиеге тауар сатып алу да, зауыт-фабрика өнімдеріне мал мен оның шикізатын айырбастау да қатар дамыды. Ақша эквиваленті жетіспеушілігінен шыққан мұндай сауда жасау түрлері XIX ғасырдың екінші ширегінде хандықта кеңінен орын алып, тауар-ақша қатынасының дамуындағы өтпелі кезеңді қамтыды. Ақша эквивалентінің жетіспеушілігінен туындаған айырбас сауда отаршылдық сауданың үстемдігін көрсетіп тұрды [50, 16 б.].

А. Еврейнов өз еңбегінде: «Хан ставкасындағы жәрмеңке кезінде халық саны өте көп болады. Таң атқаннан кеш батқанға дейін айқай-шу. Жүздеген әр түрлі көрініс. Мына жерде Қазан татары қазақтың көңілін тауып, алдап-арбап, әлдебір затын қымбатқа сатады, ана жерде армян сатып алушыға он шақты халат көрсетіп, оған мейірімді болып, ақырында құнын екі есе қымбатқа сатады. Мына жерде цыган қазақты алдап, жылқыны төмен бағаға сатып алып, неміске жылқыны өзі сатып алған сомадан екі есеге қымбатқа сатады. Міне, мысалы, екі қолын артына қойып, теңселіп бай келе жатыр. Ол он шақты жылқысын сатты, енді жібек халат пен бархат сатып алғысы келеді. Сол үшін ол бүкіл лавкаларды аралайды, сұрайды және қарайды, саудаласады, бірақ қымбат бағаға сатып алады», – деп жазады [11, с. 118].

1842 жылы 11 қарашада саудагер Мухаммед-Гали Хальфиннің Орынбор шекаралық комиссия төрағасы Г.Ф. Генске Жәңгір ханның саудагерлерге ақшалай салық енгізгені туралы айтқан мәлімдемесі мұрағат қорында сақтаулы. Дәл осы 1842 жылдың 11 қарашасында Орынбор шекаралық комиссиясына шақырылған саудагер Мухаммед-Галиден мынадай жауап алынған:

«Менің Ішкі Орда ханының ставкасында астық және түрлі қағаз тауарлар сатып, саудагерлікпен айналысқаным 16 жыл болды. Осы уақыт аралығында сауда істеу үшін ешкімге ешқашан да ақы төлеп көрген жоқпын. Тек соңғы 2 жылда хан саудамен айналысқаны үшін барлық саудагерлерден ақы ала бастады: дәулетіне, байлығына қарай біреуден – жылына 600, біреуден – 300 немесе 250 рубль. Осылардың кесірінен 8 адам кедейленіп, тақырға отырды. Бұл алым-салық жарияланған уақытта көптеген саудагерлер Ордадан көшіп кетуге ниеттенген болатын. Алайда олардың көбі Ордада үй салып, тұрақтанып қалды. Сондай-ақ, көбінің қазақтарға тауарлай берген

қарыздары бар. Осылардың салдарынан олар Орда жерінде қалып, хан талап еткен ақыны төлеуге мәжбүр болып отыр. Бұл айтылғандардың бәрі шындық бола тұрса да, мен ханның үстінен арыздап отырған жоқпын. Мұның бәрін ұлы мәртебелім сұрағандықтан, оған жауап ретінде айтып отырмын» [123, 22 п.].

Бұдан Ресей көпестерінің Орда жерінде сауда жасағаны үшін салық төлеуден бас тартқанын, сонымен бірге бөкейлік қазақтардың бұл көпестерге қарызгер болғанын байқаймыз. Сондай-ақ, Хан Ордасы тұрғындарының келімсек саудагерлер есебінен көбейгендігі де анық аңғарылады. Олардың үй салып, ұзақ мерзімге қазақтар арасында тұрақтап қалуы патша үкіметі тарапынан да, жергілікті билік өкілдері тарапынан да қолдау тапқан. Қазақтардың көп мөлшерде қарыздануы да саудагерлердің өз ісін жалғастыруына еш кедергі келтірмеді. Себебі жат жұрттық алыпсатарлар өз ісінде ұтылмаған болатын.

Ішкі Ордаға саудагерлер негізінен төмен сапалы тауарлар әкелді, бұл отаршылдық сауданың сипатының бірі еді. Жәңгір хан өзінің хатында былай деп жазады: «Менің байқағанымдай, орыс көпестері мен саудагерлері өздерінің арзан және сапасыз мануфактуралық және фабрикалық өнімдерін әкеліп, оны ордалықтарға қымбат бағаға сатады және ордалықтардың бағасы арзан өнімдерін тұтынады, олар: тері, түйе жүні, аң терісі және т.б. Фабрикада 30 тиын тұратын сапасыз матаны қазақтарға 60 тиынға сатты. Бұл мата көп ұзамай жыртылып қалады, байғұс қазақ оны тағы сатып алуға мәжбүр» [32, с. 102]. Тіпті, сапасы төмен сорттағы қант та әдейі Бөкей Ордасына әкелініп сатылды. Тауарларын арқалаған көпес қайда келсе, сол жерде арақ та болады. Бірақ жәрмеңкеде арақ сатуға рұқсат берілмеді. Жәрмеңкеге келген көпестер және ставкадағы саудагерлер арақты жасырын түрде әкеліп, сатып жүрді.

Сонымен бірге, шойын қазан қымбат аң терісіне айырбасталды, соның өзінде шеңберінің әрбір 22 сантиметрі үшін бір түлкіден немесе 4 қарсақтан немесе тұлыптық ең жақсы 3-5 теріден алды. Мұндай айырбас жағдайында салмағы салмағы бір пұт, шеңбері 2 метрдей болатын қазанның бағасы ақшаға шаққанда 50 сомға жуықтады, ал сол қазан Ирбит жәрмеңкесінде 2 сом 70 тиынға сатылды. Осының өзі көпестердің пайдасының мөлшері туралы түсінік береді [37, с. 81].

Тағы бір мысал, орыс саудагері 5 тиын тұратын шыт матаны 30 тиынға сатты, ал сапасы нашар мақпал қойдың жарты етіне сатылды, яғни қазақ бұл матаның 1 аршыны үшін күміспен 1 сом төледі, ағаш ыдыс қойға, яғни 1 сомға сатылды.

Сонымен қатар, саудагерлер Хан ставкасындағы жәрмеңкелерде сатылған қант, жүн, астыққа түрлі қоспалар қосу арқылы азық-түліктің салмағын көбейтті [124, 19 п.]. Осылайша қазақтарды алдап-арбап отырды.

Қазақтарды саудада қанаудың күшейгені сондай, ұсақ саудамен

айналысқан көпестер аз жылдың ішінде ірі саудагерге айналып, табыстары миллионға дейін жетіп отырды. Мәселен, Астрахан көпесі Д. Измайлов тек қана саудасын бастаған хандық жеріндегі 1817 жылдың өзінде ғана 250000 сом таза пайда түсіріп, жалпы капиталы 1195000 сом болған. Мұндай пайданы 22 жыл хан болған Жәңгір де таба алмаған [53, 218 б.].

Мұны астрахандық II гильдия көпесі Давид Измайловтың Статтық кеңесші кавалер Остолоповқа жазған өтінішінен анық байқаймыз. Д. Измайлов 20 жасқа толғанға дейін далада болған. 1792 жылы көпестуысы оны Астраханға шақырып алады. Кейін оның қолында болып, қызмет атқарған. Оның дүниеден өткеніне бес жыл толғанда, 1797 жылы оның артында қалған 22 мың рубль капиталы мен Мәскеу көпесі Василий Жигаревтың 100 мың рубльдік тауарына оның балаларының қалауымен ие болған. Сол уақыттан 1816 жылға дейін өз балаларымен бірге ол капиталды 1600000 рубльге жеткізген. Сол кезде 500000 рубльдей шығыннан өзгелермен бөліске түскен капиталдан 400000 рубльге дейін алуы тиіс болатын. Оның орнына оған ақшамен 64000 рубль, қарыздық актілермен 122000 рубль берілді. Бұл қарыздарды ол әлі алған жоқ еді. Сондықтан 1817 жылдың басында өз капиталымен саудаға кірісті. Мәскеу мен өзге қалалардағы саудада коммерциялық тұлғалардың несиесін де пайдаланды. Саудасының өрлегені сондай, сол 1817 жылы қолындағы капиталы 1195000 рубльге жетті. Оның 896000 рублі қарызы болды. Сол кездегі дүние-мүлкі 250000 рубль болды. Бұл сома 1819 жылы 442000 рубльге жетті. Алайда саудалық жағдайының өзгеруіне байланысты 1820 жылы жібек сатудан шығынға ұшырап, оның дүние-мүлкі 230000 рубльді ғана құрады. 1822 жылдың басында жоғары мәртебелі император Александр I көпестерді қолдау үшін және жалпы мемлекетке пайда келтіру үшін Астраханьда Мемлекеттік Коммерциялық банк ашқан кезде, осы банктің көмегі тиер деген үмітпен ссуда алып, тауарын көбейтті [73, 25 п.].

Бұдан Д. Измайловтың ірі көпестің бірі болғанын көреміз.

Ал, III-ші гильдия көпесі Д.В. Медведев Хан ставкасында оның құрылған уақытынан бергі уақыт аралығында сауда ісіне тек 30 рубльмен ғана кірісіп, 20 жыл ішінде оны 25000 рубльге жеткізген [37, с. 81].

XIX ғасырдың орта тұсына қарай қазақтардың экономикалық өмірінде жаңа әлеуметтік топ – байлар маңызды роль атқара бастады. Бұл орайда «бай» деген термин арқылы қазақтар бұрын қандай да болсын бай феодалды атағанын есте ұстау керек. Қарастырылып отырған кезеңде «бай» деген сөз басқа бір әлеуметтік мән-мағынаға ие болған. Байлар сауда мен өсімқорлық ақшаға қатысты істердің дамуына байланысты ерекше қоғамдық топ болып қалыптасты. Қазақтар арасында ірі саудалық және өсімқорлық істермен айналысқан бірсыпыра бай феодалдар пайда болды [125, 108 б.].

Сонымен бірге бай-феодалдар керуен саудасымен айналысты. Кейде бай-феодалдардың өздері керуенбасы болып, қазақ даласында сауда-саттық жүргізді, бірақ олар көбінесе өз түйелерін қарапайым қазақтарға уақытша беріп, бұл үшін олардан белгілі мөлшерде ақы алды. Бай феодал керуен саудасына өз түйелерін бергені үшін ақыны ақшамен немесе тауармен алған.

Сонымен, феодалдық құрылыстың қойнауында пайда болған әлеуметтік топ – байлар – қазақтардың экономикалық өміріндегі жаңа құбылыс еді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бай-феодалдар тауар-ақша істерімен, бірінші кезекте өсімқорлық ісімен тығыз байланысты болды. Рас, XIX ғасырдың алғашқы жылдарында олар қазақтардың қоғамдық құрылысына әлі елеулі ықпал ете қоймаған еді. Бұл түсінікті де, өйткені ескі өндіріс әдісінің бастаулары негізінен алғанда өзгеріссіз қалған. Алайда, осыған қарамастан байлар айналысқан істің дамуы Қазақстанда тауар өндірісінің пайда болғандығын көрсетті [125, 108 б.].

Алайда Жәңгір хан билігі тұсындағы сауда-саттықтың тек жағымды жақтары болды деп кесу айту қиын. Бұл арада мәселенің екінші жағын да ескеруіміз керек. 1836-1838 жылдардағы, 1841-1842 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыс пен халық толқуы Ішкі Орданың соңғы ханы жүргізген мемлекеттік саясатқа қарсы бағытталғаны белгілі. Осы тақырып төңірегінде көптеген зерттеулер жариялануы себепті қайталап жазуды жөн көрмей, тек сауда қатынастарының ықпалын саралап өтеміз. Біріншіден, Хан ставкасында ашылған жәрмеңке нәтижесінде елде өзге ұлт өкілдері, соның ішінде татар саудагерлері, молдалары көбейді. Ел билеушісінің оларға деген ерекше ілтипаты, ханның қолдауына ие болған жат-жұрттықтардың озбырлығы халықты ашындырмай қоймады. Екіншіден, Жәңгір Бөкейұлының зекет пен соғымды ақшалай жинауға, ол үшін қара халықты малдарын жәрмеңкеде сатуға мәжбүрлеуі көпшіліктің мүддесінен шыға қоймады. Әсіресе шалғайда орналасқан көшпелілерге малдарын Хан Ордасына әкелгеннен гөрі көрші халықтармен шекаралас аймақта оналасқан жәрмеңкелерде сатқан әлдеқайда тиімді еді. Үшіншіден, елдегі бай-сұлтандардың, ханға жағынған старшындардың ашық озбырлығы, жәрмеңкеге әкелген кедейлердің малдарын тартып алуы халықты бейжай қалдырмады. Осы себептердің барлығы қалың бұқараның ашу-ызасын туғызып, қолдарына қару ұстатты. Беріш руының старшындары Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтың соңынан ерген халық өз қадамдарына сенімді болды.

Бөкей Ордасында ашылған жәрмеңкенің тағы бір тиімсіз тұсы табиғи дағдарыстың басталуынан көрінді. Хан Ордасы маңында жиналған саудагерлердің басты табысы натуралды түрде болғандықтан төрт түлік малдың көптеп шоғырлануы заңдылық еді [88, 11-14 пп.]. Табын-табын болып жайылған мал өсімдік фаунасына нұқсан келтіріп, қажетті азық қорының қалыптасуына мүмкіндік

бермеді. Сол себепті Ставка жанындағы жайылыстар біртіндеп тақырланып, сусымалы құмдарға айнала бастады. Онсыз да табиғи-географиялық жағдайы бойынша жұтаңдау аймақ саналатын Ішкі Ордада ХІХ ғасырдың ортасында табиғи-шаруашылық дағдарыс айқын көрініс тапты.

Жалпы айтқанда Ресей үкіметі Бөкей Ордасын арзан шикізат көзіне айналдырды. Жоғарыда айтып кеткендей, Ресей саудагерлерінің әкелген тауарлары өте сапасыз еді, ал хиуалық саудагерлердің тауарлары негізінен сапалы болатын. Сондықтан, Ресей үкіметі өздерінің бәсекелесі хиуалық саудагерлердің Бөкей Ордасына келіп, сауда істеуіне тыйым салған еді [126, с. 128].

Сонымен, Қазақстандағы сауда ісі отарлық сипатта болды. Мұнда Ресейдің ішкі нарығында өтпей қалған, тұрып қалған төменгі сортты өнеркәсіп тауарлары тасылды [127, 3 б.]. Сауданың отарлық сипатта болғандығының тағы бір дәлелі – бұл тауарлар жергілікті тұрғындарға жоғары бағамен сатылды [128, 260 б.]. Сауданың ресми саясатының арқасында көпестер қазақтармен арадағы саудадан ірі пайда тауып, тез арада байып отырды. Үкіметтік органдар жергілікті тұрғындар мүддесін қорғап, оларды алдаудан, отарлаушы саудагерлердің тарапынан, болатын алдаушылықтан қорғаудың орнына, бұған өздері де бірге араласты.

Сауданың отарлаушылық сипатта болуының тағы бір айғағы – орыс және өзге де көпестер сататын тауарлардың бағасының жалпы өсуі мен осы кезеңдегі мал және мал шаруашылығы өнімдерінің бағасын қолдап тежеп, ұстаудан да көрініс тапты [56, с. 170]. Бұл саясат түсінікті де еді. Өйткені Ресей империясы Ішкі Орда құрылғаннан бастап -ақ өз мақсаттарын, экономикалық мүдделерін айқындап алды. Қазақтар Астрахань аймағында қоныс тепкен қалмақ, татар, түрікмен, казак халықтары секілді Ресейдің ішкі рыногын арзан шикізат көзімен байытатын отар елге айналды.

Қазақстандағы сауда саясаты патша үкіметінің шалғай отарланған аймақтарындағы экономикалық саясатының құрамдас бір бөлшегі еді [45, 113 б.]. Оның кейбір ерекшеліктері патша үкіметінің қазақ даласында кездестірген жағдайларына байланысты туындады. Қазақстан осы кезде малға бай, бірақ өз өнеркәсібімен мен астығы жоқ ел еді. Сондықтан да ол орыс астығы мен өнеркәсіп тауарлары, мануфактуралық тауарлар үшін таптырмас нарық көзі болатын. Сонымен қатар, бұл аймақ тұрғындарының да сауда саласынан бейхабар, қараңғы болуы да алдау-арбауға толы сауда операцияларын жүргізуге оңтайлы жағдай жасады. Қазақстанның материалдық ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған сауда саясатын жүзеге асыру кезінде патша үкіметі ортаазиялық хандықтардың Қазақстандық нарықтағы бәсекелестігімен күресуге мәжбүр болды. Алайда Қазақстанның саяси бодандығы мен саяси



бағыныштылығының өсуімен қатар орыс мемлекетінің сауда саясатындағы монополиялық дәрежесі де одан әрі күшейе түсті [112, с. 265].

Қорыта айтқанда, Бөкей хандығының экономикалық жағдайындағы сауда-саттық дамуының өз жетістіктері мен қарама-қайшылықтары көп еді. Сауда ісінің жетістіктері, негізінен, хандықтағы жәрмеңкелердің ашылуы, қазақтардың саудаға тартылып, олардың арасынан ірі көпестердің шығуынан көрініс тапты. Сонымен бірге, хандықта көптеген үйлердің тұрғызылып, өзендерге арнайы мамандардың көмегімен бөгеттер салынып, мәдениеттің дамуын да жетістіктерге жатқыза аламыз. Ал қарама-қайшылықтар туралы айтсақ, бұл – қазақтар арасындағы қарызгерліктің пайда болуы, айырбас саудасындағы ақша эквивалентінің жетіспеуіне байланысты тең емес сауданың дамуы еді. Яғни, бір сөзбен айтқанда сауданың отаршылдық сипатта жүргізілуі болатын.

## **2 БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ САУДА-САТТЫҚ ІСІНІҢ ДАМУЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ)**

### **2.1 Бөкей Ордадағы сауда қатынастарының кеңеюі және өлкенің бүкілресейлік рынокқа тартылуы**

Бөкей Ордасындағы сауда-саттық жағдайы көшпенді қазақтардың әл-ауқаттылығына тікелей тәуелді болды, ал қазақтардың ауқаттылығы мал шаруашылығының дамуына байланысты анықталатын. Сол себепті қазақтардың сатып алу қабілеттілігі мал

санына байланысты болатын. Ордадағы сауда-саттық, әдетте, қазақтардың малына жайлы болған жылдары шарықтап дамиды да, ал жұт жылдары күрт төмендейтін. Әсіресе, жұтқа душар болған қазақтардың көпшілігі малының төрттен бірінен айырылған 1852 жылы сауда айналымы мүлде нашарлады. Мал шаруашылығы деңгейінің төмендеуі сауда-саттық ісінің тоқырауына алып келді.

Ордадағы сауда айналымының төмендеуі 50-ші жылдардың аяғына дейін созылды. Ал XIX ғасырдың 60-шы жылдарының басында сауда ісінің қайта жандануы байқалады. Бұл кезде қазақтардың мал шаруашылығы 1852 жылғы жұттан біраз айыққан еді. Сауданың жандануы 1858 жылы таратылған Уақытша Үкіметтің қазақ құрамының орыс шенеуніктерімен алмастырылуымен тығыз байланысты. Осының салдарынан Орда жерінде орыс көпестерінің саудасы жанданды, себебі патша шенеуніктерінен тұратын Кеңестің жаңа құрамы Ордадағы сауда дамуын барынша қолдауға тырысты [32, с. 101].

Қазақ халқы жәрмеңкеде мал және оның өнімдерін сатудан 863316 күміс сом пайда тауып, ал өндіріс тауарларын және астық сатып алуға 297411 сом, яғни тапқан пайдасының 1/3 бөлігін жұмсаған, бірақ барлық уақытта бұлай болмайтын, кей жылдары шығын кіріс көлемінен асып кететін [79, с. 30].

50-ші жылдары Ордадағы жәрмеңке кезінде сұлтандар лавкалардан және киіз үйлерден қаржы жинап, оны арнайы кітапқа жазып, жәрмеңке біткен соң, жиналған қаржының көлемі туралы Уақытша кеңеске мәлімет беруі тиіс болатын. Ал Уақытша Кеңес бұл үдерісті қатаң бақылауда ұстап, жәрмеңке біткен соң, жиналған қаржыны хан мұрагерлеріне тапсырып, ал арнайы кітапты шекаралық комиссияға өткізуі тиіс болды [129, 3 п.].

В.Ф. Шахматов өз еңбегінде былай дейді: «50-ші жылдары Хан ставкасы үлкен сауда орнына айналды және бұл жердің тұрғындары негізінен хан сарайына жақын отбасылар, саудагерлер, алыпсатарлар мен тағы басқалар еді» [31, с. 79].

«100 астрахандық әскери казакты есептемегенде мұнда 24 орал казагымен қоса барлығы 400-ге дейін адам тұрды. Бұлардың барлығы саудамен айналысты», – деп жазады А. Еврейнов [11, с. 103].

1850 жылғы Бөкей Ордасының Хан ставкасындағы көктемгі жәрмеңкеде көптеген мануфактуралық тауарлар сатылды. Бұл тауарлар төмендегідей болған:

Кесте 8 - 1850 жылғы Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі сатылған тауарлар [130, 18 п.]

Саудагерлердің әкелген	Әкелінген тауардың	Сатылған тауардың құны
------------------------	--------------------	------------------------

тауарлары	құны	
Жібек өнімдері	41700 рубль	43763 рубль
Қағаз өнімдері	628745 рубль	565458 рубль
Мата түрлері	11250 рубль	2345рубль
Астық өнімдері	3980 рубль	Пұтына 4 рубльден- 5 рубльге дейін
Түйе жүні	9783 пұт	Пұтына 2 рубльден 2 рубль 50 тиынға дейін
Ешкі түбіті	863 пұт	Пұтына 4 рубльден 5 рубльге дейін
Темекі	518	85 тиыннан 1 рубль 15 тиынға дейін
Мануфактуралық бұйымдар	14420 рубль	10858 рубль

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, 1850 жылы Бөкей Ордасындағы Хан ставкасы жәрмеңкесіне саудагерлер көбіне жібек, қағаз, астық өнімдерін әкелген.

1850 жылы мал дәрігері Ольдекоптың Бөкей Ордасындағы күзгі жәрмеңкеге әкелінген және сатылған мал туралы мәліметінде былайша көрсетіледі: «1850 жылы көктемгі жәрмеңкеге жылқы – 850 басқа дейін, ірі қара – 11600 басқа дейін, қой малы – 70000 басқа дейін, түйе малы – 450 басқа дейін әкелінді. Олардың ішінде сатылғаны: жылқы – 687, ірі қара – 11531, қой – 64828 және түйе – 404 басы сатылды. Сонымен бірге, жылқы терісі – 1762 дана, түйе жүні – 270 дана, әр түрлі ұсақ тері – 644 дана, қой терісі – 5493 дана, түйе жүні – 9783, ешкі түбіті – 863 дана әкелініп сатылды [16, с. 23]. Сонымен қатар 1852 жылы күзгі жәрмеңкеге 14000 бас жылқы, 3 мың ірі қара, 70 мың қой малы әкелінген» [131, 83 п.].

Ал, 1851 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеге төмендегідей сомада мал мен тауарлар сатылды .

Кесте 9 - 1851 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеде сатылған мал құны [12, с. 167]

Түйе малы	15 рубльден -25 рубльге дейін
Жылқы малы	20 рубльден - 60 рубльге дейін
Бұқа малы	50 рубль
Ірі қара малы Қой малы	6 рубльден - 15 рубльге дейін 2 рубльден - 3 рубльге дейін

Кесте 10 - 1851 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеде сатылған тауар құны [12, с. 167]

Астық өнімдері	3 рубль 50 тиын
Кірпішті шай	1 рубль 46 тиын
Темір	Пұтына 2 күміс рубль
Түйе жүн	Пұтына 75-90 күміс тиын
Нанка	13-15күміс тиын
Мата	15 -25 күміс рубль

Бұл кестеден байқағанымыздай, жәрмеңкеге әкелінген жылқы малы, түйе малы, ірі қараның құны жоғары болған. Сондай-ақ, астық өнімдері, шай, темір бұйымдары әкелінген.

Сонымен бірге, 1854 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіне көп мөлшерде тұрмыстық заттар әкелінді, соның ішінде етік, кебіс, ішіктер көп әкелінді [132, 4 п.].

1856 жылы Хан ставкасындағы көктемгі жәрмеңкеге қазақтар 100 мың қой айдап әкелген, олардан түскен пайда жәрмеңкенің барлық түскен пайдасының жартысына жуығын құрады. Мал мен оның өнімдері толықтай сатылып алынатын, ал басқа жердің саудагерлерінің әкелген тауарларының 60-70 пайызы, ал астық – 100 пайыз сатылатын. Қазақ тұрғындары бұл жәрмеңкеде мал және оның өнімдерін сатудан 863316 күміс сома таза пайда түсірді. Қазақтар ақша жинауды үйреніп, салықты ақшалай төлеудің ұтымды жақтарын түсіне бастады [37, с. 73].

П. Медведский 1859 жылғы Ішкі Орда ставкасындағы жәрмеңке туралы мәліметінде былай дейді: «Ақпаннан сәуірге дейін көктемгі жәрмеңкеге байланысты Ставкаға ештеңе әкелінбейді. Ал, қар ерісімен-ақ, Ставкаға тауарларымен шаруалар келе бастайды. Сәуірдің аяғында жәрмеңкелік алаңда қазақтар қаптап кетеді. Мұнда Орда тауарын сатып алушылар да ағылады. Ордалықтар мен сатып алушылар арасында аудармашы ретінде орыс тілін білетін татарлар мен қазақтар болады. Мұнда олар Ордалықтардан шикізат сатып алып отырды» [14, с. 224].

Ол 1859 жылғы көктемгі жәрмеңкеде Ресей губернияларына сатылған мал өнімдері туралы төмендегідей мәлімет береді.

Кесте 11- 1859 жылғы Хан ставкасындағы жәрмеңкеге әкелінген мал өнімдерінің саны [14, с. 226]

Түйе терісі	220 дана
Жылқы терісі	9954 дана
Ешкі түбіті	851 дана
Қой терісі	2943 дана
Қоян терісі	1480 дана

Кесте 12 - 1859 жылғы Хан ставкасындағы жәрмеңкеге әкелінген мал

өнімдерінің құны [14, с. 226]

Түйе терісі	4 рубль
Жылқы терісі	2 рубль
Қой терісі	2 рубль 30 тиын
Ешкі түбіті	1 рубль 50 тиын

Бұл кестедегі мәлімет бойынша, терінің құны төмен болған. Тауар тасымалы ыстық ауа райы кезінде жүргізілгендіктен, бұл тауардың сапасына кері әсерін тигізген, яғни терілер кеуіп, ескіріп кеткен.

Терілерді негізінен Қазан татарлары, Самара, Саратов, Астрахан губернияларының көпестері мен шаруалары, Дон казактары, ал түйенің жүнін Пемза, Саратов губернияларының зауыттары сатып алған.

Жәрмеңкеге Ресей көпестері әр губерниядан тауар әкелген. Қазақтарға шай, нан, темекі, қант, бояғыш химиялық заттар, жібек, т.б. заттар сатылған. Бұл мәліметтер Ордадағы сауданың жақсы дамып, тауарлар таңдауының мейлінше бай болғандығын дәлелдейді.

Ордадағы жәрмеңкеге бекітілген Астрахан казак әскерінің хорунжи Симонов 1858 жылы Ішкі Қырғыз Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңеске жазған мәлімдемесінде былай дейді: «Ішкі Қырғыз Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңеске былай деп мәлімдеймін: Ставкада осы кезге дейін өткен жәрмеңке сәтті аяқталды, оған қатысқан саудагерлер өз мекендеріне қайтты. Олардың тек аз бөлігі ғана әлі өзара есептесу мен кейбір сауда істері бойынша қалды. Жұмыстары біткен соң, өз мекендеріне оралады деп ойлаймын. Сонымен қатар, жәрмеңкенің өту барысында ешқандай шектен тыс оқиғалар болған жоқ» [133, 3 п.].

Бұдан XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей Ордасындағы сауда ісінің жоғары деңгейде жүргенін байқаймыз.

Сонымен бірге, XIX ғасырдың екінші жартысында да Хан ставкасы жәрмеңкесіне шеттен келген хиуалықтар мен түркімендердің сауда жасауына рұқсат етілмеді. Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңес өзінің Орынбор әскери губернаторына берген рапортында Ресей бодандығын қабылдамаған хиуалық Мамет Нияз Нұрниязовты 1860 жылы көктемгі жәрмеңкеге сауда жасауға жібермей, қайтадан кері қайтарып жібергенін, бұдан өзге оған ешқандай қысым көрсетілмегенін мәлімдейді. Ал Н. Нұрниязов өзінде сауда жасауға рұқсат ететін III гильдиялық көпес куәлігі бар екенін айтып шағымданған. Бірақ бұл куәлік оған Ордаға келіп, сауда жасауға құқық бермеген [134, 7 п.].

Азиялық Комитеттің жоғарыдан бекітілген 1868 жылдың 7 сәуіріндегі бабы Ресей бодандығын қабылдамаған азиаттарға Ішкі Ордаға кіруге тыйым салды. Міне, осы бап бойынша Н. Нұрниязовқа да кіруге тыйым салынған. Ал Нұрниязовтың шағымының себебі мынада:

бұған дейінгі жылдары ол қолында бар Астраханның III гильдиялық көпесі деген куәлігімен Ішкі Ордаға сауда жасауға еш кедергісіз келіп жүрген. Орда басшылығы тарапынан оған ешқандай шектеу қойылмаған. Енді өткен көктемдегі жәрмеңкеге келгенде одан Орда аумағынан кету талап етілген кезде, ол мұны ашық түрде қысымшылық деп бағалаған. Бұған қоса Кеңес мұндағы жәрмеңкеге бұрын да, қазір де Астраханда сауда жасап жүрген хиуалықтар, түркімендер, өзге де Ресей бодандығын қабылдамаған азиаттардың келіп жүргендігін ескертеді. Олар тек көпестік куәліктері ғана емес, Ішкі Ордаға келіп, орналасуға, сауда жасауға рұқсат беретін билеттерін де қоса ала келуші еді. Бұл билеттерді не Астрахан әкімшілігі береді, не Астрахан уездік Қазынашылығы береді. Бұл құжат тек Ресейдің ішкі қалаларына кіруге ғана рұқсат береді. Оны дұрыс түсінбеген азиаттар Ішкі Ордаға еніп кетеді де, күтпеген жерден кері қайтуға бұйрық алып, едәуір жол шығынына ұшырайды.

Мұндай түсінбестік жағдайлар орын алмас үшін Астрахан әкімшілігі Ішкі Ордаға кіруге рұқсат беретін билеттер беруді тоқтатуы тиіс. Ал олардың ішкі қалалар мен елді мекендерге кіруге беретін рұқсат билеттерін берер кезде азиаттарға мұның Ішкі Ордаға қатысы жоқ екенін түсіндіруі қажет [134, 8 п.].

Сөйтіп, Астрахан әкімшілігі хиуалықтар мен түркімендерге елді мекендерге кіруге рұқсат беретін арнайы билеттермен Ордаға кіруге тыйым салды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Орданы қайта құруға кіріскен Перовский II-ші теңіз округін құрады. Осылайша, старшындықтар аталатын әкімшілік-бірлестіктер пайда болды. Айталық, 1855 жылы құрылған Қамысты-Самар бөлімі Орал казак әскері жерімен, Таловка бөлімі Самара губерниясының Новоузенск уезімен, Торғын бөлімі Саратов губерниясымен, Қалмақ бөлімі Астрахан губерниясының Царевск уезімен, ал Нарын бөлімі хандықтың орталығында орналасып, басқа бөлім округтерінің қоршауында жатты. I-ші теңіз округі Каспийден солтүстікке қарай орналасқан, ал II-ші теңіз округі Астрахан губерниясының Краснояр уезімен шектеседі.

XIX ғасырдың екінші жартысында басталған бұл өзгерістерге жергілікті жұртшылық наразы болды. Бұл наразылықты қанағаттандырған Уақытша Кеңестің шешіміне сай Перовский реформасы сәтсіз деп танылды. Сөйтіп, 1862 жылы 8 қаңтарда Орда Ішкі істер министрлігіне қарады [53, 85 б.].

Тағы бір маңызды тұс – Бөкей Ордасында азық-түлік капиталы, несиелік касса және қазыналық кәсіпорыны да осы кезеңде ұйымдастырылды. Отаршылдық пиғылдан туған бұл мекемелер арқылы империяның қазақ жерін тәуелділікте ұстауға, оған тек сауда шикізатын өткізетін аумақ ретінде ғана қарауға мүмкіндік туғызылды. Ссудалық касса Хан ставкасында 1854 жылы ашылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында жүзеге асқан осынау істер нәтижесінде алым-салық жинау жүйесі реттеліп, ссудалық кассалар ұйымдастырылды.

Қазақтарға ссуда 3 айдан 1 жылға дейін куәлар көзінше міндеттеліп берілді. Қазақтар ссудалық кассаға үнемі қарыздар болып отырған. Жәңгір кезінде анық есеп-қисаптың болмауы, олардың жүйелі жүргізілмеуі хандықта алым-салық жүйесіне қатысты туындаған көп келеңсіз жағдайларды, зардапты салдарларды шығарған. Осы тұрғыдан келгенде, бұл саладағы істердің бір жүйеге келтірілуі және оның заңды сипатқа ие болуы – құптарлық бастама еді. Бөкей Ордасындағы байлық көлемін анықтауға, басқару штатын, алым-салық мөлшерін реттеуге мүмкіндік беретін оң өзгерістердің орнығуына жол ашты [53, 152 б.].

1874 жылы қазына капиталының тек мерзімсіз салынған көлемі 61320 сом болған, қазақтарға берген қарыз ақша 3893 сом 25 тиын 1190 сом 13 тиын пайызымен қоса қайтарылғанда 5083 сом 38 тиынды құраған. Мемлекеттік банкінің Астрахан бөлімшесіндегі 14977 сом 70 тиын алынып, кассаға мерзімсіз уақытқа салынған қаржыға 1363 сом 16 тиын пайыз қосылған. Осы көрсетілген барлық қаржыдан 1876 жылы халыққа 19835 сом 50 тиын несиеге беріліп, Уақытша Кеңес есепшісінің көмекшісіне 304 сом 92 тиын жалақы берілген. Уақытша Кеңестің жұмсауымен халық қажеті үшін жолсапарда болған қызметкерге 100 сом, Астрахандағы банк бөлімшелерінен ақша әкелгені үшін 35 сом 85 тиын қаржы жұмсалған. Нәтижесінде несиелік кассаның 1877 жылғы қаржылай қоры 5520 сом 89 тиын және мемлекеттік банкінің бөлімшесіне салынған мерзімсіз салынымдар кітапшасы бойынша 47669 сом 61 тиынды құраған [53, 152 б.].

1877 жылдың 1 қаңтарында қазақтардың өткен жылдан қалған қарызы 10572 сом 68 тиын болса, оның қосымша пайызы 4376 сом 4 тиын болса, 1876 жылғы қарыз көлемі 19835 сом 50 тиын болып, қазақтардың ссудалық кассаға жалпы қарызы 30408 сом 18 тиын, ал пайызы 4376 сом 4 тиын болған, ал ссудалық кассаның 1877 жылғы капитал қоры – 87974 сом 72 тиын құраған. Бұл қаржы сол жылдары халық қажетін өтеуге жеткілікті деп есептелген. Бірақ ссудалық кассадағы бұл қаржы капиталының халық қажетін өтеу үшін, қыс кезеңдеріндегі өте қиын уақыттарда жетіспейтіндігі анық байқалып отырған, сондықтан бұл үлкен зардапты жағдайға соғатындықтан, Уақытша Кеңес тарапынан үлкен алаңдаушылықтың туындауы заңды еді және мұны азық-түлік қорының ерекше түрін жасақтау туралы XIX ғасырдың 80-ші жылдарындағы есептерінде, қатынас қағаздарында үнемі көрсетіп отырған. Мұның дұрыстығын қазақтарға берілген жыл сайынғы мардымсыз қаржының уақытында қайтарылмай, пайыз қосылған қарызға енуі дәлелдейді. Бұдан қазақтардың қолындағы малының жергілікті жерде арзан бағаланатына және осыны білетін

татар саудагерлері XIX ғасырдың екінші ширегінде-ақ қазақ ауылдарын аралай жүріп, малды көптеп сатып алып, айдатып кететіндігі мал бағасына байланысты болатын. Сондықтан Жәңгір ханның жәрмеңкені ашуының қазақтар үшін тиімді болуының бір себебін осыдан көреміз. Жәрмеңкеде мал бағасының өскен себебі, қазақтар әкелген мал мен оның шикізаты үлкен сұранысқа ие болды [53, 153 б.].

1866 жылы Ішкі Орданың шаруашылық капиталы Ішкі істер министрлігінің кіріс сметасына қосылды. Ол Мемлекеттік кеңесте қаржы министрі мен мемлекеттік бақылаушының Ішкі орданың шаруашылық капиталы мен жәрмеңкелік кірісті мемлекеттік қазынашылықтың бақылауына беру туралы өзара хат жазысуының нәтижесінде мүмкін болды.

Мемлекеттік кеңестің шешімі бойынша 1866 жылдың 25 сәуіріндегі патшаның бекітуімен Ішкі ордадағы салық жалпы мемлекеттік кіріске жатқызылды. Сәйкесінше, Ішкі істер министрлігі тарапынан мынадай ережелері белгіленіп, бекітілді:

а) жәрмеңкедегі сауда орындары үшін алынатын 15 тиын көлеміндегі жалдама ақы Ішкі Ордадан тыс аймақтарға шығу үшін берілетін билеттерден жиналған қаржыны жалпы мемлекеттік кіріске жатқызылды. Осылайша, Ішкі істер министрлігінің қаржы сметасы арқылы патшаның 1862 жылғы 22 мамырындағы сметалық ережелері негізінде пайдалануға берілді.

б) Ішкі Орданың қалған кіріс түрлері мыналар еді. Яғни, ол ең алдымен хан ордасындағы жәрмеңкелік ауладан басқа жәрмеңке уақытында берілетін орындардан алынатын алым. Бұған қоса, таразы және моншадан түсетін төлемдер мен сырттан әкелінген малды сатудан алынатын алымдар. Олардың бәрі де ендігі жерде Ішкі Ордадағы жергілікті басқарудың қарамағына қалдырылып, оған Ішкі істер министрлігі салық пен кірістер жөніндегі сметалық ережелерінің баптары бойынша бақылау жасады [134, 12 п.].

Жоғарыда келтірілген деректерден Ресей империясының Ордадағы сауда ісіне белсене араласқанын, оны жергілікті билікті қаржыландыру мақсатында шебер пайдаланғанын анық байқаймыз. Патша үкіметіне орталық қазынадан ақша шығындағаннан гөрі қазақтарды өз қаржысы есебінен басқарған тиімді еді. Оған қоса сауда ісі Ресейдің ішкі губернияларынан арзан шикізат көзімен қамтамасыз етудегі басымдықтарын анықтап алды.

Сонымен бірге, Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңестің өзі Орда жәрмеңкесіндегі сауданы қолдап отырған. Уақытша Кеңестің Орынбор губернаторына жазған мәлімдемесінде Кеңес саудагерлерге сауда мақсатында қазақ ауылдарын еркін аралауға рұқсат ету төмендегідей жайттарға ұшыратады деп есептейді:

1) Жәрмеңкенің тауар мен кіріс айналымы дағдарысқа ұшырайды, себебі саудагерлерге қазақ ауылдарына еркін баруға рұқсат берген



кезде, саудагерлердің көбінде жәрмеңкеге баруға деген қажеттілік жойылар еді, яғни олар жәрмеңкеге барудың орнына тауарларын ауылдардың тікелей өздеріне апарып сатып, өзіне қажетті заттарды сол жерден-ақ тауып ала берер еді.

2) Жәрмеңкеге келер қазақтар санының азаюы жергілікті үкіметтің алым-салық жинау ісіне зор нұқсан келтіреді, себебі жиналатын жалпы салықтың үштен екісі жәрмеңкеде, әсіресе көктемгі жәрмеңкеде жиналатын. Жәрмеңкеге әрбір Ордалық, не оның отбасынан бір адам қатысар еді. Алым-салықты жәрмеңкеде жинау жергілікті билік үшін жеңіл әрі ыңғайлы болар еді, ал әр жерде шашырап жатқан ауылдардан алым-салық жинау бұл істі созып жіберер еді.

3) «Сауда мақсатында» деген атпен Орда ішінде татарлар мен өзге де азиаттардың еркін жүруі кереғар жағдай туғызады. Қазақтармен негізгі сауда жасаушылар Ішкі Орда шебінде, әсіресе Глининск форпостында тұратын казактар екені белгілі. Әсіресе олардың ішіндегі мұсылман дініндегі казактар еді. Ал өзгелері ордалықтармен, негізінен, татар приказчиктері арқылы саудаласады [135, 2 п.].

Бұл құжаттан Уақытша үкіметтің өзі бұл жәрмеңкелердегі сауданы қолдап отырғандығын байқаймыз. Өйткені, саудагерлердің Орданы аралап жүргенінен гөрі жәрмеңкелерге барып сауда жасағаны пайдалырақ еді. Өйткені алым-салықтың көбі осы жәрмеңкеден жиналды.

Енді Ордадағы сауда-саттықтың жандануы мен оның даму барысын сараптау үшін кейбір сандық деректер мен фактілер келтірейік.

Қазақтардың жәрмеңкелердегі мал мен мал шаруашылығы өнімдерін сату барысы туралы есептік мәлімет жасап, Орда жерінен мал айдап әкелуге, шикізат тасуға арнайы куәлік берумен айналысқан Бөкей Ордасының мал дәрігері Яковлевтің есебінде келтірілген деректерге сүйенсек, төмендегідей көрініске куә боламыз:

Хан ставкасы маңындағы көктемгі және күзгі жәрмеңкелерде 1861 жылы төмендегідей тауарлар сатылды: жылқы – 1049 бас, ірі қара – 15577 бас, қой – 67858 бас, түйе – 285 бас. Яковлевтің деректері бойынша «ірі қара, көбінесе, Мәскеуге, ал өзге мал түрлері Ресейдің басқа қалаларына жіберіліп отырған».

Сатылған тері өнімдері: жылқы терісі – 13308 дана, елтірі – 36375 дана, ірі қара – 2152 дана, бұзау терісі – 444 дана, қой терісі – 48056 дана, ешкі терісі – 6941 дана, түйе терісі – 1156 дана. Бұл терілер, Яковлевтің айтуынша, Царыцин, Камышин, Дубовка, Посад қалаларындағы былғары зауыттарына, ал бір бөлігі – ішкі Ресейге жөнелтіліп отырған, сатылған жүн өнімдері: түйе жүні – 14656 пұт, жабағы жүн – 305 пұт, ешкі түбіті – 698 пұт, жал мен құйрық – 90 пұтқа дейін, шөп – 620 пұт. Жүн Тамбов пен Саратов фабрикаларына, ешкі түбіті – Нижегород жәрмеңкесіне, жал мен құйрық – шетелге, ал май –

ішкі Ресейге жөнелтілген [136, 6 п.].

Бұл материалдан көріп тұрғанымыздай, Орда жәрмеңкелерінде мал мен мал шаруашылығы өнімдерінің қомақты көлемі сатылған. Ескере кететін бір жайт – шын мәнінде, Яковлевтің есебіндегі бұл саннан да көп мал сатылған болуы тиіс, себебі сатылған тауарлардың барлығын түгелдей дерлік ресми санаққа алу ол кезде мүмкін емес еді.

Ресей көпестері жәрмеңкелерге тауарды түрлі губерниялардан жеткізіп отырды. Қазақтарға сатылған тауарлар: нан, шай, қант, темекі-махорка, түрлі сорттағы сыр – бояулар, жібек, қағаз, лен, әшекейлік бұйымдар, темірден жасалған бұйымдар, түрлі ыдыстар, құс мамығы және т.б. құрылыс ағаштары, тақталар, киіз үйге қажетті шаңырақ пен уықтар, өзге де заттар.

Бұл деректер бізге Бөкей Ордасындағы сауданың қаншалықты дамып, мұндағы тауарлар түрлерінің қаншалықты кең болғандығынан көрініс береді. Бұл деректер, сондай-ақ, қазақтардың ішінде тауарлық-ақшалай қарым-қатынастың кең өріс алғанын көрсетеді.

Шынында да, тауарлық-ақшалық қарым-қатынастың қазақ бұқарасында кең етек жайғандығының тағы бір белгісі – қазақтардың мал шаруашылығы айқын тауарлық сипатқа ие болды. Уақыт өте келе, бұл сипат айқынырақ көріне бастады.

1862 жылғы Бөкей Ордасындағы жәрмеңкеде сауда ісі одан әрі дамыды. Осы жылғы малдың құны төмендегідей болған:

Кесте 13 - 1862 жылы Бөкей Ордасындағы жәрмеңкеде сатылған малдың жалпы құны [137, 12 п.]

Мал атауы	Саны	Малдың құны	Қайда жөнелтілді
Жылқы	1049	20 күміс рубльден – 60 күміс рубльге дейін	Ірі қара Мәскеуге және басқа да Ресейдің ішкі губернияларна жеткізілді.
Ірі қара	15577	10 күміс рубльден – 25 күміс рубльге дейін	
Қой	67858	2 күміс рубль 50 тиыннан – 6 күміс рубльге дейін	
Түйе	285	30 күміс рубльден – 50 күміс рубльге дейін	
Жылқы терісі	13308	2 күміс рубльден - 3 күміс рубльге дейін	
			Тері өнімдері

Тәйегүз терісі	2152	1 күміс рубль 50 тиыннан – 2 күміс рубль 50 тиынға дейін	Царыцин, Камышин және Ресейдің ішкі губернияларына жеткізілді.
Бұзау терісі	444	1 күміс рубльден – 1 күміс рубль 50 тиынға дейін	
Қой терісі	48056	30 күміс тиыннан- 55 күміс тиынға дейін	

Жоғарыдағы кестеден Бөкей Ордасындағы жәрмеңкеге:

1. Жылқы малы, ірі қара, қой малы, жылқы терісі, қой терісі, түйе жүні көп мөлшерде әкелінгендігін және құнының жоғары болғандығын,
2. Ірі қара Мәскеуге және басқа да губернияларға жөнелтілгендігін,
3. Тері өнімдерінің Ресейдің басқа да губернияларына сатылғандығын көреміз.

Жоғарыда Уақытша Кеңестің Ордадағы сауда ісінің дамуына өз үлесін қосқандығы туралы айтылды. Бұл жерде Уақытша Кеңестің сауда дамуына нақты қандай ықпал еткендігін айта кету қажет.

Өзінің қайтадан құрылған кезінен бастап-ақ Уақытша Кеңес сауданың дамуына қажетті жағдайлар туғызу бағытындағы іс-шараларды жүзеге асыра бастады: Орда жерінде сауда пункттері жүйесін кеңейтуге, тауар сақтау орындарының санын көбейтуге, ставкада жаңа сауда лавкалары құрылысына, қоғамдық монша, мейманхана және өзге инфрақұрылым нысандарын көбейтуге тырысты. Мысалы, 1861 жылдың 2 қыркүйегінде Камышин көпесі Добрынин Уақытша Кеңеспен станциялық моншалар тұрғызып, оларды 3 жылдық мерзімге ұстап тұру туралы келісім шартқа отырды [138, 91 п.].

Ал 1862 жылдың 16 қазанында II гильдиялы Дубовки көпестері Шитин мен Калашников Уақытша Кеңеспен кандицияға отырған. Онда олар: 1) Ставка мен жәрмеңкелердегі екі қонақ үйді жылына 350 рубльдік ақымен 4 жылдық мерзімге ұстап тұруға; 2) Ставка мен жәрмеңкелердегі таразыларды жылына 370 рубльдік ақы төлеп, 3 жылдық мерзімге ұстап тұруға; 3) Қазыналық ғимараттарды жылыту үшін 250 сажын отын жеткізіп тұруға міндеттенді [138, 126 п.].

Осы орайда Ордадағы қонақ үйлер ашу мәселесі туралы да айта кеткен жөн. Бұл мәселені Жәңгір хан сонау 1842 жылы көтерген болатын. Алайда мәселенің шешімі Орда аумағында спирттік ішімдіктердің сатылуына жол бермеу мақсатындағы дінбасылар наразылығынан соң едәуір кешеуілдеген болатын. Дінбасыларының қолданған іс-шараларына қарамастан, хан дүниеден өткен соң, Орда аумағында спирттік ішімдіктер сату өрістеп, араққа салыну етек алды.

Жасырып арақ сату, әсіресе, 50 жылдары кең өріс алған. Осының салдарынан Уақытша Кеңестің бұрынғы құрамы 1855 жылдың 11 шілдесінде Орынбор мен Самара генерал-губернаторына мәлімдеме жазады: «Қалың бұқара арасындағы мас болып, ішімдікке салынған казактарды, ставкадағы тұрғын шаруаларды, тіпті кедей қазақтарды көре отырып, біз Орда аумағына өзге тауарлармен қатар арақ та көп мөлшерде тасылып, белгілі бір жерлерде жасырын сатылатын болып тұр деген ойға келдік» [32, с. 102].

«Ставкада тұратын саудагерлер тек өздері пайдалану үшін деген сылтаумен таситын тауарларына қосып астықтан жасалатын шарап әкеліп жүр. Бір күмәнсіз жері – олар шарапты сатады, әрі келген қонақтарына ұсынады. Осының салдарынан ставкада ішімдікке салыну өршіп тұр» [138, 3 п.].

Қатаң тыйым салуға қарамастан, арақ Орда аумағына үздіксіз жеткізіліп тұрды. Уақытша Кеңестің жоғарыдағы баянатынан соң, Орынбор-Самара генерал-губернаторының басқармасы 1855 жылдың 24 қыркүйегінде Орда жерінде спирттік ішімдіктерді жасырын сатуға қатаң тыйым салу туралы үкім шығарды [138, 4 п.].

Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңес Орда ішінде сауда орнын кеңейту, монша, қонақ үйлер ұстау сияқты келісімшарттар жүргізген. 1863 жылдың 7 наурызындағы Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңес журналында жәрмеңкеге қатысты көп мәселелер тіркеліп отырған. Мәселен, 1863 жылдың 7 наурызда Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңесте түрлі әлеуметтік жағдайлар тыңдалған. Соның ішінде Орда тұрғыны Шишкиннің 1859 жылы 27 тамызынан бастап 1863 жылдың 27 тамызына дейін ставка ішіндегі және оның жанындағы жәрмеңкедегі қонақ үйді, яғни төрт жыл мерзімге ұстау құқығына ие болу келісімшарты қаралған. Шишкин 1861 жылдың 1 қыркүйегінен 1864 жылдың 1 қаңтарына дейінгі аралықта ставка ішінде және жәрмеңкеде үш жыл мерзімге өлшеуіш қондырғысын ұстау құқығына да ие болған [139, 93 п.]. Бұл да Кеңесте негізгі мәселердің бірі ретінде қаралған. Сонымен бірге Камышин тұрғыны Добрынин 1861 жылдың 2 қыркүйегінен 1864 жылдың 1 қаңтарында дейін ставка жанынан ашылған жәрмеңкеде ақылы монша ұстаған болатын. Бұның да келісім шарты мерзімінің аяқталуына байланысты қаралды. Жәрмеңкедегі қонақ үйді ұстау мерзімін сол кездегі акциздік ережелер мен жергілікті талаптарға сай жаңа мерзімге ауыстыру туралы Уақытша Кеңес желтоқсанның 4-де облыстық басқармаға өз ұсынысын жіберген, алайда ол рұқсат келмеген. Ол кезде Ставка мен оның жанындағы жәрмеңкедегі өлшеуіш қондырғылар мен ақылы монша ұстау туралы келісім шарт талаптары Орынбор және Самара генерал губернаторлығында шешіледі. Келісім-шарт талаптары сол уақыттағы заңдылықтарға сай жасалған. 1861 жылдың 23 наурызында 284-нөмірлі жарлықпен бұл келісім-шарт

кейінгі заңдарға қайшы келмегендіктен, яғни өз күшін жоймай, жаңа мерзімге, яғни 1864 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылғаны анықталды. Кеңесте Заңның 751-бабының II тарауының 2-бөліміне сәйкес Ішкі Орда қазақтарының жеріне сату мақсатында әкелінген ішімдікке тыйым салынған бұл талап 1861 жылдың 4 шілдесінде жоғарыдан бекітілген ішімдік туралы ережемен қайта пысықталады. Сонымен қатар, аталмыш ереженің 222-224 баптарына сәйкес, жүзім шарабынан алынатын арақ, сыраның барлық түрі және бал акцизге жатқызылған [139, 94 п.]. Сыра мен бал қайнату құқығына тек сауда куәліктері бар тұлғалар ие бола алған. Бекітілген патент алмаған тұлғаларға ішімдік жасауға, акцизге жататын спирттік өнім шығаруға, оларды сатуға рұқсат берілмеген. Сыра қайнату және бал қайнату зауыттары, ішімдік сату орындары, сондай-ақ трактирлер де барлығы түгелдей патент алған. Заңның 431-бабының, II тарауынан, 2-бөліміне сәйкес және ішімдік туралы ереженің 248-бабына сәйкес, ставка ішінде мейрамхана ұстаушы тұлғаларға өз мекемелерінде ешқандай спирттік ішімдік ұстауға рұқсат берілмеді. Сонымен қатар, ішімдік акцизін пайдаланып басқармадан патент алуға тыйым салына отырып, егер де жалға алушы көпес сословиесінен болмаса, ставка ішінде және жәрмеңкелерде ішімдік ішу орны бар мейрамханалар ұстауға, оларда Орда ішінде тыйым салынбаған жүзім шарабын, жеңіл сыра мен балды сатуға, оларды қайнатуға рұқсат етілмеген. Ішкі Орда ставкасы үкіметтің ерекше жарлығымен ерекшеленбегендіктен, бұл ережені қатаң орындау талабы барлығына бірдей болған. Ішкі Ордадағы мейманханалар жалдаушысымен жасалған келісім шарттар бойынша оған ром, коньяк секілді жүзім шарабынан жасалған ішімдіктер сатуға рұқсат етілген болса, енді Кеңестің шешімен бұл тұрғыдағы айрықша бұйрық келгенше, оған енді ішімдік сатуға тыйым салынған [139, 95 п.]. Сондықтан Кеңес ұсынған пікірге жауап келгенге дейін және мейманхана ұстау мерзімінің аяқталуына байланысты Кеңес ішінде сауда жүргізіп, мейманхана ұстау құқығын бір жыл мерзімге алуға тілек білдіруші, жоғарыда аталған заңдардың барлығына сәйкес іс жүргізуге келісім беруші тұлғалардың бәріне бірдей тәртіппен рұқсат етілген.

Сонымен аталған шарттарға келіскен Орда тұрғыны Шишкин 1859 жылы төрт жыл мерзімге қонақ үй ұстауға келісім-шартқа отырған. Ал Камышин тұрғыны Добрынин де 1861 жылы Ставка жанынан ашылған жәрмеңкеде ақылы монша ұстау құқығына ие болған. Қонақ үйлер ашылып, Орда аумағында спирттік ішімдіктер сатуға рұқсат берілгеннен кейін, көпестер Шитин мен Казетников төмендегі шарттармен Орда жерінде екі қонақ үйді ұстап тұруды өз міндеттеріне алып, қонақ үйлерде үстел, шай және кофе дайындап, Ресей мен шетелдің жүзім шараптарын, жеміс арағы – ром, арақ, ликер, астық арағын, бал, сыра сатуға құлшына кіріскен. Барлық ішімдіктер мен азық-түлікті еркін бағамен сатуға рұқсат еткеннен кейін, оның үстіне қонақ үйлердегі

уақытша тұрғындарға арналған ерекше ішімдіктерді сатып пайда көрген олар қонақ үйлерді ұстау міндеттерін өз мойындарына қуана алған [138, 92 п.].

Сөйтіп, қонақ үйлер қожайындары біртіндеп спирттік ішімдіктер сату ісін өз қолдарына алып, өзге саудагерлерге сатуға тыйым салды.

Осылайша, Орда жерінде хан билігі жойылғаннан кейін де сауда ісі одан әрі дами берді. Тауар-ақша қарым-қатынастары қазақ ауылдарына кең жайылды.

Хан дүниеден өткен соң, 1863 жылға дейін лавкаларды жалға беруден түсетін пайданы ханның мұрагерлері иеленіп келді. 1863 жылы жоғарыдан хан мұрагерлерінен жәрмеңке сарайынан түсетін кірісті пайдалану құқығын 110 000 рубльге сатып алу туралы бұйрық келді. Осы кезден бастап жәрмеңке істерін Уақытша Кеңес жүргізе бастады [89, с. 4].

Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңестің 1863 жылы Орынбор және Самара генерал губернаторына берген рапортына назар аударсақ: «Жоғары мәртебелім, осы тамыздың 21-дегі өкіміңізбен Орал әскери кеңсесінің барлық саудагерлерге, олардың ішінде қазақтар да бар, Ішкі Орда қазақтарының мекендеріне сауда мақсатында тауар алып баруға берген рұқсаты туралы менің қорытынды пікірімді талап еткен болатынсыз.

Қазіргі жергілікті жағдайға байланысты түрлі сауда істерін жандандыру мақсатында 1832 жылы жоғарыдан бекітілген Министрлер Комитетінің бұған тыйым салған бабын жою мүмкіндігі болар ма екен ?

Бұл мәселе бойынша Уақытша Кеңестің жазбаларында Орынбор басшылығы аталмыш тыйым салу шараларын енгізуге себепкер болған негіз табылған жоқ. Алайда Орынбор қазақтарының Облыстық басқармасы 1832 жылы Жәңгір хан генерал Г. Сухтеленнің сол жылғы 12 шілдеде 1224-ші нөмірмен берген Ордада жәрмеңке ашуға рұқсат ету туралы нұсқауын айта кетіп, жоғарыдан бекітілген Министрлер Комитетінің бабы бойынша әсіресе, бұхарлықтарға, хиуалықтарға сауда жасауға тыйым салынатындығын мәлім етеді [135, 3 п.].

Бұдан түсінікті болған жайт – жәрмеңкеге, яғни Ішкі Ордаға азиаттарды кіргізбеу, яғни сол арқылы олардың жергілікті қазақтарға тигізер кері әсерін жою. Ресейдің өзіне тиесілі ішкі рынокты қорықтай қоруы ХІХ ғасырдың екінші жартысында да жалғасын тапты. Жоғары билік пен жергілікті отарлаушы органдар арасында түрлі түсініспеушіліктер орын алғанымен сырттан келуші саудагерлерге қатысты ұстанған саясат біреу болып қала берді.

Сонымен қатар, аталмыш шара ел арасындағы жиі боп қалатын жағымсыз істердің алдын-алу мақсатында да жүргізілген десек қателеспейміз. Ол істердің қатарында қазақтардың дәрекілігін айта аламыз.

Егер Ордада тұрақты жәрмеңке ашу, саудагерлерге қазақ ауылдарына баруға тыйым салу ісі марқұм Жәңгір ханның тікелей ауызша немесе жазбаша ықпалымен жүзеге асқан деп есептесек, бұл жерде ханның ойында өз пайдасы тұрған секілді. Яғни, Ордадағы басты тауар айналымдарын Ставка маңына шоғырландыру, сол арқылы табыстың жаңа көзін ашу, сондай-ақ осы табыс көзін әркез өз бақылауында ұстап отыру. Жәрмеңке шынында да, осы жерде яғни Ставка маңында құрылды, соңынан жәрмеңке сарайы ашылды. Олардың жәрмеңкеден түсірер жылдық табысы 71 рубль. Бұл пайда енді Министрлер Кабинеті жоғарыдан бекіткен бап бойынша осы жылдың 17 мамырынан бастап Орда қазынасына түсіп тұратын болады» [135, 5 п.]

Сөйтіп, Уақытша Кеңес жәрмеңкеден түсетін кірісті өз қолдарына бекітті.

1876 жылғы Хан ставкасындағы жәрмеңке уақытының жақындауына байланысты алдын ала жәрмеңке комитетінің төрағасы мен мүшелері сайлап алынды, себебі саудагерлер келгенге дейінгі қажетті дайындық шараларын өткізу қажет еді. Жәрмеңкенің полиция басқармасы ерекше комитет құрып, оның төрағалығына титулды кеңесші Ямбулатовты, ал базарбасы етіп Шөкетай Маңғазаровты сайлады. Бұл адамдар өз міндетін атқаруға мамырдың 1-інде кірісті. Сонымен бірге, комитет төрағасы жәрмеңкеге келген саудагерлермен жолығып, оларға өз ішінен үш адамды сайлауға үгіттеді. Оның екеуі комитет жұмысына қатынасты, ал біреуі жәрмеңке ауласының сыртындағы сауда орындары мен киіз үйлерден төлем жинаушы шенеуніктің көмекшісі болды.

Комитет қаулысымен лавкалар мен өзге де сауда орындарының төлемақы жинаушысы болып жәрмеңке ішінде депутат Азаматгерей Шығаев, ал аула сыртында Бақыткерей Қоқанов және старшын Шарипов сайланды. Алғашқысына жәрмеңке ішіндегілерден ақша жинау, ал соңғысына жәрмеңкенің сыртындағы киіз үйлерден төлем жинау міндеті жүктелді. Ал саудагерлер өз іштерінен жәрмеңке старосталарын сайлауы керек болды. Бұл старосталар сауда барысын, тәртіп пен тазалықты бақылады және өзге де комитет жүктеген міндеттерді орындады. Сонымен бірге, комитетте қызмет істеуге Павел Зохаров пен Константин Дмитриев те тағайындалды. Олар жәрмеңке кезінде киіз үйлерді қадағалап отырды. Лавкалар мен сауда орындарынан төлемақы жинаушылар қызметінің дұрыстығын қадағалау үшін комиссия құрылып, оның төрағалығына Дружинин сайланды.

Ревизиялық комиссия мал базарынан жиналған төлемақыны тексерді. Сонымен қатар комитет а) төлқұжаттар мен куәліктерді жазу үшін; б) жәрмеңкеде сатылып алынған және одан айдалып әкетілген малды куәландыруды жазу үшін және мал өнімдерін тексеру үшін

қажетті кітаппен қамтамасыз етілді. Сонымен бірге жәрмеңкеге мал дәрігері жіберіліп отырды. Жәрмеңкедегі қарауыл қызметі үшін, сауда қатарларын бақылау жұмысы үшін Ставкадағы казак жүздігінің әскери старшыны Блингке комитет қарамағына 14 атты, 8 жаяу казак пен урядник бөлу туралы тапсырма берілді [140, 3 п.].

Хан ставкасы жәрмеңкесінде мал саудасында бірінші орынға қой, ірі қара шықты. 1877 жылғы әскери жағдайға байланысты жылқыға сұраныс артты. Әсіресе, 1884 жылы көктемгі жәрмеңкеде түйе жүні көп мөлшерде сатылды. Оған себеп, біріншіден, жағмалдың қыстан жақсы шығуы және екіншіден, саудада қой жүнінің болмауы еді. Ал Ордадағы жәрмеңкеде сатылған өнімдердің бағасы төмендегідей болды [141, с. 22].

Кесте 14 - 1864-1885 жылдардағы Бөкей Ордасындағы жәрмеңкеде сатылған мал мен тауарлардың құны [141, с. 22]

	1864 жыл		1874 жыл		1884 жыл		1885 жыл	
	көкте м	Күз	көкте м	күз	көкте м	күз	көкте м	Күз
Орыстардың ірі қарасы	10 р-15 р дейін	6 р-20р дейін	3 р-20 р дейін	6 р-30р дейін	5 р-40 р дейін	-	18 р-50р дейін	15р-60р дейін
Қырғыздардың ірі қарасы	5р-20р	4р-15р	3р-20р	6р-30р	5р -40р	-	10р-40р	8р-40р
Қой	5р-3р	1р-2р	1,5р-5р	1,5р-1,5р	3р-8р	3 р-7 р	3р-6р	3р-6р
Жылқы	12р-50р	10р-40р	10р-70р	14р-100р	15р-150р	25р-100 р	15р-80р	15р-80р
Түйе	1 2р-35р	15р-30р	15р-40р	15р-50р	25р-50р	45р-60р	25р-100р	15р-100 р
Түйе жүні	5р-5,5р	3р-4,5р	3,5р-4р	-	4р-5р	-	3р-6р	-
Қой жүні	-	-	1,75 р-2,5р	1,75р-3р	-	-	-	-
Ешкі жүні	6р-7р	6,5р-10р	8,5р-9,5р	-	4р-10р	-	-	-
Жылқы терісі	1р-2,5р	1,5р-3р	1,5р-5р	1,4р	2р-6р	2р-4,5р	3р-5р	2р-4,5р

Бұл кесте бойынша, 1864-1884 жылдары жәрмеңкеде қой жүні



саудаға шықпағандығын, ал 1874-1884 жылдары жылқы, түйе малының бағасы жоғары болғандығын анықтаймыз. 1874-1885 жылы ешкі жүні саудаға шығарылмаған. Мануфактуралық бұйымдар төмендегідей бағаға сатылған:

Кесте 15 - 1864-1885 жылдардағы Бөкей Ордасындағы жәрмеңкеде сатылған тауарлардың құны [141, с. 25]

	1864 жыл		1874 жыл		1884 жыл	
	Көкт ем	Күз	көкт ем	күз	көкт ем	Күз
Жібек материалдар	1/2-4/2 р дейін	1/2-3 ½ дейін	1/2 -7 р дейін	3/4 -5р дейін	90 т-3р дейін	-
Қағаз маталар	8-35т	12-50т	8-50т	5-60т	10-30т	12-50т
Арқан жіп	20т-1р	20т-1р	15т-1 ½ р	15т-1 ½ р	10-30 т	12-50 т

Бұл әкелінген мануфактуралық тауарлар жәрмеңкедегі саудагерлерге алдымен көтерме бағамен сатылды, кейін бір-бірлеп, жекелеп сатылды. Жәрмеңкеге көптеген тауарлар және бұйымдар, соның ішінде бұқарлық, хиуалық, персиялық кілемдер және орыс өнімдері көп мөлшерде әкелінді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Хан ставкасында 170 сауда орны болды, оның 51-і жергілікті лавкалар, 35-і астық қоймалары, 33-і ұсақ лавкалар, 27-сі қызыл тауарлар, 10-ы нан пісіретін орын болды. 1889 жылы жергілікті саудагерлердің сауда айналымы 100 мың рубльге дейін жетті. Сонымен қатар, шеттен келген саудагерлер 15 мың рубльге ұн және тары сатты. Қазақтардың сатқан тері, май және қаймақтары 335 мың рубльді құрады [79, с. 15].

Ал Бөкей Ордасындағы үй саны XIX ғасырдың екінші жартысында 40000-нан асқан. Соның ішінде Хан ставкасында ағаш үйлер саны – 109, жер үйлер – 163, тұрғын үйден басқа құрылыстар – 87, жертөле үйлер – 163, Торғын бөлімінде ағаш үйлер саны – 3, жер үйлер – 5208, жертөле үйлер – 5213, Қалмақ бөлімінде – ағаш үйлер саны – 2, жер үйлер – 3416, жертөле үйлер – 3420, Нарын бөлімінде – ағаш үйлер саны – 0, жер үйлер – 5625, жертөле үйлер – 5639, Талов бөлімінде – ағаш үйлер саны – 1, жер үйлер – 4298, жертөле үйлер – 4302, Қамысты-Самар бөлімінде – ағаш үйлер саны – 0, жер үйлер – 8574, жертөле үйлер – 8585, I округ – ағаш үйлер саны – 0, жер үйлер – 7533, жертөле үйлер – 7544, II округ – ағаш үйлер саны – 1, жер үйлер – 7703, жертөле үйлер – 7706 болған [53, 166 б.].

1875 жылы 1950 шелек арақ, 500 шелек сыра, 200 шелек бал, 1800

шөлмек жүзім шарабы сатылды. Ал 1889 жылы Хан ставкасында 645 шелек арақ және 36 шелек шарап және 160 шелек сыра сатылды. Сауданың қызу жүретін уақыты бұл «соғым» кезінде, яғни қарашадан ақпанға дейінгі уақыт аралығында қазақтар малдарын қысқы уақытта сояды және терісін саудаға шығарады. Мал дәрігерінің мәліметі бойынша Ставкадан: 1888 жылы 1 қаңтары мен 1889 жылдың 8 қыркүйегі аралығында тері: ірі қараның – 77512, жылқының – 23231, түйенің – 3072, қойдікі – 134121, ешкінікі – 84937 және 1890 жылы: сиыр терісі – 24912, жылқы терісі – 1828, түйе терісі – 1891, қой терісі – 15355 және ешкі терісі – 14450, барлығы 2 жылда 380309 тері сатуға шығарылды. Ставкадан терінің көбі ақпан және қаңтар айларында шығарылған. Тері Царыцин, Саратов, Астрахан, Нижегород қалаларының 55 жәрмеңкесіне және Қазан, Пенза, Воронеж, Курск губернияларына шығарылды. Торғын, Қамысты-Самар, Таловка бөлімдерінен тері көрші ауылдарға және Жаңаөзен, Самара губернияларына сатылды. 1880 жылы Ордадағы жәрмеңкеге келушілердің саны 2000-ға дейін барды және келушілердің көбін қазақтар құрады. 70-ші жылдары мұнда келушілердің саны 30 мыңға жетті [79, с. 18].

Жәрмеңкеге әкелінген мал саны әр түрлі болды. Мысалы, 1873-1874, 1875-1876 және 1879-1880 жылдар қыс қатты болды, сондықтан жәрмеңкеге мал айдап әкелу азайды.

Ордадағы жәрмеңкелерде 1890 жылы сауда өткен жылдарға қарағанда өте жоғары деңгейде болды. Көктемгі жәрмеңкеде сауда айналымы 724 380 рубльге дейін жетті, ал күзгі жәрмеңкеде 509 710 рубльге дейін жетті. Жәрмеңкедегі айналымның жалпы құны 1890 жылы 1 234 100 рубльді құраған [79, с. 18].

Енді, осы 1890 жылғы Ордадағы сауда жайы туралы төмендегі кестеге назар аударсақ:

Кесте 16 - 1890 жылы Бөкей Ордасындағы жәрмеңкеге әкелінген мал мен мануфактуралық тауарлар саны мен жалпы құны [79, с. 20]

Ірі қара, қой, жылқы, түйе	Әкелінген			Сатылған		
	Көктемгі	Күзгі	барлығы	көктемгі	күзгі	Барлығы
	94500	154500	249000	32460	60602	93062
Мал өнімдері	183000	19885	15285	361180	19885	80065
Азиаттық тауарлар	16500	27500	44000	3850	4350	8300
Мануфактуралық және	241322	182425	673747	68619	37181	105750

басқа әкелінген тауарлар						
Барлығы	54094 2	67959 2	92584	18344 7	180118	31356 0

Бұл кестедегі көрсеткішке сәйкес, көктемгі жәрмеңкеде сауда өте жоғары дәрежеде жүрген.

XIX ғасырдың соңында Орда жәрмеңкесіндегі тауар айналымы Қазақстанның өзге жеріндегі жәрмеңкелерімен салыстырғанда әлі де жоғары еді. 1891 жылы көктемгі жәрмеңкеде тауар айналымы 177476 сомды, соның ішінде мал терісінің өзі 51808 сомды құраған. Жауапты адамдардың берген ақпарат-хабарлары Ордадағы жәрмеңкелердің жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын көрсетеді. Көлемді жерді қамтыған арнайы қоршау ауладағы түрлі бұйымдар сатылатын лавкалар жанында және халыққа әлеуметтік-мәдени т.б қызмет көрсететін орындардың барлық түрі жәрмеңке уақытында толық қуатында жұмыс істеді. Ал аула сыртында мал және пішен саудасы қызды. Қазақтар осы жылғы жәрмеңкеге әр пұтын 80 тиыннан 400 сомға пішен сатқан. Ал 1892 жылғы жәрмеңкеге 5000 адам қатысқан, оның 1000 орыс, 15 адам хиуалық, қалғаны қазақ пен татар, соның ішінде саудагерлер де баршылық. Сауда келісімдері өте көп салада және көп мөлшерде жасалған [53, 187 б.].

Ал, 1892 жылғы жәрмеңкеге әкелінген малдың бағасы төмендегідей болған: жылқы – 20-45 сом, 1767 бас жылқы – 53010 сом, мүйізді ірі қара – 15- 30 сом болып, 7497 бас ірі қара – 149940 сом, қой – 2-4 сом болып, 40493 бас қой – 121479 сом құраған, түйе – 25-50 сом болып, 303 бас түйе – 9090 сомды құраған. Ал, енді сатылған құны төмендегідей болған: жылқының – 1235 басы – 37050 сомға, мүйізді ірі қара – 4028 басы – 80560 сомға, қойдың – 38210 басы – 114630 сомға, түйенің – 96 басы – 2880 сомға сатылған [53, 189 б.].

Көктемгі және күзгі жәрмеңкенің тауар айналымын салыстырсақ, көктемгі жәрмеңкеде сауда жоғары деңгейде жүрген. Бөкей Ордасының өз ішіндегі сауда-кәсіпшілік қозғалысы және соған байланысты қазақ тұрғындарының жаппай қоныс аударуы негізінен жәрмеңкелерге қатысты болды. Қазақтардың бар тіршілігі жәрмеңкемен байланысты болып, өмір сүруге қажетті азық-түлік қорын сол арқылы жинап алатын. Жәрмеңкеде қазақ малы мен мал шаруашылығының барлық шикізатын сатуға шығаратын.

Сонымен қатар бөкейліктер өз малын Хан ставкасы жәрмеңкесінен басқа Астраханға да апарып сатқан. Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңес төрағасына Ішкі Орда қазақтары тарапынан депутат Бәкей Сәменұлынның берген рапортында былай делінген:

«Өз қарамағымдағы істерді және менің атымнан іс жүргізуші

Танашевтің құжаттарын қарастыра келе жалпы қызметтік міндеттемелерді атқару тәртібі туралы нұсқаулық таба алмадым. ІІ-ші округ басқармасының маған жазған жазбаларындағы мәлімет бойынша, жоғары мәртебелі Ішкі істер министрі өзінің Астрахан губерниясының басшысына 1882 жылдың 1 желтоқсанында 238 нөмірімен жіберген ұсынысында Орда басшылығына өз қарамағындағы қазақтардың мүддесін қатаң қорғауға бұйрық берген болатын. Депутаттардың басты міндеті – қазақтардың өзге халықтармен арадағы қарым-қатынасында олардың ешбір тараптан қысымшылық көрмеуін қадағалау» [142, 28 п.].

Сонымен қатар, Ішкі Орда қазақтары тарапынан депутат Бәкей Сәменұлы Ішкі Орда қазақтарының Астрахан қаласында түрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынасында құқықтарына нұқсан келмеуін қадағалай келе былай дейді: «Қазақтар мұнда жиі-жиі сан түрлі делдалдар тарапынан жасалатын қысымшылық, мәжбүрлеу, алдау мен арбаудың құрбаны боп жүр. Біріншіден, Астрахан қаласындағы мал базарына немесе Астрахан уезіндегі Қалмақ базарына мал айдап келген қандай да бір қазақтың алдынан өздерін делдалдар деп атайтын белгісіз біреулер тосып алады да, оның малын алдап алып, өзі сатып жібереді. Әлгі қазаққа малдың ақшасы кейін келеді деп күттіріп қояды. Қырдан келген қазақтардың оларды айлап күтіп жататын мүмкіндігі болмағандықтан, сотқа шағымдануға қаражаты тағы болмағасын амалсыз не ақшасыз, не малсыз, не тауарсыз ауылына қайтуға мәжбүр болады. Жоғарыда аталған делдалдар мұндай саудадан өздеріне көп пайда табады: әрбір сатылған қойдың басына 3 не 4 тиын, ірі қарадан 15 не 20 тиын, жылқы мен түйеден 1 рубльден пайда табады» [142, 29 п.].

Жоғарыда келтірілген мұрағат құжаттардан бірнеше фактілердің беті ашылады. Біріншіден, Ресей үкіметі Ішкі Істер министрлігінің саудасаттық барысында орын алатын әр түрлі келеңсіздіктерден хабардар екендігі және осыған сай қажетті нұсқаулықты жергілікті губерния өкілдеріне жолдағандығы анық көрінеді. Екіншіден, қазақ шаруаларының адал еңбекпен өндірген малдарын қолды қылуды мақсат тұтқан, өзге ұлт өкілдерінен шыққан алаяқтардың көбейгендігі байқалады. Үшіншіден, делдалдық қызметтің заңдық тұрғыдан реттелмегендігі, жапа шеккен тараптардың арыз-шағымдарының қанағаттандырылмағандығы сезіледі. Сөйтіп, Астрахан уезіндегі Қалмақ базарына мал сатуға келген қазақтарды тосып алған делдалдар мен барышниктер оларды алдап-арбап отырған.

1899 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеде сауда жоғары деңгейде жүрді. Мұнда жергілікті Ордалықтар өздерінің малдарын мынадай бағада сатты: түйенің орташа құны – 39 рубль, жылқы малы – 21 рубль, ірі қара – 22 рубль, қой – 4 рубль, қой терісі – 3 рубльден – 5 рубльге дейін, ұн қапшығы – 5 рубль, шөп – 2 рубль 50 тиын.

Жәрмеңкедегі сауда айналымы 136159 рубль 71 тиынды құрады [143, с. 12].

Капиталистік қатынастар элементінің енуі Бөкей Ордасында XIX ғасырдың соңында әлеуметтік құрылымына үлкен өзгерістер жасады. 1897 жылы қазақтар саны – 255820 адам болып адам болып ( 130167 ер, 120553 әйел), Астрахан губерниясындағы барлық халықтың 25 пайызын құрады. Жаңа кәсіпті игерушілер жалдамалы жұмысшылар қатарында одан әрі өсе түсті. Бөкей Ордасында саудамен 607 адам айналысты [53, 202 б.].

Осы кезеңде Қазақстанның батыс өңірінде жаңа әлеуметтік топ пайда болды. Сауда буржуазиясының өкілдері болып табылатын мұндай көпестердің қоғамдағы ролі айрықша мәнге ие бола бастады. Көпестердің гильдиялық ұйымы олардың сауда жарғысына қарай анықталды. Яғни, олардың қатарына ену үшін көпестер сауда жарғысының мөлшеріне қарай жарна төлеу керек болды. Гильдиялар үш өлшемде анықталды. Оған жазылу кезіндегі мүшелік жарна көлемі былайша белгіленді: 10 мыңнан 50 мың сомға дейін қаржысы болған жағдайда 1-гильдия көпесі болып есептелді. 5 мыңнан 10 мың сомға дейінгі көлемдегі қаржы иелері 2-гильдия, ал 3-гильдия көпесі атану үшін 1 мыңнан 5 мың сомға дейін қаржысы болуы міндеттелді.

Енді, олардың қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық орны қалай болғандығына талдау жасасақ. Көп мөлшерде қаржысы болуы себепті бірінші және екінші гильдия деңгейінде болған көпестер маңызды рол атқарды. Кейіннен көпестік гильдия саны екіге дейін қысқартылды. Соған сәйкес, енді бұрынғы бірінші және екінші гильдия көпестері 1-ші гильдия көпестерінің деңгейіне, ал, 2-гильдия көпестеріне бұрынғы 3-гильдия көпестері жатқызылды. Бұл көпестік гильдия үшін төлем мөлшерінің бұрынғымен салыстырғанда бірнеше есеге азаюына жол ашты. Сәйкесінше, көпестер орыс және шет ел тауарларын көтерме сауда бойынша сатып алуға мүмкіндік алды. 2-гильдия көпестері ұсақ саудамен ғана айналыса алды. Олар үшінші және төртінші разрядты куәліктер сатып алу арқылы саудаларын жасады.

1852 жылы жұттың басталуына байланысты Ордадағы сауда төмендеді. Алайда бұл уақытша құбылыс болды. Себебі табиғи жұттың қайталанып келіп отыруы жергілікті халық үшін таңсық емес еді. 1863 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі сауда қарқыны қайта көтеріле бастады. Бұл жәрмеңкеде қазақтар, орыстар, татарлар сауда жүргізді. Уақытша Кеңес 1863 жылы хан мұрагерлерінен жәрмеңке сарайынан түсетін кірісті пайдалану құқығын сатып алды. Осыдан бастап жәрмеңке істерін Уақытша Кеңес жүргізді. Аталмыш органның жұмысы тікелей Ресей империясы саясатына тәуелді болды, әрі жоғарғы биліктің берген нұсқаулары қатаң орындалды. 1867 жылы Хан ставкасынан Астрахан Қазыналық Палатасына бағынышты қазынашылық ашылады. Бұл қазынашылық Хан ставкасындағы

жәрмеңкедегі тауар-ақша қарым-қатынасын реттеп отырды. 1890 жылы Хан ставкасы жанындағы жәрмеңкеде тауар айналымы өте жоғары деңгейде жүрді.

## **2.2 Сауда-экономикалық қатынастардың орталығы ретінде жәрмеңкелердің дамуы**

Батыс Қазақстанның экономикалық дамуының айқындаушы факторларының құрамдас бөлігі жәрмеңкелер болды. XIX ғасырдың екінші жартысында олар көшпелілермен отырықшы елдер халқының арасында делдалдық міндеттерді жүзеге асырды. Бұған бірнеше мысалдар келтірілік.

Ең алдымен рынокты мал және мал өнімдерімен қамтамасыз етуші – қазақтар және олармен сауда жасаушылар арасында неғұрлым тұрақты сауда байланыстары орнықты. Екіншіден, жәрмеңке саудасының қалыптасқан дәстүрлері талаптарымен көшпелілердің жеткілікті түрде таныс болуы да осы кезеңде сауданың тиісті деңгейде дамуына ықпал еткені анық. Үшіншіден, жәрмеңке – халықтың күнделікті тұтынатын тауарларын сатып алуға болатын бірден бір орын еді.

Аймақтық орналасуына қарамастан, жәрмеңкеге көпестер әкелетін тауарлардың сипатын зерттегенде, сауда жасалатын заттарды мынадай санаттарға бөлуге болады: мал, шикізат, жергілікті жерде өңделген мал «өнімдері» – тері, қой терісі, жүн, қыл, киіз және т.б. Сонымен қатар, еуропалық үлгідегі тауарлар – ағаш ыдыстар, ұн, шай, қант, балауыз, сабын фарфор және темір бұйымдары. Азиялық тауарлар – шапандар, кілемдер, жібек және мақта-маталар, ертұрмандар әбзелдері, кептірілген жемістер.

Жәрмеңкелердің жұмыс істеу уақыты туралы айтқанда, олардың қызметінің іс жүзінде басталуы мен аяқталуының әрдайым сәйкес келуі сирек кездесетінін ескеру керек. Ол толып жатқан факторларға және негізінен алғанда малдың қысты қандай жағдайларда өткізгеніне және қыстаудан кейін қоңданып үлгеруіне байланысты болды [67, с. 315].

XIX ғасырдың екінші жартысында Ордадағы сауда Хан ставкасынан басқа Жаңа Қазан, Таловка, Ахун елді мекендерінде жүргізілді. Бұл жерлерде қазақтар мал және оның өнімдерін өткізіп, күнделікті тұрмысқа қажетті заттарын сатып алды. Бір бөлігін ақшаға алып, ал енді бір бөлігін айырбастады.

Хан ставкасы Царев уезінің Владимировка слободасынан солтүстік-шығысқа қарай 113 верст, Эльтон көлінен 60 верст қашықтықта орналасқан. 1850 жылдары Хан ставкасында 46 дүкен, 19 қойма болды. Хан Ордасы тұрғындарының саны қыста 500 адамға жетті, ал тұрақты саудагерлер 29 адамдай болды. 1867 жылы Хан ставкасынан Астрахан палатасына бағынышты қазынашылық ашылды. Ол

жәрмеңкедегі тауар-ақша айналымын реттеп отырды. Осы қазынашылық жанындағы жинақ кассасының 1889 жылы 6084 сом 17 тиын капиталы бар 36 салымшысы болды.

1877 жылдары Хан ставкасында 109 ағаш және 163 жер үй болды, кейін оның саны 404 ағаш және 535 жер үйге көбейді. Сонымен бірге орыс шіркеуі, мешіт, аурухана, мектеп, т.б. салынды. Мұндағы қазақтардың көбі ет саудасымен айналысты, ал жазда тас соғып сатуға кірісті.

Орда жәрмеңкесіндегі сауда айналымының өскендігі сонша, 1872 жылдың өзінде Уақытша Кеңес саудаға салық салу, ал Ордаға посад дәрежесін беру туралы мәселе көтерді. 1881 жылдың 1 қаңтарынан бастап Хан ставкасы сауда жасау және кәсіпшілікпен айналысу құқығы үшін салық төлеу бойынша 5-класс сатысына жатқызылды [144, с. 5].

Сауданың ең қызған уақыты – «соғым» кезінде, қараша мен ақпан аралығында қазақтар өздеріне қысқы азық ретінде малды көп сояды және осы кезде теріні де көптеп саттыққа шығарады, Орданың өзінен шығарылатын тері санының өзі 400 мыңға жетті. Терілер Царыцинға, Саратовқа, Астраханға, Нижегород жәрмеңкесіне және Жаңа Қазанға, аздаған мөлшері Пенза, Курск, Воронеж губернияларына жіберілді. Торғын, Талов, Қамысты-Самар және Нарын бөлімінің терілерінің бір бөлігі көршілес селоларға және Новоузенъ қаласы мен Самара губерниясына сатылды [145, с. 2].

Ставкадағы жергілікті ветеринардың мәліметі бойынша 1888 жылдың 1-ші қаңтарынынан 1889 жылдың 8 қыркүйегіне дейінгі аралықта ірі қара терісі – 77512 дана, жылқы терісі – 23231 дана, түйе терісі – 3072 дана, қой терісі – 134121 дана көлемінде сатылған. Ал 1890 жылы ірі қара терісі – 24912 дана, жылқы терісі – 1828 дана, түйе терісі – 1891 дана, қой терісі – 15355 дана, ешкі терісі – 14450 дана сатылған [21, с. 185].

Хан ставкасынан кейінгі Бөкей Ордасындағы сауда орталықтары Жаңа Қазан мен Таловка елді мекендері болды. Бұл екі қалашықтың екеуі де бұрынғы орыс-казактардың бекіністері болған. Кіші және Үлкен Өзендердің аралығындағы құнарлы жерлерді қазақтардан қызғанған Орал казактары Кіші өзеннің бойында Кармановский, Таловский, Вербовский, Мокринский, Глининский бекіністерін салып, қазақтарды құмға ығыстырған. Бірақ бұл жерлерден оңай айырылғысы келмеген қазақтар мен Орал казактарының арасында жиі-жиі қақтығыстар болып тұрған. Бұл даулы мәселеде бар ынта-жігерімен қазақтарды қолдаған Мұхамбет-Салық Бабажанов император қабылдауында болуының арқасында бұл дауды қазақтардың пайдасына шешкен. Патша жарлығынан кейін бекіністер жойылып, алдымен Жаңа Қазан мен Таловка пайда болған. Енді жәрмеңке маусымын күтпей-ақ қазақтар жылдың қай мезгілінде де келіп, малдары мен оның өнімдерін жәрмеңке бағасымен өткізіп, өздеріне керекті астық, қант,

шай мен түрлі маталарды сатып алған.

Жаңа Қазан Ордадан 180 верст қашықтықта Қамысты-Самар бөлігінде, Орал облысымен шекаралас аймақта орналасқан. Бұл поселке 1871 жылы Ішкі Орда мен Орал казак әскері арасындағы жерлер межеленіп, казактар Глининск форпостын тастап шығуға тиіс болғаннан кейін пайда болған еді.

Орынбор Генерал-губернатордың нұсқауымен форпостан 32 татар саудагерлерінің отбасы Қамысты-Самар бөлімінің билеушісінің ордасына көшірілген болатын. Жергілікті тұрғындар болмағандықтан және өздері тұрған губернияларға тіркелгендіктен, оларға жер иемденуге немесе пайдалануға тыйым салынды. 1880 жылдарға қарай Жаңа Қазан біртіндеп елеулі сауда орталығына айналды. Мұнда 80 шақты үйлер салынып, адам саны 700 ге дейін жетті, оның 360-ы қазақтар еді. 1889 жылы Жаңа Қазанда 190 жұмыс істеп тұрған және 106 бос тұрған қоймалар, сонымен бірге мешіт және орыс-қазақ мектебі болды. Мұнда орыстар мен татарлар саудамен, ал қазақтар саудагерлер мен сатып алушылардың арасында делдал қызметін атқарды және басқа да кәсіппен айналысты [79, с. 20].

1885 жылы Жаңа Қазан жәрмеңкесіндегі тауар айналымы жоғары деңгейде болды. Бұл жылы жәрмеңкедегі малдың орташа бағасына келсек: жылқы – 35-80 сом, ірі қара – 15-50 сом, түйе – 40-70 сом, қой – 6-11 сомға сатылды. Ал қой терісі – 50 т-1 сом, ешкі жүні – 7-8 сом, ешкі түбіті – 20-25 сом, қой майы – 4-7 сом, киіз үй жабдықтары – 35-50 сомға сатылған.

Ал орыстар мен татарлар бұл жәрмеңкеге көп мөлшерде астық, мануфактуралық және галантереялық заттар әкеліп сатты. Ал олардың құны астық – 30-80 тиын, орыс жармасы – 29-30 тиын, жарма – 30-70 тиынға сатылды. Осы жәрмеңкедегі жібек маталар – 40 т - 8 сом, атлас маталар – 60 т -9 сом, шай – 2 т - 5 сом, қант – 12-13 сом, кофе – 30-50 тиын, темекі – 1с-2 сомға сатылған. Жаңа Қазан жәрмеңкесінде сатуға әкелінген мал арнайы ветеринарлық тексеруден өткен. 1885 жылы бұл жәрмеңкеге келген саудагерлердің саны 30 мыңға жетті [21, с. 119].

Жаңа Қазандағы сауда айналымының көлемін дәл айту мүмкін емес, бірақ шамамен айтсақ, сауда айналымы 300000 рубльді құрайды, бұл соманың жартысын қазақтардың сатқан мал өнімдері құрады. 1889 жылы Жаңа Қазанда олардың құны мынадай: қой терісі – 2 рубль, жылқы терісі – 3 рубль, түйе терісі – 4 рубль, түйе жүні – 6 рубль. Жаңа Қазан жәрмеңкесінде күнделікті саудада мал және оның өнімдері сатылды. Бұл жердегі сауда жәрмеңке құқында жүрді [79, с. 21].

Жаңа Қазандағы жәрмеңке уақыты жылына екі мезгіл өткізілген. Бұл жәрмеңкедегі саудагерлердің арнайы құжаттары болмаған, өйткені Кеңес сауданы дамыту мақсатында саудагерлерге еркін сауда істеуге құқық берген.

Жаңа Қазаннан тура шығысқа қарай 25 верстік жерде толықтай



казак-татарлар мекендейтін Глининск казак поселкесі орналасты, одан солтүстікте 100 верстік жерде Сломихинский, солтүстік-шығыста, 60 верстік жерде Кармановский форпостары орналасты. Осылайша, салыстырмалы түрдегі шағын кеңістікте сауда жолдарының оңтүстік-шығыстағы Гурьевтен солтүстік-батыстағы Александров-Гайға апаратын тоғысқан жерінде үш ірі деп айтуға болатын сауда орталықтары орын тепті.

Казанка-Калмыков шебі бойынша Орал әскері жерінде батыстан шығысқа қарай келесі тәртіппен бірнеше поселкелер орналасқан: Жаңа Қазаннан 25 верст жерде – Глининский, одан 6 верстте – Бородинский, одан шығысқа қарай 6 верст жерде – Мухор. Мухордан 60 верстте – Кармановский және осындай қашықтықта – Калмыков. Бұл поселкелер шебі оңтүстіктен солтүстікке апаратын сауда жолында орналаса отырып, барлық Орал әскері жеріндегі халқы ең тығыз орналасқан пункт болып табылады.

Осы маңда орналасқан Қамысты-Самар көлдерінен балық аулаудан 200000 сом табыс түсіп отырған. Бұл ауданның тұрғындары аралас: казак жерлерін жалға алып отырған қазақтар, казактар, орыстар, татарлар және қалмақтар. Ал Жаңа Қазандағы тұрғындардың саны 3000 адамдай болды. Барлық құрылыс дерлік шикі кірпіштен салынған, тек екі-үш ағаш үй болды. Жаңа Қазанның тұрғындары негізінен шикізат сату және сатып алумен, балық аулаумен, балық тасумен, ұсақ саудагерлікпен айналысты [79, с. 22].

Жаңа Қазан аумағындағы жергілікті кәсіп түрлеріне келетін болсақ, оған негізінен тері өңдеу (қойдың, ешкінің, жылқының, ірі қараның) және оларды көп мөлшерде Хан жәрмеңкесіне, Сломихинскийге, Александров-Гайға және Жаңа Өзенге тасу жататын. Урбах-Александров-Гай теміржол тармағы салынғанға дейін Ресейге тасымалданатын шикізат әуелі Оралға жеткізіліп, одан әрі Рязань-Орал теміржолы арқылы жөнелтілетін. Жоғарыда аталған теміржол шебі тартылғаннан кейін, тауардың үлкен бөлігі Александров-Гайға тікелей жеткізілді, осы жолмен жергілікті балық та европалық Ресейдің ішкі губернияларына тасымалданатын.

Жаңа Қазанға тауардың бір бөлігі Нижегород жәрмеңкесінен әкелінетін. Жақын станциялардан Орал казактары Жаңа Қазанға өз шикізаттарын әкеліп, осы жерден өздеріне қажетті астық алатын.

Жаңа Қазанға келетін тауар мүлде өзгерді, оның жалпы көлемі де артты. Ресми мәліметтерге қарағанда, бұл елді мекеннің саудалық маңызы да ұлғайды. Саратовтан Александров-Гай арқылы темір жолмен әкелінетін астық, жергілікті астық құнын арзандатты.

Осы жерден өтетін керуен жолы Жайықтың арғы бетіндегі Орданың Александров-Гаймен, Жаңаөзенмен, жалпы Самара губерниясының Оралдан Саратовқа дейінгі оңтүстік бөлігі арқылы өтетін темір жол желісімен байланысатын ең қысқа жол болды. Жаңа

Қазандағы жәрмеңкеге Қамыс-Самар бөлімі, Талов бөлімі, I теңіз жағалауы округінен қазақтар сауда жасауға келді.

Сонымен қатар, Жаңа Қазан – бір жағынан Бөкей Ордасының шығысы мен Александров-Гай аралығындағы, екінші жағынан, Жайықтың арғы бетіндегі Орда аралығындағы қиылыста жатқан сауда-кәсіп қозғалысының жалғыз орталығы болатын. Сонымен қатар, Жаңа Қазан арқылы Орал әскері жерінен Бөкей Ордасына қатынайтын барлық сауда қозғалысы өтеді.

Таловка мекені Хан Ордасынан 180 верст жерде Кіші Өзен өзені бойында орналасқан. Оның негізін 1871 жылы Талов форпосты ретінде Орал казактары қалағанымен де, сауда пункті ретінде ол 1886 жылдан бастап қана белгілі бола бастады. Форпостар жойылғаннан кейін де татар саудагерлерінің бірқатары бұрынғы орындарында қалып қойды. Мұнда 1895 жылдан бастап сауда жасау мақсатында татарлар мен көршілес Самара губерниясынан орыстар келіп қоныстанды. Сонымен бірге мұнда қазақтар да тұрғылықты орныға бастады. Олардың арасында қолөнердің кейбір түрі (ұсталық, етікшілік, ағаш шеберлігі) дамыды. Таловкада орыс шіркеуі, орыс-қырғыз мектебі және көптеген орыс дүкендері ашылды. Тұрғындардың саны 907 адам болды: оның ішінде орыстар – 546, татарлар – 301, қазақтар – 60.

Таловка елді мекеніне көрші губерниялардан, Хан ставкасынан көптеген саудагерлер малын сатуға әкеліп, мал саудасы қызу жүрген.

Таловка жәрмеңкесінде 1871-1885 жылдар аралығында орта есеппен алғанда мүйізді ірі қараның бағасы – 15-40 сом, қой – 2-6 сом, жылқы – 20-100 сом, түйе – 15-80 сом, түйе жүні – 4-6 сом, ешкі түбіті – 6-10 сом, қой терісі – 1 сом, ірі қара терісі – 2-5 сомға дейін болған. Бұл жәрмеңкеде Орда қазақтары 9720 бас түйе, 12821 бас жылқы, 16410 бас ірі қара, 67780 бас қой, мал терілері мен басқа да мал шаруашылығы өнімдерін сатқан [79, с. 26].

Таловка жәрмеңкесіне 1880 жылы мануфактуралық заттар 378216 сомға әкелініп, 205951 сомға, қой малы 303 сомға әкелініп, 690 сомға сатылған. Ал ешкі түбіті 354 сомға әкелініп, 2124 сомға, ал түйе жүні 5025 сомға әкелініп, 18978 сомға сатылған [21, с. 204].

Сонымен қатар, Бөкей Ордасының II-ші теңіз жағалауы округінде, Бекмұхамедов қыстағына таяу, Каспий жағалауындағы Жамбайға жақын орналасқан поселке туралы да айта кету керек, онда тек қана қазақтар сауда жасайтын бірнеше дүкен болды.

Бұлардан басқа Каспий теңізінің терістік жағалауындағы Никольск (Жамбай), Колбин, Кобяково, Конево, Ганюшкино, Котлево, Сафроново сияқты елді-мекендер пайда болып, оларда орыс көпестері ашқан дүкендер арқасында қазақтардың сауда-саттық жасайтын кеңістігі кеңейе түскен.

Қазақтар малын Ордадағы жәрмеңкелерден өзге Басқұншақтағы, Чапчинскийдегі және Астрахандағы Қалмақ базарларына да айдап

апарып сатып жүрді. Малдың басым бөлігі төмендегі көршілес жәрмеңкелерге шығарылатын: Самара губерниясындағы Савинкаға – 1 наурыз бен 1 қараша арлығында, Новоузенскіге – 1 қазанда, Александров-Гайға – 22 қазанда, Ровный селосына – 1 қыркүйекте, Калмыковқа – 1 мамырда, Гурьевке – 25 қазанда жүретін жәрмеңкелерге апарып сатылды. Қазақ жылқылары Камышин және Саратов арқылы Баландинский және Карпов пен өзге де жәрмеңкелерге айдалды.

Бөкей Ордасындағы саудаға қажетті құрылыс ғимараттарының ескіруінен және өзге де себептердің салдарынан жәрмеңкені Ставкадан 35 верст қашықтықта орналасқан Ахун хуторына көшіру туралы мәселе қозғалды. Жаңа орында қазынадан бөлінген 56 161 рубльге 1870 жылы 12 ғимараттан тұратын сарай тұрғызылды. Ол ғимараттарда ұзын саны 316 сауда лавкасы бар еді. Алайда, жаңадан таңдалынған орын саудаға ыңғайлы болмады. Торғай облыстық басқармасының сәулетшісі академик Вебель 1872 жылы жәрмеңкеге келгенде оған осы орынның неліктен таңдалынғанына таң қалады. Себебі бұл жерде жеткілікті су да жоқ, отын да жоқ, жер қыртысы таулы әрі құнарсыз еді, саздан өзге құрылыс материалы да жоқ болатын. Жазда бұл жерде көтерілетін шаңның қоюлығы сондай, бір сажындай жердің өзін көру мүмкін болмайтын. Жәрмеңкені өзге жерге ауыстыру туралы ұсыныс жасай келе, академик Вебель, ыңғайлы жер ретінде Торғай өзені мен Қарасудың маңын көрсеткен болатын. Алайда жәрмеңке сарайын өзге жерге ауыстыру іске асырылмады. Жаңбыр мен қар суын тоқтату мақсатында 1885 жылы Бүлдіргенді жазығында дамбы тұрғызылып, жәрмеңке орналасқан жердің басты қолайсыздықтарының бірі жойылған болатын [89, с. 13].

Хан Ордасынан 35 верст жердегі Ахун мекеніндегі жәрмеңке жылына екі рет: көктемде 9 мен 25 мамыр, күзде 14 мен 25 қыркүйек аралықтарында өткізіліп тұрды. Екінші жәрмеңке біріншісінің жалғасы іспеттес еді. Себебі көктемгі жәрмеңкеде сатылмай қалған тауарлардың көп бөлігі Ставка қоймаларында күзге дейін жататын.

Бұл жәрмеңкелердегі сауда айналымы миллион рубльден астам соманы құрады [146, с. 2].

Сонымен қатар, бұл жәрмеңкеге шеттен келген саудагерлер жазғытұрым өткізіп үлгермеген тауарларын күзетші жалдап қоймаларда қалдырып кетіп, күзде қайта сатқан. Бұл жәрмеңкеге орта есеппен 7000 адам қатынасса, олардың басым көпшілігі жергілікті қазақтар болған. Жалға берілген құрылыстардан 1863-1873 дейінгі он жылдың әрқайсысында орта есеппен 12400 сом, 1874-1884 жылдары 12308 сомнан табыс түскен [79, с. 27].

Сонымен бірге, қазақтар ірі қара, жылқы, қой малын айдап әкелген. Олардан сатқаннан түскен қаржыларына шеттен келген саудагерлерден шай, астық, қант және өзге де керек-жарақтарын алған.

Бұл жәрмеңкеге қазақтар мал және оның өнімдерін көп мөлшерде әкелген. 1875 жылы ірі қара – 216000 бас, жылқы – 248000 бас, қой мен ешкі – 1 миллионнан астам, түйе – 62000 бас, ал 1880 жылы ірі қара – 90000 бас, жылқы – 41000 бас, қой малы – 500000 бас, түйе – 59 200 бас әкелген. Ал 1885 жылы – ірі қара 141000 бас, жылқы – 78000 бас, қой – 502000 бас, түйе – 52210 бас айдалып әкеліп, сатылған.

Осы жәрмеңкедегі ірі қараның орташа құны 1864 жылы – 15-20 сом, қой – 2 сом, жылқы – 30-40 сом, түйе – 20-40 сом, түйе жүні – 4-5 сом, ешкі түбіті – 6-10 сом, сиыр терісі – 3 сом, қой терісі – 1 сом, 1875 жылы ірі қара – 15-20 сом, қой – 2-3 сом, жылқы – 40-50 сом, түйе – 20-50 сом, түйе жүні – 3-5 сом, ешкі түбіті – 6-8, сиыр терісі – 2-3 сом, қой терісі – 1 сом болды. Ал 1880 жылы ірі қара – 20-30 сом, қой – 2-3 сом, жылқы – 40-50 сом, түйе – 20-50 сом, түйе жүні – 3-5 сом, ешкі түбіті – 6-8 сом, сиыр терісі – 2-3 сом, қой терісі – 1 сом болған, ал 1885 жылы ірі қара – 15-20 сом, қой – 2-4 сом, жылқы – 30-50 сом, түйе – 30-70 сом, түйе жүні – 3-5 сом, сиыр терісі – 3-4 сом, қой терісі – 1 сом тұрған [21, с. 116].

Жәрмеңкеге әкелінген малдардың барлығы ветеринарлық тексеруден өтіп, мал иелерінің қолдарына анықтама қағаз беріліп отырды. Малдардан жұқпалы аурулар шықса, оларды жәрмеңкеге айдауға тыйым салынған. Сонымен қатар, жәрмеңкелерде арнайы базар депутаты кімдердің қайдан, қанша мал айдап әкелгендігі жөнінде есеп жүргізіп отырды. Бұл есеп Уақытша Кеңеске тапсырылған.

Осы Ахун мекеніндегі жәрмеңкеде сауда барысы төмендегідей болған:

Кесте 17 - Бөкей Ордасының Ахун мекеніндегі 1864-1874 жылғы күзгі жәрмеңкедегі тауар айналымы [19, с. 22]

Тұрмыстық заттар	Күзгі жәрмеңке					
	Рубль					
	1864 жыл			1874 жыл		
Әкелінген	Сатылған	Тауар айналымы	Әкелінген	Сатылған	Тауар айналымы	
Орыс және қырғыз тұқымының ірі қарасы	118200	15900	134100	31140	18436	49576
Түйе және қой жүні, ешкі түбіті, жылқы қылы	3270	1315	4585	1000	1000	2000

Терілер: жылқы, түйе және ешкі, қой	5680	2570	8250	17860	14886	32746
Қорытындысы	127150	19785	14693 5	50000	34322	84322
Мануфактуралық драп, трико, жүн материалдары, киіз, жібек маталар, атлас, бархат	34400	16500	50900	29980	6010	35990

Бұл кестеден көретініміз:

1. 1864 жылы бұл жәрмеңкеге орыс және қазақтардан ірі қарамалы 1874 жылға қарағанда көп мөлшерде әкелінген.

2. Ал 1874 жылы жәрмеңкеге жылқы, түйе, ешкі, қой терісі көп мөлшерде әкелінген.

3. 1864 жылы (жәрмеңкеге) мануфактуралық және галантериялық заттар да 1874 жылға қарағанда көп әкелінген.

Бұл кестеде 1864-1874 жылы Ахун мекеніндегі жәрмеңкеде сатылған тауар өнімдері көрсетілген. Сонымен бірге ағаш бұйымдары, мануфактуралық заттар, киіз үй жабдықтары, хиуалық кілемдер де саттыққа шыққан. Әсіресе, 1864 жылы тауар айналымы жоғары деңгейде болған.

Кесте 18 - Бөкей Ордасының Ахун мекеніндегі 1884-1885 жылғы күзгі жәрмеңкедегі тауар айналымы [19, с. 24]

Тұрмыстық заттар	Күзгі жәрмеңке					
	Рубль					
	1884 жыл			1885 жыл		
	Әкелін ген	Сатылған	Тауар айналымы	Әкелін ген	Сатылған	Тауар айналымы
Орыс және қырғыз тұқымының ірі қарасы	26000	16285	42285	15000 0	8160 0	23160 0
Түйе және қой жүні, ешкі	-	-	-	-	-	

түбіті, жылқы қылы						-
Терілер: жылқы, түйе және ешкі, қой	7817	4325	12142	10000	6300	16300
Қорытындысы	33817	20610	54427	16000 0	8790 0	24790 0
Мануфактуралық драп, трико, жүн материалдары, киіз, жібек маталар, атлас, барқыт, кашемир	12280 0	32050	154850	92000	3850 0	13050 0

Ал бұл кестеден 1884-1885 жылдары Ахун мекеніндегі күзгі жәрмеңкедегі тауар айналымы көрсетілген. Бұл жылдары ірі қара, мал терілері, мануфактуралық заттар, бұхарлық және хиуалық кілемдер көп мөлшерде сатылған. Ал түйе, қой жүні, ешкі түбіті, жылқы қылы мүлдем саудаға шығарылмады. Ахун мекеніндегі күзгі жәрмеңкедегі тауар айналымы көктемгі жәрмеңкемен салыстырғанда төмен деңгейде болған.

Бұл жәрмеңкеде көбінесе шеттен келген саудагерлердің бұйымдарын жергілікті татар саудагерлері көтерме бағамен сатып алып, қазақтарға әлдеқайда қымбат бағамен қайта сатып пайда тапқан. Жәрмеңкеге түскен бұйымдардың ішіндегі Бұхар, Хиуа, Парсы кілемдерінен басқаларының бәрі Ресейдің фабрика, зауыттарынан шығарылған тауарлар болатын [79, с. 6],

Жәрмеңкедегі сауда қолма-қол ақшаға және айырбас түрінде жүрді [147, 1 п.]. Сонымен бірге саудагерлер өз тауарларын қазақтарға үлкен пайызбен қарызға беріп отырған [148, 5 п.]. Сөйтіп XIX ғасырдың II-ші жартысында да Орда ішіндегі қарызгерлік қарым-қатынас тоқтамады.

Қазақтардың күнделікті тұрмысына қажетті ұсақ бұйымдар саудасы жағалау мен далада орналасқан бірнеше сауда нүктелерінде де жүргізілген [149, 2 б.]. Жамбай теңіз жағалауы пункттеріндегі Танашев пен Абелевтің дүкендері, Телас пен Үш-Аралдағы дүкен (7-ші старшындық), Шамбар мен Секраттағы екі дүкен, Шөпшағылдағы 10 дүкен және №13 старшындықтағы бір дүкен далалық қазақ дүкендерімен салыстырғанда қызу сауда жүргізетін. Бұл пункттерге тауарларды дүкен қожайындары тұтынушылардың сұраныстарына орай іріктеп тасып отыратын. Керісінше, тауарды сыртқа шығару үшін

қазақтарға округ шебін тастап шығу қажет болатын. Әр отбасы өз өкілін шикізатпен Хан Ордасындағы жәрмеңкелерге, әсіресе, ерекше танымал болған (II-ші округте) Селитярный селосындағы жәрмеңкеге жіберетін. Бұл жәрмеңкелерге де қазақтар көп көлемде мал айдап әкеліп сатқан [150, 66 б.].

Бөкей Ордасындағы округтағы қазақтар да саудамен айналысып, олардың өздерінің жеке лавкалары болды. Мысалы, II теңіз округында – 4, №2 старшындықта – 4, №3 старшындықта – 6, №6 старшындықта – 2, №7 старшындықта – 2 және №8 старшындықта – 1 қазақ саудамен айналысқан. Уақытша Кеңестің қазақтар мен орыстар арасындағы сауда байланысын арттыруды көздеуіне байланысты саудагер қазақтар сауда салығынан босатылған [151, с. 130].

Шөпшағыл ауылы Хан Ордасынан 100 верст жерде орналасты, онда мануфактуралық тауарлар сататын 10 дүкен болды. Бұрын Чапчачиде Ішкі Істер Министрлігі ашқан тұз кәсіпшілігі болған. Чапчачидің тұрғындары 100 адамға жетті. Олар негізінен татарлар мен қазақтар еді. Көбі саудамен айналысқан.

Торғын, Таловка және Қамысты-Самар солтүстік округтерінің бір бөлігі өз малдарын тікелей Самара губерниясының Петропавловка селосына, Савинкаға, Жаңа Өзенге және Александров-Гайға айдаса, келесі бөлігі Хан Ордасындағы жәрмеңкелерге немесе Таловка мен Жаңа Қазан поселкелеріне апарып сатқан.

Қазақ даласында мол өнімге және шаш-етектен пайдаға кенелген Ресей саудагерлері Қазақстанда сауданың жаңа түрі – жәрмеңкелік сауданы енгізді. Кең-байтақ жерінде тұрғындары сирек қоныстанған, қатынас жолы дамымаған, халқының дені көшпелі өмір сүретін өлкеде сауданың жәрмеңкелік түрін ұйымдастыру қазақтар үшін өте тиімді болғаны анық. Жәрмеңкенің өркендеуі қазақ жерінде дәстүрлі керуен саудасының жандануына да даңғыл жол ашты.

Жәрмеңкелер қазақ және орыс халқы арасындағы экономикалық қатынастардың беки түсуінің басты факторы болғаны анық. Алайда, жәрмеңкелер тұрақты түрде сауда жасайтын орын емес, маусымдық болуына байланысты интенсивті түрде ыдырай бастаған патриархалды-натуралдық ауыл шаруашылығының қажеттіліктерін қанағаттандыра алмады [58, 113 б.].

Жалпы айтқанда жәрмеңкелік сауда Қазақстан экономикасының дамуына оң ықпал етті. Аталған кезеңде жергілікті халық негізінен мал және мал шаруашылығы өнімдерін шығарды. Сондықтан, жәрмеңкелерде сатылатын өнімнің көп бөлігін шикізат құрағанын көруге болады.

Қазақстанда сауданың өркендеуі қазақтардың шаруашылығының заттық өндірісінің негізін өзгертпесе де, тауар-ақша қатынастарының одан әрі енуіне жәрдемдесті. Қазақтардың арасында арнайы сауда серіктестіктерін ұйымдастырған саудагерлер пайда болды [58, 114 б.].

Қорыта айтсақ, XIX ғасырдың II жартысында Бөкей Ордасындағы жәрмеңкелер саны көбейді. Хан ставкасы жәрмеңкесінен басқа Жаңа Қазан, Таловка, Ахун мекенінен жәрмеңкелер ашылды. Ғасыр соңындағы төрт бірдей жәрмеңкелерде жүргізілген тауар айналымының пайыздық үлес салмағы Астрахан губерниясы жәрмеңкелеріндегі қаржының басым бөлігін құрады.

Бұның өзі Ордадағы жәрмеңкелердің өткен ғасыр соңында әлі де болса өз маңызын жоймағандығын көрсетеді. Бұл жәрмеңкелер хандықтың көрші елдермен экономикалық, сауда, тауар-ақша қатынастарын нығайтуда, халықтың әл-ауқатын арттыруда, ұлттық өнер мен мәдениетті дамытуда үлкен рөл атқарды. Ал жәрмеңкелерді ұйымдастырып, өткізу барысында түскен алым-салық 1854 жылы Ордада құрылған ссудалық кассаның жүйелі жұмыс істеуіне белгілі дәрежеде өз үлесін қосты.

### **2.3 Әлеуметтік-экономикалық өмірдегі кәсіпкерліктің рөлі**

XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей Ордасындағы кәсіп түрлері көбейіп, балық аулау, тұз өндіру, жүк тасымалдау тағы басқа жұмыстарға жалданушылық арта түсті.

Кәсіпшіліктерге барып, жалданып қызмет атқару үшін қазақтарға рұқсат пен белгілі бір мерзімге арналған билет берілді. Кәсіпшіліктердегі қызметтердің маусымдық сипатына байланысты жалданушы қазақтар да бұл жұмыстарды кесімді бір уақытта атқара алатын еді. Сондықтан, жалданушы қазақтарға уақыт мерзіміне сәйкес бағасы да өсіп отырған билеттер сатылып, рұқсат берілді, әр билет есепке алынды. Балық кәсіпшілігі 3 маусымдық кезеңге, ал тұз кәсіпшілігі еңбек сипатына қарай 4 топқа бөлініп, оларға қазақ жұмысшылар көптеп жалданды. Тұз өндіру және балық аулау кәсіпшіліктерінде қазақтарға басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда еңбек ақы кем төленді.

Ғ.Е. Харабалиннің еңбегінде балық кәсіпшіліктерінде қазақтарды қанаудың сан-алуан әдіс-тәсілдері қолданылғаны жан-жақты дәйектеледі. Мәселен, Бөкей Ордасына қарасты Үлкен, Кіші өзендер мен Қамысты-Самар көлдерінде балық аулау кәсібі кең тарағандығы, XIX ғасырдың екінші жартысында аталған су қоймаларын толыққанды иеленген орал казактарының қазақтарды бұл маңайға жуытпағаны айтылады [53, 156 б.]. Яғни, Ғ.Е. Харабалиннің еңбегіне сүйенсек, патша үкіметінің Еділ-Каспий өңірін толық бақылауда ұстай отырып, ең шұрайлы жерлерді казактардың ғана игілігіне беру жағын мықтап ойластырғанын аңғарамыз. Бұған дәлел – кез-келген су қоймаларындағы балық ауланатын жерлердің қазақтарға тек жалдап алуға ғана рұқсат етілгендігі. Тіпті, балық аулайтын құрылғыларға дейін казактардың қолында болуы, жалға берілетін жерлер құнының жыл



санап өсе түсуіне қарап сол кезеңде жергілікті халықтың ахуалы қиындай түсті деп тұжырым жасауға толық негіз бар.

Империяның ішкі губернияларында балыққа деген сұраныстың өсуі, сатылған билеттер мен жерді жалға беруден түскен қаржы үкімет адамдары мен помещиктердің, орыс елді-мекендері тұрғындарының теңіз, көл, өзен жағалауларына деген қызығушылығын өршітті. 1878 жылы күзде қазақтар теңіз жағалауынан бірнеше учаскелерді жалға алып, осы жердегі балық кәсіпшіліктеріне жұмыстарға жалданған қазақтардың жалпы саны 4200 адамға жеткен [53, 158 б.].

Жамбай деген жерді жайлап, көшіп-қонып жүрген қазақтар 1854 жылы Каспий теңізі жағалауында балықшылықты кәсіп етеді. Олардың осы маңайда жер кепелер салып, орнығуына Астрахан губернаторы рұқсат береді. Кейін, яғни 1878 жылы 10 қарашада Бөкей Ордасының қазақтары теңіз жағалауларындағы жерлерді жалға алады. Сонымен бірге сол жердегі басқа да балық кәсіпшіліктеріне жалданып жұмыс істейді. [60, 716.].

1889 жылы қазақтар теңіз жағалауынан 105 участокты жалға алып, балық аулау үшін 1807 сом төлеген, бұл жерлерде осы жылы 308 сом ақша төленген 77 билет беріледі. Қамысты-Самар көлінде №2, 3 старшындықтан 18 қазақ балық аулады. 1889 жылдың күз айында Нарын бөлімінен 750 қазақ айына әрқайсысы 10-12 сомға балық аулауға жалданған. Ал 1896 жылы теңіз жағасындағы 89 балық шаруашылығының 53-інде қазақ жұмысшылары жалданған [53, 157 б.].

Еңбек тәртібі, соның ішінде жұмысқа қабылдау туралы заңның олқылығы қазақтардың еңбегін қанауға мүмкіндік берді. Дегенмен, балық аулау ісі басқаларына қарағанда анағұрлым табысты болғандықтан, балықшы қазақтардың саны артпаса, кеміген жоқ. Бұл кәсіпшілікке жалдану үшін арнайы билеттер берілді. Осы 1889 жылы Ордадағы қазақтардың табыс табуға барған билеттерінің саны төмендегідей болған :

Кесте 19 - 1889 жылы бөкейлік қазақтардың табыс табуға барған билеттерінің саны [79, с. 2]

Бөлімдер	Б и л е т т е р				
	Жылдық	½ Жылдық	2 ай	1 ай	барлығы
Қалмаққ а	137	161	320	995	1613
Торғын	143	159	387	840	1529
Таловка	106	165	179	480	930
Қамыст	102	180	482	451	915

ы-Самар					
Нарын	71	6	91	738	969
II-ші округ	144	123	344	1639	2250
II-ші округ	170	139	808	902	2019
Барлығы	873	996	2311	6045	10 115

Бұл көрсеткіш мынадай мәлімет береді:

1. Көптеген қазақтар күнкөріс үшін басқа жерлерге кетуге мәжбүр болған,

2. Басқа бөлімдерге қарағанда I-ші округ қазақтары көп билет алған.

Теңіз жағасындағы балық кәсіпшілігіне А. Поленов өз жинағында былай деп сипаттама береді: «Каспий теңізі жағалауына мыңдаған жұмысшылар балық аулауға келеді. Сонымен қатар Астрахандағы балық базарының жақындығы халықты ауыр да болса өте тиімді балық кәсіпшілігімен айналысуға итермелейді. Балық кәсіпшілігіндегі тұрғындарға келетін болсақ, онда әр ұлт өкілдері жұмыс жасайды. Бұлар негізінен орыстар, қазақтар және қалмақтар. Бұл жұмысшылар Астрахан, Қазан, Саратов, Пенза, Тамбов губернияларынан келген тұрғындар. Олардың ұлттық құрамы статистикалық мәліметтер бойынша шамамен алғанда төмендегідей: орыстар – 80%, өзге халықтар – 40%, қазақтар – 25%, қалмақтар – 15%, қалғандары татар халықтарын құрайды» [152, с.1].

Жыл сайын балық кәсіпкерлері жұмысшыларды жалдау үшін өз адамдарын орыс селоларына, қазақ, қалмақ ауылдарына жіберіп отырған, алайда жалданушылармен олар тікелей келіссөз жүргізбеген, әрбір село мен ауылдарда подрядчиктер арқылы өздеріне қажетті мөлшерде жұмыс күшін жинап алып отырған. Өзендер мұздан арылған соң, кәсіпкерлер белгіленген пункттерге балық тиеуге арналған қайықтарды жіберетін болған. Өзендегі балық кәсіпшілігінде көктем кезінде 60 мыңға жуық, күзде 30 мыңдай және қыста 5 мыңға жуық жұмысшылар мен аушылар жұмыс істеген.

Тұрақты қызметкерлердің шағын ғана тобын есептемегенде, барлық жұмысшылар белгілі бір мерзімге жалданатын. Негізгі мерзімдер: көктемде – 15 ақпан, 1 наурыз, 15 сәуірден және 15 мамырға дейін; күзде – 1 қыркүйектен 1 қараша мен 6 желтоқсанға дейін; қыста – 6 желтоқсаннан 1 наурызға дейін [152, с. 2].

«Жұмысшылардың кәсіп орындарына және кейін қарай қайту қозғалысы Еділ-Каспий аумағындағы балық кәсіпшілігінің ең бір сорақы жағы болатын. Себебі, бұл іс алдын-ала ұйымдастырылмайтын және жұмысшы бұқарасына ешқандай жағдай жасалмайтын. Адамдарды баржаларға ешбір мөлшерсіз, бөшкедегі тұздалған

балықтар сияқты тией беретін», – деп жазады М. Иванин [16, с. 92]. «Қызыл балық», яғни бекіре тұқымдас балықтарды аулаумен айналысатын кәсіпшіліктерде жалдамалы жұмысшылар мүлдем болмады. Өйткені, жұмысты 5-6 тұрақты ер адамдар атқарып отыратын. Кәсіпшіліктерде жұмыс атқаратындардың денін орыс, қазақ, қалмақ және татарлар құраған. Қазақтардың тікелей сол кәсіпшіліктермен шектесетін І-ші және ІІ-ші теңіз жағалауы округтерінен болса, орыс жұмысшылары Еділ бойы селоларынан, оның сол жағалауынан, Царев уезінің Николаев слободасынан бастап, Енотаевск уезінің Хошеутовское селосына дейінгі жерлерден келетін. Кәсіпшіліктерде дайындалған барлық тауар Астраханға жіберілетін [152, с. 3].

Ал Гурьев балық кәсіпшіліктерінде тек қазақтар ғана жұмыс істеді, олардың бірқатары бір жылға жалданса, ал көпшілігі балық аулау науқанына байланысты белгілі бір мерзімге шартқа отырып, кәсіпшіліктерге 2 мерзімге – күзде тамыз айында және көктемде наурыздың басында жиналса, кейін далаға - 14 қарашада қыстауға, 1 маусымда жайлауға көшерде оралып отырған. Алғашқы кезде бұл жерлерде бөкейлік қазақтар аз ұшырасса, кейінгі жылдары олардың да саны арта бастаған [152, с. 5].

Гурьевтің өзінде барлық кәсіпшіліктер қаладан 15-ақ верст жерде шоғырланған. Теңіз жағалауында (Плотовин базары) жұмысшы қазақтардың саны балық аулау кезінде 3000 адамға дейін жеткен және бөкейліктердің үлес саны бұл жерде 100 адамнан аспаған. Олардың дені І-ші теңіз округінен келгендер еді. Қазақтардың көбі Гурьев бекетіне орналасатындықтан, бөкейліктер олармен үнемі тығыз қарым-қатынаста болады.

Теңізге Бөкей Ордасынан көктемде және күзде балық аулау (жұмысқа емес) үшін келетін қазақтардың санын тап басып айту қиын, өйткені, олар ешқандай есепке кірмеді. Себебі олар казактардың суларына емес, өз беттерінше, аулаған балықтарын кәсіп иелерінің «қабылдау» қайықтарына өткізу үшін келеді және жағалаумен ешқандай байланыстары жоқ, әркез теңіздегі өз қайықтарында тұрады.

Осылайша, Бөкей Ордасынан Гурьевке қазақтардың ең көп ағылатын уақыты көктемгі және күзгі балық аулау маусымы еді. Қазақ жұмысшыларының бұл жаққа қатынасу тораптары жолдың жағдайына байланысты әр кезеңде әр түрлі болып келеді. Барлық басқа жолдар жабылып, тек қана су жолдары қалған кезде (қайықпен) қазақтар Бөкей Ордасы шекарасынан 12-16 верст жердегі Богатинск поселкесі арқылы келіп, ары қарай Гурьевке дала жолдарымен жететін. Бұл жайт балық кәсіпшілігіне байланысты Каспий жағалауы тұрғындарының санының тез өсіп, бөлек кәсіпшіліктер мен поселкелердің жылдам бой көтергенін көрсетеді. Мұның барлығы балыққа бай Каспиймен іргелес отырған жергілікті халықтың экономикалық жағдайы мен тұрмысына әсер етпей қойған жоқ: олар бірте-бірте балық кәсібіне жақындай түсті,

өз беттерімен балық аулап сатудың күнкөріс үшін тиімділігіне де көздері жете бастады [152, с. 7].

Сонымен бірге, Каспий жағалауы сауда-кәсіпшілік пунктеріне толып, басты рыноктар – Астрахань және Гурьевпен тұрақты байланыс орнады. Балық кәсіпшілігінің дамуымен жаңа жұмыс күшіне де сұраныс артты, сондықтан да, Еділ жағалауы губерниялары орыстарының Каспий аймағына ағылуы өзінен-өзі түсінікті жағдай болса керек.

Каспий теңізіндегі көктемгі және күзгі балық аулау науқаны қарсаңында Бөкей Ордасының әр түрлі округтерінің мыңдаған қазақтары, әсіресе I, II теңіз округі аймақтарының тұрғындары балық кәсіпшіліктеріне жұмысқа жалдануға аттанады. Жыл сайын белгілі бір уақытта және белгілі бір бағытта өз сапарларын қайталай отырып, олар көбіне оңтүстік-батысқа, Еділ жағалауы ауданына (Краснояр уезі) баратын да, сол жақтан Атырау кәсіпшіліктерімен қатар Каспий теңізінің сол жағалауында орналасқан басқа да кәсіпшіліктерге тарайтын.

I, II теңіз округі аймақтары жағалаудағы балық кәсіпшіліктерін жұмыс күшімен қамтамасыз етіп отыратын, Торғын және Қалмақ бөлімінің қазақтары Еділ жағалауына баруды әдетке айналдырған еді. Ал Нарын қазақтары жоғарыда аталған барлық кәсіпшіліктерден табылатын, дегенмен олардың көбі теңіз жағалауындағы балық кәсіпшіліктеріне кеткен.

Балықшылық кәсіппен негізінен округтік қазақтар және Қамысты-Самар қазақтарының бір бөлігі айналысқан. II-ші теңіз округінің қазақтары 4000 адамға дейін балық кәсіпшіліктеріне жалданатын. Нарын бөлімінен жыл сайын балық кәсіпшіліктеріне жалдануға көктемде 1 наурыз бен 15 мамыр аралығында аттанған.

II теңіз округіндегі тұрғындардың жаппай қозғалысы ең әуелі балық кәсіпшілігімен байланысты болатын. Мал шаруашылығына қолайсыз, топырақты, барлық жері дерлік құмды болып келетін теңіз жағалауы округтерінде маңызы жоғала бастаған мал шаруашылығының орнына балық кәсіпшілігі дами бастады. Қазақтардың өздері балық аулаумен айналысты және кәсіпшіліктерге жалданды. Балықшылар көбіне теңіз жағалауында қыстап қалатын, олар балықты аумен аулап, кәсіпшіліктерге өткізетін. Қазақтардың ішінде де ірі балық кәсіпкерлері болды. (мысалы, қазақ Танашев, Бөкенбаев, Убышев, т.б.) [152, с. 10].

Жылжымалы жұмысшы күшінен басқа балық өндіріс орындарының тұрғындарының арасында «жылдық» деп аталатын жұмысшылар мен қызметшілердің тұрақты штаты болған. Жыл сайын болатын қызметшілерге: өндіріс орындарының әкімшілігі (бақылаушылар, олардың көмекшілері), қызметшілер, балық тазалайтындарды бақылайтындар, маусым кезінде ұйықтарды

аралайтындар, кеме капитандары, машинистері және теңізшілер, аушылар, қарауылдар, ұсталар, қара жұмысшылар және тағы басқалары [60, 76 б.].

Жалпы шекара бойындағы орыс тұрғындары мен Каспий теңізінің балық кәсіпшіліктеріне жалданып бақташы болып жұмыс істеген қазақтардың жалпы саны еркек, әйелді қоса есептегенде 20 мыңға жетті. Тек бір ғана Ембі балық аулау кәсіпшіліктерінде 200-ге таяу қазақ жұмыс істеді. Шеттен табыс іздеп кеткен қазақтардың көпшілігі балық аулайтын кәсіпшіліктерде жұмыс істеп, шеп бойындағы ауқатты тұрғындарға жалданды [125, 68б.].

Жалданып жұмыс істейтіндердің жалақысы маусым соңында ғана белгілі болып отырды. Ал, «мыңдықтың» жалақысы туралы алдын-ала болжау мүмкін болмады. «Мыңдықтар» деп аталған балықшы жұмысшылардың бұл тобы еңбек ақы мөлшеріне қарай жалданды. Олардың еңбегі ұстаған балықтарының санына қарай белгіленді. Яғни, әрбір мың балыққа белгілі бір мөлшерде еңбекақы алып тұрды. Егер балық нашар ауланса дымсыз қалатын кездері аз болмады. Салдағы жұмысшыдан көп ақы табатын жағдайлар тым сирек. Тамақтану, өзге де қажетті дүниелерді өз есебінен жүзеге асырды. Жалдану кезінде ақылары алдын ала төленді. Көбіне көп олардың шамасы тек қана нан сатып алуға жетті.

«Мыңдықтардың» аралас талаптармен де жалданған кездері болды. Айталық, кей кәсіпкерлер балық аулау жұмысына көңілдері толмаған жағдайда 8-10 сом жалақы беретін және сол уақытта ұсталған әрбір мың балыққа төмен ақы бойынша ақша төледі. «Мыңдықтардың» денін көбіне-көп қалалықтар құрайтын [60, 80 б.].

Краснояр уезінің өзендерінен балық аулауға жалданған қазақтарға кәсіпшілік конторының жасап отырған озбырлығы жөнінде «Уақытша кеңестің» төрағасы генерал Н. Новицкий Астрахан губернаторына хабарлама жолдаған. Хабарламада балық аулау кәсіпшілігінің қожайындары қазақтарды жұмысқа жалдап әкелуді мердігерлерге тапсыратыны, ал олардың төлемақыны келісім шартта көрсетілген көлемнен екі есе азайтып төлеп, жартысын өз қалталарына салып алатыны айтылған. Оған қоса жалдамалы жұмысшыларға белгіленген еңбек ақы олардың ұлтына қарай бөлек төленген. Ең жоғары еңбек ақы орыстарға, одан кейінгісі қалмақтарға, ал ең төмен ақы қазақтарға берілетін болған. Оның үстіне балықшылар тобының құрамында болуға тиісті 12 адамның орнына қазақтардан әр топта 8-ақ кісі ұстаған. Сонда оларға тиісті еңбек ақының жартысын арада жүрген мердігерлер жырып қалса, қожайындар ұлтың қазақ деп бір, 12 адамның жұмысын 8 адамға істетіп екі рет жымқырып, қалған ақшасын да тауарлай есептесіп, байғұс қазақтардың қолына көк тиын тимейтін болған. Мұндай қорлыққа шыдамаған қазақтар жүздеп, мыңдап жұмыстарын тастап, топ-тобымен қашып кетуге мәжбүр болған. Ол екі жаққа да

пайдалы болмады. Өндіріс қожалары үшін жұмыс тоқтап, нағыз науқанның кезінде балық ауланбай қалса, қазақтар өзі де мардымсыз табысынан айырылған. Бұл жағдай Хан ставкасындағы Бөкей Ордасын басқаратын Уақытша Кеңестің тарапынан ескерусіз қалмаған. Генерал Н. Новицкий әдейі комиссия жіберіп, жоғарыдағы айтылған жағдайларды анықтап, губернатордың алдына болашақта қазақтарды балық аулау кәсіпшілігіне жалдап алудың төмендегідей жобасын қабылдап бекітуді әдейі мәселе етіп қойған:

1. Өндірістік, тұрмыстық жағдайлары бірдей балықшылардың ұлт айырмашылығына қарамай бәріне бірдей мөлшерде еңбек ақы төлеу. Немесе орыстар мен қазақтардың еңбек ақысының бірдей болуын қамтамасыз ету.

2. Кәсіпшілік қожайындары қазақтарды жұмысқа жалдап аларда араға кісі салмай, (мердігерлерді) орданың округтік правительдері арқылы келісім шарт жасау. Сонда правительдер қай жерде қанша адамның жұмыс жасайтынын біліп отырады және кәсіпшіліктерге ауық-ауық депутаттар жіберіп, бақылау жасайды, сөйтіп жоғарыда айтылған бассыздықтарға жол берілмейді.

3. Жалданған қазақтардың еңбек ақысын мерзімінде ақшалай төлеп отыру. Тауар арқылы есептесуге үзілді-кесілді тыйым салу. Олардың өздеріне керегін ғана ақшаларына сатып алуына жағдай туғызу.

4. Жоғарыда көрсетілген бейбастақтықтардың қайталанбауы үшін үнемі штаттағы қызметкерлерін жұмсап бақылауды күшейту арқылы тәртіп орнатуды Краснояр уезінің полиция бастығына тапсыру.

5. Топ құрамындағы адам саны жетіспей, 12 кісінің орнына 8 адамның жұмыс жасауына тура келсе, оларға 12 адамға тиісті еңбек ақыны толық мөлшерде төлеп отыру.

Әрине, бұндай нақтылы да пәрменді шараның кейінгі уақытта ойдағыдай нәтижесін беретіндігіне күмән болмады [153, 6 п.].

Сонымен қатар, қазақтар Астрахань қаласына сатуға балық тасып отырды. Олар өз балығын сатып алушы саудагерді тапқаннан соң, саудагерлер әлгі қазақтың бүкіл балығын түгелдей сатып аламын деп алдап әкетіп, оның балығының көп бөлігін “жарамсыз” етіп шығарған. Ақыр аяғында одан 2-3 балықты бір балықтың құнын беріп сатып алып, оны өзге тұлғаларға қайтадан сатып жіберіп отырған. Байғұс қазақ азын-аулақ тиын-тебенін ғана ұстап, ауылына қайтуға мәжбүр болған [142, 3 п.].

Сонымен бірге, әр жыл сайын он мыңдай қазақтар Астрахан қаласының, Астрахан уезінің балықшы кәсіпкерлеріне балық аулауға жалданады. Орта есеппен алғанда әр пұт балыққа бір адамға 20 рубльден ақы келісіледі. Олардың жалпы еңбек ақысы жылына жарты миллион рубльге жетеді. Алайда келешекте оларға осы еңбек ақыларынан айырылып қалу қаупі төніп тұрды. Сонымен қатар,

мемлекет қазынасы билет пен құжаттан түсетін 6 мың рубльдей кірістен қағылу қаупі болды. Бұның себептері төмендегідей еді: балық қожайындарына еңбек күшін жеткізуші мердігер ретінде көбінесе I және II жағалау округтерінің қазақтары жалданған. Олар көктемгі және жазғы балық аулау жұмыстарын бітірген соң, желтоқсанның басында жылдық ақысын алады. Содан кейін сол бойда қысқы балық аулау жұмыстары үшін алдын-ала ақының бір бөлшегін алып, желтоқсан айында қожайындарымен алдағы жылдың көктемгі балық аулау жұмыстарына адам тауып беруге келісім жасайды. Ол үшін де олар алдын-ала ақының бір бөлшегі ретінде әр адам үшін 1, 2 немесе 3 рубль ақы алады. Осы ақшамен олар Ордаға қайтады. Қайтарда белгілі мерзімге жұмысшыларды құжаттарымен бірге әкелуге уәде беріп кетеді. Содан кейін қазақтар ақпан айларында өз қожайындарына қайтып келіп, өздері жалға алған жұмысшылардың құжаттарын ала келеді де, балық кәсіпкерлері мекемелеріне әлгі құжаттарды өткізіп, келісім-шарт жасап, әр жұмысшы үшін 10-15 рубльден ақы алады. Ал бұл 1 наурыздан 15 мамырға дейін созылатын көктемгі балық аулау кезіндегі бір жұмысшының еңбек ақысының үштен екі бөлігі. 1 наурыздан бастап жұмыс уақыты келген кезде, кейбір подрячиктер құжаттарын тапсырған жұмысшыларды емес, мүлде өзге адамдарды жұмысқа алып келеді. Бұлардың көбінің құжаттары жоқ немесе сенімсіз адамдар боп келеді. Олар жиі-жиі жұмыстан қашып, әртүрлі жағымсыз қылықтар көрсетеді. Осындай екі-үш адам 200 адамнан тұратын үлкен бір ұжымның ісіне іріткі салып, бүкіл ұжым балық аулаудың ең бір қайнаған кезінде жұмыстарын тастап, ауылдарына кетіп қалып жатады. Ал кейбір мердігерлер өздері ақысын алып, уәде еткен жұмысшылардың тек бір азғантай бөлшегін алып келсе, ал кейбіреулері ешқандай жұмысшылар алып келмей, қожайындарын алдап қашып кетеді. Осының бәрі балық кәсіпкерлігімен айналысушылардың мүдделеріне орасан зор нұқсан келтіреді. Олар мердігерлердің де жұмысшылардың да арттарынан қуынып сотқа бере алмайды, себебі көп жағдайда оларды қайдан табатынын да білмейді, немесе олардан ешқандай ақы өндіре алмайтын болғасын, қуынуға да бармайды [142, 4 п.].

Жалпы бұның басты себебі – балық кәсіпкерлері мердігер ретінде кедей, сенімсіз адамдарды жалдайды. Ешкім олар үшін кепілдік те бермейді. Астрахан қалалық полиция басқармасы бірнеше рет Орда басқарушысына, оның көмекшілеріне және Орда депутаттарына осы жағдай туралы ескерту жасады. Бұл ескерту 1884 жылдың сәуірінде 1036 нөмірмен тіркелді. Сонымен қатар, Ішкі қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңестің теңіз жағалауы округінің басқармасына 1884 жылдың ақпанында 1121 нөмірмен жіберілген бұйрығында айтылғандай, ордалық қазақтар жеке тұлғалармен қандай да бір келісім-шарт жасамастан бұрын бұл туралы алдымен жергілікті

басқарушыларға немесе жергілікті депутаттарға ескертуі тиіс. Содан кейін ғана осы аталмыш тұлғалардың қатысуымен келісім-шартқа отыруы қажет. Бірақ бұл бұйрық орындалмай келген. Бұған айыпты олардың өзі, сондай-ақ жергілікті басқарушылар да бұған кінәлі болды. Себебі олар мердігерге жалданушының жауапкершілігін, дүние-мүлкінің көлемін тексеріп алмай оған куәлік пен төлқұжат бере берген. Оның орнына оған кепіл болатын екі-үш ауқатты қазақты жауапты етіп қойған жөн еді. Осындай келеңсіздіктердің кесірінен балық кәсіпкерлерінің қазақтарға деген сенімі азайған [142, 5 п.].

Бұл жердегі депутаттың аталмыш іске өз үлесін қосуы төмендегідей тұрғыда болды:

1) қазақтардың балық кәсіпкерлерімен арада келісім-шарт жасасқан кезде, олардың мүдделерінің аяқасты болмауын қадағалауы тиіс, яғни қазақтардың мүдделеріне сай келмейтін жайттарды келісім-шарт ішіне кіргізбеуі тиіс.

2) Қазақтар келісім-шарт баптарын бұзған жағдайда, жергілікті депутат балық кәсіпкерлеріне ешқандай көмек бере алмайды. Себебі бұл үшін оның қолында жоғарғы басшылық берген ешқандай нұсқаулық жоқ. Сондай-ақ оның қолында қажет болған жағдайда жауапсыз подрячиктер мен жұмысшыларды іздеп тауып, келісім-шарт баптарын орындататын жасақ та жоқ. Оның үстіне депутаттық міндетіне тек қазақтардың мүддесін қорғау ғана кіреді. Осындай себептерден балық кәсіпкерлері депутаттарды мердігермен келісім-шарт жасауға шақырғылары келмейді [142, 7 п.].

Сөйтіп, Бөкей Ордасы қазақтарының депутаты Бөкей Сәменов өзінің рапортында төмендегідей басшылықтарға нұсқау беруді сұрайды:

«Астраханнан балық пен өзге де тауарларды Царицын қаласы мен басқа да жерлерге таситын қазақтарды делдалдардан құтқару қажет. Егер қандай да бір себептермен мұны орындау мүмкін болмаған жағдайда, аталмыш делдалдарды жергілікті басшылық арқылы заңды тұрғыда делдалдықпен шұғылдандуына итермелеу қажет. Егер де олар қазақтармен арадағы қандай да бір келісім-шарт жасау ісіне араласатын болса, ол ең алдымен жергілікті депутатқа өз куәлігін көрсетуі тиіс болады. Сонда ғана депутат оның аты-жөнін, дәрежесін, тұрғылықты мекен-жайын білер еді де, қажет болған жағдайда заң арқылы оны белгілі бір жауапкершілікке тарта алар еді» [142, 9 п.].

Сонымен қатар Б.Сәменов қосымша хабарландыру жасап, мердігерлер немесе жер телімдерін жалдаумен айналысқысы келетін қазақтардың қандай да бір жеке тұлғалармен келісім-шарт жасамас бұрын жергілікті старшындықтарға ескертуін, өздеріне кепіл боларлық ауқатты екі-үш тұлғаны табуды ұсынады. Балық кәсіпкерлігімен айналысатын тұлғаларға мердігерлікке жалданушылар табылған жағдайда жоғарыда аталған кепілдіктерді бермей, ешқандай келісім-шарт жасамауға кеңес береді. Сонымен қатар, бұл туралы жыл сайын



жариялап тұрудың артық болмайтындығын, себебі бұл кәсіппен айналысушылардың кетіп, кейін жыл айналып қайтадан келіп жататындығын алға тартады. Б.Сәменов жалпы бұл мәселені оңай шешу үшін Астрахан қаласының делдалдарына құжат түрінде нұсқау беру қажет деп санайды. Олардың бір де бірі қазақтар тарапынан жоғарыда аталған кепілдіктер болмайынша, олардың қасына міндетті түрде депутат келмейінше ешқандай келісім-шарт жасалмауы тиістігін баса көрсетеді [142, 9 п.].

Бөкей Ордасы қазақтарының тағы бір депутаты Б. Сәменұлының Уақытша Кеңеске жазған өтінішінде былай делінеді: «Осы аталған істің маңыздылығына орай Сіз Астрахан қаласы мен оның уездерінің барлық балық кәсіпкерлерін жинап алып, бір үлкен кеңес-мәжіліс өтізіп, сол кеңесте оларға қазақтар тарапынан келетін адам легінің көптігіне байланысты, сондай-ақ олардың келісім-шарт баптарын орындамай, тәртіп бұзуына байланысты ерекше қазақ полициясын құруды ұсынсаңыз. Есіңізде болса, дәл осындай ерекше полиция жасағы Басқұншақ көлінің жанында құрылған болатын, онда да 1884 жылы дәл қазіргідей себептер жасақтың құрылуына ықпал еткен еді. Сонымен қатар осы туралы маған да өз нұсқауларыңызды беріп жіберсеңіз», – делінеді [142, 12 п.].

Балық аулау кәсібі XIX ғасырдың аяғында балық өндірісінің өндіру және өңдеу сияқты екі саласын қалыптастырды. Яғни, балық кәсіпшілігі дамуының нәтижесінде бірінші жағынан өндіру кәсібінің өңдеу және сату кәсібінен бөлінгені байқалса, екінші жағынан жақын және алыс рыноктарға балықтарды сатуды жекелеген ірі өндіріс иелерінің жүзеге асырғанын көреміз [60, 33 б.].

Дегенмен, балықшылық кәсібі дәстүріндегі ала-құлалық әртүрлі қатынастардың орнығуына жол ашты. Олардың біреулерінің ондаған, тіпті жүздеген балықшыны жалдауға әлеуеті жететін. Енді бір жекелеген балықшылардың тобы ұстаған балығын өзі өткізіп, іс жүзінде жеке басының тәуелсіздігін сақтап қала алды. Теңізден балық аулау аса қауіпті әрі оған ақы өте аз мөлшерде төленді. Теңізде негізінен қызыл балықты өңдейтін өндіріс орындары, ал, өзендер жағалауында қабыршақты тұқымдас балықтарды тазалайтын кәсіпшіліктер орын тепті [60, 32 б.].

1899 жылы Никольск (Жанбай) селосының орыс шаруалары балықшы қазақтардың 400 шаңырағының мал-жандарымен көшіп келіп, жайылысы мен шабындығын таптап, оларға алдағы қыста мал азығынсыз қалу қаупі төнгенін айтып губернатордың атына арыз жазып, қазақтарды бұл жерден көшіруді сұрап өтініш жасаған. 400 қазақ шаңырағы мен 500-дей орыс шаруаларының арасындағы дау-жанжалдың ушығып, қақтығысқа айналып кетуінен қауіптенген губернатор құрамына аса жауапты лауазымды шенеуніктерді енгізіп, мемлекеттік комиссия құрған. Бұл мемлекеттік комиссияға екі жақтың

уәкілдерін қатыстырып істі тексеріп, шұғыл шара қолдануды тапсырған. Комиссия құрамы төмендегідей болды:

1. Бөкей Ордасын басқаратын Уақытша Кеңестің төрағасы А.Ю. Вольфердць.

2. Волга-Каспий бассейнінен балық және тюлень аулау басқармасының бастығы П.О. Зубович.

3. Астрахан губернаторының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға шенеунігі В.Ф. Сусков.

4. Краснояр уезінің исправнигі С.В. Роговенко.

5. Краснояр уезінің жер шаруашылығы басқармасының бастығы И.И. Пономарев.

Волга-Каспий балық және тюлень аулау басқармасының жер өлшеушісі Е.Т. Молдаванцев [153, 7 п.].

Мемлекеттік комиссияның толық құрамы мен оларға ІІ теңіз жағалауы округінің правителі Шолтуров пен қалмақ бөлімінің старшыны Шынтемиров еріп, 21 мамыр күні Жанбай (Никольск) селосына келіп, орыстар жағының сенімді уәкілі Д.Н. Потемкин мен қазақтардан Исаков, Балтабековтарды шақырып алып тергегенде анықталған жағдай төмендегідей болған:

Даулы жерді Жанбай селосындағы орыс шаруаларының қауымдастығы Волга-Каспий бассейні басқармасымен келісім-шарт жасап, жылына 755 сом арендалық ақы төлеп пайдаланып отырған. Нарын құмынан келіп, Каспий жағалауындағы жатақтарда балық өңдеуге және теңізге шығып балық аулауға жалданып жұмыс жасап жүрген 400 балықшы отбасыларымен келіп, Жамбайдың орыс шаруалары жерінің жартысын 525 сом арендалық ақы төлеп келісілген уақытқа дейін пайдалана тұруға алып, әлгі жерге мал-жанымен көшіп келіп орналасқан. Келісім-шарттағы мерзім аяқталып, енді жерімізді босату қажет болғанда, баратын жері жоқ қазақтар көнбей, осылай отыра беретіндіктерін айтып қозғала қоймаған. Істің мән-жайын тексеріп, анығына жеткен комиссия дауды біржола түбегейлі шеше алмай, тығырыққа тірелген. Себебі, біріншіден, Жамбай селосы орыстарының қойып отырған талабы заңды болған. Бұл қоныс – олардың арендаға келісім шарт бойынша ұзақ мерзімге жалдап алған жерлері. Қазақтар олармен бір-ақ жылға келісім-шарт жасап, оның мерзімі біткесін босатулары керек болған. Екіншіден, 400 үй қазақтарды орналастыра салатын іргелес аралдарда бос жер болмаған [153, 9 п.].

Сөйтіп, комиссия мүшелері бұл істі былайша шешеді: солтүстік Каспий жағалауындағы аралдарды түгел қарап шығып, табылған жерлерді Уақытша кеңес үкімет қаржысына сатып алып, оларға қазақтарды бөліп-бөліп орналастырған. Сөйтіп 400 үй қазақтар Каспий жағалауының 23 аралына бөлініп тұрақты қоныс тепкен. Олар мына аралдар:

1. Михайльск аралы – 30 үй

2. Чеченный аралы – 20 үй
3. Сухой аралы – 20 үй
4. Белужий аралы – 15 үй
5. Кокревский аралы – 30 үй
6. Михайльск аралы – 30 үй
7. Поперечный аралы – 30 үй
8. Алтынжар аралы – 30 үй
9. Юлунда аралы – 30 үй
10. Зюдова аралы – 40 үй
11. Ботахан аралы – 30 үй
12. Жайырық аралы – 20 үй.

Бұл тізім осылайша жалғаса береді. Олардың біразының аттары қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданында әлі күнге дейін сақталып қалған. Аталған аралдарға халықтың 1 шілдеге дейін толық орналасып болуын, болашақта орыстар мен қазақтардың дау-жанжалсыз бейбіт өмір сүруіне бақылау мен басшылық етуді Уақытша Кеңес төрағасы ІІ теңіз жағалауы округінің старшыны Биляш Шолтыров пен қалмақ бөлімінің старшыны Мұханәлі Шынтемировка жүктеген [153, 10 п].

«Қазақтар Жайық, Астрахан балық кәсіпшіліктеріне жұмысқа жалданып, Қараөзен, Жайық, Еділ өзендері мен Қамыс-Самар көлдерінде балық аулап, еңбек ақы ретінде айына 5-8 сом ақша алған. Бұл туралы 1876 жылы Бөкей Ордасын басқарған Уақытша Кеңестің берген есебінде баяндалады [154, 16 п]. Сонымен қатар қазақтар балық кәсіпшілігіне жалданумен қатар аулаған балықтарын жәрмеңкеге апарып сатып отырған [155].

XIX ғасырдың аяғында қазақтар арасынан да балық кәсіпшілігімен айналысатын кәсіпкерлерде шыға бастады. Мысалы І-теңіз округінде Өтеғали Танашевтің «Дружинский», «Қара көл», «Потанайский», «Михайловский», «Мало Дружинский», Қарес Танашевта «Бережник», Салық Ибрагимов деген қазақ көпесі «Баровский» атты батағасының қожалары болды. Алғашқыда шаруасын ұсақ кәсіптен бастаған қазақ кәсіпкер-саудагерлері біртіндеп байып, балық қабылдайтын батағалар ұйымдастырып, балық аулайтын үлкен кеме-қайық жасақтады. Сөйтіп үлкен капитал иелеріне айналды. Олар балық кәсіпшілігіне жұмыс күшін тартып отырды [156].

Алайда, қазақтарды қанау жағдайларының қаншалықты көп кездескенін мынадан-ақ аңғаруға болатындай. Айталық, жұмысқа жалдау кезінде ең жоғарғы жалақы қалмақтарға, орташа еңбек ақысы орыстарға, ал, ең төменгі ақы қазақ жұмысшыларына төленген. Бұның басты себебі – балықшылықтың қазақтың ата кәсібі еместігі болатын. Аталған мәселені реттейтін заңның болмауы, жалақы әркез ақшалай төлене бермейтіндігі, көбіне-көп азық-түлік тауарлары түрінде берілетіндігі де жағдайды қиындата түсті [157, 6 п].

Кәсіпшілік иелері жұмысшыларды жағалауға жеткізуде кемелер мен баржаларды пайдаланды. Мұндай су көліктерінде жұмысшыларға мүлдем жағдай жасалмады. Мәселен, ересек адамдармен қатар жасөспірім балаларға, тіпті жас нәрестелерге де осындай тар әрі суық баржаларда айлап сапар шегуге тура келетін. Кәсіпшіліктегі жалдану мерзімі аяқталғаннан кейін жұмысшылардың кері оралуы да оңайға соқпады. Алдымен еңбек ақының уақтылы берілмеуіне байланысты біраз күтуі қажет болды. Содан кейінгі қиындық кемеден орын алу кезінде туындап, нәтижесінде жұмысшыларға кемінде екі жұма күтуге мәжбүр болатын.

Жұмысшыларға арналған жатақтар ең маңызды орындар болып саналды. Мұндай орындар негізінен биік жерлерде орналасады. Соның өзінде су көтерілгенде жатақтар суға кетіп отырған. Жатақтардың дені өте тар, тіпті кейбір жатақтар екі ярусты және ішіне ауа кіретін жері жоқ еді. Жатақтарды жылумен қамту үшін екі – үш пештен салынды. Әйел адамдар мен ер адамдар бөлек тұратын жатақтар бар, кейде жұмысшылар көбейген кезде бәрі бір жатақта жататын кездері де болған.

Жұмысшылардың тамағы балықтан, қара наннан, және қалмақтардың шайынан тұрды. Айта кетерлігі, барлық ауланған балықтардың көп мөлшері сатылатындықтан, жұмысшыларға балықты аз мөлшерде берген. Айталық, әр жұмысшыға күніне бір балықтан келетін. Қара нанды көптеген кәсіпшілікте адам басына 3 фунттан сатқан, ал кейбір кәсіпшілікте кім қанша жегісі келсе сонша берілген. Ақ нанды жұмысшылар сирек жейтін. Балық түспеген уақытта жұмысшылар тек нан, шайды ғана пайдаланған.

Кәсіпорындардың көбі төмен және балшықты жерде орналасқан. Теңізден соққан жел салдарынан кәсіпорындарды су шайып кету қаупі үнемі сақталып отырды. Бұл онсыз да ауыр жұмыстан қажитын жұмысшыларға психологиялық тұрғыда ауыр тиетін.

Балық кәсіпшілігімен айналысатын кәсіпшіліктер Әскери Басқармадан қолайлы жер тауып беруін өтінді, алайда оған басшылық мән берген жоқ. Өйткені, су тасқыны болған жағдайда кәсіпкерлер бір жерден екінші жерге бірталай қаражат жұмсап көшуге мәжбүр болады, әрине бұл басқармаға тиімді болды.

Теңіз жағалауына жақын орналасқан Прорвадан басқа Жилая Коса поселкесі балықты жақсы тұздауымен ерекшеленеді. Ракуша поселкесі орыстар шаруашылығын санамағанда 25 шаруашылықтан тұрады, оларға Нижегородский, Пензенский, Тамбовский, Саратов, Астрахань және Рязан губерниясының шаруашылықтары кіреді. Жалдамалы жұмысшылардың саны 100 – ге жуық [152, с. 215].

Жилая Косадағы поселкеде кәсіпшілік 1874 жылы қарқынды дамыды. Соның өзінде Жилая Коса Каспий теңізінің солтүстік – шығыс жағалауда орналасқан ең ірі поселке болып саналады. Жилая Коса

поселкесінде 400 – ден астам ұсақ кәсіпорындар бар, мұның басшылары орыстар болатын, бірақ соңғы жылдары бұл жерде қырғыз отбасыларының саны артып келеді, бірнеше отбасы қосылып өз балық кәсіпшілігін ашты.

Жилая Косада көктем уақытында, яғни 15 – ші наурыздан 15 – мамыр аралығында, балық жүретін уақытта, балық аулаушылар саны 10 000 адамға жетеді, оның 7000 қазақтарды құрайды. Бұл жерде қырғыздардың өздерінің жатақтары болды. Жилая Косадағы кәсіпшілікте Бөкей Ордалық жұмысшы қазақтар көп кездесетін[79, с.26].

Кәсіпкерлер бұл істе көбіне көп мердігерлердің көмегіне сүйенетін. Атап айтқанда, кәсіпкерлер өздерінің сенімді адамдарын, яғни мердігерлерге ауыл-ауылды аралатып, сол жерлерде маусымдық үшін берілетін жалақылар мөлшерін, еңбек шарттарын жариялап отырды. Жұмыс істеуге бейілді жұмысшылар бірден тізімге тіркеліп, төлқұжаттарын балық кәсіпкерлерінің сенімді адамдарына табыстаған. Бір айта кетерлігі оларға алдын ала еңбек ақысы төленген [152, с. 208].

Балық аулау жаздық және қыстық болып екіге бөлінді. Жаздық балық аулау 15 наурыздан 15 қарашаға дейін созылып теңіз және өзен сулары жалға беріліп тұрды. Қысқы балық аулау 15 қарашадан бастап 15 наурызға дейінгі мезгілді қамтыды.

Теңізге жақын маңнан ауланған балық ең әуелі жағалаудағы өндіріс орындарына жеткізілетін. Кейін балықшылар оны кәсіпкерлерге көтерме бағамен сатып отырған [158, 86 б.].

Ауланған өнімдер жергілікті балық кәсіпшіліктерінде өңделіп, Астарханнан келетін кәсіпкерлерге саудаға шығарылды. Сөйтіп Каспий өңіріндегі балық кәсіпшілігі Ресей қазынасына мол пайда әкелді [77,с.57]

Балықшылар жұмыс орнына кемемен келіп, кейін кәсіпшілік иелері оларды межеленген жерлеріне баржамен жеткізіп отырды. Кемелің жүк қоятын астыңғы орындары өте қолайсыз жағдайда болатын. [152, с.118].

Балықшылық кәсібінің пайдалы іс екендігін қазақ саудагерлері де түсіне бастады. Бертін келе балық кәсіпшілігі арқылы байып, теңіз жағалауындағы бар тірлікті өз бақылауларына алғандары да болды.

Бөкей Ордасының балық кәсіпшілігінде жалдамалы жұмысшылар арасында Нарын, Қамыс-Самар қисымы және бірінші, екінші теңіз округтарының қазақтары басым болды. XIX ғасыр аяғында, тек екінші теңіз округындағы қазақ балықшы жігіттерінің саны 1232-ге жеткен еді. Сонымен қатар, балықшылардың өздерінің арасында да мүлік теңсіздігі күшейіп, олардың арасынан да ірі кәсіпкерлер немесе мердігерлер шыға бастады. Барлық ауланған балықтың Бөкей Ордасы мен Гурьев уезінде басым бөлігі – Астраханға апарылатын болды [16, с. 92].

Бұрын жатақтар әлденіп, мал жинаған соң көшкен ауылдан қалмауға тырысса, балықшылықты тек уақытша кәсіп ретінде қараса, енді бірте-бірте бірнеше ұрпаққа жалғасқан кәсіби қазақ балықшылары қалыптаса бастады.

Бөкейлік балықшы қазақтар елді-мекен құрып, отырықшы халықтардың тұрмыс салтына көшіп, олардың арасынан патшалық Ресей заманында да ауқатты адамдар шыққан. Сөйтіп, қазақтар орыс халқымен өндіріс өнімдерін айырбастау, балық аулау істеріне белсенді араласа бастады [159].

XIX ғасырдың аяғында бұлардың көпшілігі балықшы отбасында өмірге келген, алғашқыда балық аулаумен айналысқан қазақтардың екінші және үшінші ұрпақтары болатын.

Сонымен қатар, бөкейлік қазақтар тұз өндіру кәсіпшілігімен де айналысқан. Бұлар Басқұншақ, Елек, Эльтон, Дендер тұз өндіру кәсіпшіліктері. Бірақ, бұл орындар орыс кәсіпқорларының билігінде болған. Ал, бөкейлік қазақтар осы тұз кәсіпшілігіне жалданған. Бөкей Ордасының оңтүстігіндегі қазақтар Каспий жағалауындағы балық кәсіпорындарына барып жалданса, батыс мен терістік бойдағылар іргелес Астрахан губерниясындағы қоры мен сапасы жөнінен әлемге әйгілі болған Басқұншақ тұз өндірісінде жалданған. Бұл тұз өндіру кәсіпшілігінде жалданған жұмысшылардың ақысы төмен төленген. Уақытша Кеңестің 1876 жылғы есебі бойынша, осы тұз кәсіпшіліктеріне жалданған қазақтар 1000 пұт тұз өндіргені үшін 10-15 сом аралығында еңбек ақы алған [53, 153б.]. Мұнда өндіріс құралы ретінде олар тек ауыр балға, күректерді ғана қолданған. Түйелерімен келіп, тұз тасыған қазақтардың өзі мыңдап саналған, 1891 жылы Басқұншақ тұз өндіру кәсіпшілігінде жалпы саны 5000-дай қазақ жұмыс жасаған. Оның ішінде 1000 адам қалмақтардан, 1500-дей адам Қамысты-Самардан, 1000 адам Таловка аймағынан, тіпті ІІ теңіз жағалауы округінің №13, №14 болыстарынан да көптеген адамдар болған [128, с. 22]. Олар тұз өндіру кәсіпшілігінде тәулігіне 12-14 сағат бойы жұмыс істеген. Тіпті, бұл жерге азын-аулақ малдарын айдап, жанұяларымен біржолата көшіп келгендер де болған. Жұмыс 1 маусымнан 1 қазанға дейін созылған. Жұмысшылар көлдегі жұмысқа сол қазақтардың өздерінен тағайындалатын мердігерлер арқылы жалданып, келісімшартқа отыратын. Жұмыс басталар алдында жұмысшы қазақтар көл маңына өздерінің отбасыларымен және сауын малдарымен бірге көшіп келетін. Бұл кезде оларға азық-түлік алуға белгілі бір мөлшерде ақша берілетін де, одан әрі жалақының көлемі тапсырған тұздың мөлшеріне байланысты болатын.

Балық кәсіпшілігінің дамуына байланысты тұз өндірісінің өнімділігі де арта түсті. Ең ірі кәсіпшілік Басқұншақ көлі болды. Ұзындығы 19,3 шақырым, ені 10,2 шақырым бұл тұз кәсіпшілігіндегі тұз төгушілер, 10 сағаттық жұмыс уақытында 6000 пұттай тұз төгетін, жүкшілер болса

күніне 2000-3000 пұттық 2-3 вагонды толтыратын. XIX ғасырдың II-ші жартысында Басқұншақта 1810 тұз уатушы, 1013 тұз тасушы, 770 жүкші жұмысшы жұмыс істеп, 1149 түйе пайдаланылды [16, с. 20].

Басқұншақта негізінен Қалмақ, Нарын қисымдарының, бірінші, екінші округтардың қазақтары жұмыс істеді. Үкімет те, жергілікті әкімшілік те тұз өндіру ісін жеке кәсіпкерлердің қолдарына бергеннен кейін оның істеріне араласпады, ешқашан мемлекеттік бақылау болмауы ол кәсіпкерлердің жұмысшылар есебінен мол пайдаға кенелуіне, аз уақытта тез баюына мүмкіндік берді.

Тұз кәсіпшілігінде жұмыс істеген маусымдық жұмысшылардың саны мен ұлттық құрамы әртүрлі болды.

Тұзды көлді үкіметтен арендаға алып, шығынды аз жұмсап, көп пайда табуды мақсат еткен алпауыттар – Шаров, Кокуев, Леонозов, Сапожников, Титковтар – өндіріске техника жаңалығын ендірмей-ақ, еңбек ақысы арзан жұмыс күші – қазақтарды құшақ жайып қарсы алған. Жұмыс кезінде көлдің тұзын сүймендеп ойып, балғамен ұсақтап, жуып-шайып тазартқаннан кейін көлік арбалармен жағаға шығарып, тау-тау етіп үйіп тастайтын болған. Тұзды суды үнемі кешіп жүріп арба тартуға жегілген өгіз, жылқылар аяқтарынан айырылып шыдамаған соң бұл жұмысқа қазақтар өздерінің түйелерін жегетін болған. Түйелермен келіп тұз тасыған қазақтардың өзі мыңдап саналған. Ал бұл тұз өндірісінде қазақтарға тұзды өз пайдасы үшін сатып алуға тыйым салынған [160, 2 п.].

Бөкейлік қазақтар кіре тасумен де айналысқан. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін бөкейлік қазақтар көшіп-қону кезінде де көлікке арба жегу әдісі дағдыға енбей, жүкті түйеге теңдеп артуды ғана білген. Кейіннен арбамен тасыған жүктің түйеге теңдеп артқаннан өнімді екеніне көздері жетіп, ұзақ жолға ұйымдасып керуен құрып, екі дөңгелекті арбалармен қалалардың арасында жүк тасуды кәсіп ете бастаған. Олар Басқұншақ тұзын тиеп Астраханға жеткізіп, одан балық тиеп Царыцинге апарып, қайтарында жүк тиеп Астрахан арқылы оралатын болған. Кіре тасыған керуеннің екінші бағыты – Басқұншақ тұзын тиеп Гурьев қаласына дейін барған да, одан балық тиеп Еділдің Балаково, Ровное пристандарына апарып, қайтарында ағаш тиеп оралатын болған [161]. Басында аз ғана адам шұғылданған кіре тасу бірте-бірте XIX ғасырдың аяғында пайдалы кәсіпке айналып, кәсіптің бұл түрімен мыңдаған адамдар айналысып, кіре тасу да бөкейлік қазақтардың негізгі күнкөріс амалының біріне айналған [55, с. 30].

Қолында көлік қатынасын атқаратын малы бар адамдар оның күшін пайдалану арқылы табыс тапты. Олар түйе немесе жылқыға астық, тұз, балық, тері артып тасушылар болды. Мұнда жүктің салмағы мен апарылатын жердің қашықтығы еңбек ақы мөлшерінің анықтауышы болды. Әрбір пұт жүкті жеткізгені үшін 15-30 сом аралығында ақы төленген. Мұндай қызмет түрінің хандықта кең

таралғанын және ерекше ынталылықпен атқарыла бастағаны сондай оған қазақтар өздерінің жасаған қосымша көлік құралдарын да кеңінен пайдаланған. Мәселен, 1880 жылы Қалмақ бөлімінің қазақтары Царицын қаласына түйе арбамен балық жеткізіп, әр пұтына 80 тиыннан, ал Гурьев қаласына жүк тасып 90 тиын ақша тауып, әр түйе басына 5-15 сомнан қаржы түсірген. Сонымен қатар, мұндай кәсіп түрі осымен тікелей байланысты екінші кәсіп түрін жетілдіре түсті. Хандықта ұста, ағаш шебері мамандарының өнімдеріне де сұраныс күшейді [53, 154 б].

Сондай-ақ, I-II округтегі қазақтар Астрахан және Красноярск уезіне шөп шабуға жалданған. 1889 жылы оның құны 50 тиыннан 1 сомға дейін болған. 1000 адам 8 сомға жалданған. Кіре тасуға 1879-1880 жылдары қыстан кейін қазақтар көптеп тартыла бастады. Қалмақ, Торғын және Нарын бөлігінен қыс кезінде арбаға жегілген түйемен Астраханға барып, балық алып, Царыцинге апарады. Оған Қалмақ бөлігінен 1889 жылы 1750 адам барған. Құны 50 тиыннан 1 сомға дейін болды. Пұты 5 тиын болған. Таза кіріс бір айда 5-15 сомға дейін жетті. Таловка бөлімінен астықты Балаковкаға апарып, одан Новоузеньскіге ағаш тасыған. Қамысты-Самар бөліміндегі қырғыздар қыс кезінде жүкті Казанкадан Новоузеньск қаласына дейін тасымалдап, 1880 жылы пұтын 30 тиынға, Гурьевке дейін 35-40 тиынға, ал Саратовқа 50 тиынға балық тасыған [79, с. 12]. Қазақтар бұдан басқа да оңтүстіктегі Гурьевтен Самара губерниясына және Астраханнан Царыцинге керуенмен балық тасып, Басқұншақ балық кәсіпшілігіне, Ордамен көршілес жерлердегі орыстарға бақташылыққа жалданатын – осының бәрі Ішкі Орда қазақтарының маусым сайынғы қозғалыстарына себеп болғанымен, бұл жұмыстарға баратын тұрғындардың саны салыстырмалы түрде алғанда онша көп болған жоқ [162].

Астрахан қаласына қазақтар Орданың жоғарғы жағынан келеді де, Астраханнан балық пен өзге тауарлар алып, түйелерімен Царицын қаласы мен өзге де жерлерге жол тартады [163]. Мысалы, 1885 жылдың қысында осылайша 4000 түтін келген. Егер тауарды уақытында жеткізбесе, қазақтардың өздері де шығынға батады, себебі тауар кешіккен әр күнге қожайындар көш ақысын азайтып отырады. Қазақтардың осылайша кейде жұмыс ақысына ештеңе ала алмай, Ордаға бос қайтатын кездері де жиі боп тұрған. Бұның бәрі жүк тасу кезіндегі кемшіліктерден туындап отырған [142, 9 п. ].

А.Е. Алекторовтың айтуынша: «Ордалықтар асырап-бағатын түйелер арқылы жүргізілетін тасымал ісі – қазақтар үшін, әсіресе Еділмен іргелес көшіп-қонып жүрген қазақтар үшін пайдалы кәсіптің бірі. Ставкаға әкелінетін, сондай-ақ онда сатылатын тауарлардың басым бөлігі әр түйеге артылған 15 немесе 18 пұттай жүктер арқылы тасымалданады. Қысқы уақытта жүріс жол жақсы кезде түйелер жиі шаналарға жегіледі. Бұл жағдайда әр түйе 40-тан 70-ке дейін, тіпті одан да ауыр жүк тасымалдай алады. Тасымалдау ақысы, жолдың



қашықтығына, тапсырыс берушілердің санына және жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отырады. Ол әр түйеге шамамен 2 рубльден 8-10 рубльге дейінгі ақыны құрайды» [89, с. 5] .

Бөкей Ордасында түйенің екі өркешті «бакиран» атанған түрі көп өсірілді. Көшіп-қонудағы қажеттілігі, ет-сүтімен қоса түйе енді сауда қатынасында көлік малы ретінде маңызы артты, оған қоса түйе жүні саттықа шығып, оған сұраныс артты. Түйенің үстіне де 16-18 пұтқа дейін жүк артып, тәулігіне 40-50 шақырымға дейін жеткізуге болатын еді [53, 167 б.].

Орынбор генерал-губернаторына Кавказ корпустық бастығы аталмыш корпус әскеріне арналған азық-түлікті жеткізу үшін көшпенді ұлыстардан 1500 түйе жалдауға рұқсат сұрайды. Онда былай делінеді: Астрахань губерниясына қарасты ұлыстардан алыстан түйенің әрбіріне жүк арттылған күннен бастап, яғни 1 шілдеден бастап айына 10 күміс рубль төленеді. Сол себепті осы күнге дейін Серебряков елді-мекеніне жеткізілуі тиіс. Жүк сол жерде тиеледі.

Әскери министрге осы туралы мәлімдей келе, менен бұл жөнінде арнайы нұсқау беріп, Бөкей Ордасындағы қазақтар басшыларына Кавказ корпусық басшыларымен тікелей байланысып, қажетті түйелерді жинап беруді өтінеді.

Сол себепті Бөкей Ордасы қазақтарынан 750 түйе жалдауға нұсқау беруіңізді өтінемін.

Егерде бұл нұсқау өз уақыттында орындалып, түйелер Серебряковқа 1 шілдеге дейін үлгеріп жеткізіле алатын болса, онда мен сізден түйелер санына байланысты айдаушыларды да бөліп беріп, олардың ақысы туралы Кавказ корпусы бастығына мәлімдеуіңізді өтінемін [164, 1 п.].

Сөйтіп, Орынбор губернаторы Бөкей Ордасындағы қазақтардың түйе айдаушы жұмысына жалдануға өтініш ұсынады.

Ордадағы қазақ қолөнершілерінің саны белгісіз. Нарын бөлімінде 222-ге дейін қолөнершілер болған [79, с. 13]. Ордадағы түрлі қолөнершілер мыналар: пеш салушылар, ұсталар, күміс бұйымдарын жасайтын зергерлер, етікшілер, тағы басқалар. Қазақ қолөнершілерінің жұмысы әрқашан тапсырыс бойынша жүргізілді [165, 1 п.]. Көптеген қолөнершілер өздерінің бұйымдарын Ордадағы жәрмеңкелерге апарып сатты. Сонымен қатар, Ордада екі тері өңдейтін зауыт болды.

Қазақ шаруашылығында қолөнер кәсібі де белгілі орын алған. Қазақ шеберлері ағаштан көп бұйым, құралдар жасаған. Киіз үй, тұрман, тұрмыс бұйымдары, асхана құралдары, ұрыс құралдары. (найза, шоқпар, сойыл, садақ, т.б.) Шиден үй, тұрмыс бұйымдарын (шетпесізгі, киіз басатын ши, төсем ши, т.б.). Сонымен қатар, ұсталар металдан көп бұйымдар, құралдар жасағаны анық. Ал, зергерлер жұмысы өз алдына бір сала, ол едәуір шеберлік дәрежеде дамыды. Бұл мамандықтарды белгілі бір адамдар көп жылдар бойы үйреніп,

меңгерген.

Қолөнершілер өзінше бір әлеуметтік жік болып қалыптасу кезінде болғандай, мысалы етікшілер құралын арқалап, ауыл кезіп, бүтін ауылдың аяқ киімін тігіп берген. Сол секілді шеберлер қайыстан, мал терісінен, жүнінен, матадан түрлі құрал, киім, тұрмыстық нәрселер жасаған.

Сонымен қатар, хандықта ұста, ағаш шебері мамандарының өніміне сұраныс күшейді. Арба жасау үшін оның түрлі бөлшектері: тоғын, күшпек т.б жасау ісі кеңейді.

Сонымен қатар қазақтардың шаруашылығында әр түрлі қолөнер кәсібі айтарлықтай орын алды. Тері илеу, оқ-дәрі, бояу дайындау, ағаш пен сүйекке ою-өрнек салу, металл мен жүн өңдеу дамыды.

Қазақтардың өмір салты киіз үйдің кереге, уықтарын дайындайтын шеберлерді ерте қалыптастырды. Кереге жасаушы мұндай шеберлер ірі феодал ауылдарының маңайында тұрды. Ұсталық ісі ерекше орын алды. Қазақтар жез балқытудың тәсілін үйренді. Шеттен әкелінген темірден үй ішілік алуан түрлі заттар жасалды және шалғы, орақ, соқаның ұшы сияқты еңбек құралдары әзірленді. Күмістен зергерлік бұйымдар жасалды. Суық қарудың барлық түрлері, мылтықтар дайындалды. Қазақ әйелдері киіз басты, текемет, сырмақ, кілем тоқыды, кесте, тоқыма бау, сондай-ақ киіз қалпақ, тон, ішік, аяқ киім сияқты үй ішілік бұйымдарды өз қолдарымен даярлады.

Қазақтар XIX ғасырда бірсыпыра қолөнер бұйымдарын ішкі қазақ базарында сатты. Орынбор шекаралық комиссиясының есебінде былай делінген: «Ер-тоқым, киіз, түйе жүнінен тоқылған мата, тоқыма бау, арқан, киіз үйдің керегелері, темірден және күмістен жасалған бұйымдар сияқты өздері жасаған заттарын қырғыздардың өздері сатты» [125, 69 б.].

Егер XIX ғасырда қазақтарда қолөнер кәсібі үй ішілік сипатта болса, XIX ғасырдың орта тұсына қарай кейбір қолөнер кәсіптерінің ауыл шаруашылығынан бөлініп, қолөнердің жеке аудандар бойынша мамандандырыла бастағаны байқалады. Балташы, ағаш шебері және ұста секілді шеберлер пайда болды, ал бұл істермен қазақтардың тек кедей бөлігі ғана айналысты.

Дегенмен қолөнер бұйымдары негізінен сол заттарды өндірген шаруашылықтардың үйдегі қажеттерін қанағаттандыруға жаратылды. Қолөнер әлі де көбінесе үй өндірісі сипатында болды, ал өнеркәсіп еңбегі нәтижесінде жасалған бұйымдар қазақ рулары арасында тек айырбасқа түсті. Қазақтардың кеңінен тұтынылатын заттарға (жақсы мата, ыдыс, үй ішінде пайдаланылатын басқа да заттар) деген өскелең талаптарын толық өтеуге өздеріндегі өндірістің шамасы жетпеді [125, 69 б.].

Бөкей Ордасындағы үй-іші кәсіпшілігі қолөнер өндірісінің негізі ретінде экономикалық даму деңгейін анықтауда үлкен орын алған. Ол

ұсақ және ортақ кәсіп түрлерінің дамуында зор рөл атқарды. Үй-іші кәсіпшілігі халық қажеттілігін қамтамасыз етумен қатар XIX ғасырдың екінші жартысында ішкі нарыққа тауар да шығара бастады [79, с. 15].

Сонымен қатар хандықпен шектес солтүстік және батыс аумақтағы елді- мекендерде мал бағуға жалдану кәсібі күшейді. Осы жұмыс түріне жалданған қазақтар жылына 40 сомнан 200 сомға дейін ақы алып отырды [166, с. 15].

Қолында көлік қатынасын атқаратын малы бар адамдар оның күшін пайдалану арқылы табыс тапты. Түйе немесе жылқыға астық, тұз, балық, тері артып тасыды. Еңбекақы мөлшері жүктің салмағы мен апарылатын жердің қашықтығына байланысты анықталды. Әрбір пұт жүкті жеткізгені үшін 15-30 сом аралығында ақша төленді. Сонымен бірге Торғын аймағының қазақтары Царев уезі шаруаларының жерін түйемен жыртып беруге жалданатын. 1-ші және II-ші округ тұрғындары Астрахан және Краснояр уездеріне шөп шабуға баратын [79, с. 15]. Бұл шабылған шөптер жәрмеңкелерде саудаға шығарылған [167, с. 265].

Сонымен қатар бөкейліктер егін салумен де айналысты. Бірақ патша үкіметі егін салуға бөкейліктерге рұқсат бермеді. Егістікпен айналысушылар хандықта әрқашан көп болды. Бұл хандықтың экономикалық дамуына соншалықты үлес қоспаса да, қазақ даласын тек қана мал және оның өнімдерімен қамтамасыз етіп отыратын «бақташы» ретінде қалдыруды көздеген империя саясатының нәтижесіз аяқталғанын айғақтайды. Мұны 1857 жылы губернатор А.А. Катенин ашық мойындап, осы кезден бастап, қазақтар арасында отырықшылық пен егін салуды қолдаған саясат басталады [53, 185 б.].

XIX ғасырдың 50-ші жылдарында хандықтағы Үлкен және Кіші өзендер аралығында Таловка форпостына жақын жерге салынған өте аз мөлшердегі бидай дақылдарының өнімі аумақ территориясының географиялық орны мен топырақ құрылымының егістікке жарамсыздығынан мардымсыз болды. Ең жоғарғы өнім 4-5 жылда бір рет жиналып, бидайдың өнімі әрбір десятина егістіктен 60 пұтқа дейін жеткен, бұл өнімнің бәрін де халық тек өз қажеттеріне жұмсап отырған .

XIX ғасырдың екінші жартысында бөкейлік қазақтардың өмірінде егіншілікте маңызды рөл атқара бастады. [168, с. 862].

Егер жарамды жер болса қазақтар жақсы өнім алуға да әбден мүмкіндіктері болатын еді. Оны Орынбор губернаторлығы чиновниктерінің өзі атап көрсеткен. 1860-шы жылдары Уақытша Кеңестің төрағасы қызметін атқарған Л. Плотников: «астық бастыратын, бидай суырып, ұшыратын Бутенов машинасы көптен бері белгілі болса да, оны шаруашылығы жоғары дамыған орыс помещиктерінің әлі де игеріп кетпегенін, шаруашылықты ұтымды жүргізу, ескішіл, кертартпа түрлерінен бас тарту қажеттілігі көптен айтылып келе жатса да, оның жүзеге аспай отырғанын, орыс жерінде жер өңдеу ісі әріден бастау алса да, алға басушылық аз екенін, Ресейдің

егіншілікті дамыту жөніндегі қазақтарға үлгі боларлық жаңалығының жоқ екенін, жерлері егістікке өте жарамсыз болып келетін қазақтардың кетпен, «сабанмен» (екі дөңгелекті ескі соқа) де егін салып, «ерікті» де еркін қимылдап өнім алып жүргенін, бірақ уақыты келгенде бұл құралдарды жаңа түрлерімен ауыстыру қажеттігін қазақтардың өздері-ақ түсінетінін» атап көрсетіп, Ресейдегі егіншілік дамуының қарқынсыздығын сынады. Ресейдегі егіншілік даму деңгейінің төмендігін, Бөкей Ордасы қазақтарының оған деген ұмтылысы нашарлығын басқа авторлар да атап көрсетеді [53, 185 б.].

XIX ғасырдың соңғы ширегінде егіншілікке жарамды деп есептелетін Талов бөлімінің өзінде егіс салуда ілгерлеушілік болған. 1885 жылы хандықта 5400 десятина жерге астық егіліп оның 2740 десятинасын ғана қазақтар өздерінің құрал-жабдығымен отырғызған, қалған 2660 десятина жерді қазақтар орыс шаруаларына егіс салуға арендаға берген. Өнім түсімділігіне келсек: жаздың өте ыстық болып, ұзақ уақыт бойы жаңбырдың болмауы және Талов бөлімінде саршұнақтардың көбейіп кетуіне байланысты өнім өте аз алынды. Барлық жиналған өнім: 88,5 ширек бидай, 75 ширек қара бидай, 37 ширек картоп алынған. Қуаңшылықтың күшті болып, өнім түсімділігінің аз болуына қарамастан, қазақтар арасында егіншілікпен айналысуға ұмтылушылар қатары өсе түскен [53, 186 б.].

XIX ғасырдың соңында қазақтардың арасынан шыққан кәсіпкерлердің саны көбейе түсті. Соның бірі - М.С. Бабажановты айтуға болады.

М.С. Бабажановтың жерлестеріне үлгі боларлық келесі қызмет саласы – бау-бақша салып, баптау, өсіру ісі. Еділ бойындағы елді-мекендер мен қалаларда болып, бау-бақша өсіру тәжірибесімен арнайы танысқан ол, Басқұншақтың солтүстік-шығысындағы «Торғай» деп аталатын жерде орнықты жеке шаруашылығын жүргізіп, екі жылда 400 түп шие, 1200 түп алма және алмұрт ағашын, 1000 түп таңқурай мен қарақат ағаштарын отырғызды. Бұларды суару үшін арнайы екі құдық қаздырған. Осы кәсібі арқылы М.С. Бабажанов XIX ғасырдың екінші ширегінде пайда болған жеке шаруашылықтардың өміршең құбылыс екендігін дәлелдей отырып, өзінің жеке кәсіпкерлік қызметінің шеңберін кеңейте түседі. Өсіріп отырған жылқыларының жақсыларын әскер қажеті үшін жылқы дайындаушыларға, қалғандарын Еділ бойындағы елді мекен тұрғындарына жұмыс малы ретінде сатып отырды. Қымыздың адам денсаулығына емдік қасиетінің зор екенін көрсете отырып, қымызды жалпы адам қажетіне жарату үшін Еділ бойынан жағалай қымызбен емдеу орындарын салуды және Ресейдің ішкі губернияларына су жолымен, темір жолмен қымызды көптеп жеткізуді ұйымдастыруды ұсынады. Сол кезеңнің өзінде жалпы халық үшін өте қажетті қымызбен емдеу мәселесін көтеруі М.С. Бабажановтың, бір жағынан, өте маңызды да пайдалы істі қозғағанын

көрсетсе, екінші жағынан, ол өзінің шаруашылығының өнімі қымызды сатып, өткізу арқылы жеке кәсіпкерлік қызметінің де кең ауқымды жүргізіп отырғанын дәлелдейді [53, 175 б.].

Сөйтіп қазақтар арасынан шыққан кәсіпкер М.С. Бабажанов көрші елді-мекендерді аралап бақша өсірудің қыр-сырын меңгерген, тәжірибе алмасып, жеке шаруашылықпен айналысқан бірден-бір қазақ кәсіпкері еді. Тек бау-бақша ісімен ғана емес, сонымен қатар мал өнімдерін көрші елдерге сатуды ұйымдастырып кәсіпкерліктің бірнеше түрімен айналысып отырды. Осы орайда оның білімділігін, шаруашылық өмірді ғылыми тұрғыдан меңгергендігін ескермеске болмайды. Оған этнограф ғалымның сол замандағы мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалары дәлел. Осылайша, ол шын мәнінде қазақтан шыққан бірегей кәсіпкер реформатор ретінде өзгелерге үлгі бола білді. Бұған дәлел, кейіннен хандықтағы өзге де өңірлерде қазақ кәсіпкерлері пайда әкелетін кәсіп түрлерін қолға ала бастады.

Хандықта бау-бақша салумен негізінен оңтүстік батыс аумақтың қазақтары айналысқан. 1894 жылы ІІ-теңіз округінің № 8 старшындығының қазағы Нұғыман Жарылғапов қарбыз-қауынды көп мөлшерде өсіріп, солтүстік аумақтағы Талов бөлімінің қазағы Нұғыман Досжанов Қарасу өзенінің бойында жеміс бағын өсіріп баптаған [169, 105 п.]. Мұндай кәсіп түрлерінің игеріліп, көбеюіне ХІХ ғасырдың ІІ жартысында жергілікті ұлт өкілдері көп әсерін тигізді.

Еділ бойы елді мекендерінің бау-бақша өсіру тәжірибесін арнайы зерттеген М.С. Бабажанов Басқұншақтың солтүстік-шығысындағы «Торғай» деп аталған жерде 1860 жылдары орнықты жеке шаруашылығын жүргізіп, 2 жылдық құдық суын пайдалану арқылы 100 -деген түп жеміс ағаштарын отырғызып, баптаған. Осы кәсіп арқылы ХІХ ғасырдың екінші ширегінде пайда болған жеке шаруашылықтардың өміршең құбылыс екендігін дәлелдей отырып, өзінің жеке кәсіпкерлік қызметінің шеңберін кеңейте түседі [53, 175 б.]. Сөйтіп ХІХ ғасырдың екінші жартысында сауда-саттықтың кеңеюі [170, 25 б.]мен қатар кәсіпкерлікте қарқын ала бастады. Жалпы Қазақстанда соның ішінде Батыс аумақта сауда және кәсіпкерлік саласы ерекше өріс алды [171].

Қорыта айтсақ, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мейлінше күрделеніп, қазақтар үшін шөп шабу, балық аулау, тұз өндіру, жүк тасымалдау және тағы басқа жұмыстарға жалдану секілді кәсіп түрлері көбейді. Бұндай тұз, балық кәсіпшілігіне жалданған қазақтардың еңбек ақысы кем төленді. Бөкей Ордасының қазақтары теңіз жағалауындағы балық кәсіпшілігіне, сондай-ақ Басқұншақ, Эльтон, Елек тұз кәсіпшіліктеріне жалданып жұмыс істеді. Қазақтарға балық кәсіпшілігіне жалдану үшін арнайы билеттер беріліп, олар белгілі бір мерзімге ғана жарамды болды.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Егемен еліміздің тәуелсіздікке қолы жеткен тұста қоғамда төл тарихымызды түгендеп, ел шежіресіндегі елеусіз қап келген тұстарды танып-білуге деген қызығушылықтың артуы заңды құбылыс. Осы тұрғыда қай мемлекеттің болмасын ең әуелі әлеуметтік және саяси-экономикалық даму тарихына жіті зер салу маңызды рөл атқарады.

Орыс мемлекетінің бір бөлшегі болған Бөкей Ордасының даму эволюциясын бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. Оның алғашқы кезеңі 1801-1823 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде Кіші жүз қазақтарының Еділ мен Жайық аралығындағы көшіп-қонуы негізінде Бөкей Ордасының әлеуметтік-демографиялық құрылымы қалыптасты. 1806 жылы Бөкей Ордасының территориялық аумағы белгіленді. Патша үкіметінің жарлығы бойынша, Бөкей басқарған қазақтарға Өзеннен бастап Боғда тауларына дейін және Шапшағыл, Дудатск,

Телепнев жатақтарына дейінгі аймақта көшіп-қонуға рұқсат беріледі. Ал Бөкей Ордасы территориясының көлемі XIX ғасырдың бірінші жартысында 6 млн. десятинадан асса, ол XIX ғасырдың екінші жартысында үнемі өзгерумен болған. Бөкей сұлтан көшпелі қазақтар арасындағы өзінің саяси беделін күшейтуге тырысты және қазақ рулары арасындағы хандық билікке жетуге талаптанды. 1811 жылы 11 қарашада І Александр Бөкейді Кіші Орданың ханы етіп тағайындау туралы жарлығын шығарады. Ал 1812 жылы 1 мамырда бұл оқиғаға байланысты арнайы грамота ұсынылып, 1812 жылы маусымда Бөкейге хан атағы беріледі. Бөкей өлгеннен кейін, орнына өзінің мұрагері Жәңгірді қалдырады. Бірақ ол кезде Жәңгір әлі жас болғандықтан, оның орнына Шығай сұлтан хандық билікті өз қолында ұстайды.

Бөкей Ордасының әлеуметтік-экономикалық дамуында сауда-саттықтың алар орны ерекше. Сауда ісінің дамуы мұнда бірнеше кезеңнен өтті. Ол тасымал саудасы, тұрақты сауда орындары, жәрмеңкелердің ашылуы еді. Бөкей Ордасында алғашқы жылдары нақты сауда нүктелері болмады. Сауда-саттық негізінен көршілес орыс ауылдарында, Бөкей Ордасымен шектес жерлерде, форпостарда жүргізілді. Бұл жерлерде бөкейлік қазақтармен алғаш рет сауда-саттық жасағандар орал казактары, татарлар, орыстар болды. Бөкейлік қазақтар саудаға мал және оның өнімдерін шығарды. Бұл өнімдерін орал казактары және орыстардың мануфактуралық бұйымдарына, күнделікті керек заттарына айырбастады. 1816 жылы Орал казактары сауда-саттық үшін Глининск форпостын негізгі сауда нүктесіне айналдырды. Бұл жерде бөкейлік қазақтар өз өнімдерін айырбастады. Сонымен қатар, алғашқы кезде сауда Қалмақ базарында, Астрахан қаласында, Өзен шебінде, Эльтон көлінің маңында жүріп, Бөкей сұлтан бұл базарларға қазақтардың саудасын қадағалау үшін базарбасын жіберіп отырды.

Бөкейлік қазақтар орыстармен қатар хиуалықтармен де сауда жүргізді. Бастапқыда сауда Еділдің төменгі ағысында орналасқан Байдақ, Ақмешіт елді-мекені және Каспий теңізі жағалауында жүретін. Қазақтар бұл жерлерде хиуалық саудагерлермен айырбас сауда жасады. Сонымен бірге бөкейлік қазақтар мал және оның өнімдерін көрші Астрахан, Орынбор, Самара губернияларындағы жәрмеңкелерге апарып сатты.

Бірте-бірте сауда-саттық Орданың өз ішінде де жүрді. Бөкей Ордасында 1832 жылға дейін тасымал саудасы дамыды. Орданы орыстар, татар саудагерлері аралап, айырбас жүргізді. Орыс саудагерлері Ордаға әр түрлі тұрмыстық тауарларын, темір бұйымдарын әкелді. Бұл сауда-саттық ісінде қазақтар делдалдық қызмет атқарды. Тіпті, қазақтардың арасынан өз есебінен сауда істеген көпестер қатары да шыға бастады.

1820 жылы хандық қазақтары көрші аумақтағы жәрмеңкелерге

сатқан малдың орташа бағасы: жылқы 50 сом, сиыр 40 сом, қой 10 сом, ешкі 5 сом болған. Бөкей хандығының Ресей территориясына жақын орналасуы саудагерлердің тікелей сауда жасауына мүмкіндік туғызды, 1814 жылы Ресейге 41 242 бас жылқы, 16 302 бас мүйізді ірі қара, 277 100 бас қой, 14 066 бас ешкі малы сатылған.

Бөкей Ордасының Ресеймен сауда байланысы әсіресе XIX ғасырдың 20 жылдарында қызу дамыды. Патша үкіметі біртіндеп Бөкей Ордасын арзан шикізат көзіне айналдырды. Жыл сайын Ресейге мыңнан астам қой малы, жылқы, ірі қара малдары және жүн, түбіт, терілері секілді мал өнімдері сатылды.

Бөкей Ордасының даму эволюциясындағы екінші кезең 1824-1845 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең Бөкей Ордасында Жәңгір ханның билікке келуі мен көшпелі халықтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайының қалыптасуын қамтиды. Орынбор Шекаралық басқармасының қатысуымен 1824 жылы 24 маусымда Жәңгір сұлтан «хан» атағын алады. Бұл кезеңде Бөкей хандығының саяси-экономикалық жағдайы одан әрі дами түседі. 1824 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясының кеңесшісі А.Д. Кузнецов Жәңгір ханға Бөкей хандығындағы қазақтардың орыс көпестерімен сауда жасауы үшін Ордадан белгілі бір жер бөліп беруін жеткізеді. Өйткені Ордаға келген саудагерлер, көпестер белгілі сауда орны болмағандықтан, Орданы аралауға, ал қазақтар малдарын бір жерден екінші жерге айдап апарып сатуға мәжбүр болды. Бұл уақытты шығындап, түрлі қолайсыздықтар туғызды. Нәтижесінде 1825 жылы Ұялы және Шөпшағыл елді-мекендерінен тұрақты сауда орындары ашылып, бұл мекендерге көптеген көпестер келіп, айырбас жасады. Сонымен бірге Жәңгір бұл жерде тәртіп сақтау мақсатында орыс тілін білетін тілмаш сұлтандар тағайындады.

Жәңгір хан 1832 жылы Орынбор Шекаралық комиссиясына Бөкей хандығындағы Хан ставкасы маңынан жәрмеңке ашуға өтініш білдіреді. Орынбор шекаралық комиссиясы рұқсат беріп, 1832 жылы Хан ставкасынан жәрмеңке ашылды. Жәрмеңкенің ашылуына байланысты тасымал саудасына тыйым салынды. Енді саудагерлер, көпестер Орданы араламай, осы ашылған жәрмеңкеге келіп сауда жасау мүмкіндігіне қол жеткізді. Жәрмеңке жылына екі рет: көктемде және күзде жұмыс істеді. 1836 жылы Жәңгір хан жәрмеңке тәртібін қадағалау үшін жәрмеңке ережесін бекітті. Бекітілген ереже бойынша жәрмеңке Хан ставкасының жанында жұмыс істеді және жәрмеңкеден өзге жерлерде сауда істеуге тыйым салынды. Шет аймақтардан тауарларымен келген саудагерлер мен көпестер жәрмеңкеде арнайы киіз үйлерді жалдап тұрды. Егер саудада кейбір келіспеушіліктер пайда болып, сауда кезінде екі жақтан да шағым түссе, әділетті түрде ауызша шешім шығарылып, зардап шеккен жақтың шағымын сол күні қанағаттандыру ісі жүргізілді. Егер жәрмеңке кезінде ұрлық, төбелес,



кісі өлімі, тонау, ұрып-соғу сияқты үлкен оқиғалар, қылмыстық істер болса, кінәлі адамдар ұсталып, күзетке алынып, кордон бастығына жеткізілді. Кінәлі тиісті жерден тергеуші келгенше күзеттен босатылмады.

Сонымен бірге, Ордалық қазақтар да ұсақ бұзақылық, алдау, ұсақ-түйек тәртіпсіздік жасасаған жағдайда кінәсіне қарай белгілі бір уақытқа қамауға алынды. Кінәлінің аты-жөні, қандай кінәсі үшін жазаланғандығы арнайы журналға жазылып, жәрмеңке біткен соң ханға тапсырылды. Астрахан бас басқармасы Бөкей Ордасындағы жәрмеңкеге қарақалпақтардың кіруіне, жәрмеңкеде сауда істеуге тыйым салды.

Жәрмеңкеге келген көпестер, саудагерлер, жұмысшылардың құжаттары мен билеттері ставкадағы арнайы кітапқа тіркеліп отырды. Сонымен бірге бұл жәрмеңкеде тауарларды куәландыру жүзеге асырылды. Сатып алынатын малға, теріге, ордалықтардың басқа да тауарларына кеңседен заңды куәліктер берілді. Сатылатын немесе айырбасталатын малдың жасы, түсі, оны кімнің кімге сатқаны, малдың ерекше белгілері арнайы журналға тіркелді. Жәрмеңкедегі сатып алынған, не айырбасталған мал кейін ұрланған деген күдік тудырмас үшін барлық саудагерлерге ярлық берілді. Сауда ісінде саудагерлердің таразыларының, безбендердің, өлшеуіштерінің дәлдігі қадағаланып отырды. Егер де саудагерлерден жасанды таразы немесе безбен табылса, оны куәлардың көзінше заңдық таңбасын тексеріп, егер қолдан жасалғаны анықталса, ол таразыны не безбенді жойып, оны қайта пайдалануға тыйым салынды. Егер саудагер таразы, әлде өлшеммен алдаса, ол алданған адамның пайдасына сол тауардың құнын үш есе етіп қайтарды және ақшалай айып төледі. Сонымен бірге, жәрмеңкедегі өлшемелі тауарларға, мысалы, нан, май, жүн, тағы басқаларға салмақ көбейту үшін құм, тағы басқа салмағы ауыр нәрселер қосып сатылғандығы анықталған жағдайда, егер кінәлі қазақ болса, оны жазалап, ал егер ресейлік көпестер осындай кінәмен ұсталса, оған алаяқтық жасағаны үшін ескерту жасалып немесе сотқа берілді. Жәрмеңкеде ұрлық пен тәртіпсіздікті болдырмау үшін көпестер мен саудагерлерді қорғауға жәрмеңке өтетін уақытта оның бүкіл аумағын бақылап жүруге екі атты қарулы казак күзетке қойылды. Олар түнгі уақытта тәртіп бұзған кім-кімді де қамауға алуға құқылы болды.

Хан ставкасындағы жәрмеңке кезінде сатуға әкелінетін мал саны өте көп болғандықтан, олар жоғалып кетпеу үшін сенімді қазақтарға бағуға тапсырылып, ол үшін жылқышыға жазда әрбір атқа 5 тиыннан, ал күзде 10 тиыннан ақы төленді. Малды бағуға келіскен қазақ өз руының сұлтаны немесе старшынның қолы қойылған кітапқа жазбаша кепілдік тапсырды. Ешбір малшы кепілдіксіз мал бағуға жіберілмеді.

Хан ставкасындағы жәрмеңкеге шеттен келген көпестер өздерінің төмен сапалы бұйымдарын әкеліп, оны бөкейліктерге қымбат бағаға

сатып отырды. Олар осы сапасыз тауарларын қазақтарға малға немесе оның өнімдеріне айырбастады. Ресей фабрикалары сапасыз тауарларды шет жерлерге экспортқа арнайы шығарды. Бұл тауарларды көпестер Ордаға әкеліп, өте қымбат бағаға, тіпті екі есе қымбатқа сатып пайда тауып отырды. Бұл сапасыз тауарлар тез тозғандықтан, оны қайтара сатып алу керек болды.

Жәрмеңке кезінде және жәрмеңке аяқталған соң саудагерлердің мәліметі бойынша арнайы ведомостіде жәрмеңкеге қанша саудагердің келгені, олардың қай жерден келгені, әрқайсысы қанша сомаға тауар әкелгендігі, оның қаншасы сатылғаны немесе айырбасталғаны, түрлі малдың қаншасы сатылғаны немесе айырбасталғаны туралы арнайы ведомостіге жазылып, ханға тапсырылды.

Хан ставкасындағы жәрмеңкеге келетін көпестер мен саудагерлер саны жылдан-жылға артты. Олар айырбас саудасы арқылы үлкен пайда тауып, хан ставкасынан өз дүкендерін, қоймаларын ашты. Хан ставкасы тұрғындарының да көбісі саудамен айналысты. Көпестер, саудагерлер, алыпсатарлар жәрмеңкеде сатып алған малы мен мал өнімдерін ірі көлемде Ресейдің ішкі нарығына жөнелтіп отырды. Хан кеңсесінің мәліметі бойынша 1839 жылы сатуға 4 122 бас ірі мал, 68 498 қой, 6 419 пұт жүк, 3009 дана тері – терсек әкелінген. Ал жат жерлік саудагерлер жәрмеңкеге әр түрлі тауарларды 2 420 700 сомға әкелген, олардың ішінен 1 237 400 сомның тауарлары сатылған. 1833 жылы 562 971 мың бас мал сатуға әкелініп, 339 174 сомға тауар сатылған. Ал 1834 жылы 597 603 рубльдің тауары әкелініп, 268 775 рубльдің тауары сатылған. 1835 жылы 691 628 рубльге тауар әкелініп, 379 548 рубльге сатылған. 1836 жылы жәрмеңкенің тауар айналымы 2 млн. рубльді құраған.

1844-1845 жылдары жәрмеңкедегі тауар айналымы өте жоғары деңгейде жетті. Осы жылдары Хан ставкасындағы жәрмеңкеге шеттен келген саудагерлер саны өте көп болды. Осы 1845 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіне Саратовтан, Воронежтен, Пензадан, Тамбовтан, Мәскеуден, Астрахан губерниясынан, Нижегородскіден, Симбирскіден, Казаннан, Ярославскіден көпестер, мещандар, крестьяндар, басқа шендегі адамдар сауда істеуге келген. Осы жылдары бұл саудагерлерге қазақтардың 280 бас малы 6000 рубльге және әр түрлі шикізат өнімдері – 820 дана 870 рубльге сатылған. Ал осы 1845 жылы Хан ставкасындағы көктемгі жәрмеңкеде сатылған малдардың орташа бағасы: жылқы – 21 сом 42 тиын, ірі қара – 7 сом 95 тиынға дейін, түйе – 7 сом 95 тиын, қой – 1 сом 94 тиынды құраған. Бұл жәрмеңкеге қарағанда күзгі жәрмеңке өте жоғары деңгейде жүрген. Өйткені, көктемгі жәрмеңкедегі малдың күйіне байланысты, көктемде кейбір өзгешеліктер болды. Мал күзгі жәрмеңкеде көп көлемде сатылған. 1845 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеге келген саудагерлер мен көпестердің 87-сі I, II гильдия көпестері еді. Бұл жылы жәрмеңкеге

сырттан келген орыс, татар, армян, қалмақ секілді әр түрлі ұлт өкілдері болды.

Сөйтіп 1845 жылдары Хан ставкасы саудагерлердің тұрақты сауда орнына айналды. Осы жылдары Хан ставкасында тұрғызылған 89 үйдің 31-і саудагерлердің үйі, 46-сы сауда лавкалары болатын.

Бөкей Ордасы дамуының үшінші кезеңі 1846-1855 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде Бөкей Ордасында хандық билік заңды түрде жойылды. Бөкей Ордасында Уақытша Кеңес билігі орнады. Уақытша Кеңес жәрмеңкедегі сауданы өз бақылауында ұстап, жәрмеңке ережелерін бекітті. Бұл кезеңде сауда-саттық одан әрі кең қанат жайып, тауар айналымы жоғары дәрежеге жетті.

1849-1852 жылдары хандықта сауда ісі қарқынының төмендеуі байқалды. Өйткені осы жылдары қазақ даласында жұт басталған еді. Бірақ XIX ғасырдың 55-жылдары сауда дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл жылдары Хан ставкасы жәрмеңкесіне 100 мыңнан астам қой айдап әкелінген. Сонымен бірге шеттен келген саудагерлер астық өнімдерін көп мөлшерде әкеліп сатқан.

Бөкей Ордасы дамуының төртінші кезеңі 1856 жылдан 1900 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңде Бөкей Ордасын Ресейдің әкімшілік-территориялық, экономикалық тұрғыдан интеграциялау үдерісі кең ауқымда жүзеге асырылды. XIX ғасырдың 60-жылдары Бөкей Ордасындағы сауда айналымы жоғары деңгейдегі қалпында қалды. Бұл жылдары жәрмеңкеге мата, кілемдер көп әкелінді. 1863 жылы Уақытша Кеңес хан мұрагерлерінен жәрмеңке сарайынан түсетін кірісті пайдалану құқығын 110 000 рубльге сатып алды. Осы кезден бастап Уақытша Кеңес сауданы ісін қадағалауды өз қолына алды. 1867 жылы Хан ставкасынан Астрахан Қазыналық Палатасына бағынышты қазынашылық (казначейство) ашылды. Казначейство жәрмеңкедегі тауар-ақша айналымын реттеп отырды. 1885 жылдан бастап Хан ставкасынан басқа Таловка, Жаңа Қазан, Торғын, Ахун елді-мекендерінде де жәрмеңкелер ашылды. Бұл жәрмеңкелер көктемде сәуірдің 15-інен мамырдың 15-іне дейін және күзде қыркүйектің 15-інен қазанның 15-іне дейін жұмыс істеді. XIX ғасырдың соңында осы жәрмеңкелердегі тауар айналымы Қазақстанның басқа жеріндегі жәрмеңкелерге қарағанда өте жоғары деңгейде жүрді. Ал Хан ставкасында 170 сауда орны болды. Оның 51-і жергілікті лавкалар, 33-і ұсақ лавкалар, 27-сі құнды заттар қоятын қоймалар болды. Ордадағы жәрмеңкелерде 1890 жылы сауда өте жоғары деңгейге көтеріліп, көктемгі жәрмеңкеде сауда айналымы 724 380 рубльге жеткен, ал күздегі жәрмеңкеде 509 710 рубльге дейін жетті. Ал жәрмеңкедегі тауар айналымының жалпы құны 1890 жылы 1 234 100 рубльді құрады.

Бөкей Ордасындағы сауда-саттық барысы отаршылдық сипатта жүзеге асырылды. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде ақша эквивалентінің жетіспеуіне байланысты, эквивалентсіз, әділетсіз сауда

кең етек жайды. Алғашында нарықтық қатынастарға әлі дайын емес, тәжірибесі жоқ қазақ қоғамының бір бөлігі тереңдей енген нарықтық қатынастардың құрбанына айналып, Бөкей Ордасында қарызгерлік кең өріс жайды. 1805 жылдан бастап көпестердің қарызға тауар беруі туралы жазбалар пайда болды. Негізгі қарыз берушілер шеттен келген саудагерлер, көпестер еді. Хандықта қарызгерлік XIX ғасырдың 20 жылдары өрши түсті. Бұл кездері көптеген көпестердің қарыз кітапшаларында борышкерлердің аты-жөні жазылып тұрды. Қарызға беруші көпестер қарызгер адамдардың өз борышын қайтармай қоюынан сескеніп, хан кеңсесін, старшындарды дәнекер ретінде пайдаланды. Қарыз беруші кредиторлардың өз кітапшасы немесе қарызқол хаттары болды. Ал борышкер қазақтар өз қарызын ақшалай немесе натуралды түрде малдай төлеп отырды. Бұл жағдайда да эквивалентсіз әділетсіз сауда кең тарады. Мұны көпестер шебер пайдаланды. Қарызгерліктің соңы бітпейтін шағымға, дау-дамайға ұласты. Тіпті саудагерлер қазақтар өз қарызын өтемесе, олардың жанұясының біреуі өтеуі керек, не болмаса олардың жанұяларымен бірге өздері де жалшылыққа түсуі тиіс деген талап қойды. Бұл туралы мәліметтер мұрағат қорларындағы бірнеше құжаттарда кездеседі. 1822 жылы Шығай сұлтан Орынбор шекаралық комиссиясына өз қарамағындағы қазақтардың қарыздарын қайтара алмайтынын, себебі олардың жағдайының өте төмен екендігі турасында мәлімдеме хат жолдаған. Ал Орынбор шекаралық комиссиясы Шығайға қазақтардың қарызын қайтару ісіне қатыспауды, оларды көпестердің өзіне қалдыруды бұйырып, көпестермен болашақта қазақтар тек айырбас жасап, тауарды қарызға беруді тоқтатуы тиістігін жеткізеді. Бірақ бұл қарызгерлік қатынасты тоқтату мүмкін емес еді. Бөкей Ордасындағы айырбас саудасында осы іспеттес кемшіліктер көп болды. Шеттен келген саудагерлер өздерінің тауарларын үш есеге қымбатқа сатты және олардың тауарлары сапасыз болатын. Ресей ішкі нарығында өтпей тұрған тауарлар Ордаға тасылды.

Қазақтардың нарықтық қатынасқа тартыла бастауы, тауар-ақша қатынастарының қазақ даласына тереңдеп енуі қарама-қайшылықтарға толы феодалдық қатынастардың дамуына жол ашты. Әлеуметтік қатынастар барған сайын ушығып, халықтың наразылығы күшейе түсті. Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісі де осындай әлеуметтік-экономикалық себептерден туындаған еді.

Бөкей Ордасының бай-феодалдары Ресейдің ірі көпестерімен байланыс жасап, Бөкей Ордасындағы сауданы өз қолдарына ұстады. Соның ішінде Қарауылқожа Бабажанов және Княгиня Багратион сияқты ірі бай-феодалдар бірлесіп сауда жасады.

Бөкей Ордасында астық саудасы көпестер үшін тиімді болды. Астрахандық көпестер Свешников пен Макаров Безбородко помещиктерінен қазақтарға астық сатуға ыңғайлы жер сатып алып,

сол жерде нан саудасымен айналысты. Басқа саудагерлерге астық әкелуге тыйым салып, нан бағасын қымбаттатты. Ал, қазақтардың басқа жерден астық сатып алу мүмкіндігі болмағандықтан, нанды жоғары бағамен сатып алуға мәжбүр болды.

XIX ғасырдағы сауданың дамуында бай феодалдардың рөлі артты. Жерге деген жеке меншіктің пайда болуы, бай-шонжарлардың қанауы халықтың кедейленіп, күнкөріс үшін кәсіп іздеп жан-жаққа шашыла көшуіне әкеліп соқты. Сөйтіп XIX ғасырда Бөкей хандығының әлеуметтік-экономикалық өмірінде кәсіпкерліктің рөлі артып, көптеген кәсіп түрлері пайда болды. Қазақ шаруалары балық кәсіпшілігі, тұз кәсіпшілігі, кіре тасу, қолөнер сияқты кәсіп түрлерімен айналыса бастады. XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап шет жерге кәсіп іздеп қаңғу кең қанат жайды. Кәсіп түрлерінің еңбек ақысы өте төмен болды. Әрбір балық кәсіпшілігімен айналысатын жұмысшыларға арнайы билет берілді. Қазақтардың бір бөлігі Басқұншақ тұз кәсіпшілігіне жалданды. Сонымен бірге, Қамысты-Самар бөлімдерінен бірнеше адам Каспий теңізі жағалауында балық кәсіпшілігіне жалданды. Жұмысшылар бұл балық кәсіпшілігіне жылына 2 рет: көктемде 14 сомға жазда 30 сомға жалданды.

Таловка, Қамысты-Самар және Қалмақ бөлімдерінде егістік көлемі арта түсті. Бұл бөлімдерде XIX ғасырдың екінші ширегінде күздік бидай және қара бидай, сұлы, тары өсірілді. Аталған бөлімдерде егіншілікпен қатар бау-бақша өсіру қолға алынды.

Сондай-ақ зергерлік кәсібі де өз алдына бір сала ретінде дамыды. Қолөнершілер өздерінің қолдан жасаған бұйымдарын жәрмеңкелерге апарып сатып отырды. Сонымен бірге үй-іші кәсіпшілігі қолөнер өндірісінің негізі ретінде экономикалық даму деңгейін анықтауда үлкен рөл атқарды.

Сөйтіп Бөкей Ордасында XIX ғасырдағы сауда-саттықтың дамуы бірнеше кезеңнен өтті. Алғашында сауда-саттық хандықпен шектес жерлерде жүрді және хандықтың өз ішінде тасымал саудасының дамуы орын алды. 1832 жылы Бөкей Ордасының Хан ставкасында жәрмеңке ашылып, ол әр түрлі ұлт өкілдерінің бір-бірімен байланысының дамуында маңызды рөл атқарды. Бұл жәрмеңке Қазақстан бойынша ең бірінші ашылған жәрмеңкелердің бірі еді. Ол Қазақстан мен еуразиялық мемлекеттер халықтарының бір-бірімен байланысында ерекше орын алды. Әлеуметтік-экономикалық жетістіктерден басқа мәдени ықпалдастықтың да маңызы артты. Бұл өз кезегінде қазақ халқының өркениет жолындағы қол жеткізген табыстарының жарқын көріністерінің қатарын молайта түсті.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.
- 2 Кекілбаев Ә. Толғауы тоқсан тарих. – Алматы: Өлке, 1999 – 398 б.
- 3 Фукс К.А. Пребывание в Казани киргизского хана Джаньгирия // Казанский вестник. – 1826. – Ч.8. - № 10.
- 4 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 655 с.
- 5 Сабанщиков С. Рын-пески // Заволжский муравей. – Казань, 1832. – Ч.2 .- №13. – 660 с.
- 6 Казанцев И.О. Внутренних или Букеевских киргизах // Санкт-Петербургские Ведомости.- 1838.- № 1-2.
- 7 Новицкий Г. Орда Джангира Букеева // Журнал Министерства Государственного Имущества.- 1841.- Ч. 11.
- 8 Тройцкий В. Взгляд на Внутреннюю киргизскую Орду // Отечественные записки. - 1848 – Вып. XVIII.
- 9 Киттары М.Я. Ставка хана Внутренней Киргизской Орды // Журнал Министерства Внутренних Дел. - 1849 – Ч.28.
- 10 Ханыков Я.В. Очерк состояния Внутренней Киргизской Орды в 1841 г. // Записки Императорского Русского Географического Общества. - 1849. – Кн. 1. – 145 с.
- 11 Еврейнов А. Внутренняя или Букеевская киргиз-казачья Орда. // Современник. - 1851. – № 10.
- 12 Небольсин П.И. Очерки Волжского низовья // Журнал Министерства Внутренних Дел.- 1852. – №8.
- 13 Терещенко А. Следы Дешты-Кыпчака и Внутренняя киргиз-кайсацкая Орда // Москвитянинь.- 1853. – №22.
- 14 Медведский П. Очерк торговли сырыми продуктами скотоводства в ставке Внутренней киргизской орды в течение 1859 г. // Журнал Министерства Государственного Имущества. – 1860. – Ч.22. –

Кн.3.

15 Медведский П. Внутренняя киргизская орда в хозяйственно-статистическом отношении // Журнал Министерства Государственного Имущества. - 1862. - Ч. 80. - №2.

16 Иванин М. Внутренняя или Букеевская киргизская Орда // Эпоха. - 1864. - №12.

17 Тетеревников А.Н. Очерк Внутренней торговли Киргизской степи. - СПб., 1867.

18 Бабажанов М.С. Этнографиялық мақалалар. - Алматы: Қазақстан, 1993. - 80 б.

19 Иванов И.С. Краткие сведения о ярмарке во Внутренней Киргизской Орде // Памятная книжка Астраханской губернии на 1887. - Астрахань, 1887.

20 Харузин А. Киргизы Букеевской Орды. - М., 1889. - Вып. I. - 140 с.

21 Памятная книжка Астраханской губернии на 1891 года. - Астрахань, 1892. - 256 с.

22 Альбрандт Я. Букеевская Орда // Вокруг света. - 1898. - № 47 - с. 29.

23 Алекторов А.Е. Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. - Казань: Типо-литография Императорского университета, 1900. - 950 с.

24 Бирюков И.А. Служба астраханских казаков на кардонных постах против киргиз-кайсков (1794-1861 гг.) и при ставке хана Внутренней киргизской орды. (1801 - 1898 гг.). - Астрахань, 1901.

25 Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. - Алматы, 1991. - 196 б.

26 Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры. - Алматы:Санат, 1995. - 225 б.

27 Рязанов А.Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1794-1838) // Труды общества изучения Казахстана, отдел истории и этнографии. - Кызыл-Орда, 1926. - Т.7. - 292 с.

28 Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова (1836-1838 гг.). - Алма-Ата: Алтын Орда, 1991. - 102 с.

29 Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. - Алма-Ата: Госполитиздат, 1941. - 361 с.

30 Вяткин М.П. Батыр Сырым. - Алма-Ата: Санат, 1998. - 340 б.

31 Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. - Алма - Ата: Изд-во Ан Каз ССР, 1946. - 253 с.

32 Аспандияров Б. Образование Букеевской Орды и ее ликвидация. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. - 290 с.

33 Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. - М.: Изд-во АНССР, 1957. - 339 с.

34 Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII-начале XX века:

- политико-экономический анализ. - Алма-Ата: Наука, 1971. – 662 с.
- 35 Шойынбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. - Алма-Ата: Казахстан, 1971. – 279 с.
- 36 Сабырханов А. Ұлы бетбұрыс. - Алматы: Мектеп, 1981. – 295 б.
- 37 Зиманов С. Россия и Букеевское ханстве. - Алма-Ата:Наука, 1982. – 171 с.
- 38 Қозыбаев М.Қ. История и современность – Алма-Ата: Казахстан, 1990. – 253 с.
- 39 Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы: Қазақстан, 1994. – 191 б.
- 40 Қобландин К.И. Социально-экономическое и политическое развитие Внутренней (Букеевской) Орды во второй половине XIX - начале XX вв: автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1990. – 30 с.
- 41 Кенжалиев И.Н. Исатай-Махамбет. - Алматы: Қазақстан, 1991. – 190 б.
- 42 Кенжалиев И.Н. Құрманғазы. - Алматы: Өнер, 1992. – 138 б.
- 43 Кенжалиев И.Н. Бөкей Ордасы (1801-1850). - Орал:БҚМУ баспаханасы, 2001. – 170 б.
- 44 Мәшімбаев С. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. – Алматы: Санат, 1994. – 220 б.
- 45 Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. - Алматы: Атамұра: Қазақстан, 1994. – 221 б.
- 46 Маданов Х. Қазақ халқының арғы бергі тарихы. – Алматы, 1995. – 250 б.
- 47 Касымбаев Ж.Ж. Жәңгір хан. – Алматы, 2001. – 280 б.
- 48 Букеевской Орде 200 лет / под ред. М. Кулькенова.– Алматы, 2001. – Т. 4.– 215 с.
- 49 Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. - Орал: Полиграфия, 1997. – 180 б.
- 50 Рысбеков Т.З. Бөкей Орда тарихы. – Орал, 2001. – 196 б.
- 51 Сдыков М.Н. Формирование населения Западного Казахстана в XVIII - XIX веках. - Алматы: Ғылым, 1996. – 220 с.
- 52 Бірімжаров Б.Қ. Батыс Қазақстан тарихынан. XVIII-XIX ғ.ғ. – Орал, 2002. – 147 б.
- 53 Харабалин Ғ.Е. XIX ғасырдағы Бөкей Ордасы. – Орал, 2004. – 238 б.
- 54 Алдамжар З.А. Махамбеттану – ғылымының күрделі тақырыбы // М. Өтемісұлының 200 жылдығына арналған «Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихының өзекті мәселелері» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Қостанай, 2003. – 8 б. ; Мұқтар Ә.Қ. Махамбеттану тарихының мәселелері // М. Өтемісұлының 200 жылдығына арналған «Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихының өзекті мәселелері» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Қостанай, 2003.



– 49 б.

55 Жакыпбеков Д.Ш. Торгово-промышленное предпринимательство в Казахстане во второй половине XIX-го начале XX веков.(на примере Уральской и Тургайской области): автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1991. – 30 с.

56 Наумов С.Н. Ярмарочная торговля в системе социально-экономических отношении на юге Казахстана. (Вторая половина XIX-го начало XX в.в): автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1995. – 30 с.

57 Ғизатов С.М. Бөкей Ордасындағы аграрлық саясат (XIX ғасырдың I жартысы): тарих ғыл.канд. ... автореф.– Орал, 2010. – 28 б.

58 Бексейтова А.Т. Жәрмеңкелердің Қазақстандағы сауда-экономикалық қатынастардың орталығы ретіндегі дамуы: тарих ғыл.канд. ... автореф.– Алматы, 2002. – 130 б.

59 Абилов К.Ж. История становления и развития предпринимательства в Казахстане. (Вторая половина XIX-го начале XX в.в): автореф. ... докт. ист. наук.– Караганда, 2006. – 30 с.

60 Меңдігереев К.Ж. Батыс Қазақстан аумағындағы балық шаруашылығының даму тарихы: тарих ғыл.канд. ... дис. – Атырау, 2007. – 130 б.

61 Материалы по истории Казахской ССР (1785-1882 гг.). - М.-Л., 1940. – Т.IV. - 543 с.

62 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (сборник документов и материалов). – М: Изд-во АНССР, 1961. – 790 с.

63 История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. (сборник документов и материалов). – Алматы, 2001. – 1118 с.

64 Мукатаев Г.К. Хан Жангир – великий преобразователь степи (документы и материалы). – СПб.: Издательство М. Ирхиной, 2001. – 90 с.

65 Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое обозрение земли киргиз- кайсаков Внутренней (Букеевской) Орды и Зауральской (малой) Орды Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. - СПб., 1848. – Ч. 3 – 20 с.

66 РФ АОММ, 1-қор, 1-тізбе, 2424-іс.

67 История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) в пяти томах.– Алматы: Ата мұра, 1998. - Т.2. – 640 с.

68 Алекторов А.Е. Материалы для изучения страны, истории быта киргизов.– Оренбург, 1892. - Вып. I. - 190 с.

69 РФ АОММ, 1-қор, 3-тізбе, 986-іс.

70 Жумагалиева К.В. Особенности торгово-промысловых взаимоотношений на территории Казахстана // Вестник КазНУ. – 2007. - №2. – 66 с.

71 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 15-іс.

72 ҚРОММ, 4-қор, 1-тізбе, 1550-іс.

73 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 7-іс.

- 74 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 9-іс.  
75 РФ АОММ, 1-қор, 5- тізбе, 997-іс.  
76 ҚРОММ, 78- қор, 1-тізбе, 1- іс.  
77 Шотанова Г.А. Эволюция хозяйств населения Букеевской Орды в материалах Астраханских учреждений // Вестник КазНУ. – 2005. - №2. – 56 с.  
78 РФ АОММ, 1-қор, 7-тізбе, 2446-іс.  
79 Иванов И.С. Внутренняя киргизская Орда. (Краткий статистический очерк) // Астраханский листок. – 1895. – № 186.  
80 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 10-іс.  
81 Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1889. – 157 с.  
82 РФ ООММ, 6-қор, 6-тізбе, 3764-іс.  
83 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 3766-іс.  
84 РФ АОММ, 1-қор, 9-тізбе, 795-іс.  
85 Сариева Р. Мұрағат және тарих. – Алматы: Арыс, 2003. – 290 б.  
86 Сарай Ә. Екі тарлан. – Алматы: Арыс, 2003. – 409 б.  
87 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 37-іс.  
88 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 65-іс.  
89 Алекторов А.Е. Из письма хана Джангира к графу Перовскому // Астраханский листок. - 1892. – № 258.  
90 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 36-іс.  
91 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 4-іс.  
92 РФ АОММ, 2-қор, 1-тізбе, 290-іс.  
93 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 38-іс.  
94 ҚРОММ, 4-қор, 2-тізбе, 2880-іс.  
95 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 5726-іс.  
96 ҚРОММ, 4-қор, 1-тізбе, 2350-іс.  
97 РФ ООММ, 6-қор, 17-тізбе, 37-іс.  
98 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 2352-іс.  
99 ҚРОММ, 78-қор, 3-тізбе, 88-іс.  
100 ҚРОММ, 4-қор, 1- тізбе, 306-іс.  
101 Шахматов В.Ф. О Развитии торговли и обмена в Казахстане в первой половине XIX в. // Известия АН КазССР, серия истории, экономики, философии права. - Алма-Ата. – 1956. – 20 с.  
102 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 1158-іс.  
103 РФ АОММ, 1-қор, 16-тізбе, 240-іс.  
104 РФ АОММ, 1-қор, 5-тізбе, 865-іс.  
105 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 80-іс.  
106 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 16-іс.  
107 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 17-іс.  
108 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 109-іс.  
109 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 144-іс.  
110 Кекілбаев Ә. Шандоз. – Алматы: Арыс, 2004. – 353 б.

- 111 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 23-іс.
- 112 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз. ССР, 1960. –170 с.
- 113 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 80-іс.
- 114 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 261-іс.
- 115 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6963-іс.
- 116 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 73-іс.
- 117 ҚРОММ, 78-қор, 1-тізбе, 25-іс.
- 118 ҚРОММ, 4-қор, 1-тізбе, 304-іс.
- 119 Дауымов С. Ханның қайынатасы немесе әйгілі Багратиондар әулетімен сауда келісімшартын жасаған Қарауылқожа Бабажанов хақындағы бірер дерек // Жас алаш. – 2002, маусым - 29.
- 120 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6488-іс.
- 121 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 99-іс.
- 122 Құлкенов М, Отарбаев Р. Жәңгір хан. – Алматы. – 1992. – 250 с.
- 123 ҚРОММ, 4-қор, 1-тізбе, 2231-іс.
- 124 ҚРОММ, 78-қор, 3-тізбе, 5-іс.
- 125 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы: Санат, 1994. – 379 б.
- 126 Юдин П.А. Из истории Букеевской Орды // Астраханский вестник. - 1898. – №28-30.
- 127 Харабалин Ғ. Бөкей хандығындағы жәрмеңкелер // Орал өңірі. – 1997, қараша - 15.
- 128 Иванов И.С. Джангерь, хан Киргизской Внутренней Орды // Астраханский листок. – 1895. – №185. – 260 с.
- 129 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6523-іс.
- 130 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 4794-іс.
- 131 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6489-іс.
- 132 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6991-іс.
- 133 ҚРОММ, 78- қор, 2-тізбе, 1033-іс.
- 134 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6085-іс.
- 135 РФ ООММ, 6-қор, 19-тізбе, 5-іс.
- 136 ҚРОММ, 78-қор, 13-тізбе, 58-іс.
- 137 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 87-іс.
- 138 ҚРОММ, 78-тізбе, 7-тізбе, 8-іс.
- 139 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 4795-іс.
- 140 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 4970-іс.
- 141 Иванов И.С. К торговле Внутренней Букеевской Орды // Оренбургские губернские ведомости. – 1860. – №51.
- 142 ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 358-іс.
- 143 Ярмарка в Ханской ставке // Астраханский вестник. – 1899. – № 29-33.

- 144 Фустов С. Заметки о торговле Внутренней Киргизской Орды // Оренбургские губернские ведомости. - 1868. - № 16.
- 145 Киттары М. К торговле Внутренней Букеевской Орды // Оренбургские губернские ведомости. - 1850. - № 14.
- 146 Медведский П. Об осенней ярмарке при Ахунском Хуторе Внутренней киргизской орды // Оренбургские губернские ведомости. - 1872. - №7.
- 147 ҚРОММ, 4-қор, 1-тізбе, 1437-іс.
- 148 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6967-іс.
- 149 Шәріпқали Т. Сауда ісі қалай дамыды // Орал өңірі. - 2000, тамыз -9.
- 150 Харабалин. Ғ.Е. Бөкей хандығының әлеуметтік-экономикалық өміріндегі жәрмеңкелердің орны // Ізденіс. - 2000. - №2. - 66 б.
- 151 Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII - начале XIX века. - М.: Изд-во АН СССР, 1960. - 490 с.
- 152 Поленов А. Пути торгово-промыслового движения в Букеевской Орде и в пограничных с нею областях. - СПб., 1907. - Ч.3. -120 с.
- 153 РФ АОММ, 1- қор, 2-тізбе, 392-іс.
- 154 РФ АОММ, 1- қор, 2-тізбе, 454-іс.
- 155 Островский Э. Поездка во Внутреннюю киргиз-кайсацкую Орду с ветеринарной целью // Журнал Министерства внутренних Дел. - 1859. - Ч.34. - №1. - 19 с.
- 156 Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. - СПб., 1910. - 37 с.
- 157 ҚРОММ, 4-қор, 1-тізбе, 3885-іс.
- 158 Құрманбеков Б. Батыс Қазақстанда сауда буржуазиясының қалыптасуы. (XIX ғ. аяғы - XX ғ. басы.) // Отан тарихы. - 2009. - №3. - 86 б.
- 159 Берденова К.А., Коробков В.С, Ташенов Б.Т. Экономическая история Казахстана: учебное пособие, дополн. переиздание / под.ред. проф. К.А. Берденовой. - Алматы: Экономика, 2000. - 91 с.
- 160 ҚРОММ, 4-қор, 2-тізбе, 4607-іс.
- 161 Веселовский Н.И. В.В Григориев по его письмам и трудам. - СПб., 1877. - 21с.
- 162 Ветчинкин П.Л. Из Внутренней киргизской Букеевской Орды // Охотничья газета. - 1899. - №23.
- 163 Латкин Н.В. Внутренняя или Букеевская Орда // Живописная Россия. - М.,1899. - Т. 7, ч. 2. - 171 с.
- 164 РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6981-іс.
- 165 Львов Л. Ф. Из воспоминаний: Букеевская Орда // Русский архив. - 1885. - №2. - С.218.

- 166 Малиновский К.Н. Краткие исторические сведения об Астраханском крае. - Астрахань, 1890.
- 167 Сулейменов Б.С. Басин В.Я. Казахстан в составе России в XVIII- начале XX века. – Алма-Ата: Наука Каз. ССР, 1981. – 247 с.
- 168 Брокгауз А. Букеевская или Внутренняя киргизская Орда: энц. словарь. – М., 1891. – Т. IV. – Кн. 8. – 866 с.
- 169 РФ ООММ, 734-қор, 1-тізбе, 4-іс.
- 170 Тұрдалиев Ә.Ұ. Қазақ-қалмақ қатынастары (XIX ғ. – XX ғ.б): тарих ғыл.канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 30 б.
- 171 Бекмаханов Е. Очерки истории Казахстана XIX в. - Алма-Ата: Мектеп, 1966. – 190 с.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<b>1-тарау. Бөкей Ордадағы сауда-саттық пен кәсіпкерлік (XIX ғасырдың I жартысы) .....</b>	<b>13</b>
1.1 Бөкей, Шығай тұсындағы Ішкі Ордадағы сауда-саттық пен кәсіпкерлік: қалыптасуы және кезеңдері .....	13

1.2 1824-1850 жылдардағы саудадағы жәрмеңкелердің атқарған қызметі .....	25
1.3 Сауда-саттықтың жетістіктері және қайшылықтары.....	61

## **2-тарау Бөкей Ордасындағы сауда-саттық ісінің дамуы (XIX ғасырдың II жартысы)**

.....	82
2.1 Бөкей Ордадағы сауда қатынастарының кеңеюі және өлкенің бүкілресейлік рынокқа тартылуы	82
.....	82
2.2 Сауда-экономикалық қатынастардың орталығы ретіндегі жәрмеңкелердің дамуы	100
.....	100
2.3 Әлеуметтік-экономикалық өмірдегі кәсіпкерліктің рөлі	109
.....	109
Қорытынды .....	130
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі .....	
.....	137

